Аңдатпа. *Бұл мақалада шет тілі сабақтарында студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Мәдениетаралық құзыреттілік ұғымы, құрылымы мен мазмұны қарастырылған. Оқытушы сабақ барысында мәдени материалды, интерактивті технологияларды, сондай-ақ, студенттердің өзіндік жұмысын пайдаланғанда студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру мүмкін екендігі көрсетілген.*

Тірек сөздер: *Мәдениетаралық қарым-қатынас, құзыреттілік, мәдениет, оқытудың интерактивті әдістері, шет тілі.*

Жаһандануға түбегейлі бет бұрған бүгінгі қоғамда әлемдік аренадағы өзара экономикалық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік қатынастармен қатар ұлтаралық, мәдениетаралық қатынастар да аясын кеңейтіп, нығаюда. Осы бір әлемдік үдерістен кеш қалғысы келмегендер бүгінде ел игілігіне еңбек ету мақсатында шекара асып білім алып, тіл меңгеруде. Қоғамда өз орнын тауып, өзге ұлтты тереңірек білу үшін тек оның тілін біліп, сол тілде сөйлей білу жеткіліксіз екендігін өмір өзі дәлелдеді. Мұның өзі лингвистикадағы антропоцентристік парадигма аясында қарастырылатын жаңа лингвомәдениеттану және мәдениетаралық коммуникация бағыттарының қалыптасуына алып келді.

Мәдениетаралық қарым-қатынас екі құрамдастастан – тіл мен мәдениеттен тұрады. Қазіргі коммуникативтік кеңістік күрделі жүйеден тұрады, онда негізгі орындардың бірі қарым-қатынастың әр түрлеріне тиесілі. Себебі адам өзін әр түрлі жағдайларда түрліше ұстайды, сөйтіп әрбір жеке жағдайда басқа адамдармен ерекше қатынас орнатады. Сонымен қатар қарым-қатынастың сипаты мен ерекшеліктері ақпарат беру құралдарымен, тәсілдерімен, коммуникация субъектілерімен, мақсаттарымен және басқа көптеген себептермен анықталады. Қарым-қатынастың төмендегі түрлерін атап көрсетуге болады: этника аралық, іскерлік, әлеуметтік, халықаралық, тұлғааралық, бұқаралық, мәдениетаралық және басқалары.

Мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының негізгі зерттеу объектісі-әр түрлі ұлт, халықтардың мәдениет ерекшеліктеріндегі айырмашылықтар болып табылады. Мәдениетаралық қарым-қатынастағы маңызды айырмашылықтардың қатарына тіл, вербальды емес кодтар, дүниетаным, рольдік өзара қатынастар, ойлау моделі секілді параметрлер кіреді. Мәдениетаралық қарым-қатынас өзара түсінушілік пен қарым-қатынастың, кейбір сөйлеу амалдарының (жөнсіз, орынсыз, кешірілмейтін) қиындықтарының себептері мен факторларын, аудармашылардың тіл ерекшеліктерін, сондай-ақ қарым-қатынастың вербальды және вербальды емес құралдарына дейінгі меселелерді де қамтиды.

Мәдениет деген ұғымның түп тамыры адамның мінез-құлқы мен адам мен қоршаған ортаның (әлеуметтік, географиялық, мәдени, өндірістік және т.б.) арасындағы өзара байланысты зерттейтін социология, психология, антропология сияқты ғылымдармен ұштасады. Мәдениет әмбебап және белгілі бір ұлт үшін бағдарламаның айырықша үрдісі ретінде қарастырылады.

«Мәдениет» ұғымының қалыптасуы көп сипатталған. Латын текті cultio және culteci сөздер ежелгі Рим құжаттарындағы сөздер өңдеуді білдіретін және ауыл

шаруашылығында қолданылатыны белгілі. Этимологиялық жағынан латын тілде ежелгі colere- етістігінің бастапқы мәні «жер өңдеу» болған, ал кейін – «сыйлау», «қадыр тұту» деген ұғымға ие болды. Римдік мемлекеттік қайраткерлерде мәдениет жаңа мағыналармен ауқаттана кеңи түсті. Келесі ғасырларда топырақтың өңдеуі туралы ғана емес, ақылдың дамытуы, білім және сенімнің артуы туралы енді сөз бола бастады. Пұтқа табынушылық ұлы діндеріндегі адамның мүмкіндігін жанды және қабілеттілікті құдайға махаббат тәрбиесіне ауыстыру деген ойымен сипатталды. Философия және теология мәдениетке кіреді, оны жұтады, онымен жұтылады. Мәдениет ұғымына кейін civils –азаматтық, мемлекеттік латын терминінен шыққан өркениет (цивилизация) ұғымы қосылады [1, 15 б.].

“Мәдениет” терминінің жаңа түсіндермесіне XVII ғасырда неміс заңгері Самуель Пуфендорфтің ролі ерекше, ол “О праве естественном” еңбегінде цицерондық қолданыстан алшақтап, тұңғыш рет мәдениетті адамды мерейлендіретін жаңа мінездерінің жиынтығы, сыртқы және ішкі табиғатын байытатын адамның өз қызметінің нәтижесі ретінде сипаттады. Мәдениет ұғымы барлық еуропа, соның ішінде қазақ тілінде осы мәнінде қолданылады.

Ғылым қазіргі мәдениеттер терминнің көп анықтауларының негізгілерін атап өтуге мүмкіндік береді. Мәдениет бұл – адамның қоршаған ортаны өзгерту қабілетімен байланысып, осы өзгертулер барысында пайда болатын заттардың жасанды әлемі, символдар, адам арасындағы қарым-қатынас адамның тағдыр характеристикасы болып табылады. Адам арқылы жасалынған және оған байланысты болатын барлық заттар мәдениет болып табылады.

Ал әлемдегі халықтар мен мәдениеттердің өзара қарым-қатынас орнатып түсінісуі мәдениетаралық коммуникация теориясының пайда болуына негіз болды. Бұл туралы ғалым Н.Н. Алиева мынадай дерек келтіреді: «Әр түрлі халықтар мен мәдениеттер байланысы мен өзара түсінісу мәселелерін зерттеудің айқын қажеттілігі жаңа бір ғылыми бағыттың - мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының (алғашқы атауы cross-cultural communication – ағылш.) пайда болуына әкеп соқты. Мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының негізін қалаушы, мәдениет және коммуникация арасындағы байланысты алғашқылардың бірі болып «коммуникация – бұл мәдениет, мәдениет – бұл коммуникация» (Hall 1959, 1981, 1982) деп дәлелдеген Э.Холлды атауға болады [2, 23 б.].

Мәдениетаралық қатысым теориясы өз бастауын 1954 жылы, Э.Холл мен Д.Трагердің «Мәдениет және коммуникация. Талдау моделі» («Culture as Communication») атты еңбегі жарық көрген кезеңнен алды деген ұғым қалыптасқан. Бұл еңбектің авторлары «мәдениетаралық қатысым» терминін адамдар арасындағы қарым-қатынастың ерекше нүктесін білдіру үшін қолдануды ұсынған екен. Э.Холл бірнеше жылдар бойы, 1946 жылы АҚШ-та құрылған, мемлекеттік қызметкерлерді шет елдердегі қызметке даярлау Институтын басқарған. Институттың басты мақсаты әртүрлі мәдениет өкілдері арасындағы қарым-қатынас проблемаларын қарастыру, мәдени ерекшеліктерінен туындауы мүмкін конфликтерді болдырмауға қатысты тәжірибелік ұсыныстар жиынтығын жасап шығару болған.

Кейіннен, 1959 жылы басып шығарылған «Мылқау тіл» («The Silent Language») атты еңбегінде Э.Холл мәдениетаралық қатысымды жеке пән ретінде қарастыруды ұсынған екен.

Е.Н. Нұрахметов “Тіл – мәдениеттің тарихын, салт-дәстүрін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беру арқылы белгілі бір ұлтты құрайтын ең негізгі және ең күшті қару” деген ойымен тілдің мәдениеттегі орнын анықтап берсе, Құнанбаева С.С. тілді жалпы адамзат мәдениетінің трансляторы ретінде қарастырады. Яғни тілді оқытуда тілдің мәденитанымдық және когнитивтік- коммуникативтік қызметтеріне баса назар аудару қажет [3, 30 б.].

М.Қ. Тулекова «Мәдениетаралық қарым – қатынастағы тіл мен мәдениет ұғымы» мақаласында тіл мен мәдениеттің байланысын төмендегідей сипаттайды:

Тіл-мәдениеттің айнасы, онда адамның маңайындағы нақты әлем ғана емес, халықтың менталитеті, ұлттық мінезі, әдет – ғұрпы, салт – дәстүрі, моралі, нормалар мен құндылықтар жүйесі, әлем суреті көрінеді;

Тіл-мәдениеттің қамбасы, себебі белгілі халықтың жинақтаған барлық білімі, шеберлігі, материалдық және мәдени құндылықтары оның тілдік жүйесінде – фольклорінде, кітаптарында, ауызша және жазбаша сөздерінде сақталған;

Тіл-мәдениетті жеткізуші, себебі ол ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы беріледі. Балалар инкультурация үрдісінде ана тілін үйренумен қатар алдыңғы ұрпақтың жинақтаған тәжірибесін де меңгереді;

Мәдениет-әлемді қабылдау құралы, сондай – ақ сол әлемнің құрылымы. Онда әр халықтың тарихының өзгешелігін танытатын бірегей, айрықша сипат бар [4].

Тілдік қатынас (коммуникация) әр түрлі қоғамдық қатынастардың нәтижесінде адамдарға тән ойлау арқылы жарыққа шыққан сөйлесімнің тіл арқылы жүзеге асуы, яғни адамдардың аса маңызды қатынас құралы болу – тілдің негізгі және елеулі функциясы. Ал мәдениетаралық коммуникация жай қатынас құралы емес, түрлі мәдениет иелерінің арасындығы қатынас құралы ретінде қарастырылады, бұл - коммуникация үрдісіне культурологиялық көзқарас тұрғысынан қарауды қажет етеді. Ол түрлі тілдік қауымдастықтар өкілдерінің арасында өзара түсіністікті қамтамасыз ететін болғандықтан олардың тілдік және мәдени деңгейлерінің өзара тең дәрежеде болмаса да шамалас болғаны абзал. Түрлі мәдениет өкілдері арасындағы мәдениетаралық коммуникацияның тиісті деңгейде өтуі көбіне жағдаяттық контекске байланысты болады. Ұлттық мәдениет, ұлттық мінез-құлықтыңкөріністері коммуникацияның арқасында өрнектеледі. Коммуникацияның ауызша және ауызша емес символдары белгілі бір халықты, оның сипаттарын, мәдениетін, салт-дәстүрін айқын сипаттап береді. Мәдениетаралық коммуникацияда мәдени шекараның болуы негізді. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа түскен әрбір коммуникант өзін және әңгімелесушісін «өзінікі» және «бөгде» деп қарастырады. Мәдениетаралық коммуникацияда коммуникант өзін еркін сезіну үшін өзімен тілдік қарым-қатынасқа түскен өзге ұлт өкілінің тек тілін ғана емес, сол ұлттың (елдің) мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттық мінез-құлқын білуге тиіс.

Қазіргі коммуникативтік кеңістік күрделі жүйеден тұрады, онда негізгі орындардың бірі коммуникацияның әр түрлеріне тиесілі. Себебі адам өзін әр түрлі жағдайларда түрліше ұстайды, сөйтіп әрбір жеке жағдайда басқа адамдармен ерекше қатынас орнатады. Сонымен қатар коммуникацияның сипаты мен ерекшеліктері ақпарат беру құралдарымен, тәсілдерімен, коммуникация субъектілерімен, мақсаттарымен және басқа көптеген себептермен анықталады. Мұның өзі коммуникацияның мынадай түрлерін ажыратуға мүмкіндік береді: этникааралық, іскерлік, әлеуметтік, халықаралық, тұлғааралық, бұқаралық, мәдениетаралық және басқалары. Аталған түрлердің ішінен бұл мақалада мәдениетаралық коммуникация қарастырылады.

Мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттілігін мамандардың кәсіби әрекеті тұрғысынан қарастырсақ, «мәдениетаралық қарым-қатынас» ұғымы өзге мәдениет өкілдерінің көзқарастары мен пікірлерін түсіне алу біліктілігі, өзінің іс-әрекетін түзету, қарым-қатынас барысында дау-дамайды болдырмау не шешу, түрлі құндылықтар мен нормалардың өмір сүруге құқы бар екенін мойындау [5, 17 б.]. Осының бәрі заманауи маман алдында тұрған талаптар. Ол кәсіби мобильдіктің, өмірдегі түрлі өзгерістерге дайындықтың негізі болады, маман иесін дүниежүзілік жетістіктердің стандарттарына ұмтылуды қамтамасыз етеді, коммуникативтік пен толеранттылықтың негізінде кәсіби өзін-өзі белсендіруге, дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен, мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілік – қалыптасқан, толыққанды әлеуметтік, кәсіби, жағдаяттық тұрғыдан шетел тілінде мәдениетаралық қатысымға өзге мәдениет өкілімен түсе алу біліктілігі.

Мәдениетаралық құзыреттілікке Бирам келесідей анықтама береді: "... the ability to interact effectively with people of cultures other than one's own". Ғалым М.Бирам әзірлеген мәдениетаралық құзыреттілік моделі әртүрлі қасиеттері, қабілеттері мен жеке дағдылары енген ең толық құрылым болып табылады. Осы модельге сәйкес мәдениетаралық құзыреті келесі бес элементтен тұрады: қарым-қатынас жасай алу (savoir apprendre/ faire), білімі болуы (savoirs), түсіндіре және салыстыра алу (savoir comprendre), ашық-жарқын және өзара әрекетке дайын болу (savoir etre), мәдениетке сыни көзқарасы немесе саяси білімі болуы (savoir s'engager) [6, 11 б.].

1. Ұстанымы (қызығушылығы және ашықтық, өзге және өз мәдениеті туралы теріс түсінік қалыптастырмау).

2. Білімі (әлеуметтік топтар, олардың сипаттамалары және өз елі мен әңгімелесуші еліндегі қызметі, әлеуметтік және жеке өзара іс-қимыл жалпы процестері туралы түсінік).

3. Талдау жасау және өзара байланыстыру түсінігі (басқа мәдениетте құжатты немесе құбылысты түсіну және түсіндіре алу немесе өз мәдениетімен байланыстыру қабілеті).

4. Өзара әрекеттесу және мағлұмат алу дағдылары (мәдениет және олардың практикада қолданылуы туралы жаңа білімді сіңіру үшін, сондай-ақ нақты жағдайларда өз білімін, ұстанымы мен дағдыларын қолдана білу).

5. Мәдени және саяси жағдайлардан хабардар болу (өз және басқа мәдениетте іс-шаралар мен нәтижелерін белгілі бір өлшемдерге негіздеп сыни тұрғысыдан бағалау қабілеті).

Ресей ғалымы Г.Д.Томахин тілді және мәдениетті оқу барысында мынадай лексиканы меңгеру аса маңызды деп біледі:

1) реалиялар, белгілі бір мәдениетке тән тілдік бірліктер, бұл бірліктерде ұлттық мәдениет ерекшелігі айқын көрініс тапқан, мұндай тілдік бірліктер басқа тілдерде болмайды:

- топонимдер /географиялық атаулар/;
- антропонимдер /адамдар есімдері/;
- ең алдымен тарихи және мемлекеттік қайраткерлер аты-жөндері;
- этнографиялық реалиялар: азық-түлік, киім-кешек атаулары, мейрамдар, көлік түрлері, ақша т.б.;
- қоғамдық-саяси реалиялар;
- білім беру жүйесінің реалиялары;
- мәдениетке, яғни театрға, киноға, әдебиетке, музыкаға, сурет өнеріне байланысты реалиялар.

2) коннотативті лексика, яғни мағынасы бойынша сәйкес келетін, бірақ мәдени ассоциациялар жағынан өзгеше лексика;

3) түпкі лексика, салыстырылып отырған тілде аналогы бар, бірақ ұлттық ерекшеліктері бар ұғымдар [7].

Мәдениетарлық қарым-қатынас білктілігінің талаптары заман ерекшелігіне байланысты келесі практикалық мақсатпен анықталады.

1. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа үйрету барысында материалдар шынайы өмір талаптарына сәйкестендіріліп, тақырыптар өмір тәжірибесіне сай іріктелуі тиіс.

2. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа үйрету жасанды орта жағдайында жүргізіледі. Сондықтан нақты білім дағдыларды қалыптастыру мақсатында бөтен ел бейнесі шынайы сомдалу үшін жаңа түрлі әдіс-тәсілдер қолданылуы талап етіледі.

3. Өз мәдениетінің құбылыстарын жетік түсіне білу керек. Сонда өзге мәдениетті өз мәдениетімен салыстырмалы түрде түсінуге тырысу, ұқсастықтарын табу, саралау.

4. Білім беру стандарттары өз кезегінде тілдік материалдардың аутенттілігін талап етеді. Аутентті материал негізінде тілді мәдениет элементтерін қанық меңгере аламыз.

Педагогикалық құбылыс ретінде «мәдениетаралық қарым-қатынас» ұғымының ерекшелігі білім беру мазмұнының өзгеруін, оқыту үрдісін ұйымдастыруда проблемалық, мәдени бағытталған формаларды қолдануды талап ететін білім берудің мәдениетаралық бағытымен байланысты және студенттердің жеке және кәсіби қабілеттерін дамытуға көмектесетін субьектілердің педагогикалық қарым-қатынасының оқытылатын тіл нормаларына сәйкес диалогтылық деңгейін дамытады.

Тілді мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде студенттердің оны түрлі жағдайяттарда дұрыс қолдана білу біліктілігін қалыптастыру маңызды болып табылады.

Ең алдымен мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін дамытудың тиімділігі оқыту үрдісінде түрлі әдістемелік амал-тәсілдерді ұтымды пайдалану білу өзегінде жатыр.

Бүгінгі ағылшын тілі пәнінің басты міндеті студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік біліктілігін дамыту. Мәдениетаралық қатысым теориясы шет тілінен білім берудің қазіргі парадигмасын жүзеге асырушы концептуалды практикалық тұғырнама ретінде когнитивтік-лингвомәдени әдіснамаға негізделеді, түрлі кәсіби шынайы жағдаяттарда мәдениетаралық қатысымды қамтамасыз ете алатын «мәдениетаралық қатысым субъектісін» қалыптастырып әдіснамалық теория сипатына ие болады. Осы орайда студенттерді жан-жақты терең білімді, интеллектуалдық деңгейін жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оларға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру [8, 48 б.].

Мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыра оқытуда интерактивтік тәсілдер, ойындар, пікірталастар, ақпараттық, инновациялық технологиялар, интернет, компьютердің көмегі орасан. Оқытудың ақпараттық технологиясы ақпаратпен жұмыс жасау тәсілдері, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио, видеоқұралдар, компьютер, телекоммуникация желілері).

Шеттілдік білім бере отырып студенттің мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мына параметрлер бойынша іске асуы тиіс:

1) басқа мәдениет өкілімен қарым-қатынас барысындағы тілдік қарым-қатынас ерекшеліктерін білу;

2) эквиваленттік және эквиваленттік емес лексиканы меңгеру;

3) мәдениеттанымдық мағлұматтарды білу;

4) шет тілінде ана тілінің реалияларын түсіндіре алу.

Мәдениетаралық қатысым жағдайларында мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында қолданылатын жаттығуларды неміс зерттеушілері Хойсерман мен Пипо (1996) мынадай топтарға бөледі:

а) қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар

ә) тілдік рефлексия қалыптастыруға бағытталған жаттығулар

б) мәдениеттерді салыстыруға бағытталған жаттығулар және

в) мәдениетаралық қатысым жағдайларында мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған жаттығулар.

Мәдениетаралық құзыреттерін дамытуға мүмкіндік беретін коммуникативтік мен ғылыми-зерттеу сипатындағы жаттығулар болуы тиіс. Бұл жаттығулар төмендегідей сипатқа ие:

Нақты ел мәдениетіне мүмкіндігінше жақын диалогтық жағдайларда тілдік бірліктерді және грамматикалық құрылымдарды пайдалану (мысалы, әуежайда, мейрамханада, дүкенде);

Қажетті техникалық құралдар бар болғанда шетелдік мәдениет өкілдерімен байланысу (электронды пошта арқылы, чатта, форумда хат жазысу, Skype арқылы сөйлесу және т.б.);

Зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми және шығармашылық жобалар, осы ақпаратты іздеу және ұсыну, соның ішінде ақпаратты лингвомәдени талдау;

Аутентті материалдарды – баспа материалдарынан бастап фильмдер мен оқытылатын тіл елдерінің ұлттық арналардада берілетін жаңалықтарға дейін лингвистикалық және лингвоелтанулық талдау.

Ағылшын тіліне оқытуда мәдениетарлық құзыреттілікті қалыптастыру үшін интернеттің алатын орнына тоқталсақ, студенттер электронды пошта арқылы хат алысып, виртуалды қатынас клубтары, конференцияларға қатыса алады. Интернет шетел тілін үйренушіге аутентті мәтіндерді қолдану, сол тіл өкілін тыңдау, олармен қарым-қатынас жасауда табиғи тілдік ортаны қалыптастырады.

Студенттер бойында мәдениетарлық қарым-қатынас біліктілігін дамытудың тиімді әдістеріне ойын технологиясын, проблеммалық оқытуды жатқызуға да болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындыласақ, қазіргі заманауи техникалық құралдардың мүмкіндіктері мен инновациялық мүмкіндіктерін ұштастырып оқыту мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін үйретуді ұйымдастырудың ұтымды тәсілі болмақ.

Әдебиеттер:

1. Алиева Б. Мәдениетаралық қатысым жағдайында студенттердің айтылым дағдысын қалыптастыруда ақпараттық технологияны қолданудың жолдары / Маг. дис. – Алматы, 2010. – 85 б.

2. Амиржанова Г.Е. Мәдениетаралық қатысымның жанама формасы ретінде тыңдап түсінуге Интернет ресурстарын пайдалану / Маг. дис. – Алматы, 2010. – 78 б.

3. Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. –Алматы: ҚазХҚжӘТУ, 2010. – 324 б.

4. Тулекова М.Қ. Мәдениетаралық қарым – қатынастағы тіл мен мәдениет ұғымы. – file:///C:/Users/Admin/Downloads/m-denietaraly-arym-atynasta-y-til-men-m-deniet-ymy.pdf Пайдаланған уақыты: 18.01.2016 ж.

5. Жанұзақова З.О. Студенттердің мәдениетаралық коммуникативтік біліктілігін қалыптастыруда интернетті қолдану / Маг. дис. – Алматы, 2011. – 91 б.

6. Byram M. Assessing intercultural competence in language teaching // Sprogforum. – 2000. – №18(6). – P. 8-13.

7. Молдабаева К.Е. Мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілікті қалыптастыру жолдары. – file:///C:/Users/Admin/Desktop/12.pdf. Пайдаланған уақыты: 18.01.2016 ж.

8. Свиридон Р.А. Формирование межкультурной компетенции будущего специалиста в области мировой экономики средствами делового английского языка // Сборник научных трудов II Международной летней школы для молодых исследователей «Инновационные образовательные технологии в преподавании иностранных языков». – Томск, Изд–во ТГПУ, 2005. – с. 72– 84.

Кисметова Г.Н., Тургалиева Э.М.

Формирование межкультурной компетенции студентов в процессе обучения иностранному языку

Данная статья посвящена проблеме формирования межкультурной компетенции студентов на занятиях по иностранному языку. Рассмотрены понятие, структура и содержание межкультурной компетенции. Показано, что формирование межкультурной компетенции студентов при обучении иностранному языку возможно при условии готовности преподавателя к использованию на уроках культурологического материала, интерактивных технологий, а также самостоятельной работы обучаемых.

Ключевые слова: *Межкультурная коммуникация, компетенция, культура, интерактивные формы работы, иностранный язык.*

Kismetova G.N., Turgaliyeva E.M.

Forming intercultural competence of students in the process of teaching a foreign language

This article is devoted to the formation of students' intercultural competence at foreign language classes. It considers the notion, the structure and the content of the intercultural competence. The author shows that the intercultural competence forming is possible if a university teacher is ready to use cultural material, interactional technologies as well the independent students' work in foreign language teaching.

Keywords: *Intercultural communication, competence, culture, interactive forms of work, foreign language.*

***

ӘОЖ 372.851

Нұрғалиев К.А. *– психология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ*
Нурмуканбетова В.Е. *– М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты*
E-mail*: ven-nur@mail.ru*

I-IV СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ «ОЙША ӘРЕКЕТ ЕТУ» ҚАБІЛЕТІНІҢ ДАМУЫ

Аңдатпа. *Мақалада бастауыш сынып оқушыларында «ойша әрекет ету» қабілетінің қалыптасуы және «ойша әрекет ету» қабілетінің даму деңгейі қарастырылған. Оқушыларда «ойша әрекет ету» қабілетін анықтауға арналған әдістемелерді қолдану жолдары көрсетілген.*

Тірек сөздер: *«ойша әрекет ету», қабілет, ақыл-ой дамуы, ойлау, жедел міндеттерді шешу.*

Мектептегі білім беру мен оқушылардың ақыл-ой дамуының сипатын мазмұнды талдау қазіргі педагогиканың басты мәселелерінің бірі. В.В.Давыдовтың пікірінше, ол мақсатқа лайық және арнайы ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесінің психологиялық аспектілерін зерттеуге бағытталған, осының арқасында адамның жан-жақты дамуы жүзеге асырылады [1, 89 б.].

Әлемдік психологиялық ғылымда осы мәселені шешудің екі қарама-қарсы жолдары баршылық. Ж. Пиажеге сәйкес, білім берудегі табыстар баланың ақыл-ой дамуының деңгейімен анықталады, ол оқыту мазмұнын «қазіргі таңда өзінде орын алған интеллектуалдық құрылымға сәйкес» ассимиляциялайды [2, 213 б.]. Л.С.Выготский бойынша керісінше, «даму процестері жақын даму аумағын құратын оқу процестерінің артынан жүреді» [3, 452 б.].

Л.С.Выготскийдің аталған пікірі мамұндық қорытындылау теориясының негізінде құрылған сараптамалық бағдарламалар бойынша төменгі сынып оқушыларының білім алуын ұйымдастыру үшін негіз болды. Осындай білім берудің дамытушылық әсерін анықтау біздің зерттеуіміздің мақсаттарының бірі болып отыр. Ақыл-ой дамуының көрсеткіші ретінде біз ойлаудың дамуын алдық, ойлау негізі мына жағдайда көрінеді: балалар мектепте оқу шегіне қарай міндеттерді ақыл-ой жоспарында шешуді игерген, яғни оларда «ойша әрекет ету» қабілеті қалыптасқан. Біздің жұмысымыздың басты мақсаты, осылайша бастауыш сынып оқушыларында осы қабілеттің қалыптасушылық деңгейін анықтау болып табылады.

Ақыл-ой дамуының көрсеткіші ретінде «ойша әрекет ету» қабілеттерін таңдау кездейсоқ емес – бұл адамның интеллектісінің іргетастық ерекше құрамдасы. Ол

заттармен жанамалана әрекет ету мүмкіндігін қамтамасыз етеді, яғни заттардың өздерін өзгертпестен, олардың бейнелерімен (көрнекі және сұлбалық), сондай-ақ белгілік-символдық бейнелерімен әрекет етуге мүмкіндік береді. Бұл шарт кез келген қызметті табысты жүзеге асыру үшін қажет, өйткені мақсат түзу және мақсатты тұжырымдау, ниетке сәйкес әрекет ету нысанын қайта түрлендіру және оқиғаларды болжау; мақсатқа қол жеткізудің мақсатты және мақсатқа лайықты тәсілдерін жасау және оларды оңтайландыру мен қорытындылау сынды, оның құрамдастарының негізінде жатыр.

Оқушылардың ойлауының дамуын зерттеулер қатарында баланың «ойша әрекет етуінің» қатыстық дамыған қабілетіне ие бола отырып, тапсырмаға дұрыс бағдарлана алатындығы және бастапқы деректер қатынастарын бөліп көрсете және белгілей отырып, оның шарттарын талдай алатындығы, өз әрекеттерінің ықтимал аралық нәтижелерін ойында тежей және осы нәтижелерді түпкі мақсатпен біріктіре отырып, оның шешімін дәлірек жоспарлай алатындығы, шешу тәсілдерінің әр түрлі нұсқаларын оңтайлылығы мен қорытындылануы бойынша бағалай отырып, шешу тәсілдерін анығырақ сезіне алатындығы көрсетілген. Осы зерттеулердің нәтижелерінің негізінде «ойша әрекет етудің» дамыған қабілеті үш негізгі компоненттен тұратынын анықтадық: есептің шарттарын ойша талдау, шешуді жоспарлау және әрекет ету тәсілдерін ұғыну.

Сонымен қатар Я.А.Пономарев «ойша әрекет ету» және іштей жоспарлау қабілеті дамуын терең зерттеген болатын. Ол іштей жоспарлау әрекеті сызбасын құрастырды. Ең алдымен бала оңай нәрселерді үйреніп, кейін оған осы әрекеттер құрылымын құрастыру талап етіледі.

Я.А. Пономарев кіші мектеп жасындағы (I-IV сынып) балаларда нақты берілген тапсырма негізінде іштей жоспарлау әрекетін зерттеп, 5 кезеңін анықтаған болатын. Бірінші кезең (фон кезеңі) бала ойша фигуралардың орналасуын елестете алғанмен, олардың орыны біріншісінен екіншісіне ауыстыра алмайды. Бұл кезеңде балалар мысалы, ағаштың түбірін жоғары көрсетіп, ал үйдің төбесін төмен көрсетіп суреттеп салуы мүмкін, алайда оны дұрыс бағытта салуға мүмкіндігі жетпейді. Я.А.Пономарев көрсеткендей нақты осы кезеңде балалар «әрекетті іштей жоспарлауға» қабілетсіз болып келеді [4, 158 б.].

Екінші кезеңде балалар заттардың орынын ауыстыра біледі, елестетеді. Бірақ бұл тек қана бала оған дейін заттардың орнынын ауыстыруды көздерімен көрген жағдайда ғана мүмкін болады. Сондықтан, бала әрекетті іштей жоспарлау дамуының екінші кезеңінде істеп көрмеген әрекеттің нәтижесін ойша болжауға қабілетсіз болып келеді.

Үшінші кезеңде балалар жаңа іс-әрекеттің нәтижесін болжауға, заттардың орнын ойша ауыстыруға қабілетті келеді. Бірақ бұл әрекетте тапсырма шешімі қысқаша болып беріледі, себебі бала тапсырманың бастапқы бөлігін ұмытып қалуы мүмкін. Сонымен қатар бұл кезең баланың іштей жоспарлау негізінде құрылған жаңа әрекеттер бірден дұрыс, қатесіз құрылмауы мүмкін.

Әрекетті іштей жоспарлаудың төртінші кезеңінде тапсырманың шешімін табудың күрделі тұстарында әрекеттер тізбегі қатесіз құрылуымен сәйкес келеді. Балаларда әліде ұзақ есептеуді қажет ететін әрекеттер тізбегін қатесіз орындауға қабілеттері жетіспейтіні байқалады.

Әрекетті іштей жоспарлаудың жоғары кезеңі - бесінші кезең балалардың өз іс-әрекеттерін толықтай басқара білуімен, әрекеттердің орындалу жоспарын нақты құруымен анықталады [4, 161 б.].

Сондай-ақ, Я.А. Пономарев өз еңбектерінде бастауыш мектептің оқу кезеңдеріне сай әрекетті іштей жоспарлау қабілетінің даму деңгейлерін көрсетті. I сыныпта қыркүйек айында оқушылардың 42%-ы бірінші кезеңде, 32%-ы екінші кезеңде, 21%-ы үшінші кезеңде, 4%-ы төртінші кезеңде, 1%-ы бесінші кезеңде болатындығы анықталған. Екінші және үшінші оқу жылынан кейін оқушыларды

кезеңдер бойынша бөлуде келесідей өзгерістер болады: бірінші кезеңде оқушылар жоқ, екінші кезеңде – 14-10%, үшінші кезеңде – 56-44%, төртінші кезеңде – 22-34%, бесінші кезеңде – 8-12% .

Осылайша әрекетті іштей жоспарлау бастауыш сынып кезеңінде оқушылардың жартысында үшінші, ал қалған жартысында төртінші, бесінші кезеңге сай келеді. Яғни оқушылардың жартысы берілген тапсырманы өздіктерімен шеше бастаса, ал қалған бөлігі күрделі жаттығуларды орындауға қабілетті болып келеді. Бастауыш сынып оқушыларының әрекетті іштей жоспарлау қабілетін анықтауды Я.А. Пономарев ұсынған тапсырмаларды қолдануға болады. Олар оқушымен 20-30 мин. уақыт аралығында жеке жұмыстануға бағытталған [4, 203 б.].

Сонымен қатар жұмысымыздың мазмұныны Я.А. Пономарев [4, 87 б.], В.Н. Пушкин [5, 114 б.], В.Х.Магкаев [6, 98 б.] зерттеулерімен тығыз байланысты. Осы зерттеулерде негізінен ойша жоспарлау зерттелді. Осылайша, «Ат және пешка» әдісі бойынша міндеттерді шешу барысында адамға «әрекет ету жүйелерін жаңадан құру» талап етілген. «5-тік ойыны» әдістемесі бойынша – «түрлендірулердің жаңа бірізділігін» қалыптастыру талап етілген.

Тақырыпты әрі қарастыру үшін көрсетілген әдістемелердің көмегімен ойша жоспарлауды зерттеу мүмкіндігі, олардың міндеттері біздің пікірімізше, бір типті эксперименталдық жағдаяттың әр түрлі модификациялары болып табылатынды, яғни «жедел проблемаға» негізделеді.

Көрсетілген зерттеулердегі эксперименталдық жайдың осы типін жүзеге асыру ерекшеліктерін талдау, оның көмегімен «ойша әрекет ету» қабілеттілігінің негізгі ерекшеліктерін бақылау жалпы қамтамасыз етіледі: ауыстырылатын элементтердің әр түрлі дәрежелері бар міндеттерді пайдалану талдаудың қалыптасушылық деңгейлерін (элементтер қатынастарын бөліп көрсету бойынша әрекеттер) талдау, ойша жоспарлауды, оның тәсілдерін ұғыну (бір немесе бірнеше шешу нұсқаларымен) деңгейлерін бақылауға мүмкіндік береді. Алайда, жедел проблеманың екі орналасуында да (негізгі және тиісті) бір элементтер пайдаланылатындығына қарағанда, бұл зерттеулерде өзге формада қатынастарды жаңғырту үшін осы элементтердің өзге элементтермен ойша орнын басу кезінде орын алатын қатынастарды адамның белгілеп қоюы сынды ойша талдаудың осындай маңызды компоненті бізге әдістемелік бақыланбаған болып көрінеді, бұл оларды өздерінше қарастыруға және салыстыруға мүмкіндік береді.

Әрине, зерттеу жұмыстарында көрсетілгендей, ойлаудың осы кезеңі жедел міндеттерді шешудің нақты процесінде орын алған. Атап айтқанда, бұл эквивалентті міндеттерді шешу барысында олардың құрылымын элементтер қатынастары арқылы транспозициялау арқылы шешілді. Алайда ойша талдаудың осы жағының қалыптасушылық дәрежесі объективті құралдармен ескерілмеген және біздің ойымызша, «жедел проблеманың» жоғарыда көрсетілген ерекшелігіне байланысты ескеріле алмаған.

Белгіленген аспектідегі жедел проблеманы жетілдіру үшін біз оны элементтердің тиісті орналасуын, алынған элементтердің жылжуына ғана (олардың кеңістіктік-функционалдық қатынастарын өзгертуге емес) бағдарлана отырып, түрлендіру жолымен жаңғыртылмайтындай етіп өзгертуді мақсатқа лайықты деп таптық. Бұл әбден мүмкін, өйткені қатынастарды есепке алу тек ең аз жүрістер санында есепті шешу барысында ғана қажет. Басқаша айтқанда, біздің әдістемелік ойымыз «элементтердің орналасуын тікелей жаңғыртуға» (яғни кейінгілерін есепке алусыз) жол беретін жедел проблеманы шешу барысындағы қатынастарды есепке алу (яғни «элементтердің жанамаланған орналасуын жаңғырту») міндетті болатындай етіп түрлендіру қажет.

Осы мақсатта біз келесідей әдістемелік амалды қолдандық (оны біз жасаған жедел проблема нұсқасында көрсетейік): «белгілермен өзара алмасу» әдістемесінің міндеттерінде белгілердің бір орналасуын (мысалы, Р, Т, Н әріптерінің орналасуын)

кез келген екі әріпті бір мезгілде екі жүріспен басқасына (Н, Р, Т) түрлендіру талап етілді. Осыған сәйкес аталған тапсырма кек келген екі әріпті бір мезгілде ауыстыру жолымен шешіледі: 1) Т және Н, 2) Р және Т әріптерінің орындары ауыстырылады.

«Қайталау ойыны» материалында I, III сынып оқушыларымен жеке эксперименттер жүргізілді. Осы эксперименттердің негізінде және «ойша» әрекет ету (ойша талдау - элементтердің қатынастарын бөліп көрсету және белгілеу, жоспарлау және ұғыну) қабілетінің негізгі компоненттерін дамыту дәрежесін ескере отырып, оның қалыптасушылық деңгейлері анықталған болатын, сондай-ақ біздің зерттеуіміздің мақсаттарына сай топтық эксперименттерге арналған әдістеме жасалды.

Біздің «Қайталау ойыны» әдістемемеіз бір стандарт параққа орналасқан (210Х297 мм) 20 міндеттен тұрды, оларды әр оқушыға берілді.

Аталған әдістеменің міндеттеріне қатысты біз көрсеткен «ойша» әрекет ету қабілетінің қалыптасушылық деңгейлері келесі түрде сипатталды: егер бала бөлінген уақыт ішінде бір де бір есепті шығара алмаса, себебі нұсқаулықты түсінбесе, немесе 1 және 2 типті есептерді ғана шеше алмаса, (үлгілері нұсқаулықта көрсетілген), онда оның бұл қабілеттілігі мүлдем қалыптаспаған және ұсынылған міндеттерге сәйкес «нөлдік» деңгейге ие деуге болады. Бұл жағдайда оқушы белгілерді ойша басқара алмаған және элементтердің кеңістіктік-функционалдық қатынастарын олардың алғашқы және түпкі орналасуында арақатынасын белгілей алмаған.

Бала 3 және 4 типті кез келген бір жүрісті есепті табысты шешкен кезде, алайда екі жүріспен есептерді шеше алмаған болса, онда оның осы қабілетінің қалыптасушылық деңгейі «бастапқы» болып есептеледі. Бұл жағдайда әдетте, сыналушы нұсқаулықты жақсы түсінген, элементтердің әр түрлі жағдайларда орналасуын ойша салыстыра алады, «орнында тұрмағандардың» арақатынасын тура белгілей алады және олармен әрекет ете алды. Алайда, егер бұл балаларға барынша жеңіл екі жүрісті тапсырмалар (5-6 типті) ұсынғанда, олар жаңылыса бастады, бірінші жүрістің нәтижесін жоғалтты, екінші жүрісті дұрыс орындаған жоқ немесе орындары алмастырылуы тиіс емес элементтердің (фигурлардың) орындарын ауыстырды, өйткені олар бұрыннан бірдей сандардың орындарын алып тұрды немесе бірдей фигураларды қайтадан орындарын ауыстырып қойды, ал бұлай етудің аталған есепте еш маңызы жоқ. Көбіне екінші жүріс жай ғана формалды түрде орындалды: тиісті фигуралар ауыстырылып қойылды, алайда олардың бірдейлері бірдей сандардың орындарын алып тұруы үшін емес, тек жүрістерді ереже бойынша орындау үшін ғана ауыстырылды.

«Қайталау ойынының» (5-8 типті) екі жүрісті есептерін және тіпті үш жүрісті тапсырмаларын (11 және 12 типті) біздің квалификациямыз бойынша осы қабілеттіліктің ішінара деңгейі қалыптасқан балалар шеше алды. Алдыңғы топтың балаларына қарағанда, бұл сыналушылар «Қайталау ойынының» тапсырмаларын бірнеше жүрісте шеше алды, яғни алдыңғы әрекеттердің нәтижелерін ескерумен кейіннен «ойша» элементтердің орындарын ауыстыруды жоспарлай алды. Алайда, күрделілігі әр түрлі тапсырмаларды орындау барысында анықталғандай, бұл тек оны шешу барысында, тапсырмалардың құрылымы бірдей элементтердің алғашқы орналасуының тиісті орналасуындағы бірдей элементтердің белгіленуінің әр түрлі нұсқаларын пайдалануға болатындай жағдайда ғана мүмкін. Мысалы, 7 тапсырмада бестіктер не шаршылармен, не кресттермен, тоғыздықтар – не үш бұрыштармен, не шеңберлермен белгілене алады. Белгіленген типтің осындай ерекшелігі (5-8, 11, 12 тапсырмалар) жалпы іс-қимыл жоспарын құрмай-ақ, тек алдыңғы әрекеттің нәтижесін пайдалана отырып, әр жүрісті жекелей даярлай отырып, оларды шешуге мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, мұндай тапсырмаларды шешу жалпылай емес, бөлшектеп жоспарлана алады, яғни бұл жағдайда бірінші жүрісті орындап болмастан екінші жүрісті жоспарлауға болады.

Біздің квалификациямыз бойынша, осы қабілеттіліктің неғұрлым жоғары «біртұтас» деңгейі 9, 10, 13-20 типті тапсырмаларды шешуге қабілетті балаларда

байқалды. Мұндай тапсырмалардың барлығы алдыңғыларынан оларды шешу үшін барлық жүрістерді бірінші жүрісті орындағанша жоспарлау қажеттігімен ерекшеленеді. Бұл бірдей элементтердің тиісті орналасуының бастапқы орналасудың бірдей элементтерімен белгіленуінің тек бір нұсқасының ғана болуымен байланысты. Мысалы, 9 тапсырмада сегіздіктерді тек үшбұрыштармен, ал бестіктерді – шаршылармен белгілеуге болады. Егер бұл жағдайды ескермесе, онда талап етілетін жүріс сандарында осындай тапсырмаларды шешу мүмкін болмайды. Бұл зерттеліп отырған қабілеттіліктің қалыптасушылығының ішінара деңгейі бар балаларда байқалады. Олар тапсырмаларды ойша талдайды.

Үшінші сыныптарға жүргізілген жаппай эксперименттер негізінде (аталған типтің эксперименталдық білім беруінің дамытушы тиімділігін анықтау үшін) бастауыш мектепте оқыту барысында «абстрактіліктен нақтыға дейін» диалектикалық сұлбасы бойынша өрістетіледі, оқу бағдарламаларының мазмұнын игеру көбіне балаларда осы жаста бастауыш мектептің қалыпты оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруге қарағанда, оларда «ойша» әрекет ету қабілеттіліктерінің жоғары деңгейінің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Теориялық түрде бұл болжам эксперименталдық оқу бағдарламалары бойынша оқыту кіші мектеп оқушыларында теориялық оқу негіздерінің дамуына мақсатталғандығынан шығып отыр. Оған қатысты аталған қабілеттілік, В.В.Давыдовтың тұжырымдамасына сәйкес, негізгі компоненттердің бірі болып табылады (талдаумен және рефлексиямен қатар), өйткені теориялық ойлау «жүйенің генетикалық бастапқы (жалпыға ортақ) негізін ашатын және содан кейін оның жеке көріністерінің қалыптасуын қадағалайтын нысандар жүйесінің ойша түрлену процесінде қызмет етеді [7, 118 б.]. Практикалық жоспарда белгіленген болжам көрсетілген типтің эксперименталдық бағдарламалары бойынша білім алатын кіші сынып оқушыларының ақыл-ойының дамуын зерттеулердің мол санының деректеріне сүйенген.

Бүкіл сыныптың оқыушыларымен суреттелген әдістеме бойынша эксперимент шарасы келесі түрде болды. Сабақтың басында балаларға таза парақтар берілді, онда атын, фамилиясын және есептің шешуін жазу керек болды. Экспериментатор сынып тақтасында 2 типті бір жүрісті тапсырманың шешілу үлгісін көрсетті. Ол екі ойын төрт торкөзді шаршы алаңын сызды, сол жигіне жанынан сандар, ал төменде әріптер жазды. Ойын алаңының торкөздерінің атауын (нотация) сыныпқа түсіндіре отырып, экспериментатор сәйкес сұрақтардың көмегімен балалардың бұны меңгергеніне көзін жеткізді, содан кейін ол екі жиектің де торкөздерін символармен белігіледі: бастапқы орналасуында (сол жақта) бірдей әріптердің екі жұбын орналастырды (әр жұпты тігінен), соңғысында – бірдей сандардың екі жұбын (әр жұпты көлденеңінен) орналастырды. Одан әрі ол түсіндірді: «Бұл тапсырмада бірдей әріптер бірдей сандардың тұрған торларында түсетіндей етіп әріптердің бір рет орындарын ауыстыру керек. Бұл үшін қандай да бір екі әріпті бір мезгілде орындарын ауыстыру қажет». Балалар ұсынған орнын ауыстыру нұсқаларын таңдай және бағалай отырып, экспериментатор тақтаға бір жүрісті есептердің шығарылу үлгісін жазды, мысалы: «А1-Б2» немесе «А2-Б1».

Осыдан кейін ол 5 тапсырма мысалында екі жүрісті шешуді көрсетті: аталған бір жүрісті есептің шартымен қатар тақтаға екі жүрісті есептің шарты орналастырылды, онда бірдей фигуралардың орындарында бірдей әріптердің үш жұбы болды (мұнда сандардың үш жұбының тігінен орналасуы соңғы орналасуда өзгеріссіз көшіріліп жазылды). Бұл есепте бір жүрістідегідей, бірдей әріптерді бірдей сандар сияқты орналастыру қажет етілетіндігін, алайда бұл үшін бір емес, екі әрекетті орындау қажеттігін айта отырып және балалар ұсынған бірінші және екінші әрекеттерді талқылай отырып, экспериментатор екі жүрісті есептерді шешу үлгісін берді, мысалы: 1) А1-В1, 2) Б1-А2.

Одан кейін балаларға 20 есептің тапсырмалары жазылған парақтар берілді және олардың назарлары әр түрлі әрекеттері бар есептер парағының жиегіне аударылды. Мұнда оларға есептің шарттарын көшіріп алудың қажеті жоқ екендігі және барлық есептерде бірдей фигураларды бірдей сандар сияқты белгілі бір әрекеттер саны үшін орналастыру керектігі түсіндіріледі. Сондай-ақ әрекеттердің «ойша» ойлап табу қажеттігі, ал фамилия жазылған параққа тақтада берілген тапсырмалардың шешілу жазбасына сүйене отырып, орындары ауыстырылған фигуралардың торкөздерінің атауы ғана жазу керек. Балаларға есеп тапсырмалары жазылған парақтарға қандай да бір белгілер жазбалар түсіруге қатаң тыйым салынды.

Осындай нұсқаулықты барлық сыныптың балаларына берілгендігін айта кету керек (2 типті бір жүрісті есепке дейін тағы да 1 типті есептің шешілуі көрсетілген I сыныптан басқасы). Әдетте жұмыстың осы бөлігіне 10-12 мин. кетеді.

«Қайталау ойыны» есебінің шешілу нәтижелерін өңдеу нәтижесінде сыныптармен жүргізілген эксперименттерде кестеде ұсынылған деректер алынды.

Осы мәліметтерді талдау негізінде – «ойша» әрекет ету қабілеттерінің дамуының бірінші кезеңі II сыныпта аяқталады (біз ойлағандай, бастауыш мектептің аяғында емес) – ол балалардың жартысында қалыптасқан болып шықты; екінші кезең – аталған қабілеттіліктің тұтастай деңгейінің балалардың көпшілігінде қалыптасуы – үш оқу жылына созылады (III-V сыныптар); үшінші кезең – оның біртұтас деңгейінің барлық барынша жоғары деңгейлерінің қалыптасуы – орта мектепте аяқталмайды. Бұл жағдай, сондай-ақ біздің әдістемеміздің көмегімен В.С.Гончаров алған деректер бұл әдістемені ересектермен жұмыс істеу барысында диагностикалық мақсаттарда пайдалануға болады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Үшінші сыныпта жүргізілген эксперименттерде алынған осы әдістеменің міндеттерін шешу нәтижелерін салыстыру, болжағанымыздай, бастауыш сыныптың әдеттегі оқыту бағдарламасына қарағанда, аталған типтің эксперименталдық оқу бағдарламалары бойынша оқыту оларда «ойша» әрекет ету қабілеттерінің тиімді қалыптасуын қамтамасыз етеді: бірінші жағдайда үшінші сыныптықтар арасында балалардың 33 % бар, оларда бұл қабілет біртұтас деңгейде дамыған, ал екіншісінде мұндай балалар тек 19 % болды.

Сонымен, біздің зерттеуіміз I-ден IV сыныпқа дейінгі оқушылардың мектептік білім беру кезіндегі «ойша» әрекет ету қабілеттерінің даму сипатын зерттеуге арналды. Нәтижесінде аталған қабілеттіліктің мектепте білім алу барысында үш кезеңде өтетіні белгілі болды: біріншісі II сыныпта аяқталады, екіншісі III - V сыныптарды қамтиды, үшіншісі VI сыныпта басталып әрі қарай дамиды. Мектепте білім беру мен ақыл-ой дамуының байланыс ерекшеліктер туралы мәселені одан әрі жасау біздің пікірімізше, әр түрлі бағыттардағы психологиялық зерттеулердің дамуын болжайды. Осылайша, білім берудің ақыл-ой дамуына әсерін нақтырақ елестету үшін біздің әдістеменің көмегімен әр түрлі жастағы балаларды зерттеу қажет. Ол үшін соның ішінде «қайталау ойыны» әдістемесін пайдалануға болады. Екінші жағынан П.П. Блонскийдің [8, 197 б.], З.И. Калмыкованың [9, 217 б.], Я.А. Пономаревтің [10, 118 б.], М.Н. Шардаковтың [11, 168 б.], сондай-ақ біздің зерттеулеріміздің алынған кіші мектеп жасындағы ойлаудың дамуы туралы деректердің арақатынасын белгілеу қажет. Осындай арақатынасты белгілеу балалардың мектепте оқу кезеңіндегі ақыл-ойларының дамуының қарама-қайшы емес теориясын жасауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, жүргізілген зерттеулер деректері қазіргі таңда оқушылардың ақыл-ой дамуының нормаларын жасау үшін пайдаланыла алады. Оның табысты шешілуі – орта мектепте білім берудің мазмұнын, әдістерін және ұйымдастырылуын жетілдірудің қажетті шарты болып табылады.

Я.А.Пономарев және оның жақтаушылары жүргізген зерттеулері көрсеткендей болжау, жалпылау, қойылған мақсатқа бағытталған нақты жету жолдарын құрастыру және тағы басқалары «ойша әрекет ету» қабілетінің негізі болып, яғни ол тек қана адамның ақыл-ой дамуының маңызды көрсеткіші ғана емес сонымен қатар мінез-

құлықтың психологиялық механизімінің орталығы болып табылады. Бұл жағдай балада байқалып отыратын әр түрлі белсенділіктердің және «ойша әрекет ету» қабілетінің даму деңгейімен тығыз байланысты.

Әдебиеттер:

1. Давыдов В.В. Оқытудағы қорытындылау түрлері. – М., 1972. – 422 б.

2. Пиаже Ж. Избранные психологические труды. – М., 1969. – 659 с.

3. Выготский Л.С. Таңдамалы психологиялық зерттеулер. – М., 1956. – 518 б.

4. Пономарев Я.А. Знания, мышление и умственное развитие. – М., 1967. – 264 с.

5. Пушкин В.Н. Эвристика наука о творческом мышлении. – М., 1967. – 213 с.

6. Магкаев В.Х. Экспериментальное изучение планирующей функции мышления в младшем школьном возрасте // Вопросы психологии. – 1974. – № 5. – С. 98–106.

7. Давыдов В.В. Оқу қызметі және модельдеу. – Ереван, 1981. – 220 б.

8. Блонский П.П. Оқушының ойлауының дамуы: Таңдамалы психологиялық шығармалар. – М., 1964. – 286 б.

9. Проблемы диагностики умственного развития учащихся / Под ред. З.И. Калмыковой. – М., 1975. – 208 с.

10. Пономарев Я.А. Знания, мышление и умственное развитие. – М., 1967. – 266 с.

11. Шардаков М.Н. Мышление школьника. – М., 1963. – 225 с.

Нургалиев К.А,, Нурмуканбетова В.Е.

Развитие способности «Действовать в уме» у школьников I-IV классов

В данной статье рассматриваются уровни сформированности способности действовать «в уме» у школьников I-IV классов. А также приводятся примеры использования методик определяюших способности действовать «в уме» школьников.

Ключевые слова: *действовать «в уме», способность, умственное развитие, мышление, оперативное решение проблемы.*

Nourgaliyev K.A., Nurmukanbetova V.Ye.

Deveioment of bility to operate in a mind for the schoolchildren of I–IV classes

The primary objective of our article was determination of level ability to operate "in the mind" of initial classes of students of school. Also in the article of examined development of ability to operate in a mind for the schoolchildren of I - IV of classes.

Keywords: *to operate "in a mind", ability, mental development, thinking, the decisions of problem are operative.*

***

ӘОЖ 539.19

Сырым Ж.С. *– педагогика ғылымдарының кандидаты,*
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Құмарова А.Н. *– М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты*
E-mail: *Kumarova-kz@mail.ru*

МОЛЕКУЛАЛЫҚ ФИЗИКА БОЙЫНША ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. *Мақалада физикалық есептер шығару біліктілігін дамыту мәселелері және молекулалық физика бойынша есептерді шығару әдістемелері қарастырылады.*

Тірек сөздер: *Педагогика, физика, есеп шығару, әдістеме, үдеріс, молекулалық физика, идеал газ, термодинамика, жылусыйымдылық, жылу мөлшері.*

Қоғамның жоғары педагогикалық білімді мамандарға қоятын талаптары, қазіргі таңда күрделене түсуде. Жаңа қоғам мұғалімі – ол рухани адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, жан-жақты білімді,

кәсіби құзыретті, теориялық білімін практикада жаңа педагогикалық технологиялармен жүзеге асыра алатын шебер болуы қажет.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев ««Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – деп атап көрсетті.

Осыған орай физика курсын оқытудың маңызды міндеттерінің бірі – білімді кеңейту және есеп шығару біліктілігін дамыту, эксперименттік жұмыстар жүргізу және бақылаулар мен эксперименттер нәтижелерін талдау. Осы міндеттер өзара бір бірімен байланысты. Есеп шығару қабілеттілігі, эксперименттік жұмыстар жүргізу және бақылаулар мен эксперименттер нәтижелерін талдау алған білімнің нәтижесі болып табылады.

Физика есептерін шығару үшін теорияны терең түсініп, іс жүзінде практикада пайдалана білуі керек, шығармашылық еңбек ете білуі және терең ойланып күрделі мәселелерді, құбылыстарды талдап, зерттеп шеше алатындай болуы керек. Есептерді шығару кезінде білім алушылар көптеген құбылыстардың заңдарын анықтайды, теорияның мағынасын терең түсініп, өмірдегі ролін көреді, техниканың жаңалықтарымен танысады, олардың физикалық негіздерін анықтайды, жалпы білімдерін көтереді, политехникалық тәрбие береді.

Физикадан есептерді шығарудың басты мақсаты – физикалық құбылыстарға оқу кезінде логикалық ойлау қабілетінің дамуына және физикалық білімнің қалыптасуына бағыну. Мұндай мақсатқа жету үшін тек қана есепті шешу фактісі емес, сонымен бірге оларды шешудің тәсілдерін таңдау маңызды роль атқарады. Есепті шешу тәсілімен оны талдау жолы оқылған құбылыстың мәнін ашуға қабілетті болу керек. Кейде тәжірибеден байқағанымыздай оқушы құбылыстың мәнін түсінбей, механикалық түрде шығарады. Есеп шығару барысында түсіну, талқылау, ой- тұжырымын жасау және дәлелдеуге тура келеді. Салыстыру, талдау, жинақтау, жалпыдан жекеге, жекеден жалпыға ауысып ойлау арқылы оқушылардың ақыл- ойы дамиды, интелектуальды біліктері мен дағдылары қалыптасады [1, 19 б].

Білім беретін орындардың аса маңызды міндеті - жеткіншек ұрпаққа ғылыми негіздерінен терең де тиянақты білім беру, оларды практикада қолданудың дағдыларын қалыптастыру, білім беру мазмұнының политехникалық бағытын күшейту. Физика заңдарын меңгеру және оларды дұрыс түсініп қолдана білу білім алушылардың ой - өрісінің дамуын, табиғатқа ғылыми көзқарасты қалыптастыруын қамтамасыз етеді.

Жалпы физика курсының молекулалық физика бөлімі бойынша есептер шығару әдістемесін қарастыралық. Есептердің шартына қарай осы бөлімге қатысты барлық есептерді екі топқа бөлуге болады:

1. Бір параметрі бойынша қалған параметрлерін табу керек болатын есептер. Бұл кезде идеал газдың кез келген массасы үшін күй теңдеуі пайдаланылады (Менделеев- Клапейрон теңдеуі).
2. Изопроцестердің әсерінен газдың бір күйден екінші күйге өтетін есептері. Бұл жағдайларда жетіспей отырған параметрлерді табу үшін газ заңдары пайдаланылады.

Білім алушыларға мыналарды түсіндіру керек:

- егер есепте екі күй көрсетілмеген болса, онда бір күй орнына қалыпты жағдайдағы күйді алуға болады;
- егер газ массасы тұрақты болып қалса, онда есепті газ заңдарын пайдалана отырып шешу керек;
- егер есепте газдың массасы немесе тығыздығы келтірілген болса, онда есепті шешкен кезде Менделеев – Клапейрон теңдеуін пайдаланған дұрыс болады.

Газ заңдарына арнап онша күрделі емес изопроцестердің графиктерін тұрғызып және оларды оқи білуді қажет ететін графиктік есептерді шешу керек, осы кезде бірқатар сұрақтарға жауап беруге болады:

- Графикте қандай шамалардың тәуелділігі өрнектелген?
- Бұл тәуелділіктің сипаты қандай?
- Берілген тәуелділік қандай процесті сипаттайды?
- Газ күйінің өзгеріс процестерінің айырмашылықтары қандай?

Графиктік есептерді шығартып, талдату арқылы газ заңдарын білім алушылардың қаншалықты саналы түрде меңгергендігін анықтап, олардың логикалық ойлау қабілеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады.

Идеал газ күйінің теңдеуіне және газ заңдарына есеп шығарған кезде шешудің жалпы алгоритмін пайдаланады. Әрбір кезеңде газдың қандай параметрлері өзгеретінін, қандай параметрлері тұрақты болып қалатынын анықтайды. Осылай өтіп жатқан үдерістің сипаты тағайындалады.

Идеал газдың күйінің өзгерісіне берілген есептерде, оның әр өтуі қандай үдеріске жататынын, әр күйіне сәйкес параметрлерін анықтап білмейінше есепті шығару үшін қандай заңдылықты қолдану керек екендігін білмейді. Сондықтан есепті талдауда газдың әр күйін сипаттайтын параметрлерді жазып көрсету қажет. Сонда білімгер газдың күйі өзгергенде қандай шама тұрақты қалғанын көріп, қандай заңдылықты қолдану керек екенін біледі.

Осы жоғарыдағы айтылғандар бойынша термодинамиканың бірінші бастамасы және оны идеал газға қолдану тақырыбындағы есептерді қарастыралық. Бұл тақырыптың негізгі типтері және оларды шешу жолдары мынадай болып бөлінеді:

Представляется, что на начальной и средней ступени обучения следовало бы больше внимания уделить работе над словообразованием, так как это одновременно и работа над лексико-грамматической стороной чтения: выработка формальных ориентиров, расширение потенциального словаря и т. д. В целом же использование на начальной и средней ступени приемов обучения грамматической стороне речи и соответственно упражнений основано на следующих принципах:

- необходимость обеспечить деятельностный характер овладения немецкой грамматикой и в целом коммуникативная направленность обучения ей. Для формирования грамматической стороны говорения принят путь от содержания к форме, для формирования грамматической стороны чтения – от узнавания, дифференцировки и обобщения формы к содержанию.

- учет первичности слухо-моторных связей. Практически это выражается в устном опережении разной длительности с постепенным его сокращением на втором году обучения. Однако выбор данной тактики, предписываемой действующей программой, не является оптимальным для обучения грамматическому строю именно немецкого языка, который в силу своей объективной сложности требует большого использования зрительных опор.

- опора на образец, на действия по аналогии на основе осознавания наиболее существенных ориентиров речевого действия (например, количества компонентов, их места в предложении).

- опора на сознательность, учет важности сочетания сознательности с бессознательным (неосознаваемым, интуитивным). По сути дела речь идет о признании наличия разных уровней осознавания.

- диапазон и глубина осознавания на начальной ступени обучения могут иметь некоторые ограничения, но они увеличиваются от класса к классу. Особую роль играет в этом плане циклично организуемая систематизация знаний.

- стимулирование речемыслительной активности и самостоятельности учащихся, в частности самостоятельного поиска и выделения существенных признаков единиц материала и действий с ними.

- опора на принципы наглядности, доступности, прочности, систематичности.

- учет принципа аппроксимации.

В отличие от звуков и слов, которые составляют исходную материальную субстанцию языка, грамматические формы и явления представляют собой определенное обобщение способов реализации языка в речи. Именно благодаря этому и возможны действия по аналогии. При этом одни грамматические явления распространяются на большое количество слов внутри той или иной грамматической категории (например, наличие артикля в немецком языке как показатель рода имен существительных, или окончание – *e* как показатель первого лица большинства глаголов). Здесь широко может быть использована аналогия. Другие грамматические явления охватывают меньшее количество слов (например, часть сильных глаголов меняет корневые гласные). Здесь действия по аналогии имеют большие ограничения. И, наконец, есть грамматические явления, носящие единичный характер (например, наличие супплетивных форм глагола sein, степеней сравнения наречий: viel, gernи др.), которые не могут быть усвоены по аналогии и требуют запоминания. Таким образом, в содержание обучения грамматической стороне речи входят материальные формы языка: суффиксы, префиксы, целостные словоформы (например: schrieb, hatgeschrieben), знания о них, зафиксированные в грамматических категориях: роде, числе, падеже и т. п., в правилах образования и употребления этих форм, а также конкретные действия по грамматическому оформлению речи: морфологическому, синтаксическому, которые должны превратиться в операции [2, с. 31].

Наиболее общей трудностью можно считать необходимость в каждом акте общения осуществлять одновременно множество грамматических действий, как правило сообразного характера, так и основанных на запоминании отдельных исходных форм). Так, наличие строго фиксированного порядка слов и так называемой рамочной конструкции ставит студента перед необходимостью осуществлять «внутренне речевое утверждение и удержание» второго места сказуемого, а часто также последнего или первого. Кроме того, используя тот или иной глагол в функции сказуемого, надо быстро определить, сильный он или слабый, меняет корневую гласную или нет, отделяется ли приставка и т.п.

1) Грамматические явления любого языка воспринимаются легче, но если они уникальны, то усваиваются сложнее. Например, часто род существительных в немецком и в русском языках не совпадает, например: das Buch (ср.р.) в немецком языке, книга (ж.р) в русском языке. Уникальность рода существительных влияет на употребление в речи явлений, входящих в субстантивную группу: указательных, притяжательных, неопределённых местоимений, отрицания kein,прилагательных, употребляемых в функции определений к существительным. Уникально также управление немецких глаголов, что также имеет много несовпадений с русским языком например: danken (Dativ) – благодарить кого-то (вин.п.), anrufen (Akk) – звонить кому-то (дат.п.).

2) Следующим специфичным явлением является постоянное сочетание морфологического и синтаксического. В немецком предложении от формы подлежащего зависит форма глагола (Du hast Recht), управление глаголов-сказуемого влияет на форму дополнения (Störe mich nicht). Следует соотносить формы

дополнения с управлением глагола-сказуемого (например: Ich begegne ihn oft. Das Buch liegt auf dem Tisch), формы глагола-сказуемого с формой подлежащего (например: Das Kind spielt, die Kinder spielen). При построении любого предложения необходимо включать в предложение целые словосочетания в их грамматических связях.

3)Весомые грамматические явления, вмещающие морфологические и синтаксические компоненты также создают затруднение в усвоении немецкого языка. Это глаголы с отделяемыми приставками, присущие только немецкому языку (например: Stehst du jeden Tag Morgen früh auf?) и возвратные глаголы (например: Wo befindet sich deine Schule?). Такие явления считаются коммуникативно-ценным грамматическим материалом, широко употребительным в разговорной речи, от этих слов зависит большое количество лексических единиц.

Глаголы с отделяемой приставкой и возвратные глаголы всегда должны быть в центре внимания обучающихся. При включении этих глаголов в речевую деятельность следует датъ возможность студентам использовать их в сочетании с другими грамматическими явлениями в одном предложении.

На начальном этапе формирования у студентов навыка владения грамматическим явлением следует избегать употребления в конструкциях возвратных глаголов (например: Ich habe mich schon gekämmt) [3, с. 66-72].

4) Следующей спецификой немецкой грамматической системы следует назвать частое употребление в предложениях глагольной рамочной конструкции. Такая конструкция встречается в сложноподчинённых и в простых предложениях с обратным и прямым порядками слов. Часто с модальным и основным глаголами (например: *Kannst du eigentlich Klavier spielen?);с* частями составного именного сказуемого, а именно между глаголом и именной частью. Например: *Es ist heute sehr warm:* с глаголом и его отделяемой приставкой (например: *Du stehst immer zu spaet auf!: В* предложениях с инфинитивом между основным глаголом и глаголом в инфинитиве (*Jetzt gehen wir schnell einkaufen*); В инфинитивных оборотах: um...zu + Inf., statt...zu +Inf., ohne...zu + Inf.) (например: *Er spielt Computer, statt ein Buch zu lesen).*В сложно подчинённых предложениях, а именно в придаточных предложениях между самим союзным словом и спрягаемой частью глагола-сказуемого (например: *Ich möchte sagen, dass diese Aufgabe sehr schwer ist).*

Наибольшую трудность рамочная конструкция представляет из-за необходимости сочетания глагола-сказуемого с разными грамматическим явлениями. Поэтому часто при употреблении в предложении глагольной инструкции обучающимся приходится иметь дело с уникально-нормативными грамматическими явлениями, содержащимися как на границах рамки. Глагольные конструкции должны восприниматься как единое целое и соответствующим образом разрабатываться в упражнениях. Нецелесообразно, например, добиваться от обучающихся построения предложений с аналитическими формами глагола-сказуемого без рамки (например: *Die Kinder haben gespielt. Ich bin gekommen).* Необходимы более содержательные и естественные с точки зрения функционирования языка обучающихся, например: *Die Kinderhaben den ganzen Morgen im Kindergarten gespielt. Ich bin zum Unterricht zu spät gekommen.*Необходимо изначально отрабатывать эту глагольную рамку и грамматические явления, её наполняющие.

5) Следующей специфической особенностью немецкой грамматической системы является *распространение аналитических форм грамматических явлений*.

Специфическими в немецком языке являются некоторые глагольные времена Aktiv: Perfekt, Imperfect, Futurum, все формы Passiv, например: *Wann hat dein Bruder die Schule* besucht. (Aktiv); *Diese Kirche wurde im 17. Jahrhundert gebaut* (Imperfekt Passiv) и т.д.

Следующие формы имеют также составные именные сказуемые: *Du hast Recht:* сказуемые Perfekt, в состав которых входят модальные глаголы: *Du kannst wirklich gut schreiben* [4, с. 60].

Возвратные глаголы: *Du verspätest dich sehr oft.* Аналитическими являются также

сочетание существительных с артиклями: *Er wohnt in einem großen Haus: Die Kinder spielen Ball.* Превосходная степень сравнения прилагательных в немецком языке также имеет рамочную форму: *Diese Aufgabe ist am schwersten.* Данная особенность немецкой конструкции является фактором, значительно осложняющим процесс обучения студентов немецкому языку, так как при грамматическом оформлении своих высказываний студенты должны помнить об образовании форм и размещении в предложении минимум двух слов для составления предложения [5, с. 59-67].

6) Для немецкого предложения с его устойчивым порядком слов характерна *непременная двусоставность при обязательной вербальности сказуемого и номинальности подлежащего.* Эта особенность немецких предложений приводит к постоянной взаимоинтерференции в высказываниях блока субъекта и блока предиката. Проявляется эта интерференция, прежде всего, в обязательном употреблении подлежащего и сказуемого в предложении и опасности смещения их с мест, отведённых для каждого из них. Особенно сильно взаимоинтерференция проявляется в безличных предложениях и предложениях *с* неопределённо-личным местоимением *"man",* так как в этом случае на неё наслаивается интерференция русского языка, в котором, указанные конструкции являются односоставными: Es ist kalt- Холодно. Man soll schnell gehen – *НУЖНО* идти быстрее [6, с. 73].

В русском языке могут употребляться как двусоставные, так и односоставные предложения с одним главным членом - подлежащим или сказуемым. Довольно трудно для русскоязычных учащихся строить предложения на немецком языке с глаголом-связкой “sein”,так как в русском языке в настоящем времени глагол-связка «быть» не употребляется: *Er ist ein guter Junge – Он хороший парень* (но: *когда деревья* были *большими* ... - в прошедшем времени употребляется).

7) Следующей специфической особенностью немецкой грамматики можно назвать *частое употребление инвертивных конструкций.* Инверсии (обратный порядок слов) в немецком языке имеют место в следующих случаях:

а) в простых повествовательных предложениях (например: *Morgen fahren wir nach Moskau);* б)в вопросительных предложениях (например: *Hast du dieses Buch schon gelesen? Wann fährst du nach Moskau?)* в) в сложносочинённых предложениях после некоторых союзов (например: *Zuerst spielten die Kinder im Hof Ball, dann gingen sie in den Park);* г) в сложносочинённых предложениях, а именно – вглавном предложении, если оно стоит после придаточного (например: *Da ich von meiner Reise viel erzählt habe, sage ich kurz ...)* [7, с. 283]. Вполне обоснованным считается учитывать рассмотренные выше специфические особенности немецкой грамматики.

Литература:

1.*Бим И.Л. Теория и практика обучения немецкому языку в средней школе. М.: Просвещение, 1988. – 150 с.*

2.*Шульц Х. Немецкая грамматика с упражнениями. – М.: 2010. – 324 с.*

3.*Шатилов С.Ф. Методика обучения немецкому языку. – М.: 1986, 108 с.*

4.*Гильченок Н.Л. Практикум по переводу с немецкого на русский. – СПб.: Каро, 2006. – 180 с.*

5.*Попов А.А., Иванова Н.Д., Обносов Н.С. Практический курс немецкого языка. – М., 2009. – 490 с.*

6.*Носова Е.Г., Филиппова Н.А., Щеглова Т.Я. Немецкая грамматика в таблицах с упражнениями. – М.: Айрис Пресс, 2004. – 120 с.*

7.*Какзанова Е.М., Миляева Р.П. Deutsch fuer Geschaeftsleute. – М.: МЦФЭР, 2003. – 350 с.*

Шунайбекова К.М.

Неміс тілі грамматикасын оқып-үйренудің өзіне тән ерекшеліктері мен құбылыстары

«Неміс тілі грамматикасын оқып-үйренудің өзіне тән ерекшеліктері мен құбылыстары» атты бұл мақала грамматиканы үйрену мәселесіне, дәлірек айтқанда, неміс тілін үйренудің өзіне тән кейбір грамматикалық құбылыстарына арналған. Мақалада неміс тілінің грамматикалық жүйесіне талдау және неміс тілін оқу мен меңгеруде қиындық тудыратын өзіне тән бірнеше ерекшеліктер мен құбылыстар қарастырылады.Мақала өзекті, өйткені оның мазмұны неміс тілін үйренуге деген ынтаны арттырады, бұл өз кезегінде жоғары білікті, әрі сауатты мамандар дайындауда аса қажет.

Тірек сөздер: *грамматикалық механизм, ерекшелік (өзгешелік), грамматикалық құбылыс, құрамдас бөлігі, жиектемелік конструкция, вербальды (ауызша сөйлеу), интерференция, рецепция, супплетивті формалар, аппроксимациялық.*

Shunaibekova K.M.

Specific features and phenomenon at studying German Grammar

The given article «Specific features and phenomenon at studying German grammar» is devoted to the problems of studying grammar, specialty to same specific grammar phenomena studying German. The analysis of German grammar system and a number of specific features and phenomena, which make difficulties at studying and mastering German is considered in this article.

It is actual as its content motivates studying of German and necessary in training highly qualified specialists.

Keywords: *grammar mechanism, specificity, grammar aspects, components, frame construction, verbality, interference, reception, suppletive forms, approximation.*

***

ӘОЖ 371.3:91

Доскалиева Р.Б. *– аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ*
E- mail: *ROZA-bd0101@ mail.ru*
Хаируллина А.К. *– оқытушы, магистр, М.Өтемісов атындағы БҚМУ*
E- mail: *xairullina_84@mai*l.ru

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТІҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Аңдатпа. *Бұл мақалада кредиттік оқыту жүйесінде оқытудың педагогикалық технологияларының бірі сыни тұрғыдан ойлау маңыздылығына тоқталадық. Білім алушы оқу материалдарын шынайы тұрғыдан талдауда, өзінше шешім қабылдауда сыни талдаудың қажеттілігі қарастырылады.*

Тірек сөздер: *Ойлау, сыни тұрғыда ойлау, интербелсенді, технология, рефлексия, инновация, жеке тұлға, РАФТ, педагогикалық технология.*

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуде. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болғандықтан, білім беру парадигмасы /үлгісі/ өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды.

Елбасы жолдауында Қазақстанның саяси әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қоса алатын, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындап, тәрбиелеу үшін ізденімпаз, жаңашыл, үнемі өз білімін жетілдіріп, сапалы білім

берудің жолдарын іздестіріп, «оқыту үшін оқу», - деген мақсатты алған оқытушылар қажет. «Білім сапасы бірінші кезекте сапалы даярланған педагогтармен айқындалады, олар бұл білімдерін әртүрлі әдістер арқылы білім алушыларға береді» - делінген.

Қазіргі білім саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғашқы шарты, мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру және оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыра, қазіргі жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Біздің қоғамда сыни ойлауды (critical thinking) дамыту адамзат баласына баға жетпес мүмкіндіктер болып табылады.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының негізін қалаушылар американдық ғалымдар Чарлз Темпл, Джон Дьюи, Мередит және Ж.Пиаже, Л.С. Выготский теорияларының негізінде басшылыққа алынды. Бұл технология Кеңес өкметі кезінде 1973 жылдан, Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау, яғни, RWCT жобасы 29 мемлекетте қолданылады [1, 290 б.].

В.Беспальконың тілімен айтқанда: «педагогикалық технология» дегеніміз тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданатын әдіс-тәсілдер – оның құрамды бөлігі.

Оқытудың озық технологияларын сабақта қолдану қазіргі күннің талабы. Сондықтан да, сабаққа қойылатын талаптар оқытушыдан үлкен шеберлікті талап етеді, студенттердің білім сапасын арттыруға, өздігінен ізденуіне, ой санасының дамуына мүмкіндік береді. Жалпы пәндерді оқытуда сыни тұрғыда оқыту технологиясы кеңінен қолданылуда. Сыни тұрғыда оқыту бойынша студентке оқу мақсаттарын қоюда, шешуде дайын үлгі берілмейді, оқытушы-сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы болса, студентке өз ойын білдіріп, пікір айтуға мүмкіндік беріледі, жасаған жұмысының нәтижесін дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді. «Технология» латынның-өнер, шеберлік деген сөзі, яғни, шеберлік амал-тәсілдер жиынтығы деген мағынаны береді [2, 18-19 бб.].

Сыни тұрғыда ойлау шығармашылық ізденістерін, өз ойларын дәлелдей білу, топпен жұмыс істеу, өз ойын ашық айту, дербес жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Бұл технологияны қолдануда - қай салада болмасын іс - әрекеттің жаңа тәсілдерін студенттің өз бетімен, шығармашылығын, меңгеру қабілеті мен дайындығын және нақты көзқарастарын қалыптастыру. Студенттерді қызықтыру, ойландыру, барлық жауапты тыңдау, талдау жасау кезеңдері сақталады.

Сыни ойлау мен шығармашылық – бір мағына емес. Шығармашылық ойлау – өнер, білім өнімін жасау. Сыни ойлау – жаңа, бұрындары таныс болмаған идеяның генерациясы. Шығармашылық ойлау көркем бейнелерді үлгілейді және оларды қандай да бір бейнеде жүзеге асырады. Жасампаз ой – өнертапқыштыққа және ғылыми ашылымдарға, жаңа бейнелерді жасауға деген икемділік.Ойлаудың бұл екі түрі оқуда, тәжірибеде және кез-келген қызметте жоғарғы нәтижеге қол жеткізеді. Сонымен, сыни ойлау мен шығармашылық ойлаудың паралель дамуы мүмкін болатын үрдіс.

Қазіргі заманда нені оқыту емес, қалай оқыту маңыздырақ болып есептеледі. Солардың бірі сыни тұрғыда ойлау технологиясы. Сыни тұрғыда ойлау - бұл нақты мағынаны іздеу: өзінің көзқарасының қандай болуымен, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да обьективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Сыни тұрғыдан ойлау жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті, мәселелерді шешу кезінде маңызы зор.

Сыни ойлау – өзіндік ойлау. Сыни ойлау- сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Студент өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды.

Бұл бағдарламаның ішкі құрылымнда ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта жүзеге асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен негізгісін және қажеттісін алуға үйретеді.

«СТО-ды дамыту» технологиясы немен қызықтырады?

- Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен.
- Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің көптігімен.
- Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы екендігімен.

Білуі қажет: алдын-ала сенімділік туғызу; білімдерін бір-біріне жеткізу; бұл мәселені шешуге білімдерінің әсер етуі [1, 292 б].

Сыни тұрғыдан ойлай білетін адам сұрақтар қоя біледі:

- Мен не білемін?
- Мен жаңа нені білдім?
- Менің білімім қалай өзгеруде?
- Мен осы біліммен не жасай аламын?

Сыни тұрғысынан ойлау стратегиясын зерттеушілер анықтамасы бойынша адам сыни тұрғысынан ойлау қабілеті дамыған сайын, оларда төрт параметрдің көрсеткіші болады. Жекеден-жалпыға, дифференциалдан-сенімділікке, интуициядан-логикалыққа, перспективадан-перспективаға. Бұл көрсеткіштерді дамыту үшін:

1) өз бетінше тұжырым, қорытындыға келу қабілеті
2) ұқсас құбылыстар арасынан тиімділерін таңдай білу
3) проблеманы шеше білу
4) пікірталасты жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру қажет

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту күрделі ойлау процесі болып келеді.



1-сурет. *Сыни ойлаудың дамыту технологиясы*

Сыни ойлау ақпарат алудан басталып, қаралатын мәселеге байланысты шешім қабылдаумен аяқталады. Сыни ойлау күрделі үрдіс болғандықтан, студентке сыни ойлау ортасын жасау қажет**.** Ол ортада сыни тұрғысынан ойлау қалыптасқан ортада студент:

- нақты мақсат қоюға дағдыланады;
- өзіне деген сенімділік артады;
- оқу процесіне белсенді қатысады;
- жолдастарының пікірін сыйлайды;
- өзін толғандыратын проблемалық сұрақтар қоя біледі;
- айтылған жауаптарының құндылығы жоғары болады және алуан түрлі жауап бере алады;
- сараптауға, бағалауға дағдыланады;
- пәнге деген қызығушылығы артады;
- ой операцияларын меңгеруге;
- өз ара пікірлерімен алмаса білуге үйренеді;
- әр студент сыни тұрғыдан ойлауға қабілетті екендігіне сенеді және еркін жұмыс істеуге бейімделеді [3, 12 б.].

Студенттердің сыни ойлауы, ақпаратты сауатты интерпритациялау іскерлігі, проблемалық жағдайды әртүрлі тәсілдермен шешу, интернет желісіндегі ақпараттық ресурстармен жұмыс жасау үдерісіне шығармашылық көзқараспен қарау дамиды.

Студенттердің интернет желісіндегі ақпараттық ресурстарға адекватты қарым-қатынасын қалыптасу қажеттілігін ескере отырып, денсаулығын сақтаудағы шараларды белгілеуге болады:

- ақапаратты алу және өңдеу іскерлігі;
- ақпарататтың адрестік бағытталуы;
- ақпараттық сыни тұрғыдан түсіну дағдысын қалыптастыру;
- альтернативтік тұрғыдан негіздеу дағдысы;
- ақпаратты интерпретациялау дағдысын қалыптастыру;
- телекатынастық желі арқылы алынған ақпаратты оқытуда және күнделікті өмірде қолдану және сақтау.

Сыни ойлау- өзіндік ойлау, әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Студент өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сыни тұрғыдан ойлау сабағының құрылымдық 3 кезеңнен тұрады:

I - қызығушылығын ояту («көпір жасау», ой қозғау)

II - мағынаны таныту (мағынаны ажырату)

III - ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім қарастырылады)

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында. Стратегия дегеніміз - философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен студент кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, түсіне білуі қажет. Стратегиялар студенттерді шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның бірнеше түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертуге болады. Мысалы:

Рафт - бұл стратегияны «кейіпкерге хат» деп алса да болады. Формасын түрлендіруге болады: хат, хабарландыру, жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама. Рафт студенттердің ойын, тілін дамытады, қиялын өрбітеді, өз білімдерін немесе жауаптарын қағаз бетіне түсіру арқылы өз бетімен жұмыстануға үйренеді, ресми іс қағаздар жөнінде түсінік қалыптасады [1, 221 б.].

Қосжазба күнделігі: тақырыпта берілген оқиғаларға өзінің пікірін жазады, және оның шығару жолын көрсетеді, кейіпкердің жан дүниесін түсінуге тырысады, сөздік қоры молаяды.

Жазбаша стратегиялар: еркін жазу, 5 минуттық эссе сияқты стратегиялар арқылы оқушы берілген тақырып бойынша өзінің пікірін, ойын, аргументтерін немесе тақырыпқа байланысты анықтама, дәлелдемелер көрсете алады. Қажет кезінде тақырып бойынша ұсыныстар жасап, болжау жасауға мүмкіндік береді. Басқа пікірлерді сынға алады. Осы стратегиялар арқылы өздерінің танымдық құзырлығын дамытады.

Пікірталасқа арналған стратегиялар: кубизм, бұрыш, болжау таблицасы, семантикалық карта, жұппен ой бөлісу стратегиялары арқылы оқушылар өзара пікірталас, диспут жүргізу арқылы өз ойларын айту, оны дәлелдеуге үйренеді, басқалардың пікірін тындай біледі.Топпен, жұппен, жеке жұмыстар жүргізу барысында өзара қарым – қатынаста болады. Оқушылардың шығармашылық құзыреттілігі артады [1, 232 б.].

Венн диаграммасы. Бір-бірімен байланысты екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерге екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып, студенттер қызыға толтырады, яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді. Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде студенттер арасында:

- бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйластық пен ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланады;
- өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашады;
- бір-біріне құраметпен қарайды;
- өз ойын ашық және еркін айтады, пікір алмасады;
- өзін-өзі және бірін-бірі бағалайды;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмаса алады;
- бір-бірінің ойын тыңдап, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектеседі.
- белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланады.

Біздің оқыту пәндерімізге байланысты сыни тұрғыдан ойлау мен дамыта оқытудың негізін қалыптастыруда «ТМД-ның физикалық география» курсы бойынша тәжірибеде мынадай тапсырмалар беру арқылы студенттердің білім деңгейлерін арттыру мақсатында жұмыс атқарылады. Елдің географиялық орнына сипаттама беру жоспарын еске түсіру:

- материктегі орны;
- шеткі нүктелері;
- шекаралары;
- ұласып жатқан теңіздер;
- жылулық белдеулеріндегі орны.

а) осы жоспарға сәйкес ТМД–ның Евразия материгіндегі орнын айқындау;

б) шеткі нүктелерінің координаттарын анықтап кескін картаға түсіру;

в) ТМД–ның батыс шекаралары өтетін жерлердің физикалық–географиялық сипаттамасын беру;

г) ТМД–ның шекарасын жүргізіп, шектесіп жатқан елдерді кескін картаға түсіру. Сонымен қатар, қашықтықты градус және шақырыммен анықтау, жергілікті және белдеулік уақыт түсінігін еске түсіру арқылы студенттердің ойлауы және талдауына араналған тапсырмалар беріледі. Бұл арқылы жалпы топтағы студенттердің игергентеориялық білімдерін практикалық тапсырмалар арқылы өз пікірлерін білдіріп, жұмыс жасауға дағдыланады. «ТМД-ның физикалық география» курсы бойынша сабақтардағы тапсырма - жаттығулар және СОӨЖ, СӨЖ орындау барысында сыни тұрғыдан ойлау арқылы студенттерде төмендегідей білім, білік, дағдылар қалыптасады [4, 123 б.].

1. Студенттер кескін картаны толтырып, курвиметрмен жұмыс жасауға үйренеді және пәнге деген қызығушылығы артады.

2. Географиялық сипатта шеткі нүктелермен белдеулік уақыт туралы статистикалық мәліметтерді біледі.

3. Белдеулік уақыт кестесін жасап, координаталарды анықтайды.

4. Жаңа тақырып бойынша өз жобалары мен болжамдарын талқылайды. Өзіндік қортындылары, оның қаншалықты дұрыс екенін саралайды.

5. Білімді өз бетімен алуға шығармашылық, танымдық белсенділіктерін арттырады.

6. Бір-бірімен пікір алмасуға дағдыланады.

7. Студенттер географиялық ұғымдар анықтамаларын талдауға үйренеді.

Тапсырманы орындау арқылы студенттер сыни тұрғысынан ойлау бағдарламасын қолдану нәтижесінде Тәуелсіз мемлекеттер достастығына кіретін елдер құрамын, олардың табиғат жағдайларының жалпы ерекшеліктері мен негізгі табиғат ресурстарын және географиялық орнын, ауданын, шекаралары туралы мәліметтермен толықтай танысып, біледі.

Сабақта қарастырылғалы тұрған тақырып туралы студент не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғау, талдау, ми шабуылы арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңде "Топтау", "Түртіп алу", "Ойлану", "Топта талқылау", "Болжау", "Салыстыру", "Жүйелеу" т.б. әдіс-тәсілдер қолданылды. Бұл қолданылған әдіс-тәсілдер студенттің қызығушылығын дамыту мақсатында – сабақта белсенділігі артады.

Сыни ойлауды дамыту үшін төмендегі кеңестерді айтуға болады.

- жаңа идеяларды ұсынуға және өзгерістерді енгізуге дағдылану;
- адамдар алдында сөйлей білуге және өз ойын ашық айтуға үйрену;
- терең, жан-жақты ойланып, шектеулерге алаңдамау;
- алғашқыда қолыңыздан келмесе, басқа жолдарын қарастырып, жаңа идея табу;
- пікірталасқа әруақытта қатысып, өз болжамдарыңызды жеткізе білу;
- түсініксіз нәрселердің себептерін іздеп, дәлелдей білу;
- идеяны бағалау кезінде, оларға объективті тұрғыда қарау.

XX ғасырда білім берудің мақсаттары мен міндеттері өзгереді, өйткені келешекте мәліметтердің жинақталуы жүктеменің студенттердің шамасынан тыс болуына әкеледі және студенттің міндеті білімді көбейту емес, осы білімдерін өз бетімен алуға мүмкіндік беретіндей құралмен қамтамасыз ету.

Сыни тұрғыдан ойлау - бұл саналы мағынаны іздеу: өзінің көзқарасының қандайлық болуымен, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да обьективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Сыни тұрғыдан ойлаудың жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті, мәселелерді шешу кезінде маңызы зор.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту күрделі ойлау процессі болып келеді. Сыни ойлау ақпарат алудан басталып, қаралатын мәселеге байланысты шешім қабылдаудан аяқталады. Сыни ойлау кез келген жас аралықтарына тән. Сыни ойлау күрделі үрдіс болғандықтан, студентке сыни ойлау ортасын жасау қажет. Ол ортада студент:

Ойлауға үйренуге.

Өз ара пікірлерімен санаса біледі.

Әр студентке сын тұрғысынан ойлауды қабілеті бар екендігіне сенеді.

Еркін жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Сын тұрғысынан ойлау қалыптасқан ортада студент:

Нақты мақсат қоюға дағдыланады.

Өзіне деген сенімді артады.

Оқу процесіне белсенді қатысады.

Жолдастарының пікірін сыйлайды.

Өзін толғандыратын, проблемалық сұрақтар қоя біледі.

Айтылған жауаптарының құндылығы жоғары болады және алуан түрлі жауап бере алады.

Сараптауға, бағалауға дағдыланады.

Пәнге деген қызығушылығы артады.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында. Стратегия дегеніміз - философия, әдістемелік ұстаным. Оқытушы мен студент кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар студенттерді шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 80-нен аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге болады. СТО технологиясын пайдалана отырып, сабақ құрылымын жоспарлауға шығармашылықпен қарау, әдістемелік лабораторияны жинақтау секілді мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда, сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы бойынша жүргізілген сабақтарда студенттер теория мен практика бірлігін игереді, жеке және топпен бірлесіп, мәселе түйінін шешіп жолдарын табуға жаттығады, өз бетімен ізденеді, өзара пікір алмасып, одан қорытынды жасай білуге дағдыланады.

Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын ендіру бүгінгі таңда әрбір оқытушының басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет.

Әдебиеттер:

1. Бөрібекова Ф.Б, Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. – Алматы, 2014 – 360 б.

2. Левина М.М. Технологии профессионального педагогического образования. – М.: Академия, 2001. – 272 б.

3. Машкова Г.В., Подоплелов Н.Я. Практикум по Физической географии СССР. – М. Высшая школа, 1966. – 195 с.

4. Давыдова М.И., Раковская Э.М., Тушинский Г.К. Физическая география СССР. – М.: Просвещение, 1989. – 240 с.

Доскалиева Р.Б, Хаируллина А.К.

Критическое мышление как технология развития мыслительной деятельности студентов

В статье уделено внимание важности критического мышления в кредитной системе образования. Рассмотрена необходимость критического мышления при реальном обсуждении обучающимся учебного материала и принятии личного решения.

Ключевые слова: *Логика, критическое мышления, интерактивный, технология, рефлексия, инновация, индивид, РАФТ, педагогическое технология.*

Doskaliyeva R.B, Hairullina A.K.

Critical thinking as technology of development of cogitative activity of students

The article is paid to attention to importance of critical thinking in the credit system of education. The necessity of critical thinking in a real discussion of educational material for students and making a personal decision is considered.

Keywords: *logic, critical thinking, technology, the interactive, innovation, reflection, individual, RAFT, pedagogical technology.*

***

ӘОЖ 373.1.02.:372:8

Өмірзақова Л.Қ.- *М.Өтемісов атындағы БҚМУ аға оқытушысы*
E-mail: *Lyazzat.umirzakova@mail.ru*

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІНДЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА МУЗЫКАНЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. *Мақалада ұлттық өнердің негізінде оқушылардың ішкі дүниесін қалыптастыратын адамгершілік тәрбиенің негізгі құралдарының бірі ретінде музыкалық тәрбие берудің рөлі қарастырылған.*

Тірек сөздер: *Халықтық педагогика, ұлттық музыка,тәрбие, жеке тұлға, музыка.*

Ғылым мен мәдениеттің заманауи жаһандандыру үдерісі кезінде әр ел өз мемлекетінің рухани, мәдени құндылықтарын сақтай отырып, әлемдік өркениетке кірігуі заңды құбылыс. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Ұлттық кеңестің мәжілісінде жасаған баяндамасында «Мәдени мұраларды жүйелеп, оларды қалпына келтіру, сақтау, одан әрі дамыту ісіне кең көлемде білек түре кірісетін кез келді. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманат ету – «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты болуы тиіс» - деп, болашақ жас ұрпақты тәрбиелеудегі ұлттық мәдени мұраның мүмкіндігі мен мақсатын айқындап берген болатын [1, 1 б.].

Өркениетті елдің жарқын болашағы толығымен жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне тәуелді. Осыған орай, тәрбиенің негізгі мақсаттары: а) жастардың өмірге ғылыми-материалистік көзқарасын қалыптастыру; ә) тұлғаның рухани және дене қабілеттерін жан-жақты дамытып, талғам мен сезімдерін қоғамның талаптырына сай тәрбиелеу [2, 45 б.].

Қазіргі таңда жас ұрпаққа тәрбие беру саласында оң өзгерістер мен жаңалықтар болып жатырғаны белгілі. Бүгінгі күнде негізгі мақсат - жан-жақты дамыған білімді тұлғаны тәрбиелеу. Тәрбиелеудің бір құралы, ауқымды сан қырлы ұғымды қамтитын – музыкалық өнер. Халықтың ұлттық тағылымы ертеден жинақталып, қалыптасқан педагогикалық тәжірибеде, ұлттық тәлім-тәрбиеде жетерлік. Музыка адамзаттың рухани азығы, жан серігі, ұшқыр қиялы, нәзік сезімі. Қазақ халқы құлақтан кіріп бойды алар әсем ән мен тәтті күйді ұнатқан. Өскелең жасұрпақтың бойында талғампаздық, эмоциялық, сезімпаздық қасиеттерді қалыптастыруында, оның мәдениетті болып өсуінде, музыка әлемін түсінуде мектептегі музыка тәрбиесінің алатын орны ерекше. Музыка сабағында оқушы әр түрлі жанрлы музыкалық шығармалардың тарихы, мазмұны, орындалу сипаты мен танысып шығармашылық дүниетанымын, өзіндік көзқарасын қалыптастыра отырып, өнерге, өмірге деген батыл құлшынысын дамытады. Сабақта, толықтырылған кеңейтілген бағдарлама негізінде оқу-тәрбие үрдісін тиімді пайдалана оқушылардың әр түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тану, музыкадағы түрлі кезеңдер мен көркемдік бейненің сипатын көре алатын ойын, шығармашылық қабілетін қалыптастырады. Сондықтан, музыкалық шығармашылық қабілеттің басты саласының бірі ол музыка арқылы тәрбие . Музыкалық тәрбиенің негзгі міндеттерінің бірі, адамның табиғат пен өмірдегі әсемдікті қабылдап түсінуге және бағалауға тәрбиелеп оқыту. Оқушының музыкалық икемділігін дамытып музыкалық білім арқылы оның музыкаға қызығушылығын, шығармашылық белсенділігін арттыру.

Музыка арқылы жас ұрпққа тәрбие беруде халқымыздың рухани қазынасы - ән мен күй бүгінгі таңда тамаша тәрбие көзі болумен қатар, кәсіби музыканың негізгі арқауы екенін естен шығармаған жөн. Міне, халықтың музыка өнеріндегі өте бай рухани қазынасымен оқушыларды таныстырып, олардың озық үлгілерін үйрету музыка мұғалімінің алға қойған негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

мектептегі музыка сабағы оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыруды мақсат ететін негізгі пән болып саналады.

Қазақтың сан ғасырлық ұлттық мәдениетін көтеріп, жаңғыртып жария ететін өнердің бір саласы, көркем ойды әуенмен әсерлеп, көрік беретін - музыка. Әрбір ұлттың өзінше өмір сүру қалпы, тұрмыс-тұрқы, әдет-ғұрыптық өзгешелігі, психикалық-мінездік ерекшеліктері, түсінік-пайымдары оның өнер өрісіне үлкен әсер ететіні белгілі. Музыка өнеріндегі бұл құбылыс халықтың сол құпиясын әр алуан салада, әр түрлі бояуда әшекелейді. Халық музыкасы, оқушылардың бойындағы өз халқының жетістіктері мен табыстарына ұлттық мақтаныш, өз халқына, оның музыкалық мәдениетіне сүйіспеншілігін қалыптастыруға ықпал жасайды. Ұлттық мәдениетті көтеру дегеніміз, ұлттық мәдениетімізде де жалпы азиялықтарға тән биязылық, өткенге салауаттық жасау, үлкенді сыйлау, жасқа қамқорлық, қысылғанға қол ұшын беру, ағайынның ауызбірлігін сақтау - бәрі-бәрі де бар. Ендеше сол ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманаттау. Тұтастай алғанда бізге өзіміздің мәдени мұрамызды дүние жүзінің көруіне және көрсетуімізге мүмкіндік беретін жүйелі көзқарас қажет. Бәріміз де бала кезімізде халық ауыз әдебиетінің баға жеткісіз бай мұрасымен сусындап өстік. Бізде адамзат меншігіне айналатын рухани алтын қазыналар бар. Сондай әлемдік туындының қатарына Құрманғазы бабамыздың күйлері де жатады. Оларды тек өз елімізде ғана емес, шетелер арасында да насихаттамай әлемдік өркениеттің көшіне ілесу тағы қиын. Өйткені әлемдік классиканың ұлттық мәдениеттің дамуына қосар үлесі аз емес.

Қай халық болсын өзінің ұлттық өнері мен дәстүрін аса бір ыждағаттылықпен дамытуға тырысады, оны жаңа дәуір, жаңа заман әкелген жаңалықтармен сабақтастыра отырып байытады. Қазақ музыка творчествосының байырғы негізгі түрлері халық әндері, эпостық шығарма, аспаптық музыка болды. Ән-күйді қазақтың халық творчествосының шыңы деуге болады, имандылық, ізгілік, білімділік, парасаттылық сыйлайтын ерекше күш тек қана ұлттық музыкада бар. Оның тамаша үлгілері, көрнекті халық композиторларының асқақ туындылары ұлттық классикалық музыканың негізін қалады.

Бүгінгі білім беру, жас ұрпақты тәрбиелеудегі басты мақсат- жеткіншек ұрпаққа мәдени, еңбек, адамгершілік және эстетикалық тәрбие бере отырып, олардың әсемдік сезімін дамыту, көркемдік талғамын тәрбиелеу, өнер шығармаларын сүйіп, туған табиғатын, оның байлығын қастерлеп,бағалай білуге қабілеттерін қалыптастыру.

Музыка - адамзаттың рухани азығы, жан серігі және өзінің көркемдігі,нәзіктігімен адам жанын баурап,олардың жақсы мінез-құлықтарының қалыптасуына септігін тигізеді. Жас өспірімдерді музыка әлемін түсініп қабылдауға, талғампаздығын тәрбиелеуге, эмоциялық сезімталдығына қалыптастыруда білімді, мәдениетті болып өсуіне әсер етуде музыка сабағының алатын орны ерекше. Жас жеткіншекті тәрбиелеуде болашақ музыка мұғалімінің кәсіби деңгейінің жоғары, шығармашылық мүмкіндіктерінің кемелді болуы уақыт талабы.

Адамның жан дүниесін түсінуге, жаксы мен жаманды айыруға, жамандықтан жиренуге, нәзік үндерді қабылдап, бойына сіңіруге икемдеп, адамгершілік қасиетін жоғары ұстауға жетелейді. Музыка сабағында қосымша пайдаланылатын үнтаспа, видео жазылымдары арқылы оқушының мәдениеттін, жан дүниесі бай, ой-парасаты жоғары жеке тұлға тәрбиелей аламыз. Музыка өнері жеке тұлғаның ішкі дүниесін қалыптастырып, рухани дамуына ықпалы мол адамгершілік тәрбиенің универсалды құралы. Тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ахуалының артуын жүзеге асырудың аса маңызды құралы – ұлттық тәрбие, қоғамның барлық саласын, соның ішінде өнер саласында мәдениет пен білімді дамытуда аса маңызды рөл атқарды.

Халықтың бай тарихын, мәдени құбылыстарының сан қилы ерекшеліктерін білмей, бүгінгі тәрбие жүйесін қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие үрдісіне қазақ халқының бай мәдени мұраларының

негіздерін енгізу барынша қажет болып отыр. Жастардың рухани дүниесіне белсенді ықпал етіп, тұлғалық және сапалық қасиеттерінің қалыптасып дамуына игі әсер етеді.

Музыка жөнінде ертеде өткен ұлы адамдар оның үнінде адамның әрекеті мен сезіміне әсер ететін құдіреті керемет күш жатқанын айтқан. Музыканың мұндай қасиетін қазақ халқы да жоғары бағалаған. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан қанатты сөздерінде бұл пікір жиі ұшырасады. Мысалы, «Тіл жеткізбегенді – үн жеткізеді», «Жақсы ән – жан азығы» т. б. Шынында да, музыка тілімен жеткізе алмайтын адамның тереңде жатқан нәзік сезімінің қылын шертеді. Атамыз Абай: «Құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй»,- десе, Л.Н.Толстой: «Жақсы музыка көңіл-күйдің, жан сезімінің шежіресі», - деген. Музыка өнері – өмірдің айнасы іспетті қоғам дамуының барлық сатысында өмірлік мәні зор тәрбиелік қызмет атқарып, бүгінгі күнге жеткен сарқылмас рухани қазынасына айналды.

Ұлттық музыканың рөлі өскелең ұрпаққа музыкалық тәрбие беруде адамгершілік тәрбиенің түп -тамыры, негізгі рухани күші. Мектептегі саз сабақтарында ұлттық музыкалық шығармаларды тыңдау, ойнап үйрену, орындау барысында оқушылардың өмір тәжірибесі байытылады, болмысты байыптау өрісі кеңейеді, ойлау дәрежесі жеделдетіледі.

Ұлтты ұлт ретінде сақтап қалатын ең басты құндылықтардың бірі – музыка. Музыка – тіл, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, барлығын өз бойына жинаған ұлттың жаны. Ұлттық музыка болашақ ұрпақтың болмысын, санасын қалыптастыратын құрал [3, 236 б.].

Бүгінгі таңда музыка мамандарының алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі – ата-бабаларымыздай музыканың құдіретін терең түсініп, оны өзінің рухани азығы етіп адам өмірін нұрландыруға ат салысатын музыкалық білімді азамат тәрбиелеу. Музыка тәрбиесі келешек ұрпаққа тек қана музыкамен шектеліп қана қоймайды, оның өскелең болашағына ұлттық болмыс, мазмұнды сипат береді. Адамның тұлға болып қалыптасуы жолында халық музыкасының әсері ұлан-ғайыр. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық музыкасы бар. Оның дамуы ұлттық мәдениетінің деңгейіне байланысты. Қазақ халқының да ғасырлар бойы қалыптасқан өзінің тәжірибесі, білімі, көркемдік пен сұлулыққа деген көзқарасы, рухани өмір байлығы болып табылатын бай тарихи өмір жолымен тығыз байланысты. Соның ішінде ауыз әдебиеті шығармаларында қазақ халқының экономикалық және қоғамдық құрылысы, тұрмыс-салты, эстетикалық өз көзқарасы бейнеленген.

Жас ұрпақтың музыкалық-эстетикалық тәрбиесінде бірден-бір негізгі құрал бола отырып, халық музыкасының педагогика ғылымында да жан-жақты зерттеуді қажет етуі заңды.

Қоғамның қайта өрлеу кезеңінде мектеп оқушыларын ата-бабаның асыл мұрасымен, ұлттық мәдениетімен, әдебиетімен, салт-дәстүрлерімен терең де мазмұнды түрде таныстыру қажеттігі туындайды. Халық музыкасын жанрларға бөліп қарастыра отырып, оларды музыкалық-эстетикалық тәрбие беруде топтастыру ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін тиімді қолдана білу, бағытында А.Райымбергенов, С. Райымбергеновалар және Ұ.Байбосынова «Мұрагер» музыка сабағының бағдарламасын жасады. Бағдарлама мақсаты мен ерекшелігі – балаға өзінің тілін, дінін,дәстүрін, өнерін, әдет ғұрыптарын біліп, қазақ халқының ауырагері сезінетін, өз елін туған жерін, ата мекенін сүйетін Елінің азаматын тәрбиелеу. Бұл бағдарламаның ерекшелігі басты темірқазығы балаларға домбыра үйрету арқылы олардыңжалпы халық өнерне деген ынтасын көтеру. М.Х.Балтабаев, Д.А.Бергенова, У.Ж.Серікболовалардың бастауыш мектепке арналған келесі бір бағдарлама да оқушылардың бойына музыка мұраларының түрлері айтыс, жыр, мақал мәтелдер, ою өрнектер, халық билері туралы түсініктерін, тереңдетіп, рухани мәдениетіміздің маңызды ажырамас бөлігі музыкалық мәдениетті қалыптастыруды мақсат еткен «Елім-ай» бағдарламасы жасалынды.

Бағдарлама «Сарыарқа», «Тұлпар», «Аққу», «Елім-ай» тақырыптары аясында өрбиді. Әр тақырып дәстүрлі көркем мәдениетіміз арқылы бала бойында ұлттық

болмысымызды қалыптастыруға негізделген. Бұл бағдарламаның ерекшелігі – музыкалық фольклормен шектелмей, халқымыздың көркем өнерін комплексті игеру көзделеді. Бастауыш мектепке арнап жазған Ш.Құлманова, М.Оразалиева, Б.Сүлейменовалардың музыка сабағының бағдарламасындағы музыкалық материалдар музыкалық фольклорымызды пайдалана отырып, балаға ұлттық тәрбие беру негізінде құрылған. Негізгі мақсаты – қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, өнерін қадірлейтін эстетикалық, музыкалық талғамы мен танымы дамыған, адамгершілік қасиеті мол, шығармашылықпен жұмыс жасай алатын тұлға тәрбиелеп шығаруға бағытталған. Ұлттық фольклорымызда ұлттық тәлім-тәрбиенің тарихи көзі жатқаны белгілі. Тек мұны оқу-тәрбие барысында шығармашылықпен қолдана білу қажет. Фольлор яғни, асыл мұраны танып, біліп санасына сіңіріп нәр алып өскен бала – еліміздің елдігіне, егемендікке еңбек етіп, өркендеуіне үлес қосар азамат болып қалыптасады. М.Х.Балтабаев қазақ музыка педагогикасының көкейтесті мәселелерін зерттеп өз еңбегінде фольклор теориясына сүйене отырып, қазақ халқының аспаптық музыкасына жеке тоқталады Б.Ғизатов еңбегінде халық аспаптық музыкасының классификациясын ұсынады.

Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесінде шешендік, өнерпаздық тәрбиеге баса назар аударды. Қытайда ата-ана мен мектеп баланы төзімділікке, іскерлікке, ептілікке тәрбиелесе, қазақтарда балаларын төзімді, епті, сезімталдыққа баулыған. Баланың тұлға болып қалыптасуы жолында халық музыкасының ықпалы зор. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық музыкасы, оның дамуы ұлттық мәдениетінің деңгейіне байланысты. Қазақ халқының да ғасырлар бойы қалыптасқан өзінің тәжірибесі, білімі, көркемдік пен сұлулыққа деген көзқарасы, рухани өмір байлығы болып табылатын бай тарихи өмір жолымен тығыз байланысты. Мұсаның, Мұхит әншінің, Жамбылдың, Кененнің, Исаның, Әсеттің, Мәдидің тағы басқа қазақ халқының ақын-композиторларының, өнер мектебінен өткен ұлы адамдар шығармаларының халық ішіне кеңінен таралуынан көреміз.

Өнер десе ішкен асын жерге қоятын халқымыз өздерінің сүйікті құралы – домбыраға үлкен мән берген. Атақты композиторлар Құрманғазы, Дәулеткерей, Қазанғап ел аралап, өз күйлерін домбырамен орындағанда, жиылған жұрт рухани азық алған. Домбыраны қастерлеп, сол арқылы өзінің шеберлігін жан-жақты көрсете білуге, ұлттық өнерімізді дамытуға қазір де мол мүмкіндік жасалған. Өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға жаңашыл қоғамымыздың алтын қазығы іспетті. Қытайда ата-ана мен мектеп баланы төзімділікке, іскерлікке, ептілікке тәрбиелесе, ал қазақтарда балаларын төзімді, епті, сезімталдыққа баулыған. Сөз өнері мен саз өнерін ерекше құрал ретінде пайдаланған. Музыканың адам тәрбиесіндегі орнына ежелден мән беріп келген. Ғұлама Әл – Фараби «Музыкалық әуендер жақсы мінез-құлық машықтарын, адамның қоғамдық мұраттарын қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Музыка мен ән адамды эстетикалық сезімдер туғызу арқылы кісінің өзін-өзі тәрбиеленуіне, бойдағы нашар қасиеттерден арылуына ықпал етеді деген мәлім». Ата-бабалардан қалған жақсы өнегенің барлығы өнермен байланысты болған. Бір адам бірнеше өнерді меңгеру арқылы оның күш-қуаты мен ақыл-ойының күші артты. Әр өнердің бөлек-бөлек энергиясы адамға құятын нұр секілді. Сол себепті кез келген қазақ музыкалық аспаптарда орындауға, меңгеруге тырысты. Өнерлі ұрпақ тәрбиеге икемді келеді, өнерсіз ұрпақты тәрбиелеу асау ат секілді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы жас ұрпаққа жан- жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап берді: Қазақстанның барлық азаматтарының білім алуға тең құқылы, әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуына, психо-физиологиялық ерекшеліктеріне қарай, білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылды. Әрбір азаматтың білім алуға құқылығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып,

құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар, яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Замана жетістіктері негізінде жас ұрпаққа сапалы білім беруді мақсат еткен көпшілік қауым, халық педагогикасының асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді әрқашан жадынан тыс қалдырған емес.

Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүюге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнге жеткізді. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
Чувство красоты природы, окружающих людей, вещей создает в ребенке особые эмоционально психические состояния, возбуждает непосредственный интерес к жизни, обостряет любознательность, развивает мышление, память, волю и другие психические процессы. Научить видеть прекрасное вокруг себя, в окружающей действительности призвана система эстетического воспитания. Система эстетического воспитания должна быть, прежде всего, единой, объединяющей все предметы, внеклассные занятия, всю общественную жизнь студента, где каждый предмет, каждый вид занятия имеет задачу в деле формирования эстетической культуры и личности студента. Но у всякой системы есть стержень, основа, на которую она опирается. Такой основой в системе эстетического воспитания мы можем считать искусство: музыку, архитектуру, скульптуру, живопись, танец, кино, театр и другие виды художественного творчества. Взрослые и дети постоянно сталкиваются с эстетическими явлениями. В сфере духовной жизни, повседневного труда, общения с искусством и природой, в быту, в межличностном общении везде прекрасное и безобразное, трагическое и комическое играют существенную роль. Красота доставляет наслаждение и удовольствие, стимулирует трудовую активность, делает приятными встречи с людьми.

Существует множество определений понятия «эстетическое воспитание», но, рассмотрев лишь некоторые из них, можно выделить основные положения, говорящие о его сущности [1, с. 115].

Во-первых, это процесс целенаправленного воздействия. Во-вторых, это формирование способности воспринимать и видеть красоту в искусстве и жизни, оценивать ее. В-третьих, задача эстетического воспитания формирование эстетических вкусов и идеалов личности. И, наконец, в-четвертых, – развитие способности к самостоятельному творчеству и созданию прекрасного. Своеобразное понимание сущности эстетического воспитания обуславливает и различные подходы к его целям. Также в эстетическом воспитании важное место занимает искусство.

Искусство – это часть эстетической культуры, здесь воспитание формирует человека всеми эстетическими значимыми предметами и явлениями. Эстетическое воспитание способствует формированию нравственности человека, расширяет его познания о мире, обществе и природе. Творческие занятия студентов способствуют развитию их мышления и воображения, воли, настойчивости, организованности, дисциплинированности. Важность искусства в эстетическом воспитании заключается в том, что в искусстве сконцентрирован творческий опыт человека, духовное богатство [2, с. 90].

На ряду с этим элементы эстетического сознания является эстетическое восприятие. Восприятие – начальный этап общения с искусством и красотой действительности. От его полноты, яркости, глубины зависят все последующие эстетические переживания, формирование художественно-эстетических идеалов и вкусов. Это требует развития у студентов способности тонкого различения формы, цвета, оценки композиции, музыкального слуха, различения тональности, оттенков звука и других особенностей эмоционально-чувственной сферы. Развитие культуры восприятия есть начало эстетического отношения к миру. Эстетические явления действительности и искусства, глубоко воспринятые людьми, способны порождать богатый эмоциональный отклик. Центральным звеном эстетического сознания является эстетический идеал, идеал-представление человека о совершенной красоте явлений материального, духовно-интеллектуального, нравственного и художественного мира. Эстетический вкус-это способность непосредственно, по впечатлению, без особого анализа чувствовать, эстетические достоинства явлений природы, общественной жизни и искусства, оно формируется у человека в течение многих лет, в период становления личности. В художественных произведениях различных видов искусства люди выражают свое эстетическое отношение к бесконечно развивающему миру общественной жизни и природы. В искусстве отражается человеческий духовный мир, его чувства, вкусы, идеалы, дает огромный материал для познания жизни. В том то и заключается основная тайна художественного творчества, что художник, подмечая основные тенденции развития жизни, воплощает их, а также полнокровные художественные образы, которые с огромной эмоциональной силой действуют на каждого человека, заставляя его постоянно размышлять о своем месте и назначении в жизни.

Искусство оказывает широкое и многостороннее воздействие на человека. Художник, создавая свое произведение, глубоко изучает жизнь, вместе с героями любит, ненавидит, борется, побеждает, гибнет, радуется и страдает. Любое произведение вызывает наше ответное чувство. Б.М. Неменский так описал свое явление: «И хотя сам по себе творческий процесс создания творческого произведения как будто уже совершился, каждый человек вслед за художником творцом погружается в него всякий раз, когда воспринимает произведение искусств. Он вновь и вновь в меру своих личных способностей становится творцом, «художником», переживая жизнь как бы «душой автора» того или иного произведения, радуясь или восхищаясь, удивляясь или испытывая гнев, досаду, отвращение» [3, с. 120].

Встреча с явлениями искусства не делает человека сразу духовно богатым или эстетически развитым, но опыт эстетического переживания помнится долго, и человеку всегда хочется вновь ощутить знакомые эмоции, испытанные от встречи с прекрасным. Существует несколько видов искусства: литература, музыка, изобразительное искусство, театр, кино, хореография, архитектура, декоративное искусство и другие. Специфика каждого вида искусства в том, что оно особо воздействует на человека своими специфическими художественными средствами и материалами: словом, звуком, движением, красками, различными природными материалами. Музыка, например, непосредственно обращена к музыкальному чувству человека. Скульптура затрагивает другие струны человеческой души, оно передает нам наглядно объемную, пластическую выразительность тела. Она

воздействует на способность нашего глаза воспринимать прекрасную форму. Каждый вид искусства и искусство вообще обращено к любой человеческой личности, а это предполагает, что любой человек может понимать все виды искусства. Педагогический смысл этого мы понимаем в том, что нельзя ограничивать воспитание и развитие ребенка лишь одним видом искусства. Только совокупность их может обеспечить нормальное эстетическое воспитание. Это, конечно, вовсе не значит, что человек должен непременно испытывать одинаковую любовь ко всем видам искусства. Музыка как интегративный предмет органически вбирает в себя изучение собственно музыкальных произведений, историю, теорию музыки, а также простейшие навыки исполнительства в области пения и игры на музыкальных инструментах. Изобразительное искусство как комплексный предмет объединяет познание самих художественных произведений, элементы искусствознания, теории изобразительной деятельности, освоение навыков практического изображения, изобразительной грамоты и творческого самовыражения.

Рассмотрим воспитательно-образовательные возможности каждого из элементов, составляющих содержание учебного предмета по искусству. Основным и главным элементом литературы как учебного предмета является, конечно, само искусство - произведения художественного слова. В процессе занятий литературой студент совершенствует и навыки чтения, учится эстетическому освоению художественных произведений, усваивает их содержание и развивает свои психические силы: воображение, мышление, речь. Развитие навыков чтения, способности эстетического восприятия, аналитического и критического мышления – решающие средства наиболее эффективного достижения воспитательной цели. «Художественная литература – органическая часть искусства как формы общественного сознания и выражения эстетического отношения человека к действительности» [4, с. 54].

Она связана со всеми видами искусства, составляет основу многих из них, дала жизнь таким искусствам, как театр и кино, ее широко использует изобразительное искусство и хореография. Процесс восприятия и постижения подлинного литературного произведения доставляет читателю эстетическое наслаждение, влияет на духовный мир личности, формирование ее потребностей, мотивов поведения, способствует развитию ее мыслительных процессов, расширяет кругозор человека, углубляет его познания.

Личность – это психическая, духовная сущность человека, выступающая в разнообразных обобщенных системах качеств:

- совокупность социально значимых свойств человека;
- система отношений к миру и с миром, к себе и с самим собой;
- осознание окружающего мира и себя в нём;
- система потребностей;
- совокупность способностей, творческих возможностей;
- совокупность реакций на внешние условия и т.д.

Все это образует содержательное обобщение «личность» [5, с. 272].

Образование – это процесс передачи накопленных поколениями знаний и культ ценностей и один из способов вхождения человека в мир науки и культуры.

Разумеется, всякая наука, как и наука о преподавании изобразительного искусства имеет свою методологию, систему терминов и свой теоретический фундамент. Тайна высокой художественности открывается не сразу, нет ясности, чему в искусстве воистину уготовлена вечная жизнь. Но в любом процессе есть своя логика, законы, свои точки отсчета и критерии ценности.

Без эстетического отношения мировоззрение не может быть подлинно цельным, способным объективно и во всей полноте охватить действительность. Как невозможно представить себе человеческое общество без истории его культурного и

художественного развития, точно так же невозможно представить культурного человека без развитых эстетических взглядов.

Система эстетического воспитания призвана научить видеть прекрасное вокруг себя и в окружающей действительности, и она должна быть, прежде всего, единой, объединяющей все средства искусства. Важнейшей частью является художественное воспитание, использующее в качестве воспитательного воздействия средства искусства, формирующие специальные способности и развивающие дарования в определенных его видах – изобразительном, музыкальном, хореографическом, театральном, декоративно – прикладном и т.д. Художественно – творческое начало в социально однородной среде становится могучим фактором эстетического воздействия на человека.

В процессе воспитания происходит приобщение индивидов к ценностям, перевод их во внутреннее духовное содержание. На этой основе формируется и развивается способность человека к эстетическому восприятию и переживанию. Воспитание красотой и через красоту формирует не только эстетико-ценностную ориентацию личности, но и развивает способность к творчеству, к созданию эстетических ценностей в сфере трудовой деятельности, в быту, в поступках и поведении, и, конечно, в искусстве.

Задачи эстетического воспитания связаны с формированием у каждого воспитуемого эстетической творческой способности. Главное состоит в том, чтобы воспитать, развить такие качества, потребности и способности личности, которые превращают индивида в активного созидателя, творца эстетических ценностей, позволяют ему не только наслаждаться красотой мира, но и преобразовывать его по законам красоты. Оптимизации процесса художественно-эстетического воспитания способствуют высшие и средние учебные заведения: вузы культуры и искусств, художественные и музыкальные училища [6, с. 368].

В современных социально-экономических условиях целью высшего образования в вузах культуры и искусств является развитие у будущих специалистов профессиональной компетентности и культуры, создание возможностей совершенствоваться в творческой деятельности. При этом особую значимость приобретает формирование духовной культуры будущих выпускников, предусматривающее непрерывное движение к высшим человеческим идеалам и ценностям. Неустойчивость духовного состояния современного общества указывает на необходимость усиления роли художественно-эстетического воспитания, так как оно предоставляет уникальные возможности для самосовершенствования личности в творческой музыкальной деятельности.

Работу по художественно-эстетическому воспитанию студентов необходимо рассматривать как одно из приоритетных направлений деятельности вузов культуры и искусств, что может привести к повышению ценности высшего художественного образования, профессионального уровня специалистов и увеличению количества выпускников, работающих по специальности.

Художественно-эстетическое воспитание может успешно осуществляться, если в его основе лежит художественное обучение. Основу художественного обучения составляют общие законы и принципы художественного воспитания, сложившиеся в различных видах искусства, традиционные методы практической художественной педагогики. Однако в настоящее время не удалось создать более или менее адекватные модели деятельности по развитию художественно-эстетического воспитания студентов, предполагающие взаимосвязь между методологиями художественного обучения и художественно-эстетическим воспитанием.

Эстетическое воспитание способствует формированию всесторонне развитой личности, нравственному и интеллектуальному самосовершенствованию личности студента. В процессе формирования эстетического отношения к действительности у студентов развивается эстетическое сознание, которое позволяет судить о степени

эстетической культуры человека и служит показателем уровня эстетического развития и воспитания студента. По своей сущности человек призван творить красоту и реализовать себя через эстетическую культуру, под эстетической культурой личности следует понимать определенный уровень потенциала, насыщенности и целенаправленности эмоционально-чувственным переживанием и духовным наслаждением, радостью человека от всех видов его жизнедеятельности [7, с. 652].

Культура человека может выражаться в слове или жесте, в математической формуле или в историческом трактате. Но главным способом выражения является трудовая деятельность, так как именно в труде открываются безгранично широкие возможности для проявления всех сущностных сил человека, а также труд является фактором возвышения и развития личности. Видеть в труде созидательное начало красоты – значит творить прекрасное и в соответствии с ним преобразовывать окружающую действительность.

Сегодня в образовательных учреждениях существует проблема организации эстетического воспитания студентов, поэтому основными задачами учебных заведений по формированию у студентов эстетического отношения к действительности будут являться:

- формирование способности у студента воспринимать, чувствовать, правильно понимать и ценить прекрасное в окружающей действительности и искусстве, формирование навыков использования средств искусства для познания жизни людей и самой природы;
- развитие глубокого понимания красоты природы, способности беречь эту красоту;
- вооружение знаниями, а также привитие умений и навыков в области видов искусств – музыки, пения, рисования, художественного слова;
- развитие творческих способностей, умений и навыков у студентов чувствовать и создавать красоту в окружающей жизни, на занятиях, дома, в быту;
- развитие понимания красоты в человеческих отношениях, желание вносить красоту в быт.

Для достижения высоко эстетически развитого студента нужно, чтобы вся система эстетического воспитания была единой и объединяла все учебные дисциплины, всю общественную жизнь студента, где каждый учебный предмет, каждый вид деятельности внес свой вклад в формирование эстетической культуры личности студента.

Эстетическое воспитание в вузе способствует активизации самосознания студентов, формированию их активной социальной позиции, основанной на гуманистических ценностях; гармонизирует эмоционально-коммуникативную сферу и снижает остроту реагирования на стрессовые ситуации, то есть оптимизирует поведение студента и расширяет его возможности для общения в совместной деятельности с коллективом.

В учебно-воспитательном процессе преподаватель должен обеспечить становление такой личности студента, которая будет сочетать в себе духовное богатство, истинные эстетические качества, нравственную чистоту и высокий интеллектуальный потенциал.

Средствами эстетического воспитания в вузе могут являться организация и проведение таких мероприятий, как:

- посещение театра;
- экскурсии в музеи;
- походы на природу;
- конкурсы фотографий, рекламных роликов;
- студенческие мероприятия;
- научно-практические конференции;
- социально значимые проекты на актуальные проблемы современности.

Воздействие этих средств на студентов будет способствовать не только расширению их умственного кругозора, а также самореализации творческих способностей и укреплению эстетической позиции.

Эстетическое воспитание играет большую роль в воспитании высокообразованного, культурного и нравственного человека, обеспечивает комплексный подход к развитию личности, и проявляется это в его отношении к людям, к труду, к искусству и к жизни в целом. Оценивая роль эстетического воспитания в развитии студентов, в целом, можно утверждать, что оно способствует формированию их творческого потенциала, оказывая разнообразное положительное влияние на развитие различных свойств, входящих в творческий комплекс личности. Таким образом, эстетическое воспитание – целенаправленное, систематическое воздействие на личность с целью ее эстетического развития, то есть формирования творчески активной личности, способной воспринимать и оценивать прекрасное в природе, труде, общественных отношениях с позиций эстетического идеала, а также испытывать потребность в эстетической деятельности.

Содержание современного художественно-педагогического образования и эстетического воспитания основывается на развитии художественно-творческих способностей личности, где художественное творчество несет в себе воспитательную функцию, формируя общественное сознание. При этом формирование эстетических вкусов, мировоззренческих позиций и развитие практических художественно-творческих умений и навыков в значительной степени зависит от личностных особенностей студента, от психолого-педагогических методов и способов воздействия на личность, мотивационных факторов развития, выраженных в саморегуляции и стремлении личности к выявлению и реализации своего творческого потенциала [8, с. 7].

Методика реализации эффективных путей, принципов, форм, средств и условий художественно-педагогического образования и эстетического воспитания студентов в процессе освоения дисциплин художественно-эстетического и отечественной культуры предусматривает следующие основные моменты:

- объяснение теоретического материала в соответствии с дидактическими принципами обучения; научности, наглядности, последовательности и системности, связи с жизнью, гуманистической направленности, доступности, учета индивидуальных особенностей личности студента и др.;
- определение и формулировка методической цели, учебно-творческих задач, условий и требований к конечному результату на определённом этапе выполнения работы;
- чередование отдыха и активности студентов в процессе художественно-творческой деятельности;
- применение форм и методов индивидуальной работы, использование современных интерактивных технологий;
- применение оптимального сочетания принципов, методов, форм, средств и условий для достижения эффективных результатов сформулированной проблемы.

Музыка обладает большой силой эмоционального воздействия на человека и именно поэтому она может играть громадную роль в воспитании духовного мира.

В содержании предмета «Музыка» введено восприятие звучащей музыки и хоровое исполнение, усвоение нотной грамоты и элементов музыковедения, овладения навыками игры на инструментах и развитие способности к музыкальной импровизации. Известный педагог Ю.Б. Алиев пишет: «Урок музыки дает осознание радости музыкального творчества, формирует чувство сопричастности к прекрасному, способность наслаждаться тем нравственно-эстетическим содержанием, которое вложено композитором или народом в произведение музыки» [1, с. 11]. Выдвигаются единые эстетические задачи музыкального образования и воспитания студентов. Все преподавание нацелено на такое воспитание, которое обеспечивает развитие духовного богатства личности студента, нравственно-

эстетический характер их деятельности, побуждений, взглядов, убеждений, а также накапливанию знаний, умений и навыков во всех видах музыкальной деятельности.

Эстетическое воспитание занимает важное место во всей системе учебно-воспитательного процесса, так как за ним стоит не только развитие эстетических качеств человека, но и всей личности в целом: ее сущностных сил, духовных потребностей, нравственных идеалов, личных и общественных представлений, мировоззрения. Все эти качества в человеке развиваются под воздействием различных факторов. Воспитательное значение имеет и природа, и труд, и окружающая нас действительность: быт, семья, межличностные отношения, - все, что может быть прекрасным. Как основной носитель прекрасного, искусство также является средством эстетического воспитания.

Литература:

1. *Алиев Ю.Б., Ардаширова Г.Т., Барышникова Л.П. Основы эстетического воспитания. – М.: Просвещение, 1986. – 240 с.*
2. *Неменский Б.М. Распахни окно. – М., 1978. – 90 с.*
3. *Неменский Б.М. Мудрость красоты. – М., 1981. – 120 с.*
4. *Древо познания. М., 2002. –54 с*
5. *Харламов И.Ф. Педагогика: учеб. пособие. – 2-е изд., стер. – Минск., 2004. – 272 с.*
6. *Куренкова Р.А. Эстетика: учеб. для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. – 368 с.*
7. *Гильберт К.Э., Кун Г. История эстетики. – СПб.: Изд-во «Алетейя», 2000. – 652 с.*
8. *Жданова С.Н. Педагогика эстетического освоения мира: Монография. – Оренбург, 2006. – 244 с.*

Коптлеуова К. С.

Студентке адамгершілік тұлға рухында эстетикалық білім берудің негізгі категориялары

Білім беру жан – жақты дамыған тұлға, жеке студенттің адамгершілік және интеллектуалдық өзін – өзі жетілдіруін қалыптастыруға ықпал етеді. Мақалада эстетикалық тәрбие жүйесі мәдениеттің озық үлгілерін тану, шығармашылық қабілет, сезім түйсіктерінің дамуы нәтижесінде қарастырылады.

Тірек сөздер: *Білім беру, өнер, қалыптастыру, музыка, эстетика, қабылдау.*

Koptleuova K.S.

The basic categories of aesthetic education in internally moral personality of student

Education contributes the formation of comprehensively developed person, moral and intellectual self – improvement of the individual student. In the process of aesthetic formation of students develop aesthetic consciousness and gives an indication of the degree of aesthetic culture of rights.

Key words: *Education, art, formation, music, aesthetics, perception.*

***

ӘОЖ 78-908

Жардемова А.Б. *– аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ*
E-mail: *zhardemova.akmaral@mail.ru*

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Аңдатпа. *Мақалада оқытуда иновациялық технологияларды музыка сабағында пайдалану арқылы шығармашылық қабілеттерді дамыту жолдары қарастырылған.*

Тірек сөздер: *Музыка сабағы, технология, инновация, оқыту, оқушы, қызығушылық, шығармашылық, қабілет.*

Қазіргі кезеңдердегі елімізде оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты білім берудің жаңа жүйесі жандана түсуде. Мемлекетіміздің болашағы - оның ұрпағы десек, мәдениетіміз, тіліміз және салт-дәстүріміздің қадір-қасиетінің артуы сол жас жеткіншектердің сана-сезімі болып табылады. Сондықтан, келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде музыка мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Білім берудің мазмұны да жаңарып, жаңа көзқарас пайда болуда.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр.

Заман алға жылжып, қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыру өмір талабына айналуда. Бүгінгі студент-ертеңгі маманға қойылып отырған таңдау, мақсат та жоғары. Бала тәрбиесі-қоғамның азаматын даярлау жолындағы абыройлы іс. Өйткені, жаңалықты ашатын да, табиғатқа қожалық етіп, музыка өнері атты ұлы мұра игілігіне ие болатын да халық және оның жас ұрпағы.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: “Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея”. Майлс “Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді.

Ғалым Н.Нұрахметов оқытудың инновациялық технологияларының түрлерін мынадай топтарға бөледі: білім мазмұнындағы инновация; оқу-тәрбие үдерісінің әдістемесі, технологиясы, түрі, әдістері және құралдарындағы инновация; оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы инновация; білім беру мекемесін басқару жүйесіндегі инновация [1, 34 б.].

Жаңашылдық – нағыз құрал, ал инновация осы құралды меңгеру үдерісі.Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да, әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені, оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Қазіргі кезеңдерде оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Музыка мұғалімінің инновациялық іс-әрекетінің көрсеткіштері:

- педагогикалық еңбектің тиімділігі;
- оқу-тәрбие үдерісіндегі мұғалім мен оқушы педагогикалық талаптары мен бағыттарының бірлігі;
- жеке тұлғаның шығармашылық қасиетінің қалыптасуы;
- мұғалім беделінің өсуі;
- оқушылардың материалды талдау, зерттей білу әдіс-тәсіліне үйренуі;
- оқу мен тәрбие үдерісінде зерттеу тәсілінің педагогикалық қызмет үлгісіндегі ашылулары.

Музыка мұғалімінің инновациялық іс-әрекетінің көрсеткіштері:

- педагогикалық еңбектің тиімділігі;
- оқу-тәрбие үдерісіндегі мұғалім мен оқушы педагогикалық талаптары мен бағыттарының бірлігі;
- жеке тұлғаның шығармашылық қасиетінің қалыптасуы;
- мұғалім беделінің өсуі;
- оқушылардың материалды талдау, зерттей білу әдіс-тәсіліне үйренуі;
- оқу мен тәрбие үдерісінде зерттеу тәсілінің педагогикалық қызмет үлгісіндегі ашылулары.

Инновациялық технологияларды ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде қолдануда оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отыра, қазіргі таңда белгілі бірнеше технологиялардың ішінен балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттеріне сай жоспарлап, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тиімді пайдалана білу қажет.

Ал, жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады:

• Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

• Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

• Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Қазіргі көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан, әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми - педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үдерісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

Музыка сабақтарында оқушы қызметін белсенді ұйымдастыру жолдарының бірі ретінде педагогикалық технологиялар түрі - деңгейлік саралау технологиясы элементін қолдануға болады. Жалпы алғанда, деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

Бұл технологияны пайдалану:

1) әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

2) музыкалық қабілеті әртүрлі балалармен саралап жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

"Оңайдан-қиынға" негізімен жеке тұлғаның даму ерекшеліктеріне қарай тапсырмаларды деңгейлеп-саралап оқыту құрылымымен қарапайым түрдегі түсіндіруден, өзіндік талдау-зерттеуге жетелей білімді игеруді күрделендіре түсу қажет. Сабақ мазмұнын ашу, түсіндірудегі әдіс-тәсілдеріне, сабақтың нәтижелігіне

музыка мұғалімі аса көңіл бөлуі тиіс. Оқушыларды әртүрлі деңгейлік тапсырмалар беру арқылы өз бетінше жұмыстануға жетелеп, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Мысалы, ғалым Ж.Қараевтың деңгейлеп, саралап оқыту әдісін пайдалану оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастырып өткізуге көмегін тигізеді. Оқушылар өздік жұмыстарын орындап, білімдерін мониторингтік жүйе арқылы өздері бағалап, диагностикалауға қол жеткізеді. Ж.Қараевтың деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы бойынша шығармашылық деңгей-оқушының таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгереді [2, 28 б.].

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, танымдық белсенділіктерін жан-жақты дамыту мақсатына көп көңіл бөлінеді. Мұндағы музыка мұғалімінің басты ұстанар міндет-мақсаты - халықтың өз бейнесін ашатын салт-дәстүр, әдет-ғұрпына тәрбиелеу, халқымыздың тарихы, әдебиеті мен мәдениетінен пәнаралыө байланыста мағлұмат беру.

Деңгейлеп оқыту оқушының белсенділігін оятады. Мысалы, 3 сыныптағы музыка сабағында I деңгей: нота дегеніміз не, нота атаулары, негізгі жеті ноталардың сызықта орналасуы деген тапсырмалар беру арқылы оқушылардың елестету, есте сақтау белсенділігін арттырып, білімдерін дамыта түсу көзделеді. Қосымша проблемалық сұрақтар беріледі: неге соль нотасы бірінші сызықта жазылмайды? До нотасынан кейін қандай нота, неге?

Осылайша қарапайым тапсырмалармен оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға болады. II деңгейде тапсырмаларды қиындата түсіп, III деңгейде өтілген материалды қорытындылау бағытында Венн диаграммасын пайдалануға болады. До немесе Соль ноталарының айырмашылығы және ортақтығы және т.с.с. Әрине, сабақта интерактивті тақтаның мүмкіншілігін пайдаланғана білген дұрыс. Бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, сабақта оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту үдерісін ұйымдастыру болып табылады.

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының мазмұны мен әдістерінің ерекшеліктері:

• Білім мазмұнын мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт көлемінде оқыту мақсаты;

• Білім Заңы талаптары мен білім тұжырымдамасына сәйкес заңдылықтарға сай оқыту;

• Жеке сыныптар мен оқу топтары бағдарламалары негізінде жүзеге асыру;

• Барлық оқушыны нақты білімге жетелеу үшін олардың мүмкіндіктеріне сай үйрету, іздендіру.

Музыка пәні – шығармашылық пән. Ең бастысы, музыка пәнінен әр құрылымдағы бағдарламаларды тиімді пайдалана отыра, ұлттық музыкалық мұраларымызды жаңа технологиялар негізімен жас ұрпақ санасына жеткізу, қызығушылықтарын арттыру болып отыр [3, 24 б.].

Музыка сабақтарындағы «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» әдісін қолдану арқылы дәстүрлі емес (шығарммашылық) сабақ үлгісінен мысал келтіре кетсек. Сабақ тақырыбын оқушылардың өздері табуы, қызығушылықтарын ояту мақсатымен музыка әуені үнтаспадан тыңдатуға болады. Оқушылар жауаптарын тыңдай отырып, үйлену тойы туралы сабақтың тақырыбы ашылады.

Мағынаны тану: яғни, той деген үлкен жиын екенін, белгілі бір мейрамдар, мерейлі туған күндер, шілдехана тойы, үйлену тойы және т.б. болып бөлінетінін қайталайды. Сабақтың мақсаты халық әуендері, халық композиторларының әндері мен (халық әні "Жиырма бес", "Сыңсу", "Жар-Жар", Ыбырайдың әні "Гакку", Мұхиттың әні "Дуние-ай" және т.б.) ұлттық опера (Е.Брусиловский "Қыз Жібек", М.Төлебаев «Біржан - Сара») әуені байланыса, интерактивті тақта, слайдтар пайдалану арқылы қазақтың салт-дәстүрі туралы түсінік беріліп және бүгінгі күндегі жалғасын табуымен байланыстырып оқушылардың білімдерін тереңдету.

Музыка тыңдатуға "Біржан-Сара" операсынан салт-дәстүр әуендерін, ән үйретуге "Жар-Жар" халық әнін алуға болады.

Ой толғаныс сәтінде балалардың өз ойларын тиянақтап, айта білулері үшін топпен жұмыс жүргізу тиімдірек.

Мысалы, I топ: Бата беру. (Босаға, кереге, биік, кең, болсын – тірек сөздерін пайдалана бата беру сөйлемін құрастыру;

II топ: Қазақтың салт-дәстүрі - эссе жазу;

III топ: Берілген бір жағдаяттан шығу жолдарын табу.

Әрине, топ атауларын, тапсырмаларды сынып оқушыларының қабілетіне қарай өзгертуге болады. Ең бастысы - ата-баларымыздан қалған өнерімізді, салт-дәстүрімізді қастерлеу, әрі қарай жалғастыру бағытында жұмыстану. Оқушылардың ойларын жинақтау үшін уақыт беру, жауаптарын балалармен бірге талдау. Оқушылардың меңгерген білімдерін тексеру, жүйелеу бағытында сыни ойлау, шешімдер табу мәселесі бойынша балалар өзара пікір алысады, сұхбат жүргізе алады, түрлі ақпараттарды табады.

Әлемдік оқу үдерісінің өзегі — жаңа технологиялар екені мәлім. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді музыка мұғалімі ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп қолданады.

Мысалы, модульдік оқыту технологиясы жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология.

Модульдік оқыту технологиясының тиімділігі: 1) қысқаша сызбалар, музыкалық терминдер арқылы түсіндірілуі; 2) оқушылардың әрбір сабақта іс-әрекетін бағалау үшін диалогтық қарым-қатынас негізінде танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру, 3) барлық тақырыптар бойынша тест, қорытынды сынақ жүргізу.

Музыка сабағында заман ағымына сай шығармашылық жұмыс барысында компьютерді қолдану оқушыға не береді?

1. Компьютер шексіз ақпарат әлемінде енуге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді. Ақпаратты алудағы жоғары жылдамдық адамның ақпараттық мәдениетінің үнемі өсуіне жағдай жасайды.

2. Компьютер адамның зерттеу – танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшелінеді.

3. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуі. Яғни, білімге ұмтылушы адам ол арқылы қатысымның барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, музыка тыңдау әрекеттері.

4. Компьютердің көмегімен әртүрлі тапсырмаларды аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды.

Мысалы, Finale бағдарламасымен өтілетін әннің нотасын жазып, әуенін тыңдату және қосылып орындауға болады.

Білім беруде оқушыны білім ақпаратымен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың бойында бағдарламалық дағдылар мен икемдерді де қалыптастырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйретуіміз керек. Тиімді әдістердің бірі - электрондық оқулықтармен жұмыс істеу. Компьютермен өткізілген әрбір сабақтан соң оқушы тест, бақылау жұмысы арқылы өз білімдерін бекітеді. Бала өз білімін өзі тексере алады, оқушы өз бетінше оқуға қызығады, білімін көтеруге ұмтылады.

Бейнебаяннан тыңдалатын музыка оқушының сезімін, ой-түйсігін дамытады. Тыңдалған музыка бойынша сұрақ қою ең тиімді жол, өйткені, оқушы сұраққа дұрыс жауап беру үшін музыканы ынтамен тыңдап, мазмұнын түсінуге тырысады. Бейнематериалдарды сабақтарда оқу материалы ретінде тиімді енгізу сабақтың сапасын арттырады.

Бұған әсер ететін жағдайлар мынандай:

-есту және көзбен байқау арқылы қабылдауда оқушының түсінігіне жан-жақты мүмкіндік беру;

-оқушының дербес қабылдау мүмкіншілігін ескеру бейнематериалды жүргізудің нәтижесінде қамтылады;

-оқушының қызығушылығын арттыру, көркемдік және эмоционалдық сипаттарды тудыру.

Бейнекөріністерді көрсетуде есте сақтауды қажет ететін негіздер:

-бейне көріністер оқушының жасына, қабылдауына қарай сұрыпталуы керек;

-бейне көріністер бағдарлама бойынша өтілетін тақырыппен мазмұндас болуы шарт.

Мысалы, 2 сыныптың III тоқсанында музыка пәнінен "Квартет" тақырыбын түсіндіруде вокалды, аспаптық квартетті түсіндірумен қатар, бейнебаянды, үнтаспаны тиімді пайдалану керек.

Жалпы алғанда, оқушылардың музыка пәніне деген қызығушылықтарын тудырып, білімін тереңдетудің үш шарты деп:

а) пәннің мазмұнын

ә) оқыту тәсілдерін

б) мұғалімнің іс-әрекетіндегі шеберлігін айтуға болады.

Музыка мұғалімінің сан қырлы жұмысы сабақтарды және сыныптан тыс шараларды қызықты өткізу және музыкалық шығармаларды шебер орындау, шығармашылық үдерістің тұтастығы, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін дамытумен тығыз байланысты.

Шығармашылық деген нені білдіреді? Өзін дамыту, пайдалану адамның интеллектуалдық ерекшелігіне және еріктік бағытта болатын әрі қарай әрекетке дамитын қабілет. Бұл қабілет жоғары деңгейде өзін дамыта, ұйымдастыра алатын тұлғаларда ақыл-ойдың дербестігі, өзіне сенімділігі, табандылық сияқты қасиеттер арқылы шығармашылықты дамытады. Денсаулық мәдениеті, еңбек қабілеті, рухани байлық қажет, сонда ғана адам өзін-өзі жеңеді, жетілдіреді, бұл жеңістің төресі.

Шығармашылық – өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік жасайтын, жеке тұлға бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктіліктің болуы.

Музыка мұғалімінің қызметін шығармашылыққа жатқызуға бола ма? Иә, әрине болады. Музыка мұғалімінің шығармашылық қызметін шығармашылық үрдістегі жалпы педагогикалық қызметінен тыс деп қарауға болмайды. Бұл сұрақтарға келесі бір жүйе арқылы жауап беруге болады:

- шығармашылықтың жалпы сұрақтары;
- мұғалімнің шығармашылығы, оқыту үдерісінің жетекшісі ретінде көрінеді;
- мұғалімнің аспапта орындаушылық шеберлігі мен зерттеу жұмысы;
- мұғалімнің оқушылармен шығармашылық қарым-қатынасы және т.б.

Оқушының дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық. Оқушылар ән айтқан кезде әрі қарай алып кететіндей орындаушылық өнері шебер болу керек.

Шығармашылық үдеріс екі жақты болып келеді: бір жағынан, осының негізінде оқушылардың шығармашылық қызметі пайда болады. Екінші жағынан, мұғалімнің орындаушылық шеберлігі педагогикалық түрлендіруге негіз болады.

Музыка мұғалімінің шығармашылығын айтқан кезде оның қызметінің басқа жағынан да қарастырған жөн. Себебі, музыка-эстетикалық тәрбиелеу жұмысы музыкалық шығармаларды үйретумен байланысты. Музыка мұғалімінің қызметі сол шығарманың мазмұнын білумен қатар, оны сезініп орындай білу керек. Музыкант-педагогтың мақсаты оқушының ой, сезім ағымдары арқылы шығармашылық қызметті дамыту. Музыка — педагогикалық шығармашылықтың, құрамды бөлігі

есебінде жеке инновациялық қызмет музыкант-педагогтың кәсіби өсуі, тұрақты өзін-өзі жетілдіруі, озық тәжірибелерді зерделеп, игеруі бойынша шығармашылықпен өзінің жауапкершілік сезімін арттырады.

Білім берудің сапалануы, бәсекелестікке лайықты болуы, педагогикалық әлемде жаңа құндылықтарды қалыптастыру, қарым-қатынастың жаңа, жетілдірілген музыкалық мәдениетін көтеріп, қоғамдағы рөлін дамуын арттырады.

Оқушыларда танымдық қызығушылықты қалыптастыру, олардың шығармашылық белсенділігінің дамуымен тығыз байланысты. Оқушылардың шығармашылық көрінісі белсенді және біртіндеп белсенділік сипат алу үшін мұғалімге қажет: оқушылардың ассоциациялық ойларын дамыту мақсатында өнердің басқа түрлерімен байланыстыру; кез-келген жағдайда әуенді түрлендіре білу; сабақта шығармашылық белсенділікті арттыру мақсатында жұмыстың алуан түрлерін қолдану арқылы қызықтыру; әртүрлі шығармашылық тапсырмалар беру; белгілі бір сабақтың басты мәселесіне сүйене отырып, түрлі шығармашылық қызметті қолдану. Мұғалімнің шығармашылық ізденісінің негізі-оқушылардың қабілетін ескере отырып, олардың шығармашылық белсенділігін арттыру болып табылады.

Музыка сабағында шығармашылық қабілетті дамытудың әдістері сан түрлі. Оны әр сабақтың тапсырма орындату бөлімдерінен байқауға болады.

Мысалы, орта буын сынып оқушыларының жұмыс түрі – жеке тапсырма, топтық тапсырмалар; жан-жақты тапсырмалар – олар өз бетінше тыңдап жүрген күндегі музыкалық шығармаларды талдап беру. Салыстыру дағдылары, талдау жасау, шешім шығару бақылау, логикалық байланыстар жасау т.б. жаңа материалдарды игеру барысында жүйелеу, оқу материалдарын пысықтау, қайталау кезінде пайда болады және жетілдіріледі.

Шығармашылық қабілетті дамыту үшін жас ерекшеліктерін ескеру қажет.

Музыка мұғалімі өзінің іс-әрекеті арқылы оқушысын шығармашылыққа жетелейді, олардың өздері жаңаша ойлауға қалыптасады, бұрын мәлім емес нәрсені өз бетінше іздеп табуымен де құнды.

Оқушы шығармашылығының тағы бір түрі - ең бір қарапайым әуенді өз еркімен әуенге салып айтуынан, берілген текстке әуен өңдеуінен музыка әуенімен мәнерлі қимылынан көрініп басталуы әбден мүмкін сол сияқты тыңдаған музыкаға баға беруінен әнді өз өңдеуі бойынша орындай білуінен де байқалады. Шығармашылықтың басталуы оқушылардың музыкаға құмарлығын тереңдетуге тиіс.

Композитор, педагог П.И. Чайковский педагог-музыкант жұмысында ең маңызды нәрсе - шығармашылық бастама деп таниды. Ол тек қана нота жазбасын және шартты белгілерін ғана оқып-үйрену емес, сонымен бірге «түсіну», «терең сезіну» және шығарманың көңіл-күйін бере білу дағдысын жоғары бағалайды [3, 28 б.].

Қазақтың халық әуендерін классикалық музыкамен ұштастыра, шығармашылықпен тақырыпты аша түсіп, оқушыларды музыка әлеміне қызықтыра білу музыка мұғалімінің өз ісінде шеберлігін талап етеді. Негізгі міндеті - ақпараттық-коммуникациялық технологияны терең меңгерген, өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, музыкалық қабілеті дамыған, жан-жақты жетілген жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Әдебиеттер:

1. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – Алматы, 2007 – 64 б.

2. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы, 2008 – 47 б.

3. Меңдаяқова М. Қарамолдаева Г. Музыка әдістемесі. – Алматы, 1983 – 78 б.

Жардемова А.Б.

Развитие творческих способностей учеников на уроках музыки с применением инновационных технологий

Аннотация: *В статье рассматривается развитие творческих способостей школьников на уроках музыки путем применения иновационных технологий.*

Ключевые слова: *Урок музыки, технология, инновация, учить, ученик, заинтересованность, творчесто, способность.*

Zhardemova A.B.

Development of creative abilities of students at music lessons with application of innovative technologies

The article is considered the development of creative abilities of students at music lessons with application of innovative technologies.

Keywords: *Music lesson, technology, innovation, study, student, interest, creativity, ability.*

***

ӘОЖ 796.350

Ерниязов О.Н. – *магистр, оқытушысы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ*
Шандозтегі А.Т. – *аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ*
E-mail: *Planeta_79@mail.ru*

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. *Мақалада дене тәрбиесінің мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы мен жеке тұлғасының қалыптасуындағы ролі көрсетілген. Мектепке дейінгі мекемелердегі дене тәрбиесі бойынша сабақтар мен ұлттық ойындарды өткізудің ерекшеліктері, формалары берілген.*

Тірек сөздер: *Мектеп жасына дейінгі балалар, дене тәрбиесі, дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары, дене тәрбиесінің теориясы, ертеңгілік гимнастика, сергіту сәті, қимыл-қозғалыс ойындары, балабақша, ұлттық ойындар, күн тәртібі.*

Балалар денсаулығын қорғау – бұл кез келген мемлекеттің мәселесі. Соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыстағы негізгі міндеттердің бірі – дене тәрбиесін дұрыс жүргізу болып табылады.

Өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесі – бұл олардың дене шынықтыру білімін, біліктілігін және дағдысын қалыптастыру, дене шынықтыру сабақтарының жүйелілігіне үйрету, денсаулықтың, ақыл-ой мен физикалық жұмысқа қабілеттіліктің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету мақсатымен санитарлық-гигиеналық біліктілік пен әдеттерін баулу, дағдыландыру.

Дене тәрбиесі – жалпы тәрбиенің құрамды бөлігі. Ол денені жетілдіруге, яғни денсаулықтың, дене дамуының және дене әзірлігінің жоғары деңгейіне жетуіне бағытталған. Ол тәрбиенің басқа түрлері – адамгершілік, эстетикалық, ақыл-ой, еңбек тәрбиелерімен байланысты [1, 198 б.]. Сондықтан да біздің елімізде дене тәрбиесі үдерісінде жалпы тәрбие мақсатынан туындайтын педагогикалық міндеттер де шешімін табады.

Дене тәрбиесі білімі – дене тәрбиесі салаларының бірі. Ол арнаулы білімді, қимыл-қозғалыс дағдылары мен іскерліктерді меңгеріп қамтиды. Дене тәрбиесі мәдениеті – жалпы мәдениеттің бір бөлігі, қоғамның адам денесін жетілдіру саласында қоғамдық – тарихи тәжірибе үдерісінде жиналған табыстарының

жиынтығы. Дене тәрбиесі мәдениеті – дене тәрбиесі теориясының барлық ұғымдарының ішіндегі ең кең ұғым. Ол жоғарыда қарастырылған ұғымдардың бәрінің мазмұнын қамтиды. Ал дене тәрбиесі теориясы – адам денесін жетілдіру үдерісін басқарудың жалпы заңдары туралы ғылым. Ол педагогикалық ғылымдар жүйесіне енеді, психологиямен және педагогикамен, спорттың жекелеген түрлерінің теориясы және әдістемелік тығыз байланыста болады.

Дене тәрбиесі теориясы спорттың жекелеген түрлерінің жалпы және өзіндік заңдылықтарын спортпен айналысатындардың әр түрлі құрамындағылармен сабақтар оқу және өткізу әдістемесін талдап жасау кезінде ескеріп отырады [2, 178 б.]. Мәселен, спорттың жекелеген түрлері бойынша жүргізілген зерттеулердің мәліметтері мектеп жасына дейінгі балалармен сабақ өткізу әдістемесін талдап жасауға көмектеседі.

Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің теориясы –қоғамның болашақ құрылысшысы – баланың дене тәрбиесінің жалпы заңдылықтары жайындағы ғылым. Балалар дене тәрбиесінің теориясы дене тәрбиесі жүйесінің жалпы идеологиялық және әдістемелік негіздерінен шығады және оның бір бөлігі болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесі тәрбиелеу үдерісінде баланың дамуын басқарудың жалпы заңдылықтарын танып білуді қажет етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің басты міндеті – өмір қорғау және денсаулық нығайту, балалардың ағзасын шынықтыру болып табылады. Балалардың жақсы денсаулығы олардың барлық мүшелері мен ағза жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуімен анықталады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің қазіргі кездегі мәселелерін одан әрі дамыту қоғамдық өмір талаптарымен байланысты.

Өмірдің шапшаң қарқыны, ғылыми – техникалық прогресс, еңбектің алуан саласындағы сан түрлі шығармашылық іс-әрекет қабылдау, еске сақтау, ойлау процестерінің белсенділігін, дәл және тез бағдарлауға және түсіп жатқан ақпарат тудыратын реакцияға деген қабілетті талап етеді.

Осыған байланысты сәби жастан бастап балалардың дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру, денсаулығын нығайту және жан-жақты дамыту, мектепке және алдағы қоғамдық өмірге дер кезінде даярлаудыжүзеге асыру маңызды болып табылады [3, 142 б.].

Дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары балалардың сан алуан іс-әрекетінің тәрбие-білім беру кешені болып табылады. Бұл іс-әрекеттің негізі баланың қимыл белсенділігінен құралады. Бұл формалардың жиынтығын балалардың толық дәрежеде денесін дамыту және денсаулығын нығайту үшін қажетті белгілі бір қимыл режимін құрайды.

Балалардың дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларына мыналар жатады:

1) дене тәрбиесі сабақтары;

2) денелік-сауықтырушаралары (ертеңгілік гимнастика, сергіту сәті, дене жаттығуларымен ұштастырылған шынықтыру шаралары);

3) балалардың дене тәрбиесі жөніндегі күнделікті жұмыс (қимыл – қозғалыс ойындары, серуендер, жекелеген балалармен және шағын топтармен дербес жұмыс істеу, дене жаттығуларының сан алуан түрлері мен өз беттерінш еайналысу, мейрамдар). Бұл формалардың барлығы бәрі дене тәрбиесінің жалпы міндеттеріне және баланың жан-жақты дамуына жауап бере отырып, өзара байланысты болады: олардың әрбірінің өзіндік арнаулы міндеттері бар, олар мектепке дейінгі мекеменің күн тәртібіндегі міндеттің орнын анықтайды.

Балабақшаның түрлі топтарындағы дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларының арақатынасы балалардың жасын және жеке басты типологиялық ерекшелігін олардың дене дайындығы дәрежесін, сондай-ақ белгілі бір топтың және бүкіл мекеменің нақты жағдайын ескере отырып, тәрбие-білім беру міндетімен анықталады.

Мектепке дейінгі мекемедегі сәби жасындағы топтың балаларымен жұмыс істеудің негізгі формасы дене жаттықтыруларымен жеке айналысу болып табылады (қимыл-қозғалыс ойындары, гимнастика, массаж).

Ертеңгілік гимнастика және дене тәрбиесі сабақтары кішкентайлардың бірінші кішкентайлар тобынан бастап барлық топтарда жүргізіледі. Бірақ әрбір топта олар қозғалыс материалы мен сабақ өткізу әдістемесін іріктеу жөнінен өзіндік ерекшелікке ие болады.

Балабақшаның ересектер тобында маңызы басым сергіту сәттері жақсы тыныңу және балалардың жұмыс қабілетін қалпына келтіру сәті ретінде сабаққа және екі сабақтың аралығына енгізіледі.

Шынықтыратын іс-шаралар барлық топтарда пайдаланылады. Алайда бөлме ішіндегі, даладағы қимыл – қозғалыс кезіндегі бірте–бірте температурасы төмендейтін таза ауа ваннасы көбінесе ересектер тобында қолданылады.

Балаларды таза ауадағы қимыл–қозғалыс ойындары және өз бетінше сан алуан қимыл жасау әрекеті барлық жастағы топтарда балалардың күнделікті өмірінің міндетті түрде мазмұны болып табылады.

Дене тәрбиесі сабақтары – балаларға дене тәрбиесі жаттығуларын жүйелі түрде үйретудің негізгі формасы. Сабақтың арнаулы міндеті барлық жастағы топтардың балаларына дұрыс қимыл-қозғалыс үйрету мен дене қасиетін тәрбиелеу болып табылады.

Сабақтың маңыздылығы өзара байланысты сауықтыру, білім беру, тәрбиелеу міндеттерін жүйелі түрде жүзеге асыруда болып табылады. Олардың орындалуы баланың дене күшінің дамуын, денсаулығының нығаюын, олардың дұрыс қимыл-қозғалыс дағдыларын игеруін, дене тәрбиесі мен спортқа эмоционалды-жағымды қатынасын қалыптастыруды, оның жеке басын жан-жақты дамытуды қамтамасыз етеді.

Сауықтыру міндеттерін жүзеге асыру тиімді гигиеналық жағдайда ағзадағы бүкіл физиологиялық процестердің артуына, оның өмір іс-әрекетін күшейтуге көмектесетін сабақтарда балалардың жан-жақты қимыл әрекеттері жолымен қамтамасыз етіледі.

Тәрбие-білім беру міндеті сабақ үдерісінде баланың жеке басының моральдық ерік-жігер белгілерін қалыптастыру, дене тәрбиесі мен спорт саласын кейбір қарапайым білім мен терминдерді хабарлау, дұрыс қимыл-қозғалыс дағдыларын және дене қасиетін тәрбиелеу жолымен шешіледі. Мұның бәрі баланың танымын, ерік және эмоционалдық күшін, оның ақыл-ой қабілетін, адамгершілік қасиеті мен шығармашылық белсенділігін кешенді дамытуға бағытталған. Сабақ қоршаған ортаға жақсы бейімделгіш, алға қойылған тапсырмаға сай нысаналы, тез әрі сенімді түрде әрекет ете алатын тәртіпті адамдарды тәрбиелеуге көмектесуі тиіс.

Ертеңгілік гимнастика– баланың отбасындағы, балабақшадағы күн тәртібінің міндетті бөлігі. Оны ересек адамның басшылығымен жүйелі түрде жүргізу балалардың бойында жанға жағымды бұлшық ет сезімдерімен, жағымды эмоциялармен байланысты шат көңіл туғызатын дене жаттығуларын жасауға үйреншікті әдетті қалыптастырады.

Ертеңгілік гимнастиканың маңызы сан алуан: ол ағзаның тіршілік әрекетін арттырады, ұйқыдан кейін жүйке жүйесін сергітеді, ұйқыдан ширақтыққа ауысу уақытын қысқартады. Ертеңгілік гимнастика тұлғаны дұрыс қалыптастыруға әсер ете отырып, тыныс алуды тереңдетеді, қан айналысын күшейтеді, зат алмасуға көмектеседі.

Ертеңгілік гимнастика балалардың зеректігін, мақсатқа жетуге ұмтылысын қалыптастырады, ақыл-ой қызметін арттыруға көмектеседі, эмоция мен қуанышты сезім туғызады. Балалардың дене жаттығуларын таза ауада немесе фрамугалары, терезелері ашық таза бөлмеде су іс-шараларымен ұштастыра орындауы барынша жақсы сауықтыру тиімділігіне жеткізеді [4, 154 б.].

Сергіту сәті (қысқа мерзімді дене жатттығулары) – естиярлар, ересектер және даярлық топтарында сабақтар арасындағы үзілісте, сондай-ақ нақ сабақ үдерісінде (сурет салу, жапсыру, ана тілі т.б.) өткізіледі.

Сергіту сәтінің маңызы шаршағанды ұмыттыратын, психиканың эмоциялық-жағымды жай-күйін қалпына келтіретін қимыл белсенділігі жолымен баланың іс-әрекет сипаты және дене қалпының өзгеруінде болып табылады.

Сергіту сәті зейінді, бүкіл ағзаның әрекет ету жағдайын қалпына келтіруге бағытталған.

Дене жаттығуларымен ұштастырылған іс-шаралар неғұрлым тиімді болса, соғұрлым бұлшық еттердің ширақ жұмыс істеуі, жылжу, ретеу үдерісін жетілдіруге және сол арқылы ағзаның қоршаған сырттқы ортаға бейімделуіне көмектеседі.

Шынықтыру үдерісінде ағзаның терең өзгеруі іске асады. Ал егер бала ширақ болса, ол өзгеріс табиғи әрі қарапайым жүзеге асады. Балалар үшін қызықты дене жаттығуларымен және ойындармен ұштастырылған шынықтыру шаралары эмоциялық өрлеуді туғызады, жоғары жүйке орталықтарының қызметін жақсартады, ішкі мүшелердің жұмысы мен зат алмасуды реттейтін вегетативтік жүйке жүйесіне жақсы ықпал жасайды.

Күнделікті өмірде балалардың дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру баланың денсаулық жағдайы және күні бойғы оның психикасы үшін қажетті режимін орындауды қамтамасыз етеді. Балалардың дене тәрбиесі бағдарламасының сауықтыру және тәрбиелі білім беру міндеттері әр түрлі формада жүзеге асырылады: қимыл-қозғалыс ойындары, серуендеу, жекелеген балалармен және шағын топтармен жеке жұмыс істеу, дене тәрбиесі жаттығуларының және дене тәрбиесі мерекесінің сан алуан түрлерімен балалардың өз беттерінше айналысуы.

Қимыл-қозғалыс ойындарын мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі қимыл әрекеті ретінде тәрбиеші әрбір жастағы топтардың күн кестесіне сәйкес күннің әр түрлі уақытына жоспарлайды.

Қимыл-қозғалыс ойындары балалардың жан-жақты дамуына жағдайды, ағзаны сауықтыруға көмектеседі, балалардың өмірін жаңа мазмұнмен байытады, олардың сезімін, мінез-құлқын, қоршаған ортада бағдар ұстауын, дербестігі мен шығармашылық инициативасын қалыптастыру.

Балалар мекемелерінен тысқары жерге жаяу серуендеу және экскурсия жасау балалар туризмінің ең қарапайым түрі болып табылады. Олар балалардың денсаулығын күшейтуге, дене күшін дамытуға эстетикалық қалыптастыруға, табиғатпен қатынаста болуға, қимыл дағдылары мен дене қасиетін жетілдіруге көмектеседі.

Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру ең басты міндетіміз. Дене тәрбиесі балалардың ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және белсенді болуларына мүмкіндік тудырады.

Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын–сауықтар) өткізген дұрыс. Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылады. Ол әрбір жас топтарында аптасына 2 рет өткізіледі. Дене шынықтыруды өткізген кезде балалардың құлап жарақат алмауын көп қадағалауымыз керек [5, 151 б.].

Топта тәрбиеші жай қимылдайтын, әлжуаз балалармен үнемі жеке жұмыстар жүргізіп отырады. Балаларды сәби кезінен бастап қабылдап, үнемі сол балалармен жұмыс жасайтын болсақ, барлық баланың даму ерекшелігін, мінез-құлықтарының

барлығын, не нәрсеге бейімділігін өте жақсы білуімізге болады. Дене шынықтыру кезінде бала дұрыс қозғалыста болуы үшін жыл мезгілдеріне сай киіндіруге, демалыс күндерінде де үйде жаттығулар жасауды әдетке айналдыруды, ашық есік күні, мерекелік ертеңгіліктерге, түрлі спорттық ойындарға ата-аналардың белсене қатысып, қызығушылық танытуын ынтымақтаса жүргізген жұмыстарымыздың нәтижесі. Топтарда «Әкем, шешем, мен» спорттық сайыс өткізіліп, ата-аналармен бірге ойындар ойнап, жаттығулар жасаса, балалардың бір жасап қалары анық. Мектепке дейінгі мекеме ауласы, бөлме тазалығы безендірілуі, балаларға ыңғайлылығы, әдемілігі, эстетикалық талғамдылығы жоғары болуы шарт. Неғұрлым ерте жатып, уақытымен таңертеңгілік тамағын ішіп, серуенге шығып ойнаған, жылы сөз, мақтау естіген, спортпен шұғылданған, шыныққан бала әрқашан да ауруға төтеп беретін, жігерлі, ақылды болып өседі. Бала денсаулығы жақсы, шыныққан, көңіл – күйінің жоғары, ынталы болуы үлкендерге, яғни ата-ана, тәрбиешіге, қоршаған ортаға байланысты.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, тәрбиелейтін негізі іс-әрекет - ойын. Ойын арқылы балалар ұйымшылдыққа үйренеді. Қазақ халқы балалардың дені сау болып қалыптасуына көп көңіл бөле білген. Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы ғылыми тұрғыдан ғалымдар көп ізденген. Мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулу әдістері педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттеген этнограф, педагог-ғалым Әбубәкір Диваев өзінің «Қазақ балаларын қалай жұбатады», - деген мақаласында қазақтың бауырмалдылығын сипаттай келіп, «бала бас бармағын көтеріп, оған пайғамбарымыз не дейді деп, көк аспанға қарап, құдай тәңірінен рұқсат сұраған» - десе, «Бес саусақ» ойынымен саусақ атауларын алға тартады [6, 123 б.]. Саусақ пен қимыл-қозғалыс жасау әрекеті негізінде баланы тәрбиелей шынықтырудың үлкен даналық философиялық мағынасы жатқандығын сөз етеді.

Қазақтың белгілі ғалым-ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудің тәрбиелік мәнін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдаған. Ұлтымызды ұлықтайтын тұрмыс-салтының өзі - дене тәрбиесіне негізделген. Бесікке салудан бастап, баланы шомылдыру, маймен сылау, тұсау кесу рәсімі, атқа мінгізу, ұлттық ойындарға араластыру - баланы жастайынан шынықтыру, моральдық-рухани нығайту, темірдей тәртіпке үйрету, ерік-жігерді дамытуға тәрбиелейді. Ата-бабамыздан қаймағы бұзылмай жеткен ұлттық ойындарды дене тәрбиесіне енгізу баланың күш-жігерінің дамуына септігін тигізеді. Сондай-ақ дене құрылысы икемделеді, сымбатты, қырағы, алғыр, өмірдің барлық қиыншылығына төзімді азамат болып қалыптасады. «Денсаулық - зор байлық» - дейді дана халқымыз. Өзін іргелі ел санаған халық әдеп-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін қадірлей біліп, жас ұрпақтың бойына дарыту қажет. Ел арасында көп тараған ойын түрлерін баланың жас ерекшелігіне сай саралап, рухани талап-тілектеріне сәйкес бағыттауымыз керек. Ең басты міндет - ұлттық ойынның өзіндік құндылығын жоғалтпай, ойынды мазмұнды ұйымдастыруға жағдай жасау, тәрбиеге де, ой-санаға да лайықты етіп пайдалана білу. Ұлттық ойынның тәрбиелік мәні - бала өз халқының ұлттық мәдениетімен танысып, заттардың пішінін, көлемін, қасиеттерін байқауға, қоршаған ортаға еркін араласуына көмектесетіндігінде. Өмір туралы қарапайым түсініктер алады, жылдамдық, мергендік сияқты қасиеттері артады.

Баланың күні бойы ойнауға шамасы бар. Ойын - оның шынайы тіршілігі. Көзіне көрінген, қолына түскен нәрсенің бәрімен ойнайды. Бірақ, ойын іс-әрекетінде де олардың жыныстық және жастық ерекшеліктерін ескерген жөн. Мысалы, үш

жасар бала көбіне жалғыз ойнайды. Көппен бірге ойнауды ол әлі көтере алмайды, мазасыздана бастайды.

Ұлттық ойындарды мектеп жасына дейінгі дене тәрбиесіне енгізуде үш бағытта ұстанғанымыз жөн:

1. Ағартушылық - ұлттық тәрбиеге насихаттау, үйрету.

2. Тәрбиелік - имандылыққа, әдептілікке баулу.

3. Бақылау- дене тәрбиесінде ұлттық ойындардың қажеттілігіне әсер ету, қолдау көрсету.

Балабақшада ұлттық ойындардың қолдану жүйелері:

1. Таңертеңгілік-гигиеналық жаттығуда;

2. Сергіту сәттерінде;

3. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде;

4. Таза ауаға серуенге шыққанда.

Ұлттық ойындарды табиғат аясына серуенге шыққанда, тәрбие жұмысына мүмкіншілікке қарай ұйымдастырса, балалар сол ойындар арқылы жақсы тәрбиені, өмірге қажетті қимылдарды тез үйреніп, ақыл-ой парасаты дамиды.

Дене тәрбиесі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің міндеті - қимылдың белгілі бір кешенін жасап үйрену болып табылады. Мақсаты - баланы өнегелікке, сымбаттылыққа, күштілікке, төзімділікке тәрбиелеу. Ойынды тиімді пайдалану - ұйымдастырылған іс-әрекеттің әсерлігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсінуіне орай, қарапайым болуы керек. Ойынның ережеге сәйкес орындалуына - тәрбиешілердің ойынның мазмұнын дұрыс түсіндірмеуінен болады. Мұндай жағдайда балалар оған қызықпайды, зейін қойып тыңдамайды. Ойын барысында көрнекілікті алдын-ала дайындауы тиіс. Мысалы, «Аңшы мен ит және қояндар», 5-6 жастағылар үшін «Торғай мен мысық» ойындары барысында алғашқы күннен бастап өзін-өзі тежеуге үйрету керек. Барлық баланың қабылдау қабілеті бірлей емес екендігі, яғни белсенділер мен әлжуаз балалар арасындағы тепе-теңдікті сақтау оларды әр түрлі орынға тарту арқылы шыңдау, ұмтылдыру, бірнеше рет бір ойынды ойнату барысында баланың физиологиялық өзгерісімен қатар психологиялық тұрғыдан сенімділігі артады.

Ұлттық ойыннан ой-танымы жаттығуларын, тапқырлыққа, ептілікке машықтану көріністерін байқаймыз. Атап айтқанда: ұлттық ойындардың ішінде ер балалардың денесін шыныктырып, икемділігін, сергектігін, күш-қабілетін толықтырып, машықтандырытын да, ой тапқырлығы мен шешендігін жетілдіретін, ой сергітетін, білімін байытып, тапқырлығын танытатын түрлері бар. Ер балаларға арналған «Ат жарыс», «Қап киіп жарысу» баланың күшін дамытып, жігерін, денесін ширатып, бұлшық еттерін нығайтып, төзімділікке, батылдыққа баулиды. Өз бойындағы күшін, әдіс-айласын түгел пайдаланатын «Қазақ күресін» алайық. Күрестің «Білектесу», «Аударыспақ» сынды көптеген түрлері бар. Ойын барысында бала мінез-құлық ережелері мен нормаларын, өмірге көзқарасын, өзара қарым-қатынасын шығармашылықпен игереді.

Қазақтың ұлттық ойындарының өзіндік ерекшелігі қыз балаларға арналған ойындардың болуы. Қыз баланың биязы болуы, дене икемділігі мен нәзіктігіне тәрбиелейтін ойындарды жас ерекшеліктеріне қарай пайдаланған. Қыздардың «Қуыршақ» ойынында қуыршаққа киім дайындау, отбасындағы ата-ана рөлдерін сомдау, кейіптендіру олардың психологиясына саналылық өзгерістер тудырады. Мазмұнды ойындар арқылы өз әрекетін өзгелермен үйлестіруге, түсінуге талпынса, өзінің ақыл-есін түгел сол ойынның мақсатына жетуге жұмсайды, шындыққа сенеді, тапқырлық пен табандылыққа ұмтылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет барысында «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» сияқты ұлттық ойындарды жаңа материалдарды бекіту немесе қайталау кезінде қолдануға болады. Тәрбиеші ұйымдастырылған оқу іс-әрекетті ұлттық ойынмен сабақтастырып түсіндірсе, баланың пән тақырыптарын тез, жылдам

меңгеруіне ықпал етеді. Мысалы: «Даусынан таны» ұлттық ойыны барысында балалар шеңбер болып отырады. Санамақ санау арқылы бір бала жүргізуші болып, көзін орамалмен байлайды. Ортаға шыққан жүргізуші атын атаған баланың даусынан тануы тиіс. Таба алмаса, айыбына тақпақ немесе ән айтуы керек. «Шалма тастау» ойынына қатысушылар алаңға топталады. Мәре сызылып, он метр жерге қазық немесе үшкір ағаш қағылады. Ұзындығы сол жерге жететін арқанның бір ұшы ілмекпен, шалма тастайды. Қыз балаларға арналған «Үй тұсынан ақ қоянды ояту» ұлттық ойынында бір ырғақта әрекет жасап, ән айтуға, тіл байлығын молайтуға, моральдық, эстетикалық тәрбие беруге тигізер септігі мол. Ойынды қызықты өткізу үшін – ойынның шартын бұзбау, достарын ренжітпеу, жеңілсе ашуланбау, бастаушының айтқандарын орындау керек.

Пайдаланылған ойындарды қорытындылағанда баланың өздеріне талдау жасату қажет. Балалардың не себептен немесе қандай мүмкіндікпен жеңіске жеткендіктерінде көздерін жеткізу арқылы балалар ойын ережесін жете түсінетін болады.

Әдебиеттер:

1. *Қалиев С., Аюбай Қ. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы, 1996. – 281 б.*
2. *Ильин Е.П. Психология физического воспитания. – М., 1991. – 312 с.*
3. *Джамгарова Т.Т. Психология физического воспитания и спорта. – М., 1989. – 243 с.*
4. *Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 9 том. – Алматы, 2007. – 452 б.*
5. *Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, 2003. – 387 б.*
6. *Сағындықов Е.Н. Ұлттық ойындарды тәрбие жұмысында қолдану. – Алматы, 1992. – 283 б.*

Ерниязов О.Н., Шандозтегі А.Т.

Организация физического воспитания и роль национальных игр в дошкольных учреждениях

В статье описана роль физического воспитания в развитии и формировании личности детей дошкольного возраста. Также дается информация об особенностях и формах проведения занятия по физическому воспитанию и казахских национальных игр в дошкольных учреждениях.

Ключевые слова: *Дети дошкольного возраста, физическое воспитание, формы организации физического воспитания, теория физического воспитания, утренняя гимнастика, физкультминута, двигательные игры, детский сад, национальные игры, режим дня.*

Erniazov O.N., Shandoztegi A.T.

Organization of physical education and the role of national games in preschool

The article describes the role of physical education in the development and formation of personality preschool children. Also it provides information about the features and forms of the physical education classes and Kazakh national games in preschool.

Keywords: *preschool children, physical education, forms of organization of physical education, physical education theory, morning gymnastics, fizkultminuta, motor games, kindergarten, national games, the day mode.*

***

УДК 37.03

Курмашева Д.Н. *– магистр, преподаватель,*
ЗКГУ им. М.Утемисова

ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ САМОСТОЯТЕЛЬНОГО МЫШЛЕНИЯ У СТУДЕНТОВ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ

Аннотация. *В этой статье излагаются вопросы развития самостоятельного мышления у студентов вузов. Рассматривается анализ существующих форм и методов развития самостоятельного мышления. Направленная организация занятий поможет сформировать у студентов навыки самостоятельного мышления. Описывается методика проведения занятий на примере языка программирования С.*

Ключевые слова: *Самостоятельное мышление, программирование в вузе, будущий учитель информатики, самостоятельная работа, НИТ, формы и методы организации занятий.*

Современную систему высшего образования следует рассматривать как важнейший институт социализации личности, в которой обучение и воспитание представляет собой единый процесс, направленный на подготовку высокообразованных, широко эрудированных, культурных, творчески мыслящих специалистов.

Общеизвестно, что в памяти обучающихся закрепляется от 10 до 20 % того, что он слышит, 50 % того, что он видит, и 90 % того, что он делает. Поэтому необходимо, как говорил К. Д. Ушинский, «дать человеку деятельность, которая бы наполнила его душу и могла бы наполнять его вечно, — вот истинная цель воспитания, цель живая, потому что цель эта — сама жизнь».

В условиях современной системы образования проблема развития самостоятельности мышления приобретает особую актуальность. Именно самостоятельность мышления, как форма субъективной активности, как личностное качество обучаемых наиболее ярко обнаруживается в условиях выбора, разрешении противоречий, преодолении возникающих затруднений при выполнении учебной деятельности.

Основная задача высшего образования заключается в формировании творческой личности специалиста, способного к саморазвитию, самообразованию, инновационной деятельности. Решение этой задачи вряд ли возможно только путем передачи знаний в готовом виде от преподавателя к студенту. Необходимо перевести студента из пассивного потребителя знаний в активного их творца, умеющего сформулировать проблему, проанализировать пути ее решения, найти оптимальный результат и доказать его правильность.

Актуальность проблемы овладения студентами методами самостоятельной познавательной деятельности также обусловлена тем, что в период обучения в вузе закладываются основы профессионализма, формируются умения самостоятельной профессиональной деятельности. В этой связи особенно важно, чтобы студенты, овладевая знаниями и способами их освоения, осознавали, что самостоятельная работа способствует активизации познавательной деятельности и становится подлинным достоянием личности. Значительное увеличение доли самостоятельной работы при сокращении аудиторных занятий приводит к тому, что повысить качество образовательного процесса можно только за счет оптимизации методов обучения и внедрения в него новых технологий обучения. Одним из путей такой оптимизации может стать формирование учебных умений студентов в их внеаудиторной самостоятельной работе. Такой подход мог бы, с одной стороны, сделать более эффективной саму самостоятельную работу и, следовательно, учебную деятельность в целом, с другой, – сформировать у студентов навыки самостоятельного мышления, которые потребуются им в дальнейшем непрерывном образовании.

Процесс формирования у студентов опыта мышления заключается в целенаправленном взаимодействии, сотворчестве педагога и учащихся в адекватных специально организованных условиях с применением необходимых механизмов, форм и методов организации занятий [1, с. 35].

Формы и методы организации занятий используются в комплексе и зависят от задач конкретного этапа формирования. Можно выделить следующие группы методов, направленных на формирование опыта профессионально-творческого мышления:

а) Структурно-логические (задачные) методы. Они характеризуются поэтапной организацией постановки дидактических задач, выбора способов их решения, диагностики и оценки полученных результатов (от простого – к сложному, от теории – к практике)

б) Тренинговые методы. Они представляют собой систему деятельности по отработке определенных алгоритмов учебно-познавательных действий и способов решения типовых задач в ходе обучения (тесты и практические задания, в содержание которых на нормативном этапе следует добавлять элементы творчества).

в) Игровые методы. Данная группа методов характеризуется игровой формой взаимодействия субъектов образовательного процесса; образовательные задачи включены в содержание игры (деловые игры, профессиональные бои, дискуссии).

Поскольку мышление является самым активным и сложным познавательным процессом, опосредованным речью, его развитию у учащихся необходимо уделять особое внимание. В связи с этим в психолого-педагогических отраслях знания возникло понятие «активизация обучения». Под активизацией учебной деятельности понимается целеустремленная деятельность педагога, направленная на разработку и использование таких форм, содержания, приемов и средств обучения, которые способствуют повышению интереса, самостоятельности учащихся в усвоении знаний, формировании умений, навыков в их практическом применении, а также формировании способностей прогнозировать учебные и жизненные ситуации и принимать самостоятельные решения. Одним из самых доступных и проверенных практикой путей повышения эффективности занятии, активизации учащихся на занятии является соответствующая организация самостоятельной учебной работы.

Рассматривая формы и содержание самостоятельной работы обучающихся, преподаватель во главу угла должен поставить цели этого вида деятельности. Организация самостоятельной работы обучающихся предполагает различные цели, среди которых:

- систематизация и закрепление полученных знаний и умений;
- углубление и расширение теоретических знаний;
- формирование самостоятельного мышления, способности к саморазвитию, самосовершенствованию, самореализации;
- развитие познавательных способностей и активности студентов: творческой инициативы, самостоятельности и организованности;
- формирование умений использовать нормативную, правовую, справочную документацию, специальную литературу;
- развитие исследовательских навыков;
- мотивирование регулярной целенаправленной работы по освоению специальности;
- формирование общих компетенций;
- формирование профессиональных компетенций.

Психологами был выделен ряд условий, стимулирующих и способствующих развитию творческого мышления:

- ситуации незавершенности или открытости, в отличие от жестко заданных и строго контролируемых;
- создание, разработка приемов и стратегий, предметов и инструментов для последующей деятельности;
- стимулирование ответственности и независимости;
- акцент на самостоятельных разработках, наблюдениях, чувствах, обобщениях.

Задаче формирования опыта творческого мышления студентов возможно подчинить все организационные формы обучения. Лекции, практические и семинарские занятия, самостоятельная работа учащихся во внеаудиторное время должны строиться по принципу проблемности.

Проблемная лекция пробуждает у студентов интерес к изучаемым вопросам, стимулирует активность и самостоятельность в поиске дополнительной информации, моделирует противоречия реальной профессиональной деятельности; знания слушателями приобретаются как бы самостоятельно в процессе разрешения проблемы.

Разновидностями проблемной лекции являются: лекция – пресс конференция, лекция – провокация, лекция – диалог.

Практические и семинарские занятия проблемного характера могут проводиться:

- в форме дискуссий по отдельным вопросам темы,
- «профессиональных боев», что требует изучения дополнительного материала;
- в форме защиты рефератов, что активизирует внимание всех студентов и способствует развитию доказательности мышления;
- как решение конкретных профессиональных ситуационных задач (научных проблем), в ходе которого развиваются умения формулировать и разрешать проблемы, применять на практике теоретические знания;
- в форме деловых игр.

Деловые игры являются своеобразным активным методом подготовки кадров, так как эта подготовка включает в себя в определенной форме исследование, тренинг и обучение. При этом осуществляется воздействие на потребностно-мотивационную сферу личности учащихся, развиваются рефлексивные способности, формируется целостное профессиональное сознание, повышается уровень уверенности в себе.

Для успешного профессионального становления личности, педагогам необходимо помнить о том, что одна из главных ролей в данном процессе принадлежит творческому потенциалу, который необходимо не только развивать, но поощрять и поддерживать у студентов в процессе обучения в вузе.

Все описанные условия и методы развития творческого мышления студентов возможны лишь при соответствующем отношении педагогов к данной проблеме, т. к. процесс подготовки к творческим занятиям гораздо сложнее и отнимает больше времени. Поэтому необходимо осознать, что те профессионалы, которых мы выпустим из университета сегодня, будут определять вектор развития нашей страны в недалеком будущем, а то, насколько эффективно и быстро они будут решать возникающие, пока еще неизвестные профессиональные вопросы и проблемы, зависит от качества полученного образования и уровня развития их творческого мышления.

Проблеме подготовки педагогов профессионального обучения, способного в процессе профильной подготовки достаточно хорошо ориентироваться в потоке информации, уметь грамотно ее использовать и обрабатывать с помощью вычислительной техники и программных средств уделяется большое внимание в психолого-педагогической литературе.

В процессе подготовки будущего учителя информатики должно учитываться современное состояние данной науки. Обучение информатике, как интенсивно развивающейся отрасли (свойство динамичности), требует постоянной корректировки учебных планов и программ. Большое разнообразие систем и языков программирования осложняет их изучение. Важным становится отбор преподавателем программных сред для изучения. Требуется особая точность выбора постоянно изменяющегося как прикладного программного обеспечения, так и языков программирования.

Изучение всего многообразия систем и языков программирования в рамках программы педагогического вуза не предоставляется возможным. Поэтому необходимо наряду с изучением конкретных систем дать обучаемым инструмент, реализующий общие принципы данного подхода. Таким инструментом может стать языки программирования.

В работе [2] С.А. Жданов, В.Л. Матросов указывают на необходимость пересмотра содержания информационной общеобразовательной и профессиональной подготовки студентов в связи с современными тенденциями развития информатики, отражающими переход к новым языкам программирования и изучение на ее основе информационных и коммуникационных технологий.

У языков программирования высокого уровня, не имеющих структур, поддерживающих принципы объектно-ориентированного подхода, появляются языковые расширения, которые реализуют возможности объектно-ориентированной методологии.

Наиболее популярные системы управления базами данных переходят на объектно-ориентированные основы. Наряду с объектно-ориентированными системами управлениями базами данных, появляются объектно-ориентированные модели данных и их реализация. Разработан и используется во многих системах объектно-ориентированный интерфейс пользователя.

Объектный подход реализован в электронных таблицах, где любые преобразуемые части рассматриваются как самостоятельные объекты. Наиболее популярные электронные таблицы поддерживают технологию -связь и внедрение OLE (Object Linking and Embedding), которая позволяет эффективно использовать ресурсы компьютера, сочетая различные прикладные программы-компоненты, разработанные независимыми поставщиками программного обеспечения.

При объектно-ориентированном администрировании предполагается, что новый подход позволит осуществить интеграцию приложений с помощью программ-брокеров объектных запросов.

В настоящее время традиционные подходы в области преподавания информатики и программирования в вузе не способны отследить быстроменяющуюся действительность в области информационных технологий, связанную с бурным развитием вычислительной техники, операционных систем, парадигм программирования, организацией, анализом, представлением информации и обеспечением доступа к ней, в том числе и в сетях. Возникает необходимость практического обучения современным программным средствам и технологиям их разработки.

Таким образом, из вышеизложенного, можно сделать вывод, что объектно-ориентированный подход устойчиво занимает лидирующие позиции и является, в то же время, наиболее перспективным для создания программного обеспечения.

Однако эта новая методология на современном этапе недостаточно отражена в системе подготовки будущих педагогов профессионального обучения, что сужает рамки мировоззренческой базы изучаемых профильных курсов и наносит ущерб профессиональной подготовке студентов.

В типовом учебном плане для специальности 5В011100-Информатика, в разделе предметной подготовки приводится перечень следующих дисциплин: Программирование на алгоритмических языках (Паскаль), Алгоритмы и структуры данных, Языки программирования Delphi, Теория информации, Основы программирования на языке С, Основы искусственного интеллект, Язык программирования С/С++, Основы информационной.

Проанализировав существующие учебные программы и учебные пособия по информатике, учитывая роль курса "Язык программирования С/С++" в подготовке будущего учителя информатики, определим роль курса программирования на основе новых языков следующим образом:

– курс дает знания, являющиеся базой для понимания возможностей и ограничений использования персональных компьютеров и программного обеспечения в жизни общества;

– изучение курса предполагает получение фундаментальных знаний в области информатики;

– введение новых языков позволяет адаптировать полученные знания к быстро меняющейся обстановке в сфере новых информационных технологий, что позволяет,

в свою очередь, на новом качественном уровне использовать НИТ в учебном процессе, для организационных и управленческих целей, то есть представляет возможность реализовать модель подготовки учителя информатики.

Необходимо отметить, что курс " Язык программирования С/С++" плавно вливается в систему подготовки учителя информатики, не нарушая взаимосвязей внутри системы и порядок следования курсов.

Возникает необходимость практического обучения современным программным средствам и технологиям их разработки. Для будущей успешной работы в области программирования студентам становится недостаточно знания одного или нескольких языков, необходимо целостное представление о методологии разработки программных средств. Более того, будущим учителям информатики требуется знание не только пользовательских программных средств, но и идеологии их проектирования и разработки. Вместе с тем, проблема научно-обоснованной разработки учебно-методического обеспечения, нацеленного на использование современных программ, окончательно не решена.

В условиях современной системы образования проблема развития мышления приобретает особую актуальность. Именно мышление, как форма субъективной активности, как личностное качество обучаемых наиболее ярко обнаруживается в процессе решения противоречий, преодолении возникающих затруднений при выполнении поставленной цели [3].

На основании изложенного материала, приходим к выводу, что внесение новых программ в систему обучения будущих учителей информатики рационально, так как позволяет повысить уровень подготовки студентов в области программирования и информационных технологий, а также сблизить содержание информационного образования и современное состояние информатики как науки.

В настоящее время обучение программированию в вузах проводится недостаточно широко. Это обусловлено либо недостатком технической базы, либо недостатком разработанных учебных курсов и учебно-методической литературы по данному предмету. Существующие же курсы по данной тематике связаны, прежде всего, с изучением Delphi (реже Java) и направлены в основном на формирование навыков программирования в этих конкретных средах.

Анализируя состояние преподавания программирования в педагогических вузах, можно сделать вывод о том, что методологической основой обучения программирования является структурный подход. Мы предлагаем строить обучение программированию, для формирования системно-логического мышления будущих педагогов профессионального обучения, на основе объектно-ориентированного подхода. То есть переходя от процедурного языка С к его объектно-ориентированной версии С++ и контекстно-ориентированной среды С#.

Разработанный нами курс в Западно Казахстанском государственном университете им. М.Утемисова, " Язык программирования С/С++" отвечает требованиям, заложенным как в компоненте образования, так и в компоненте обучения. С одной стороны, он призван дать необходимые знания об объектно-ориентированном методе, который лежит в основе построения информационных технологий на современном этапе развития информатики, с другой стороны, в процессе усвоения и закрепления понятий, решения учебных задач, реализации проектов и лабораторных практикумов у обучаемых формируются умения и навыки работы с информационными моделями в условиях компьютерной среды.

Для формирования и развития самостоятельного мышления у студентов педагогических специальностей предлагается использовать в учебном процессе такую форму работы, как задания по самостоятельному представлению учебного материала в текстовом, графическом, табличном виде, а также в виде материала для использования в базе знаний экспертно-обучающей системы.

В процессе выполнения заданий студенты изучают приемы структурирования известного учебного материала, например, отдельной темы «Типы данных в языке С». Одновременно происходит структурирование имеющихся у них знаний по этой теме. У студентов вырабатываются умения подготовки учебного материала для объяснения, что необходимо в их будущей профессиональной деятельности. В дальнейшем во время самостоятельного изучения новых учебных тем полученные навыки применяются студентами для структурирования уже этого материала. Такая работа позволяет улучшать самостоятельную деятельность студентов, формировать у них умения самостоятельной работы с учебной и научной литературой.

На основе изложенного подхода разработана методика, которая включает в себя следующее. Каждому студенту предлагается проработать конкретную тему ранее изученного материала по языкам программирования. При этом студенты выделяют рассматриваемые в предложенной теме вопросы, которые им необходимо объединить в блоки. Каждый блок следует наполнить "теорией", то есть сформулировать четкие определения всех рассматриваемых понятий, установить порядок их изучения, указать связь с уже имеющимися знаниями. Далее необходимо установить логические связи между всеми блоками и разработать структурно-логические схемы. Такая работа позволяет развивать системность и детерминизм мышления. На следующем этапе предлагается подготовить проработанный материал для объяснения учащимся. Студентам следует продумать порядок изложения учебного материала, находящегося в блоках, подготовить примеры, сопровождающие объяснение, контрольные вопросы, и так далее. Такая работа учит студентов моделировать учебное занятие, а также способствует развитию аналитического и эвристического мышлений.

Литература:

1. Алимов А.Т., Савриева И.Б. Развитие самостоятельного и творческого мышления у учащихся в процессе обучения // Молодой ученый. – 2014. – №1. – С. 468-470.

2. Жданов С.А. Применение информационных технологий в учебном процессе педагогического института и педагогических исследованиях / Автореф. канд. пед. наук. – М., 1992. – 26 с.

3. Покушалова Л.В. Формирование умений и развитие навыков самостоятельной работы студентов технического вуза // Молодой ученый. – 2011. – №4. Т. 2. – С. 115-117.

Курмашева Д.Н.

ЖОО студенттерінде өзіндік ойлау дағдысын қалыптастыру

Бұл бандамада ЖОО студенттерінде өзіндік ойлауды дамыту сұрақтары баяндалады. Өзіндік ойлауды дамыту формалары мен әдістеріне талдау жасалынған. Осыған бағытталған сабақтарды ұйымдастыру студенттерде өзіндік дамудың дағдысын қалыптастыруға көмектеседі. Сабақтарды өткізудің әдістемесі Си программалау тілінде сипатталған.

Тірек сөздер: *Өзіндік ойлау, ЖОО-да программалау, болашақ информатика мұғалімі, өзіндік жұмыс, жаңа ақпараттық технологиялар, сабақты ұйымдастыру формалары мен әдістері*

Kurmasheva D.N.

Formation of skills of independent thinking have students in higher education

This article describes the development of independent thinking among university students. We consider the analysis of the existing forms and methods of the development of independent thinking. Directional organization of lessons will help build students' critical thinking skills. The methodology conducting classes is described on the example of the C programming language.

Keywords: *Independent thinking, programming in high school, the future teacher of computer science, independent work, new information technologies, forms and methods of training organization.*

***

ФИЛОЛОГИЯ
ФИЛОЛОГИЯ
PHILOLOGY

ӘОЖ 821.512.1 (091)

Ержанова С.Б. *– филология ғылымдарының докторы, профессор,*
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алиева Ж.А. *–PhD докторанты, Қазақ мемлекеттік қыздар*
педагогикалық университеті
E-mail: *Janat_25.01@mail.ru*

НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРКІЛІК САРЫНДАР

Аңдатпа. *Мақалада ноғайлы дәуірінің әдеби мұраларындағы көне түркілік сарындар мен әдеби дәстүр жалғастығы мәселелері қарастырылады.*

Тірек сөздер: *Ноғайлы әдебиеті, сарын, түркілер әдебиеті, батырлық эпос, жырау.*

Ұлы даланың өн бойында мыңдаған жылдар өмір сүрген тайпалық одақтар, хандық мемлекеттердің барлығы түркілерге тән еді. Өз мекені – сары даланы жердің кіндігі санаған сақтар мен ғұндар да, көк түріктер де дүниенің төрт бұрышын түгел шолған, дүниетанымы табиғат ананың заңдылықтарымен ерекше үйлесім тапқан ұлы өркениет иелері болатын. Санамызға адамзат өркениетінің негізін салған деп сіңіп қалған элладалықтарды даналығымен таң қалдырған Анақарыстың «Менің киімім – скиф шекпені, аяқ киімім – екі аяғымның өз терісі, төсек-орным – қара жер, түскі асым да, ертеңгі асым да – сүт, ірімшік, қуырылған ет, ал сусыным – қара су ғана» [1, 101 б.] – деген сөзінде дарқан даланың данышпандығы мен даралығы жатыр.

Түркілер құрған мемлекеттің ең ірісі де, ең қуаттысы да – түрік қағанаты. Сақтар мен ғұндардан бізге жеткен әдеби жәдігерлерімен салыстырғанда көк түріктердің мұрасы анағұрлым мол, әрі көркемдік деңгейі де жоғары. Уақытқа тоқтам жоқ. Мәңгі тұратындай болған сол Ұлы қағанат та келмеске кеткен. Мәңгіліктің иесі – жаратқан құдай, тәңірі ғана.

Кейіннен бірнеше қағанаттар мен ұсақ мемлекеттік одақтарға ыдыраған Түрік қағанатының территориясында әйгілі Шыңғыс хан ұрпақтары құрған Алтын Орда мемлекеті пайда болды. Жарты әлемді жайлаған ұлы мемлекеттің де өсіп-өркендеу және құлдырап, ыдырау тарихы белгілі. Ақ Орда мен Көк Орда сияқты хандық билікке бағынған ұлыстарға бөлінген атақты Алтын Орданың территориясында кейінірек өз алдына дербес саясат жүргізген бірнеше хандықтар құрылды.

Нақты уақытын жылдармен бедерлеп тап басып айтпағанмен Ноғайлы дәуірінің әдебиеті деп Алтын Орданың ыдырау кезеңі мен Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі уақыт аралығындағы әдебиетті айтып жүрміз. Бұл шамамен XIV-XV ғасырлар арасын қамтиды. Тарихи-этнографиялық деректерге сүйенсек сол уақыттағы ноғайлар сары ноғай, қара ноғай, маңғыт және Кавказ ноғайлары болып төртке бөлінген екен. Бұлардың әрқайсысының өзі мекен еткен территориясы болған, әрі олар түрлі хандықтар құрамында тіршілік еткен. Мәселен, Сары ноғайлар (оларды татарлар деп те атайды) ыдырап кеткен Алтын Орданың орнында қалыптасқан Қазан, Қырым, Астрахан және Қасым хандықтарын құрған. Қара ноғайлар немесе барабы татарлары әйгілі он сан ноғай хандығын құрды. Ал Маңғыт ноғайлар кіші жүз қазақтарымен аралас-құралас Маңқыстау жерін мекен еткен. Кавказ ноғайлары болса кіші және үлкен Ноғай ордасының тайпалары құрамында болды. Төрт тарапқа

бөлініп, әр түрлі хандықтар мен тайпалық бірлестіктер құрамында өмір сүрген ноғайлар бір замандарда «Ноғай ұлысы», «Ноғайлы жұрты», «Ноғай Ордасы» деген сияқты тарихта белгілі атауларға ие болған ордалы елдің өкілдері еді. Ноғайлы атауының пайда болуы мен осы атауға ие болған мемлекеттің тарихы туралы да түрлі деректер мен топшылаулар бар. XIII ғасырдың екінші жартысында маңғыттар Алтын Орданың уақытша билеушісі түмен басы Ноғай иелігінің құрамына кіреді. Осыдан барып «Ноғай Ордасы» ұғымы шыққан [2, 188-189 бб.].

Бұрындары ноғайлы әдебиеті аталып келген туындылардың негізгі дені бүгінде қазақ әдебиетінің қорына еніп, оның төл туындыларына айналып кеткен. Мысалы, қазақтың ұлттық құндылықтары саналатын «Ер Төстік», «Жиренше шешен», «Алдар Көсе» т.б. ертегі, аңыздар мен «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Сайын», «Едіге», «Ер Жабай», «Ер Шора», «Орақ-Мамай» сияқты эпостық жырлар – сол ноғайлы заманының әдеби мұралары.

Ноғайлы дәуірі әдебиеті туралы алғашқылардың бірі болып Шоқан Уәлиханов XIX ғасырда сөз еткен еді. Ол қазақтың батырлық эпосы Ноғай ордасы заманында туған деп тұжырым жасайды [3, 138 б.]. Ғалым «Ер Көкше», «Едіге», «Орақ» сияқты жырларды ең бірінші болып хатқа түсіреді.

Қазақтың ескілік әдебиетін зерттеуге көп көңіл бөлген Сәкен Сейфуллин де өзінен ілгері зерттеушілер мен тарихи-этнографиялық деректерге сүйене отырып, эпикалық аңыздауларға «Ноғайлы дәуірінің туындылары» деп сипаттама берген [4, 138 б.].

Ол қазақтағы батырлар жырының дені «Ноғайлы дәуірінде туды» деген пікірін дәлелдеу үшін сол дәуір жайында тарихи деректер келтіреді. Аталған жырлардың Ноғайлы дәуірінде туғандығын көрсету үшін бірнеше жырдан («Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қамбар батыр», «Ер Сайын», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Жабай батыр» т.б.) сөзіне дәлел ретінде үзінділер алып, мәтіндердегі айғақтарға жүгінеді. Тағы бір ескеретін мәселе Сәкен Сейфуллин өз еңбегінде қазақтың эпостық жырлары тек «Ноғайлы дәуірінде» туған деген пікірін баса айтады [4, 161 б.]. С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» кітабының екінші бөлімі – «Ертедегі жырлы әңгімелер, яки ноғайлы дәуірінен қалған әдебиет нұсқалары» деп аталады. Бұған батырлар жыры мен лиро-эпостық жырлар кірген де, олардың тарихи тектерін нақты деректермен дәлелдеп, көркемдік қасиетін айқындап, басқа ел әдебиетінің нұсқаларымен салыстырып отырған. Автор батырлар жырын зерттегенде ең оңтайлы принципті қолданған. Ол батырлар жырын негізінен хронологиялық тәртіппен зерттейді де, «ұлы батыр», «кіші батыр жыры» деп тексеріп жүргендердің зерттеу тәсілінің ғылыми негізі жоқ екендігін көрсетіп, «үлкен-кіші» деп ат қойып, айдар тағудың дұрыс емес деп тұжырым жасайды. Батырлар жырының шығу жағдаяттарына тарихи деректерді мол келтіреді де, ноғайлы заманында шыққан батырлардың бәрін түгелдей қазақтікі деп иемденудің дұрыс болмайтындығын айрықша ескертеді. Сонымен қатар «ертедегі батырлар туралы айтылған әңгіме, жырларды жақсылап оқып тексеріңіз, онан соң қазақ аталған елдің тарихын тексеріңіз және қазақтың өзге ауыз әдебиетін тексеріңіз, әлгі кейбір тарихшылардың, кейбір әдебиетшілердің: «қазақтың өздерінің батырлар туралы әңгіме, жырлары жоқ, өзіміздікі деп жүргендері ноғай халқынікі» дегені тек жалған сөз екенін көресіз» [5, 169 б.], – деп тауып, теріс көзқарастарға қарсы шығады.

Ол ауыз әдебиеті нұсқаларын, әсіресе батырлар жырын, лиро-эпостарды зерттеген уақытта оған әр түрлі таптың қоспасы қосылып, әр кезеңнің таңбасы басылып отыратындығын үнемі ескертіп отыруды өзіне міндет санаған. Сонымен қатар жырдың ерте-кеш жырлануын, яғни шығуын айқындаудың мәні зор екенін айтып, батырлар жырын зерттеп отырғанда: «қазақтың ескі ел әдебиетіндегі батырлар әңгімелерінің неғұрлым ескілерін алып қарасаң, соғұрлым оның «қиял» қоспасының, жапсырма сырлардың, «ертек» түрлерінің молдығын көресің. Заманның неғұрлым ертедегісіне қарай бара берсең, соғұрлым елдің шикі, надан кезіне таяна бересің. Батырлар әңгімелерінің неғұрлым бергі заманда шыққанын алып қарасаң,

соғұрлым ол әңгіменің «кереметтері» де аз бола береді. Шындыққа жақын бола береді және соғұрлым бертінгі заман батырларының жаратылыстары да «кереметсіз» бола береді» [5, 180-181 бб.], – деген байқауларын ортаға салады. Қазақтың ескі әдеби нұсқаларын алғашқылардың бірі болып ғылыми жүйелеген С.Сейфуллин сияқты зерттеушілердің сол кезеңдердегі тұжырымдары мен қорытындылары кейінгі зерттеулердің іргелі арна табуына мүмкіндік бергені сөзсіз.

Бұл кезеңді кейбір зерттеушілер Дешті Қыпшақ немесе Алтын Орда дәуірінің әдебиеті деп атауды ұсынады. Алайда мұндай дәуірлеудің әлі де анықтай түсетін тұстары бар деп ойлаймыз. Өйткені, XI-XVI ғасырларды қамтитын «Дешті Қыпшақ» өте кең ұғым. Сондықтан ол этнологиялық негіздегі мемлекеттік бірлестіктен гөрі тарихи-географиялық ұғымға жақын. «Дешті Қыпшақ даласы», «Дешті Қыпшақ елі» т.б. деген сияқты атаулар да осыны меңзейді. Сондай-ақ, Алтын Орда дәуірінде өмір сүрген Құтыб, Хорезми, Сайф Сараи, Мұхаммед Салих сияқты шайырлар «Хұсрау-Шырын», «Мұхаббатнама», «Гүлистан би-т-түрки», «Шайбанинаме» сынды көркем жазба мұралар қалдырғанымен, олар ноғайлы дәуірінің этнологиялық санасы мен эпикалық дәстүрінен дараланып тұрғаны сөзсіз. Түркі халықтарының әдеби дәстүріне зор ықпал жасаған бұл жазба ескерткіштердің кейінгі ноғай әдебиетінде сақталмауы да көп нәрседен хабар береді, әрі оның тарихи, әлеуметтік және әдеби дәстүрлік себеп, салдарларын анықтау мақсаты тұр.

Вместе с тем, автор настаивает на неправомерности отождествления диалога в кино и диалога естественного языка. В диегетическом мире фильма диалог может стремиться к имитации естественного разговора, но не более того. Основное отличие данных феноменов заключается в том, что диалог в кино призван скорее

«перенаправить» (to smuggle) информацию на зрителя, тогда как в естественной коммуникации собеседники не акцентируют внимание на информации уже известной собеседнику, соответственно, в кино слова имеют двойной эффект: «...film dialogue differs from spontaneous everyday speech. In narrative films, dialogue may strive mightily to imitate natural conversation, but it is always an imitation. <...> Although one cardinal rule of real conversation is that speakers should not tell each other what the other already knows, film dialogue is often forced to smuggle in information merely for the viewer's benefit. Because the words are in truth directed at the filmgoer, not at the on-screen conversationalists, each word does double duty, works on double layers [12, с. 18-19]. Иначе говоря, диалог в кино, так или иначе, направлен на адресата, в качестве которого выступают как собеседник на экране, так и непосредственно зритель киноленты (ср. эффект «двойного сказывания»).

Соответственно, формальная соположенность диалогической формы речи естественного языка и собственно диалога в кино демонстрирует близость последнего к диалогу в естественной ситуации коммуникации, однако, эта близость весьма условна в силу того, что при диалогическом общении в естественной ситуации коммуникации предполагается, что собеседники, как правило, владеют темой разговора, имеют представление о происходящем. Именно в этом заключаются основные характеристики диалога, присущие ему ситуативность и контекстуальность. Что касается кинодиалога («диалога в кино» в терминах С.Козлофф), то эти характеристики находят опору в наличии видеоряда, сопровождающего диалог и подтверждающего или, напротив, идущего вразрез с ним в зависимости от замысла режиссёра. Однако не следует забывать, что фильм является отражением художественной реальности, соответственно, кинодиалог обладает чертами некой искусственности, «квазиспонтанности» (в терминах В.Е. Горшковой).

Нельзя не согласиться, в этой связи, с мнением известного киноведа В.Н.Ждана о том, что «диалог в фильме отнюдь не является неким добавочным средством к пластическому действию: он сам является органической частью природы этого действия. Слово и действие взаимно дополняют друг друга, но дополняют на равных творческих правах как взаимопроникающие части единого композиционного целого. Мысль движется в одном случае от слова через действие и снова к слову, в другом – от действия через слово и снова к действию» [13, с. 219-222].

В кинофильме как сложной гетерогенной семиотической системе происходит взаимодействие ее компонентов, которые семантически дополняют друг друга, формируя последовательное и осмысленное целое: «different semiotic systems in a multimodal text work together, and semantically complement each other to constitute a coherent and meaningful whole» [8].

Вместе с тем, отношения, возникающие между разными кодами не сводятся лишь к суммарному единству, напротив, элементы кинотекста находятся в синергетических отношениях, т.е. общий смысл складывается путем комбинации элементов и представляет собой нечто большее, чем сумма смыслов: «The relations between the different modes in this whole are not just conjunctive relations. The modes constitute synergistic relations with each other, i.e. the total meaning resulting from the combination of the elements, is more than the sum of the meanings of the elements» [8].

Однако выделяемые семиотикой типы знаков «выступают в фильме в смешанном виде, с доминантой на ту или иную функцию» [14, с. 23], «разные семиотические коды объединяются на основе доминирующего кода. Так, например, в статических визуальных объектах ведущим является пространственный код. В речи, музыке, танце, а также фильме как текстах, имеющих временную протяженность, доминирующим является временной код – ритм. Именно на основе ритма разные коды объединяются в значимое целое» [15, с. 16].

Таким образом, соединение изображения и звука создает новое целое и не сводится к сумме его элементов. Единство звука и изображения направлено на формирование и восприятие фильма как целого.

Уточним, что существуют и другие мнения относительно соотношения/соподчиненности вербального и визуального в кино. Так, Марсель Мартен указывает на то, что «слово должно быть полностью подчинено изображению и включаться в него как «выразительный шум», существенный шум, идеологическая роль которого имеет чрезвычайно важное значение, но который должен быть поэтому особенно сдержанным и скрытым за драматическим и пластическим содержанием» [16, с. 194].

Однако, как показывает проведенный нами анализ, данная точка зрения не находит своего подтверждения, поскольку полнота и целостность создаваемого смысла напрямую зависит от «слова», играющего важную, а порой и ключевую роль.

Как отмечалось выше, понятие «кинотекст» разрабатывалось, прежде всего, в рамках семиотики. Такой подход, правомерный с точки зрения искусствоведения, не может быть принят, если кинотекст исследуется как объект зрительского восприятия. «Кинотекст в виде последовательности кадров на кинопленке интересует только специалиста, зрителю же он предъявляется способом проецирования кинопленки с магнитной звуковой дорожкой на экран со скоростью 24 кадра в секунду» [14, с. 15]. Соответственно, «кинотекст» как объект восприятия реципиентом определяется как «постановочный кинофильм, состоящий из образов, движущихся и статических, речи, устной и письменной, шумов и музыки, особым образом организованных и находящихся в неразрывном единстве» [14, с. 22].

Г.Г. Слышкин и М.А. Ефремова выделяют кинотексте две семиотические системы: лингвистическую и нелингвистическую, оперирующие знаками различного рода. Лингвистическая система обслуживается знаками-символами, нелингвистическая – знаками-индексами и знаками-иконами.

Лингвистическая система в кинотексте представлена, в свою очередь, двумя составляющими: «письменной (титры и надписи, являющиеся частью мира вещей фильма – плакат, название улицы или города, вход и выход, письмо или записка и т.д.) и устной (звучащая речь актеров, закадровый текст, песня и т.д.), которые выражены при помощи символических знаков – слов естественного языка» [14, с. 37].

Исследователи выделяют категории кинотекста, взяв за основу категории художественного текста [14; 7].

- Членимость. Кинотекст является дискретной единицей, что наблюдается, например, при использовании кино-видео материалов в дидактическом аспекте (см. 7): «кинотекст делится на эпизоды, обладающие формальной и содержательной самостоятельностью, которые можно демонстрировать отдельно».

- Связность. Содержательная и смысловая самостоятельность эпизода относительна, поскольку необходима опора на кинотекст в целом: «членимость и связность кинотекста представляют собой диалектическое единство» [14, с. 32].

- Проспекция и ретроспекция. В кинотексте события могут развиваться вперед и возвращаться назад, таким образом, создается ощущение многомерности и многоплановости мира кинотекста. Имеют место также проспекция и ретроспекция в узком смысле – «предвосхищение будущего, забегание вперед (flashforward) и воспоминание о прошлом (flash-back). Фрагменты такого рода нарушают пространственно-временной континуум, однако, они легко распознаются благодаря специальным сигналам – например, переходу от цветного изображения к черно-белому, к замедленной или ускоренной съемке, особому музыкальному сопровождению, резкой смене пейзажа, интерьера, костюма, внешности героев (постарели или помолодели)» [14, с. 32].

- Антропоцентричность. Центральной фигурой кинотекста независимо от темы и жанра всегда является человек, все, что заложено в кинотекст, имеет целью охарактеризовать человека и его окружение: пейзаж, интерьер и одежда.

- Локальная и темпоральная отнесенность. Отражение пространства и времени в кинотексте может проявляться по-разному: панорамы известных и легкоузнаваемых мест, пейзажи, интерьер.

- Системность. Каждый элемент кинотекста является частью общей системы, созданной коллективным автором (сценаристом, режиссером, оператором, актерами и т.д.), и функционирует в ней для выполнения единой цели.

- Целостность (завершенность). Характерная особенность текста, отличающая его от не-текста. «Специфика данной категории заключается в следующем: 1) тесная интеграция вербальной и невербальной составляющих, которые, будучи отделены друг от друга в рамках первичного просмотра отснятого материала, фактически теряют информативность; 2) наличие четких временных и пространственных границ; 3) наличие сигналов, обозначающих начало фильма – логотипа киностудии, названия фильма, а также эксплицитной надписи «Конец» или «Конец фильма» «the END», финальных титров».

- Прагматическая направленность. Побуждение реципиента к ответной реакции.

Вместе с тем, в кинотексте функционирует категория информативности. Важно отметить, что в кинотексте имеет место многоканальная информативность – с одной стороны, информационный поток разделяется по способу восприятия информации, с другой – по типу воспринимаемой информации. Среди способов восприятия принято выделять зрительный и слуховой, среди типов информации, согласно И.Р. Гальперину: а) содержательно-фактуальную (то, что мы видим и слышим), б) содержательно-концептуальную (которая отражает отношение автора), в) содержательно-подтекстовую (для понимания которой необходимо наличие определенных фоновых знаний – пресуппозиции) [17, с. 67]. Разделяя «информацию» и «информативность», И.П. Муха выделяет четыре типа информативности кинодиалога как особого типа текста: полная информативность, двойная информативность, интегративная информативность, комплементарная информативность [18, с. 93-154].

Данный перечень может быть расширен за счет категории интерпретативности. Представляется, что в случае с кинотекстом следует говорить о множественной интерпретации. Высказанная нами позиция передает идею У.Эко о «бесконечной интерпретации», которая выступает в качестве одной из постоянных движущих сил культурно-информационного развития человечества. «Открытое произведение устраняет возможность однозначной интерпретации, снимая опасность доминирования автора над смыслом текста» [6, с. 125]. Неслучайно многие исследователи отмечают способность разных знаковых систем сочетаться в едином «семиотическом (дискурсивном) пространстве» (в терминах И.И. Халеевой), что наиболее характерно для кинотекста. Кино как вид творческой деятельности направлено на передачу идей автора посредством знаков, оно сочетает в себе иконичность, индексальность и символичность, воспринимается в культурном контексте предыдущих произведений (интертекстуально), предполагает множественность интерпретаций. «Источником подобной множественности интерпретаций служит меняющееся состояние индивида и/или общества. С каждым конкретным актом семиозиса соотносится мир, познанный или познаваемый коммуникантами субъективно» [19, с. 52].

И наконец, кинотекст обладает модальностью. Поскольку кинотекст является продуктом коллективного разума, направленного на освоение действительности, можно в данном случае говорить о «сложном типе модальности» (в терминах Г.Г. Слышкина). В процессе восприятия кинотекста формируется еще один вид модальности – зрительский, функционирование которого проявляется на уровне кинодискурса и проявляется, прежде всего, в качестве ответной реакции реципиента, имеющей как имплицитное (изменение во взглядах, чувствах, мыслях зрителя), так и эксплицитное выражение (обсуждение на форумах, рейтинговые показатели).

На основе выделенных категорий можно констатировать, что кинотексту присущи универсальные текстовые категории. Однако указывая на коммуникативную функцию кинотекста, реализующуюся при взаимопроникновении двух принципиально отличных семиотических систем (лингвистической и нелингвистической), исследователи предлагают относить кинотекст к числу креолизованных текстов, «фактура которых состоит из двух негомогенных частей (вербальной языковой (речевой)) и невербальной (принадлежащей к другим знаковым системам, нежели естественный язык)» [20, с. 180-181].

Очевидно, это замечание требует пояснения, поскольку при таком подходе неучтенным остается динамический характер кинотекста, отличающий его от других видов креолизованных, мультимедийных текстов. Напомним, что анализ данных типов текста проводится на пересечении лингвосемиотики и теории текста и опирается на понятие «полимодальности как смешения разнородных кодов» (в терминах И.И. Халеевой). Диапазон поднимаемых вопросов перекликается с идеями М.М. Бахтина, Р. Барта, Ю.М. Лотмана, М. Хэллидэя о том, что «языковые значения (смыслы) формируются в процессе взаимодействия («диалога») семиотических систем в едином пространстве культуры, семиосферы, коммуникации. Главным объектом изучения становятся полимодальные (креолизованные) тексты. При этом рассматриваются проблемы порождения смыслов и интерпретации полимодальных текстов в художественной литературе, рекламе, газетно-публицистических текстах [5, с. 60].

В этой связи уместно, на наш взгляд, применить к кинотексту понятие «семиотической гибридизации» (в терминах О.К. Ирисхановой), представляющей собой «смешение разнородных в концептуальном и формальном отношении сущностей, приводящее к порождению новых значений и смыслов в системе языка и в дискурсе» [5, с. 12].

Принимая во внимание сказанное выше, считаем логичным рассматривать кинотекст как гибридный, гетерогенный текст, элементы структуры которого участвуют в акте семиозиса и формируют единое целое, не сводимое к сумме значений входящих в его состав компонентов.

Таким образом, кинотекст предстает как связное и цельное сообщение, выраженное вербальными и невербальными знаками, организованное в соответствии с замыслом коллективного автора, зафиксированное на пленке и предназначенное для воспроизведения и аудиовизуального восприятия зрителем/реципиентом.

В последние десятилетия лингвисты начинают оперировать понятием «кинодискурс» [21; 14; 15], что свидетельствует о расширении предмета лингвистики «кинотекста». В этой связи представляется важным следующее уточнение. Если понимать фильм как кинотекст, зафиксированный на пленке, а кинодиалог как «вербальный компонент художественного фильма, смысловая завершенность которого обеспечивается аудиовизуальным (звукозрительным) рядом в общем дискурсе фильма», тогда кинодискурс будет рассматриваться как целое / гипероним по отношению к обозначенным понятиям. Другими словами, кинодискурс включает в себя и кинотекст, и кинодиалог. Поясним нашу позицию.

Обратимся к существующим определениям кинодискурса. В концепции А.Н. Зарецкой кинодискурс рассматривается как «связный текст, являющийся вербальным компонентом фильма, в совокупности с невербальными компонентами – аудиовизуальным рядом этого фильма и другими значимыми для смысловой завершенности фильма экстралингвистическими факторами, такими как креолизованное образование, обладающее свойствами целостности, связности, информативности, коммуникативно-прагматической направленности, медийности и созданное коллективно дифференцированным автором для просмотра реципиентом сообщения (кинозрителем)» [15, с. 8]. Автор считает, что при анализе кинодискурса определяющими являются экстралингвистические факторы, участвующие в определении его сущности. В этой связи автор предлагает оперировать термином

«кинодискурс», так как при таком подходе предполагается учет вертикального контекста, который может включать в себя прецедентные дискурсы (киносценарии в различных вариантах, другие фильмы этого же жанра или этого же режиссера, книги, по которым снят фильм или которые в нем упоминаются), альтернативные варианты некоторых сцен, комментарии критиков.

При всей убедительности доводов в пользу правомерности высказанного подхода отметим, что позиция исследователя в определении «кинодискурса» весьма дискуссионна, поскольку «кинодискурс» рассматривается как «связный текст, вербальный компонент фильма, креолизованное образование», и, соответственно, происходит отождествление и пересечение понятий: «текст» и «дискурс».

Признавая за кинодискурсом такие функции как направленность на художественно-эстетическое воздействие на зрителя и коммуникативно-прагматический эффект, А.Н. Зарецкая говорит о воспроизводимости кинодискурса в виде одинаковых копий, его жесткой закрепленности, неизменности текста [15, с. 42], однако, эти характеристики присущи не столько кинодискурсу, сколько кинотексту.

Подход к определению кинодискурса с переводческих позиций разрабатывается С.С. Назмутдиновой, которая определяет его как «семиотически осложненный, динамичный процесс взаимодействия автора и кинореципиента, протекающий в межъязыковом и межкультурном пространстве с помощью средств киноязыка, обладающего свойствами синтаксичности, вербально-визуальной сцепленности элементов, интертекстуальности, множественности адресанта, контекстуальности значения, иконической точности, синтетичности» [21, с. 7]. Уточним, что данное определение разработано в приложении к переводу в кино и потому представляется адекватным для исследования «кинодискурса» с переводческих позиций.

Ю.В. Сургай определяет кинодискурс как «процесс воспроизведения и восприятия кинотекста, который включает в себя наличие конкретных пространственно-временных условий, участников, обладающих определенным культурным багажом, опытом и суммой знаний» [10, с. 8]. В этом определении прослеживается тенденция к рассмотрению кинодискурса с позиций традиционного подхода к анализу дискурса.

Таким образом, как показывает приведенный здесь краткий обзор, ученые весьма не единодушны при определении кинодискурса. Исходя из этого, с необходимостью встает вопрос об уточнении данного понятия и решения некоторых дискуссионных вопросов, которые позволят, на наш взгляд, приблизиться к решению данной проблемы.

Литература:

1. Большой энциклопедический словарь / Под ред. А.М. Прохорова. – М.: Большая Российская энциклопедия. – СПб.: Норинит, 1999. – 685 с.

2. Лотман Ю.М. Статьи по семиотике культуры. – СПб.: Академический проект, 2002. – 551 с.

3. Цивьян Ю.Г. К метасемиотическому описанию повествования в кинематографе // Труды по знаковым системам. – Тарту: Тартуский ун-т, 1984. – Вып. 17. – С. 109-121.

4. Строение фильма. Некоторые проблемы анализа произведений экрана // Сборник статей / Сост. К. Разлогов. – М.: Радуга, 1985. – 278 с.

5. Барт Р. Ролан Барт о Ролане Барте. – М.: Ad Marginem, 2002. – 286 с.

6. Эко У. Роль читателя. Исследования по семиотике текста / Пер. с англ. и итал. С.Д. Серебряного. – СПб.: Симпозиум, 2007. – 502 с.

7. Матасов Р.А. Перевод кино/видео материалов: лингвокультурологические и дидактические аспекты / Дис. ... канд. филол. наук. 10.02.20. – М., 2009. – 167 с.

8. De Grauwe S. The cognitivist approach to film in the light of systemic-functional theory: a changing of the guards? – http://www.imageandnarrative.be/inarchive/narratology/sofiedegrauwe.htm. Дата обращения: 12.09.2012 г.

9. Иванова Е.Б. Интертекстуальные связи в художественных фильмах / Автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.19. – Волгоград, 2001. – 16 с.

10. Сургай Ю.В. Интердискурсивность кинотекста в кросскультурном аспекте / Автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.19. – Тверь, 2008. – 16 с.

11. Katz E. The Film Encyclopedia: The Complete Guide to Film and the Film Industry. – New York: Collins Reference, 2008. – 1570 p.

12. Kozloff S. Overhearing film dialogue. – Berkeley & Los Angeles: University of California Press, 2000. – 323 p.

13. Ждан В.Н. Эстетика экрана и взаимодействие искусств. – М.: Искусство, 1987. – 495 с.

14. Слышкин Г.Г. Кинотекст: опыт лингвокультурологического анализа. – М.: Водолей Publishers, 2004. – 153 с.

15. Зарецкая А.Н. Особенности реализации подтекста в кинодискурсе: монография. – Челябинск: Абрис, 2012. – 191 с.

16. Мартен М. Язык кино. – М.: Искусство, 1959. – 292 с.

17. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: КомКнига, 2007. – 144 с.

18. Муха И.П. Категория информативности кинодиалога: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.19. – Иркутск, 2011. – 181 с.

19. Языковое творчество в динамике семиотических взаимодействий: монография. – М.: ИПК МГЛУ «Рема», 2011. – 402 с.

20. Сорокин Ю.А., Тарасов Е.Ф. Креолизованные тексты и их коммуникативная функция // Оптимизация речевого воздействия. – М.: ИЯ РАН, 1990. – 239 с.

21. Назмутдинова С.С. Гармония как переводческая категория (на материале русского, английского, французского кинодискурса) / Автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.20. – Тюмень, 2008. – 21 с.

Жумагулова В.И., Маткерим Д.А.

Кинодискурс пен киномәтін мағыналарынның айырмашылығын анықтау және түсіндіру

Мақалада кинодискурс фильмді қабылдаудағы сезімдер мен әсерлерді сипаттайды. Кинодискурс қалыпты құбылыстың кеңейтілген құрылыстың қалыптасуындағы күрделі, бір қалыпты жүйе болып табылады. Тәптіштеліп жүргізілген зерттеу арқылы киномәтін мен кинодиалог сөйлеу компонентерінің көмегімен жүзеге асырылуына мүмкіндік туғызады.

Тірек сөздер: *Кинодискурс, кинодиалог, киномәтін.*

Zhumagulova V.I., Matkerim D.A.

Delineation & interpretation of film text defitions & filmdisussion

The article movie-discourse understood as a process of perception of the film. It must be studied as a difficult, a nonuniform phenomenon of formation of the whole process which have an extended structure.

Key words: *Movie-discourse, film text, kinodialog.*

***

ӘОЖ 82-311.6

Зайкенова Р. З. *– филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті*
Балтабаева Н. С. *– Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің PhD докторанты*
E-mail: *balnargiza@mail.ru*

ТАРИХИ РОМАН ТАҒЛЫМЫ

Аңдатпа. *Мақалада Қ.Жұмаділовтің романдарының тұтас бір кезеңнің тарихи шындығын, ұлттық көркемдік дүниетанымын ашып берген құнды шығармалар екендігін дәлелдеп көрсету.*

Тірек сөздер: *Роман, тарихи құндылық, ұлттық құндылық, тағдыр романы, әдебиет, повесть.*

Жан-жаққа шашырап, тағдыр талқысына түскен қазақ халқының қоныстанған аумағы Қазақстан Республикасының қазіргі территориясынан әлдеқайда кең шеңберде болғандығы – бүгінгі күні басы ашылған ақиқат. Сондықтан да Қазақстаннан тысқары өмір сүріп отырған қандастарымыздың тағдырына арналған шығармаларға талдау жасау – ұлттық әдебиетіміздің құрамдас бір бөлігін зерттеу болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, майталман қаламгер Қабдеш Жұмаділовтің орны айдан-анық. Оның 2003-2005 жылдары жарық көрген 12 томдық таңдамалы шығармаларының басым көпшілігі роман десек, мұның бесеуі таза тарихи тақырыпты қозғаса, басқа романдарында қазіргі дәуір дидары, замандас бейнесі, дүниетаным иірімдері әр қырынан ашылады. Жазушының «Бір түп тораңғы» (1981), «Сәйгүліктер» (1982), «Қарауыл» (1983), «Бір қаланың тұрғындары» (1984) сияқты повесть-хикаяттары мен «Көкейкесті» (1968), «Соңғы көш» (1-кітап, 1974; 2-кітап, 1981), «Сарыжайлау» (1977), «Тағдыр» (1988), «Дарабоз» (1994, 1-кітап; 1996,2-кіпап), «Таңғажайып дүние» (1999) «Прометей алауы» (2001), «Қылкөпір» (2002), «Атамекен» (2003) атты романдары қалың жұртшылыққа кеңінен танымал. Бертінде жазылған «Мәңгілік майдан» (2008) кітабына енген хикаяттары мен «Зауал», «Мерген», «Аманат», «Әмбебап әйел», «Есі ауысқан адамдар» қатарлы әңгімелері және де «Әділ сот алда. Ол – уақыт соты», «Ақ қағаз –арым, қара сия – қаным», «Жазушының жан айқайы қайдан шығады», «Менің өмір жолым оңай болған жоқ», «Ұлттан тыс тұратын әдебиет те, жазушы да болмайды», «Күреспен өткен ғұмыр» т.б. сияқты сыр-сұхбаттары мен мақалалары топтастырылған.

Соңғы екі жылда жазылып, бүгінгі күннің өзекті мәселелерін қозғайтын «Найман-Ана ескерткіші», «Тозақ оты», «Абылайдың ақырғы батыры» атты повесть-хикаяттары мен «Күйеу бала», «Абақты», «Кешірім», «Бір шөлмек сыра», «Фәни мен бақи дүние арасы», «Тоқымқағар» т.б. әңгімелері мен бүгінгі әдеби үрдістің барысын талдап, анығын айтатын мақалалары мен сыр-сұхбаттары мерзімді баспасөз беттерінде үнемі жарияланып келеді. Оның үстіне бұл еңбектері «Тозақ оты» деген атпен 2010 жылы жеке том болып, баспадан шығып отыр. Әсіресе, осындағы Қытайдың «Тарым» атты жазалау лагерінен жазылған кітаппен аттас повесть ондағы қазақ, ұйғыр тәрізді ұсақ ұлт оқымыстыларының басынан кешкен азаптың айнасы іспетті.

Ал 2011 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Көкжал» атты жинаққа «Аранға түскен аққулар», «Көкжал», «Екі айырық жол» сияқты хикаяттары мен «Тұл

махаббат», «Қожайын», «Контузия», «Бір қызық сапар», «Басынан Қаратаудың көш келеді», «Біз бір ұядан ұшқанбыз», «Қағытпа қалжыңдар», «Әкім мырзаға ашық хат» сияқты әңгімелері мен халық жазушысы туралы жазылған оншақты мақала беріліпті. Сондай-ақ 2012 жылдың бір өзінде «Абылайдың ақырғы күндері», «Әріп пен Сара», «Ханның басы қанша тұрады» атты үш хикаят, «Донжуан қораз», «Қысыр кеңес», «Диктатордың ажалы», «Қараманның қарғысы», «Құрдастар», «Ағалардың алақаны», «Батырмен өткен бір күн», «Елім-айлап өткен өмір» т.б. сияқты әңгімелері баспасөзде жарияланды. Үнемі басылып келе жатқан сыр-сұхбат, ой-толғамдары өз алдына бір төбе.

Оның қаламынан туған шығармалар тақырыбының ауқымдылығы, көтерген мәселесінің сонылығы, идеясының терең шыншылдығы және стильдік тіл бітімінің көркемдігі туралы баспасөз беттерінде аз жазылған жоқ. Біз осының ішінде екінің бірі бара алмаған шекара мәселесі, оның екі жағындағы адамдар тағдыры егжей-тегжейлі сөз болатын «Тағдыр» романына тоқталмақпыз. Аталмыш роман жанрлық сипаты жағынан тарихи-көркем туынды болғанымен, бұл шығарма 1880 жылдары екі алып империя шекара бөліскенде қызыл сызықтың арғы жағында қалып қойған қазақтардың шежіресі іспетті. Цин (Чин, Ежен хан, Маншың) империясының (1644-1911жж.) 18-ғасырдың орта шенінде Орта Азияға дейін ірге жайып келуі, қазақ тарихында ұлт-азаттық көтерілістердің тууына аса үлкен ықпал жасады. Кейбір зерттеу еңбектерде Чин атауы қолданылады.Негізінде Чин, Цин, Еженхан, Маншың сөздері бір ұғымды береді. «Қытайды Шығыста Чин деп атайды, яғни Иисус Христос туғанға дейінгі 221-206 жылдары патшалық құрған бірінші монархиялық император әулетінің Цин деген атымен атап,бірақ Цин деудің орнына Чин деп бұрмалап кеткен. Бұл әулеттің негізін қалаушы Цин Ши-Хуан-ди деген кісі болған.Цин әулеті екінші буынында ішкі өзара соғыстардың салдарынан құрып кеткен»,-деген Шоқан Уәлихановтың тұжырымдамасына сай жазушы Цин деген атауға табан тірейді [1, 228 б.]. Роман сюжеті Тарбағатай өңірі, Құлыстай өлкесі және Маньчжур өкіметінің «Сунцзай-чан», яғни «жаңғырған қала» деп атаған бірақ қазақтар бөтен сөзге тілі келмегендіктен, Шәуешек деп атап кеткен қаласында, бас кейіпкер,тарихта болған адам, Демежан айналасында өрбиді. «Шәуешек»-түрік-монғол тілінде тостаған деген мағына береді.Былай ойлап қарасаң, шынында да, айдалаға келіп орнаған шара-аяқтай ғана шағын бекініске бұдан артық қандай ат қоюға болады», -дейді автор [2, 3 б.]. Шәуешек тағы бір зерттеу еңбектерде ру аты ретінде кездеседі.

1988 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Тағдыр» романының Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығынына ие болуы тегін емес. Өйткені тарихи шығарма жазғаннан кейін ондағы деректерге ешкім дау айтып, күмән келтірмеуі керек. Автордың өзі сол өлкеде туып өскендіктен, оған Демежанның ел ішіндегі өмірі, баққүндес ағайындармен, алпауыт халдайлармен тартысы бала жастан қанық болғанымен, сол кездегі Маншың хандығының ішкі-сыртқы жағдайы, орыс-қытай қарым-қатынасы, шекара бөлісінің жәй-жапсары әлі де толық емес еді. Сондықтан жазушы бір жылдай уақытын архивтерді ақтарып, тарихи зерттеулерге үңіліп, Маншың династиясының үш ғасырлық шежіресін бастан-аяқ сүзіп шығады. Әсіресе, соңғы жесір патшайым Цыси тұсындағы сарай төңкерістері мен оның Шынжаңға жеткен думпуін түгел оқып зерттейді. Шекара бөлісудің құжаттары: 1861 жылғы Петербург келісімі, 1881 жылғы Бежин келісімі, 1884 жылғы Шәуешек хаттамасы да назардан тыс қалмаған. Сол тұста Шәуешекте тұрған алғашқы орыс консулдары (Татаринков, Балкашин, Федоров т.б.), Тарбағатай аймағын билеген амбылар (князь, губернатор мағынасында) мен халдайлар (шекара қызметшілері), шекара бөлісінен кейін ел ішінде өткен алғашқы сайлау, қазақтан шыққан тұңғыш үкірдайлар (үкірдай-аға сұлтан дәрежелі лауазым)... Міне, осылардың бәрін де автордың өте жетік білуі – Шыңжан аймағындағы қазақтардың қоғамдық-әлеуметтік өмірінен толыққанды тарихи-көркем шығарманың жазылуына себеп болды.

Шығармадағы бас кейіпкер Демежанды әкесі Керімбай 13 жасында Тарбағатай және Алтай аймақтарының губернаторы, Цин империясының жоғары дәрежелі өкілі Ши-амбыға аманатқа тапсырады. Ол уақытта ру көсемдері өз балаларын бауырынан жырып, ұлыққа әкеп беруге тиіс болған. Сөйтіп Демежан Ши-амбының қолында қытай-маньчжур балаларымен бірге бір мектепте оқиды. Гимназияны бітірген соң, Ши-амбының шырмауынан шыға алмай, оның қолында қалып қояды.-Ал сенің өз басыңа келсек,-деді Ши-амбы дауысын соза, сөз арасында ыңылдап алатын әдетімен.-Сен жеке Керімбай зәңгінің ғана баласы емессің, менің де туған балам сияқтысың. Қаршадайыңнан менің қолыма өстің. Ханзуша (ханзу-қытайлар өз ұлтын осылай атайды) тіл үйреніп, осындағы бекзадалармен бірдей білім алдың. Мемлекеттің тілін, заңын білетін сен сияқты көзі ашық азаматтар біз үшін қашан да қадірлі.Күні ертең осындағы қазаққа бас болатын-сендер емессіңдер ме? [2, 24б.]. Орағытқан ұзын-сонар диалогтан кейін Ши-амбы Демежанды шекара бөлісіне қатысатын комиссияның құрамына кіргізіп отырғандығын айтады.

Шекара бөлісі тұсында елді тыныш ұстап, бей-берекет шашыратып алмауды Керімбай зәңгіге қатты тапсырған Ши-амбы, шекара бөлісі аяқталған соң, қыр еліне бірінші рет жаңадан сайлау жүретінін, зәңгілерді (зәңгі-болыс дәрежелес лауазым) біріктіріп, үкірдайлардың қол астына қарататынын, егер бытырап жүрген Төртуылдың басы бір жерге жиналатын болса,оған Керімбайдан артық үкірдайды шырақпен іздесең де, таппайтынын айтады. Шындығында Керімбай тарихта болған адам 1880 жылдан бастап, Төртуыл руының біраз жыл үкірдайы болады.

1860 жылдары екі империяның өкілдері өздерінің шекараларын қалай белгілеу мәселесі бойынша келіссөз жүргізді. Олар қазақ жеріндегі мемлекеттік шекара шебін белгілеу тұспалдарына көп таласып, ұзын-сонар айтыстан кейін барып бір мәмілеге келіп, 1864 жылы Шәуешек қаласында “Қытай-Ресей батыс солтүстік шекараны белгілеу келісіміне” қол қойды. Сонымен Қытай мен Ресейдің мемлекеттік шекарасының негізгі шеп шеңбері (линиясы) белгіленді. Осы келісім-шарттың 5-тарауында: “…Жер қайсы мемлекетке бөлінсе, онда отырған адамдар сол жерімен бірге сол мемлекеттің басқаруында болады”,-деп келісілген. Сөйтіп қазақтың жерінің Қытайға тиген бөлігінде отырған қазақтар жерімен бірге Қытайға, Ресейге тән болған өңірдегі қазақтар жерімен бірге Ресейдің басқаруына қарады [3, 15 б.].

Десе де, бұл келісім сол қалпында жүзеге аса қалған жоқ. 1864 жылғы батыс өлкелердегі ұйғыр-дүнген көтерілісі келіссөздердің жүргізілуіне кесірін тигізді. Көтеріліс нәтижесінде пайда болған Дүнген, Ұйғыр, Қашғар феодалдық құрылымдары өзара қырқыстарға ұшырап, сайып келгенде олар Қытай әскерлерінің соққысынан құлады. Қытаймен жанжалға барғысы келмеген Ресей 1879 жылы Құлжа өлкесінен кетіп,1881 жылы Санкт-Петербург шарты жасалды, ол бойынша Іле өлкесінің батыс бөлігі, яғни ежелгі қазақ жерлері Ресей жағында қалды. Бірақ Қытайдың да үлесіне аз тиген жоқ: өйткені өлкенің Қытай жағында қалған шығыс бөлігінде Найман руының 5000-дай қожалығы, яғни 20000-дай адамы бар 12 болысы (сыбан, байжігіт, қызай) көшіп жүретін еді. Сөйтіп бір халықты екі империя екі бөлікке бөліп алды [4, 66 б.]. Осы деректер романда терең ашылып, өзінің көркемдік шемімін тапқан.

1864 жылғы Шығыс Түркістанда болған көтеріліс туралы, осы өлкенің тарихын зерттеуге 20 жылын арнаған тарихшы Құрбанғали Халид (1843-1913) 1910 жылы шағатай тілінде Қазан қаласында басылып шыққан «Таварих хамсе- и шарки» атты еңбегінде бұл шабуылдан негізінен төртуыл елі көбірек зиян шеккендігін атап көрсеткен [5, 139 б.]. Бұл мәлімет тарих ғылымының докторы, профессор Н.Мұқаметханұлының «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы» (1860-1920) атты монографиясында да жан-жақты талданған. Бұл арқылы жазушы келтіріп отырған деректердің шынайы өмір шындығынан алынғандығы айдан-анық көрінеді [3, 28 б.].

«Іленің халқы жергілікті мұсылмандар, қашқарлықтар мен тараншылар, манчжурлық әкімдер мен қытайлар қалаларда тұрады. Сибо мен солондар әскери

халық... Сибо мен солондар Манчжуриядан қоныс аударып келген тайпалар. Солондар шекаралық Саха-лян-ола округінен шыққан даурлармен (монғол тектес халық) тектес затында манчжурлар мен даурлардан өрген халық.Сибо- манчжурлар мен солондардан шыққан аралық тайпа. Олар бұл жерге осы өлкені жаулап алған кездерде ауысқан. Тараншылар-манчжур тілінде диқан деген сөз. Қашқардан қоныс аударылып келген шаруалар» – деп, Ш.Уәлиханов айтып отырған «сибо мен солондары» романдағы ең сұмпайы образ Мәтен амбы мен халдайлардың шыққан тегі [1, 394-395 б.]. Бұл мәлімет романда Демежанның ұстазы, Қытайдағы тарих ғылымының атасы Сыма-сяннан бастап, кейінгі оқымысты ғалымдардың еңбегін түгел тауысып, көп оқыған оқымысты, гимназияның директоры Ли-шансынның жазбаларын Ши-амбыға оқыту арқылы баяндалады.Жалпы қазақтың өткен тарихына шолу роман композициясына Ли-шансының қолжазбасы түрінде кіріккен. Ли-шансын образы ойдан алынса да, өз ісіне берілген, осы арқылы шәкіртін де баурай білген нағыз педагог-ғалым ретінде шынайы бейнеленген.

Цин империясы Жоңғарияны басып алғаннан кейін иен қалған өлкеге біре-саран маньчжур командирлері мен шахар, сібе-солон әскерлерінен сұрыпталып алынған қаталдығымен, ештеңеден тайынбайтын жанкештілігімен көзге түскендерін қалдырып, әскербасыларына халдай (хорылдай-шекара күзетінің жауапты адамы) деп атақ беріп, бұларды өзен бойындағы ең шұрайлы жерлерге қоныстандырады. Енді бұрынғы ойраттар мекеніне қамал-бекіністер салып, жаңадан әкімшілік аймақтар құрды. Хан ордасы саналатын бұрынғы Щорс тайпасының иелігіне Іле аймағы құрылып, оның орталығы Құлжа қаласына осы өлкенің бас қожасы – Жаңжұнның өзі жайғасты. Еренқабырға бөктеріндегі көшпелі хошуттар мекені енді Үрімжі аймағы деп аталатын болды. Ал торғауыттар мен дүрбіттер қоныстанған жақта Алтай, Тарбағатай аймақтары қалыптасты. Ең ақырында ежелден Шығыс Түркістан аталатын Жоңғария мен Қашқарияның бұрынғы есімі өшіріліп, бұл өлкеге ресми түрде 1884 жылы «Шынжаң» (қытайша -жаңа өлке) деп жаңадан ат қойды. Цин өкіметі 1760 жылдар шамасында егін салдыру үшін Жаркент, Құмыл, Хотан аймақтарынан Іле бойына 7000-ға жуық ұйғыр шаруаларын көшіріп әкелді. Кейін «тараншылар» (егіншілер) деп аталып кеткен ұйғыр шаруалары Жоңғар даласына осылай келіп қоныстанған еді. Осылайша азық-түлік, нан мәселесі шешілген соң, енді әскерді әйелсіз, некесіз ұстаудың қиыншылығы туғандықтан, Цин өкіметі ішкі өлкеден зорлағандай етіп, 10 мыңға жуық бойдақ қыздар мен жесір әйелдерді алып келді. Әйелдердің әдемісіне, жастауына ұмтылып, әскер арасында қатты жанжал шыққандықтан, Іленің Жанжұны адам баласының ойына келмейтін аса бір тапқырлық көрсетті. Ұзындығы кісі бойы келетін көп кенеп қаптар әзірлетіп, әйелдерді сол қапқа салып, аузын буып қойды да, сапқа тізілген әскер өз бағын сынап, рет-ретімен лотерея билетін суырғандай өздеріне бұйырған болашақ жарларын осылайша таңдап алады. Бұл күнде Тарбағатай, Іле аймақтарында ақ сүйек атанып, алшаң басып жүрген маньчжур, дахұр, сібе-солаң әулетінің көпшілігі сол «қаптағы әйелдерден» таралған ұрпақ болатын. Халдайлардың бастығы Шихалдай, Бахалдай, Дохалдай, Кехалдайлардың арғы әжелері осы қаптағы әйелдер екендігін біліп, оларды мұқатудың реті келгеніне Ши-амбы оқып отырған қолжазбасынан басын көтеріп, рахаттанып күліп алды. Ал Ши-амбының өзі таза қанды маньчжур тұқымынан. Мұның аталары 1616 жылы «Шығыс Алтан ордасы» деген қуатты мемлекет құрып, шығыстағы аса күшті мемлекеттің біріне айналды.Бүкіл Монғолияны басып алып, әбден күшейген маньчжурлар 1636 жылы бұрынғы атын өзгертіп, өздерін Цин (қытайша қасиетті деген мағынада) мемлекеті деп жариялады. Қытайдың әбден әлсіреуін күтіп отырған маньчжурлар 1644 жылы Пекинді басып алады. Сөйтіп сол кездегі есеп бойынша 300 миллион қытайды 300 мыңға жетер-жетпес маньчжурлар бағындырып алады. Содан бастап, 270 жылдай өздерінен мыңдаған есе көп халықты емін-еркін билеп-төстейді. Қан бұзылмас үшін маньчжур мен қытай некелесуге тиым салып, қалың қытайды өздері сияқты түгелімен айдар

қоюға мәжбүр етеді. Көктің ұлы асыл текті императордан бастап, барлық ұлықтар мен бастықтар тек маньчжур тегінен болуы керек. Десе де, салт-сана, тіл, дін жөнінен бұлар баяғыда-ақ қытайласып кеткен. Бұдан 2500 жыл бұрын өмір сүрген Конфуцийге жан теңгермей, соның ілімін қабылдап, оған Куңзі (данышпан, кемеңгер деген мағынада) деген атақ береді.

Цин империясы Жонғарияны басып алғаннан кейін қазақтардан бұл өлкеге ең алдымен басып кіргендер Аягөз, Ақшатау маңынан ауған Қызайлар мен Тарбағатайдың күнгейі Қатынсу бойынан асып түскен Төртуылдар еді. Бұларды Цин өкіметі үш бөлікке бөліп, Емілдің жоғары саласын «Бас Құлыстай» деп атап оны Жоңғардан қалған жұрнақ –қалмақтарға береді, олар өздерін қашан Жұмықтар келіп ығыстырғанша осында тұрды. Дөрбілжіннен бері Қамыстыға дейінгі аймақ «Орта Құлыстай» Төртуылдың иелігіне тиді. Ал Алакөлге дейінгі иен алқап Қызай мен Мәмбеттің үлесіне тиді. Қызайлар жүз жылға жуық осы өлкені мекендеп тұрды да, Керейлер көшіп келген соң, жер тапшылығынан Іле аймағына қарай қоныс аударуға тура келді. Қазақ руларының ішіндегі ең көп көшкен Абақ керейлердің бір бөлігі Монғолияның Қобда аймағына қарай асты да, бір бөлігі Баркөл, Еренқабырғаға қарай ішкеріледі. Бұл екеуіне де ілеспеген үшінші бір тобы Тарбағатайдағы Майлы-Жайыр тауларына келін қоныстанды. Сонымен Тарбағатай мен Алтай аймағында қазақтың орта жүзіне жататын екі үлкен ру бірлестігі қалыптасады. Оның бірі – наймандар да,екіншісі– керейлер.бұлардан басқа алты арыстан керейлермен қанаттасып жүретін аз ауыл уақ бар.Мұндағы найманның өзі үлкен үш тайпаға бөлінеді. Төртуыл және Байжігітке жататын Жұмық пен Мәмбет. Бұлардың әрқайсысы өз ішінен тағы тармақталып кетеді. Сөйтіп Жұмық сегіз зәңгі, Төртуыл жеті зәңгі Мәмбет алты зәңгі ел екен.Бұларға күн сайын қосылып жатқан төрт зәңгі керей мен бір зәңгі уақты қоссақ, Тарбағатайдағы қазақтың өзі әжептәуір елге айналады. Осы қолжазбаны оқу арқылы Ши-амбы бұл аймақтағы қазақтарды төрт үкірдайға топтастыруды ойластырады. Ақ патшаға қарайтын қазақтардың басқару жүйесінде де ру-тайпа бірлестігі қатты сақталатынын сол кездегі орыс консулы Н.Н. Балкашиннен сұрап, біліп алады.

Осы орайда Балкашин туралы бірер сөз айта кеткен жөн сияқты. Консул Николай Никонорович Балкашин 1858 жылы Мәскеуде Кадет корпусын бітіріп, оншақты жыл сондағы губернатор кеңсесінде істейді. 1881 жылы Құлжаны қайтарып беретін «Петербург шартынан» кейін Шәуешекте жаңадан Ресей консулдығы ашылғанда Балкашинге патша ағзамға шын берілген адал қызметкер ретінде қарап, оған зор сенім артып, бас консул етіп тағайындады.Ол 1882 жылдың 12 сентябрінде Шәуешекке келіп, өз жұмысын бастап кетеді. «Батыс Сібір,Орта Азия және Қытай иеліктері арасындағы сауда жолдары» деген еңбегі орыс географиялық қоғамы тарапынан жақсы бағаланды. Көзі ашық, білікті адам болғандықтан, романда орыс консулы өзінен жас кіші болса да, Демежанмен сыйлас, пікірлес жүреді. Өзі тұрған аймақта орыс пен қытайға қарағанда мұсылман халқының саны көп екенін ескеріп, Балкашин бар жұмысты жергілікті халықтың салт-дәстүр, дағдысымен санаса отырып шешті. Сол өлкедегі Ши-амбыға қателігін бетіне басып, айтқанын істетіп, айдағанына жүргізетін Балкашиннен басқа адам болған жоқ. Егер Балкашинмен шығыса (келісе) алмаса, Ши-амбының да аймақ әміршісі болуы екіталай еді. «Қай жерде қай халық көп болса, соларға жүгіну үлкен саясат еді, бұл жағынан хабары жоқ біреулер Балкашин мұсылман екен деп те жүрді»– дейді тарихшы Құрбанғали Халид [5, 169 б.]. Орыс тілін өте жетік меңгерген атақты қазақ ақыны Әріп Тәңірбергенов Семейдің Сергиополь уезінің басшысы Троицкиймен тіл табыса алмай, осы Балкашин консул боп тұрған кезде Шәуешекке келіп, тілмаш болып қызмет істейді. Балкашин кеткенде ол да өз еліне қайтып кетеді. Өкінішке орай, 1887 жылы Петербургке қайтып бара жатып, Шиху мен Манас арасындағы жолда дарынды орыс дипломаты Н.Н Балкашин қырықтан асқан шағында кенеттен қайтыс болады. Егер 1907-1908 жылдары Балкашин консул болып тұрғанда Демежан сияқты елге ықпалды

адамның жазықсыз дарға асылып кетуіне жол бермес еді. Себебі Цин өкіметі ол кезде Ресейдің сенім артқан адамымен санаспайтын халде емес, құлаудың аз-ақ алдында құлдыраған кезеңінде тұрған болатын... Романдағы Демежан дарға асылар алдында орыс консулы Соковтың келгенін көріп, үміт оты жылт еткендей болуы тегін емес. Бірақ Соков Балкашин емес те, Мәтен-амбы Ши-амбы емес қой.

Сөйтіп Ши-амбы қазақтар тұратын аймақты төрт бөлікке бөліп, тұңғыш үкірдайларды сайлайды. Соның бірі Демежанның әкесі Керімбай зәңгі еді.

Үкірдайлар мен зәңгілерді сайлау кезінде Құлбай деген бір бай зәңгі болуды армандап, Ши-амбыға ішінде үлкен көк айғыры бар отыздай жылқыны бір-ақ айдап әкеп өткізген-ді. Ши-амбы тізімнен шатасты ма әлде басқалардың бергені асып түсті ме, Құлбай ешбір мансапқа ілінбей атаусыз қалған-ды.

- Тақсыр... тақсыр! Мен көк айғырдың иесі Құлбаймын ғой. Сонымен маған тигені не болды? Елге кім болдым деп барайын?- деді ұлықтың аузынан шыққан сөзді қағып алғысы келгендей құлағын тосып.

Ши-амбы оны ұмытып қалған секілді. Қасындағы сібе тілмашы Дабынтай оның сөзін қытайшаға аударғанда ғана, «апыр-ай, осы қазақтар-ай» дегендей қабағын кіржитті де:

– Та бұ шың!– деп орнынан қозғала берді.

– Не айтты? Не айтты мына кісі?– деп, Құлбай ентелей түскен.Тілмаш ыңғайсызданып, иығын көтерді де:

– Өзіңіз де естідіңіз ғой, «Та бұ шың» деп тұрған жоқ па..–деген-ді.

Осыны естуі мұң екен, Құлбай тілмаштың сөзін түгел айтқызбай, Ши-амбының соңынан тұра жүгірді. Сірә, жаңағы «Та бұ шың» деген сөзді көп мансаптың бірі деп ұқса керек.

– Рахмет, тақсыр! Маған сол «Табышың» да жетеді. Бұл жақсылығыңды өмірі ұмытпаспын-ау. Енді Жұмықтың жуандары менімен санаспай көрсін! –деп, Ши-амбының тартынғанына қарамай, қолын алып сілкілей берді [2, 167 б.].

Сөйтіп, Құлекең ауылына барғанда, арнайы мал атап сойып кіші-гірім той жасайды.Келе-келе бұл оқиға ел аузында күлкіге айналып, әлгі кісі өле-өлгенше Құлбай табышың атанып кетеді. Та бұ шың – қытайша «ол болмайды» деген сөз екен. Романда тоңмойын, надан адамның бет-бейнесі осындай күлкілі штрихтармен нанымды түрде беріліп отырады.

Аймақ әміршісі Ши-амбының орынбасары, Тарбағатайдағы халдайлар кеңесінің бастығы Ши-халдай Демежанды қазақтардан шыққан кең тынысты, қайраткерлігін, қабілеттілігін біле тұра, қайда салса да бұзып-жарып шығатын біліктілігінен, әділеттілігінен сескеніп, орайы келсе, көзін құртып жіберуді ойластырады. Керімбай үкірдай ауырған күннен бастап, төртуыл атқамінерлерінің біразы үкірдайлықтан үміткер еді. Ши-халдай мен оның артында тұрған айдары тоқпақтай халдайлардың тұтас тобы Демежанды құлату үшін қазақтармен тіл табысады. Ши-халдай төртуыл жуандарының арасына жік салып, әрқайсына жеке-жеке уәде беріп, үкірдайлықтан үміттендіріп, Ысқақтың қолтығына дым бүркіп, Демежанға қарсы қайрап салады. 67 жасында Керімбай қайтыс болғаннан кейін, қазақ салтына жүйрік Ши-амбы қыр еліне төртуылдың бар билігі әзірше Демежанның қолында болатынын айтып, өз қолымен жазылған грамота-хатты Ши-халдайдың қолына ұстатып, Керімбайдың бата оқырына деп өз атынан атан түйе,тайтұяқ жамбы бастатқан бір тоғыз ақтық жіберетқізеді. Құлық-сұмдық, пәле-жаланы жеті қырдың астындағыны болжайтын көреген құмалақшыдай білетін Ши-амбы төртуыл зәңгілерінің меселін қайтару үшін мұны әдейі істейді. Расында да, желдің қай бағыттан соғатынын аңдап қалған ру басылары әзірше сыр алдырмай, Керімбайдың қырқынан кейін көкек айының ортасында Шәуешектегі төртуыл елінің сайлауында Демежанға амалсыз дауыс береді. Бірақ аймақ әміршісі Ши-амбы олардың жәшікке салған шарларын санамай-ақ, дүйім елдің көзінше Маншың өкіметінің Уаң (ақсүйек, князь мағынасында) дәрежелес шенін білдіретін, көк тасты

тәжіні Демежанның басына өз қолымен әкеп кигізеді. Бірақ өз билеушілерінің таза өз руларынан болмай, керей тайпасынан жаралуы төртуыл ұлықтарына іштей бір енжарлық туғызып, көңілдері олқы күйінде аттанады.

Сөйтіп, Демежан Тарбағатай аймағын мекендейтін төртуыл елінің үкірдайы болады. Ши-амбыға тілмаш болып жүрген кезінде,1880 жылдары екі елдің шекара бөлісі тұсында комиссияның құрамында болып шекара сызығы жүретін межені нақты айқындауда, қырғын болып кететін талай қиын-қыстау сәттерден екі жақты да аман сақтап қалады.Шекара бөлісі тұсында неден болса да тайынбауға дайын тұрған қарулы қазақтарға істің мән-жайын түсіндіріп, екі жақты да қантөгістен сақтап қалса, шекара бойына тақау отырған қазақтардың екі елдің қайсысына қараймын десе де ерікті болуы және қараған жағынан өріс-қоныс берілу мәселесінің шешілуіне де ықпал жасайды. 70-тен асқан шағында Ши-амбы қызметінен кетеді, оның орнына келген Мәтен амбының саясатына Демежан бірден қарсы шығып, жайылым жерді жөнсіз егіншілікке айналдыру, сондай-ақ егіншілік жерлер мен суды халдайлардың жеке иелігіне беруге қарсы батыл қарсылық білдіреді. Мәтен амбының парақорлығын әшкерелейді. Демежан тағдырына байланысты романдағы осы оқиғалар тарихи деректермен нақтылы үндесіп жатыр.

Мәтен амбы мен Ши-халдай өздерінің қылмыстарын қалайда жасырып қалу үшін қолдан келген қастығын аямай Демежанның көзін құртудың амал-айласын ойластырады.Ең алдымен Қызылбаланың Ысқағымен тіл біріктіріп, оны қаруландырып, Демежанға жабылатын жаланың бастаушысы, себепкері ретінде пайдаланады. Жамбылды (қорған) қорғайтын полицейлермен қоса келген Ысқақ полицейлердің мол шоғырына Демежан тұрған үйді қоршатып,жанында қалған бір жас полицейді дереу өлтіртеді де, Демежанның қорасындағы талдың түбіне көміп кетеді. Сосын өтірік шу-шұрқан шығарып, полицейлердің бәрін жинап, қайтадан Шәуешекке алып кетеді. Қаскүнемдердің мұндағы есебі Демежан өзін ұстауға барған полицейлерге қарсы шауып, ақыры, «өкімет адамын өлтірді» деген жаланы жабу болатын. Сценарий бойынша ертеңінде одан да көп полицеймен тергеушілер тобын келтіртіп, «өздері көмген дайын өлікті» тауып алған болып, Демежанды дереу тұтқындайды. Осы бетте Демежан абақтыда сұрақсыз, дәненесіз ұзақ жатады. Демежанды ақтаған халық атынан жазылған арызды тексеруге шыққан өкіл князь Дуаньді Мәтен амбы бастаған халдайлар және сол халдайлардың ықпалынан шыға алмайтын, Мамырбек төре, Ысқақ бастаған қолында билігі бар қазақтар Шепейзі деген жерден қарсы алады. Жазушының суреттеуінде бұл өңір ұрттам суы жоқ сексеуіл жыңғыл ғана өсетін, жергілікті халық «Тозақ-жетеу, Шепейзімен сегіз» дейтін алыс жол, Оның үстіне жан шыдатпайтын масасы бар. Жол азабынан әбден қажыған князь Дуаньді бәрі ортаға алып, Демежанды қаралайтын қағазға қол қойдырып алады да өзін Жайыр тауының жайлауына әкеліп жақсылап күтіп сый-сияпат жасап жібереді. Сонымен бірге өкілге Шәуешекке баратын ендігі жол өкілдің басып келген жолынан да ауыр екенін айтып, үрей тудырады. Сөйтіп алдауға түскен өкіл Демежан басына төнген ауыр қылмысты ашудың орнына халдайлармен ауыз жаласып, істі жауып кетеді. Демежанның ісі ақ болғанмен, осындай қолдан жабылған жаланың, бюрократтық машинаның құрбаны болып, 1908 жылы дарға асылады.

Қытай отаршыларының сан алуан зобалаңын бастарынан өткере жүріп, онымен күресе жүріп, халықтық рухани құндылықтарды, ұлттық болмысты сақтап қалған қандастарымыздың тарихи тағдыры туралы Қазақстандықтар тұңғыш рет Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш» (1974,1981), «Тағдыр»(1988) романдары арқылы танып білді Бұл романдар жанрлық сипаты жағынан тарихи көркем туындылар болғанымен, алғашқы романда 20-ғасырдың ортасына дейін Қытайда ғана сақталған көшпенділер тұрмысы, олардың ұлт-азаттық жолындағы күресі, Шығыс Түркістан мемлекетінің күйреуі, сол өлкеде Қызыл империяның орнау кезеңі (1950-1960), ұрпақ қамын ойлаған қандастарымыздың бір бөлегінің ата жұртқа қалай келіп қоныстанғаны туралы сөз болса, екіншісінде патшалық Ресей мен көршілес Цин

империясының 19-ғасырдың 80- жылдарында Шығыс Түркістан мен Орта Азиядағы иеліктерін айқындап, шекара сызығын тартқанда, осы өлкені жайлаған қазақ қонысын да қақ жарып өткендігі тарихи деректер негізінде сипатталады. Аталмыш екі шығармадағы Ысмайыл, Күдері, Қанағат би, Қайынбай, Жағфар, Естай, Нартай, Оспан, Тұрсын, Шәкен, Керімбай, Нұрбек, Демежан, Балкашин, Жасыбай т.б. сияқты кейіпкерлер тарихта нақты болған адамдар.Бұл шығармалардың тарихи сипаты келтірілген дерек көздерінің нақтылығымен ерекшеленеді.

Сонымен Қ.Жұмаділовтің романдары тұтас бір кезеңнің тарихи шындығын, ұлттық көркемдік дүниетанымын ашып берген құнды шығармалар екендігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр. В.Г. Белинскийдің: «Ізгі ниетті адамның қай-қайсысы да туған жермен өзінің қандас туыстығын, өзінің жан-тәнімен байланысты екенін терең сезінеді» – деген сөзі жазушыға арнайы айтылғандай [6, 20 б.].

Әдебиеттер:

1.Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: «Жазушы»,1985. – 397 б.

2. Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. 7-том. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. – 318 б.

3. Мұқаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920). – Алматы: Қазақпарат, 2000. – 336 б.

4. Арғынбаев Х. Мұқанов М., Востров В. Қазақ шешіресі хақында. – Алматы: «Атамұра», 2000. – 279 б.

5. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса (Бес тарих). – Алматы: «Қазақстан», 1992. – 304 б.

6. Даналардан шыққан сөз. Нақылдар жинағы. (Жинап, құрастырып, орыс тілінен аударған Асылов Ұ.). – Алматы: «Мектеп», 1987. – 438 б.

Зайкенова Р. З., Балтабаева Н. С.

Ценность исторического романа

В данной статье рассматриваются романы К.Жумадилова, являющиеся историческими ценностями, которые смогли отразить национальное художественное мировоззрение того периода.

Ключевые слова: *Роман, историческая ценность, народная ценность, судьба романа, литература, повесть.*

Zaikenova R., Baltabayeva N.

Value of the historical novel

This article discusses the novels of K.Zhumaliev that are historical values, which could open the national art world of the period.

Key words: *novel, historical value, people value, the fate of the novel, literature, story.*

***

ӘОЖ 821.512.122.32.09

Қадыров Ж.Т. *– филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті*
Жәмбек С.Н. *– филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті*
Қошанова Ж.Т. *– филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті*
E-mail: *zhkadyrov_777@mail.ru*

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Аннотация. *Бұл мақалада М.Жұмабаев поэзиясының көркемдік әлемі талданып, өлеңдеріндегі сөз қолдану ерекшеліктері салыстырылып, үндестігі айқындалады. Мағжан поэзиясының өзегі болып табылатын махаббат, сүйіспеншілік тақырыбының мәні сипатталады. Ақынның этногеникалық текпен байланысты символистік тәсілді шебер қолданылуы қарастырылады.*

Тірек сөздер: *поэтика, символизм, романтизм, фольклор, поэзия, проза, образ, символикалық меңзеу, этногеникалық тек, ырғақ.*

Мағжан Жұмабаев поэзия әлеміндегі жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс. Оның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін ХХ ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді.

Мағжан поэзиясының тіл кестесі, лирикасындағы сыр сезім тоғысы, суреткерлік пен ойшылдық оқырманын талай рет тамсандырып, небір дуалы ауыздардың ілтипатына ие болып, өзіне тәнті еткен. Атын атауға жасқанып, бұқпантайлаған заманда да тасты жарған тас бұлақтың суындай нәрлі поэзия жасырып оқыған талай жүректі өзіне баурап, өзгеше күйге бөлегені шындық. Мағжан поэзиясының осынау құдірет күшін өз замандастары толық мойындап, кейі ашық, кейі жұмбақтап болса да жазып та, айтып та кеткен.

Мағжан шығармашылығының биік деңгейге көтерілуінде халық ауыз әдебиетінің маңызы зор болған. Поэтикасының пайда болуы, көркемдік стилінің тууы, образ жасау принциптерінің дамуын, шығармасындағы халық тілінің айшықты кестелерінен дәстүрлі фольклордың элементтерін кездестіруге болады, фольклордағы көркемдеуші құралдарды пайдалануда да өзіндік стиль ерекшелігі болған [1, 208 б.].

Мағжан Жұмабаев өлеңдерін оқи отырып, өзі көп айтатын тылсым буғандай әсерге енесің, таңғаларлық күй кешесің, ойлар мен толғамдардың терең тұңғиығына сүңгіп, әсем суреттер дүниесіне кіресің, не суық, не жылы, әлде жарық, әлде көмескі сезімнен хабар беретін алуан бояудың сырларына қанығып, ақынның құдіретті шеберлігін мойындайсың.

Ақын тау туралы толғансын, не дархан даланың кеңдігін жырласын, тіпті көл немесе жазғы таңды, қысқы кешті, егінді, не жар, күн, ай жайында айтсын, бірінші кезекте өзінің дүние түсінігі, ішкі жай күйі тұрады, сонысымен айнала әлемді бірге толғандырып, бірге тебіренеді.

Ақын жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, бірге қанаттасып жатады. Әлем құбылысы санамен, көңілмен үндесіп, сұлу, сырлы, тіпті кейде ақыл-ойға сыймайтын фантастикалық суреттерді көз алдыңа келтіреді. Сөз көбіне ойдың білінер-білінбес сыртқы қауызы ғана сияқты көрінеді де, ақынның құдіретті шабытымен кестелеген түпкі мағына сурет болып санаңа еніп, сезіміңді

қалай билеп алғанын білмей де қаласың. «Жазғы жолда» деген өлеңінде ақын былай дейді:

Дала. Дала. Сар дала!
Жапан түзде бір қара...
Шілде. Оттай ыстық күн.
Дала – өлік. Жоқ бір үн.

Ж.Аймауытов Мағжанның ақындық өнері туралы: «Суретті, кестелі, көркем сөз Мағжаннан табылады, Мағжанды ақындық жағынан сөзсіз Пушкинге теңеуге ауыз барады», - деп анық та ашық жар салды. Мағжанның ақындық табиғатын тап басып таныған ол Мағжанды «ұлт ақыны», яғни ұлтын сүйген ақын деп біледі. Оны Пушкинге теңеуінде де осы негіз жатыр. Мұның өзі ұлылардың ең алдымен ұлтына қызмет етерінің, ұлтына еткен еңбегі арқылы өзгелердің де жүрегіне жол табарын танытады. Ал Мағжанды ақындық шеберлігі мен суреткерлік шеберлігі жағынан Пушкинге теңеген тек Жүсіпбек Аймауытов қана емес, Валерий Брюсов те оны «қазақтың Пушкині» деп атаған [2, 331 б.].

С.Мұқанов М.Жұмабаевқа: «Әдетте Абайды философ ақын, Мағжанды лирик ақын дейміз. Абай ақылдың ақыны да, Мағжан сезімнің ақыны» деп баға берген. Махаббат – әлем поэзиясындағы Абай арқылы жаңаша жаңғырды. Ол жырлаған «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы» сияқты өлеңдері махаббат сезімдерін асқақ гимнге айналдырып жіберді. Ал табиғатынан лирик М. Жұмабаевтың шығармашылығында да махаббат тақырыбы айрықша орынға ие. Мағжан Жұмабаев поэзиясынан кеңес тұсында датталмаған, күйе жағылмаған өлеңді табу қиын. Махаббат лирикасына дейін сынға ұшырады [3, 38 б.]. Мағжанды өз кезінде ақын ретінде танытқан да осы махаббат жайлы өлеңдері болатын. Бұл туралы кезінде Ж. Аймауытов «Ақын махаббатқа сенеді, жүрегі сезеді, махаббатсыз өмірде мағына бар деп білмейді. «Көңілді ашатын, жалынды басатын, жалғыздыққа, зарыққанда, талыққанда жүрекке ем болатын жалғыз ғана махаббат, адам шын сүйсе, махаббат жүректі жыралайтын тікенек! Жар сүйсе жүрек жазылады, сүймесе өледі, махаббат – бір тәтті у, дүниенің у-шуы махаббаттай күшті әсер бере алмайды» – міне ақынның махаббатына көзқарасы. Бірақ махаббатты мәңгі деп ұқпайды. Кейде махаббат тез сөніп қалуға мүмкін деп қарайды» деген пікір айтқан. Бұл жолдарды Жүсіпбек Мағжанның «Махаббат не?» өлеңінен жазған.

Махаббат – бір тікенек,
Жүрекке барып қадалар.
Бақытсыз ғой бұл жүрек,
Тамшылап одан қан ағар [3, 38 б.].

«Сүйгенім анық» атты өлеңіндегі сезімнің, яғни махаббаттың да өзгеретіндігін жырлаған.

Алдағаным жоқ,
Арбағаным жоқ,
Сен сөзіме, сұлу қыз!
Тап сол сағат
Сүйгенім хақ,
Куә мынау көп жұлдыз!
деген жолдарды меңзеп отырғандай.
Әйел сүйем, бірақ емес сендерше,
Мен сүйемін, жан-денесін бергенше.
Жан денесін бірдей алам, улаймын,
Қысып сүйем, құшағымда өлгенше, -

деп жырлаған ақын үшін махаббаттан күшті нәрсе жоқ. Өмірдегі ең қымбат, ең асыл – махаббат. Ол оны тақ пен тәжге де, тіпті дүниенің бар байлығына да айырбастамайды. Өйткені шын ғашық болудан артық бақыт жоқ. Ақын:

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына», -

деп жырлайды. Сезімді бұлайша асқақтата жырлау бұрын-соңды қазақ поэзиясында кездесе бермейтін. Мағжан Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқасындағы» «саған құрбан мал мен бас» деген ойларды ары қарай дамыта, тереңдете алып кетіп, махаббаттың сиқырлы сезімінің құдірет күшін жан дүниесімен жайып салады. Сүйіспеншілік сезімдерінсіз адамдардан адамдық істер күтуге болмайды. Махаббат – адам өмірінің мәні. Ақын тағы бірде ғашығыңды:

«Жалындап күйіп,
Бір ғана сүйіп,
Өлсең де болмай ма?» –

деп сауал тастай жырлайды. Өйткені адамды адам қылатын, ақынды ақын қылатын – махаббат. Гүл болмаса, бұлбұлдың сайрамайтындығы сияқты, ғашық болмаған ақын да жырлай алмайды. Шын сүйген ақын ғана шабыттанып, шын жырлай біледі.

Сүйіспеншілік – Мағжан поэзиясының өзегі, қаны, жаны, жүрегі. Оның «Сүй, жан сәулем», «Төгілген шашы», «Күміс нұрлы ай», «Шолпан», «Сүйгенім анық», «Хор сипатты қарындас», «Жас сұлуға», «Сәуле», «Гүлсім ханымға», «Жұлдызды жүзік, айды алқа ғып берейін» т.б. өлеңдерінде адам жанының сүйгеніне деген не бір тылсым сырлы әсем өрнек тапқан. Осы өлеңдерінің қай-қайсы болса да өзінше бір әлем, бір-бірін қайталамайды. Шетінен самалдай соғып, жібектей желпіп, жүректі тербетіп, ғажап бір күйге бөлейді [3, 39 б.].

Символизм алғаш әлем әдебиетінде романтизммен бірге болды. Кейін романтикалық сарын өршіл және кері тартпа болып екіге бөлінгенде, ойды бейнелеп жеткізуде шындық пен жалғандықтың ара салмағын өлшеп көрсететін әдеби құралға айналып, XIX ғасырдың ортасында әдебиетте романтикалық сарын мен реалистік шындыққа қосымша жаңа әдеби әдіс болып, Еуропа және орыс әдебиетінде қалыптасады.

Нәтижесінде символизмге реализм тәсілі енеді де, сол арқылы символизмдегі образдап айтар ойдың аясы кеңейіп, мазмұны өзгеріп, романтикалық сипаты реализмге ауысады. Қоғамдағы саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты, бірде күшейіп, бірде жоғалып отырады. Оны пайдаланушылардың да көзқарастары әр түрлі болады. Өмірдің шындығын шығармада ашып жазудың қажеті жоқ, оқыған адам қалай қабылдаса солай болуы керек дегендер, сөз сиқыры арқылы айғақ образды ойларын оқырман санасына сендіру арқылы жеткізіп қайғыртып, қуантып, түрлі көңіл күйге бөлеуі керек деушілер де табылды.

Сондай-ақ символизм – қоғамдық басқару жүйесіндегі кемшіліктермен көзқарасы келіспегендерді қоғамнан аластаудағы, қоғамдық бәсекелестік күшейгенде, тәртіп сақшыларының қолданған қаруы да болған. Бұдан символизмнің үлкен күрделі процестерді бастан кешіп, дамып келе жатқандығы, оның өміршеңдігі ғана емес, тағдырының да көп жағдайда қоғамдық билікпен тікелей байланысты болғандығына дәлел.

Себебі ашық айтылған ой бақылауға алынып кудаланса, баспасөзде жазылған пікірлерді цензура жібермеді. Осыдан келіп мағынасы сырғымалы, ойы екі ұшты, тұманды тұйыққа тірейтін, абстрактылы, философиялық шығармалар пайда болды. Ол бастапқыда поэзияда көрініс берсе, кейін прозаға ауысты [4, 19 б.].

Мағжан өзінің «Толқын» деп аталатын өлеңінде сөзден сурет жасай отырып, толқындардың тебіренісі әр түрлі болып келетіндігіне назар аударады. Сондықтан оның толқындары нәзік, сырттай қарағанда өмірге қатер тудырмайды. Сылдырап

аққан бұлақтың бетінде бірде көпіршіп, бірде иіріле ағатыны зиянсыз. Еркелей күліп, еріне басып, бірін-бірі қуалай ойнап, жылтырай жылыстап, сырғанай сырғып ағатын арық сулары мен бұлақтардың бетінде мың бұрала билейтін қарапайым толқындар. Оны Мағжанның қызықтайтын себебі, су аққан кезде табиғаттың өзі тудырып, қызықтырып барып тарап кететін құбылысынан. Қасына жақындағысы келгенді шетке қақпайтын жылы мінезді болғандығынан қатерлі емес. Солай көрінсе де Мағжан оның қимылына, біріне-бірі жұтып жіберетін адамдардың жымысқы әрекетін көреді. Толқынмен толқын сырласып бірін-бірі қуалай алдап, еркелей ойнатып, жар-жағалай жарыса жүгірген болып, абайсызда итеріп құлатып жіберген соң, өтірік жылап көз жасын сүртіп, жағалауға кейін қарай шегініп, өзге толқындардың соңынан ілесіп, көрінбей кететін адам әрекетінің образын ойға салады. Жартасқа сүйеніп көз жасын сүртіп, сылқ-сылқ күліп, бірінің ізін бірі аңдып, қуалай жорғалап, жоғалып жататын адам тағдырымен астарлайды. Осылайша философиялық қиялында өмірдің толқынды құбылысының қозғалысын ойға салғандай образдайды. Бұл – Мағжанның сөз суреткері екендігіне куә. Онда адам өміріне қатер төндіретін таудай үлкен толқындар болмағанымен, сыбырлай сылдырлап, былдырлап ұрланып аққан толқындардың да, назарға іліге бермейтін қатерлі тұстары бар екендігін аңғартқандай болады. Мағжан ескі қоғамдағы маманның орнын жаңаның ауыстыруын су бетіне көтеріліп келіп, көрінбей жоғалып кететін толқынның образында бейнелейді. Бұл – ұрпақты ұрпақ ауыстыратын өмірдің философиялық құбылысы. Өлеңнің сыртқы суретінен табиғаттың көркем көрінісін көрсек, ішкі астарынан адам тағдырын танимыз [4, 24 б.].

Мағжанның символистік тәсілін екі арнада қарастыруға болады. Алғашқысы, этногенетикалық тегімізбен байланысты. Себебі, Мағжанның шығармашылығы қазақ әдебиетінің ояну дәуірімен тұстас келгендіктен, ұлтының көне тарихын тірілту арқылы ұлттық санасына қозғау салуға ұмтылды. Екіншісі, Еуропа және орыс әдебиетінің озық тәсілдерін пайдалана отырып, қазақ әдебиетін жанрлық және көркемдік жағынан байытты. Этногенетикалық тарихымызға назар аударсақ, қазақ символизмінің алғашқы бастауы тау шатқалдарындағы қашап салынған суреттерден басталған. Ата-бабаларымыз дүние танымдарын аңдардың, құстардың образында бейнелеп отырған. Бұл сол кездегі ата-бабаларымыздың ойларын суреттермен образдап айта білгендігін дәлелдейді. Демек, қазақ даласындағы тау шатқалдарына қашап жазылған суреттер образды ойлау адам жаратылысымен бірге келе жатқандығын дәлелдейді.

Тұспал сөз бен астарлы сөзде халықтардың өмір салты, жеке адамдардың тағдыры, олардың арасындағы қарым-қатынастар мен іс-әрекетіне қозғаушы болған себепкер сөз болады. Тұспалдап тудырудың тәсілі шексіз, ол ақынның тапқырлығына, ұшқыр қиялына да байланысты болып келеді. Себепсіз ән тумайды. Ән бойындағы астар мен тұспалдың мәнін ашу үшін оны тудырған өмірлік жағдайларды анықтамаса, мәнін түсіну де қиын. Тұспалдап айту Ақан серінің өлеңдерінде мол кездеседі. Ақан Жамал деген қыздың атын арабтың үш әрпімен жұмбақтаса, Ыбырай өз сүйіктісін «Гәкку» дейді. Біржанның «Ләйлім Шырақ», «Көлбай-Жанбай» әндерінің негізі шідерді «жоқтау» тәрізді болып көрінсе де, шындығында кәріліктің аяғына тұсау бола бастағандығын білдіреді.

Символист ақындарды ақсүйектер әдебиетінің өкілдері дейтін сыры да осыдан. Ендеше ойды бейнелеп айту тәсілі, этногенетикалық қанымызбен қабысып, көнеден келе жатқан дәстүр десек, С.Кенжеахметов: «Қазақ халқының символизмі, ұлттық психологиямызға негізделген. Ол ішкі сезімдер мен іс-әрекетті сөзбен айтпай, ыммен, ишарамен, қимылмен, еппен сездіретін ұғымдар болып табылады. Мұны әдет-ғұрып деп атайды», - дейді. Осы әдет-ғұрыптарды өзінің пайдалану тәсілдеріне қарай қолданудың нәтижесінде, ішкі көңіл-күй сезімдерін тапқырлықпен сыртқа шығарып отырған. Ым мен қимылды іс-әрекетте қолдану көп сөзді шығындамай, ойды астарлай айтудағы бір тәсілі. Ата-бабаларымыз ыммен білдіретін ойларын орынсыз қолданбай, белгілі мақсатқа бейімдеген. Ол поэзияға түскенде көркем әдеби

тәсілге айналған. Сондықтан тілмен айтып жеткізе алмаған ойды ишарамен, ымдап білдіру ұлт ғибратының бір қыры деп қарағанымыз жөн. Бұдан ел ішіндегі алауыздықты пәтуалы сөзбен тоқтату үшін, бет пішіндегі мимикалық қозғалыс пен сесті қимылдарды да қолданғандығын байқаймыз. Ендеше, ойды бейнелеп айтудың да адам тәрбиесінде маңызды міндет атқарғандығына көз жеткіземіз [4, 37 б.].

Елінің мұң мен зары кенеуінен асып тұрған кезеңдерде жазылған «Қысқы жолда» деген өлеңінде жасырын тұрған символикалық меңзеу бар.

Қараңғы түн, сар дала,
Көрінбейді айнала.
Боран соғып тұр борап,
Жолды басқан құр сорап,
Астымдағы жануар
Құлағын қайшыландырып,
Зорға борт-борт желеді, -

деп, сол кездегі қазақ халқының басына түскен ұлы нәубеттен ұлтының аман шығарына Мағжан көңілі күдікпен қарайды. Лирикалық қаһарман мінген Қаракөк «Зорға борт-борт» желеді. Борт-борт желіп келе жатқан ақынның көңіл күйі, ақынның ғана емес тарихтың айрық жолы тағдырын шешпек халықтың көңіл күйі. «Ашуы ашыған у, ойы кермек» болған ақын бұдан әрі:

Боранын тәңірі ашпады,
Жол білінбей бастады
Көрінген бір жарық жоқ,
Босаңсиды Қаракөк
Сар далада адасып,
Суық кебін жамылып
Қаларын кім біледі?-

деп, қазақ халқының алған бағыты, бет бұрған күрес жолы дұрыс па деген сұрақ қояды. Ақын жаны жауап таба алмайды, күмәні көп.

«Суық кебін жамылып,
Қаларын кім біледі?»

деген күдікті көңілде күңіренген күрсініс бар [5, 341 б.].

Жүрегі сезімтал, ойы жүйрік ақын қазақ халқының алдында тұрған сан тарау жолдың қиындығын ерте сезгендей. «Жазғы жолда» деген өлеңіндегі:

Айнала – өлім, ешбір үн,
Жапан түзде жалғызбын.
Перісі неге келмейді.

Немесе:

Жол жыландай иіріліп,
Шаң ерініп үйірілген,
Ешбір леп жоқ, тып-тыныш.
Аңсап есім жия алмай,
Көзімнің жасын тыя алмай,
Өлсем екен тұншығып, -

деген өлең жолдарынан ақынның нәзік жанымен астасып жатқан түйіткіл мұңды танимыз. Жаздың жадыраңқы суретінен де, қыстың қытымыр түрінен де ақын жаны тыншу таппайды. Табиғат суреті мен ел тағдырын салыстыра бейнелі де бедерлі сурет жасайды. «Қараңғылық қоюланып келеді» деген өлеңінде:

Пеш ішінде шоқ ақырын сөнеді,
Сөнген шоқты үріп бала күледі.
Ой басты ма? Әлде көзім талды ма?
Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді, -

деп, қазақ халқы үшін қараңғылықтың бұрынғыдан бетер қоюланып келе жатқандығына, қазақ елін жарық таңға жеткізер сәулелі үміттің алыстығына налиды [5, 342 б.].

«Сағындым», «Сарғайдым», «Түс», «Анама», «З-ға» сияқты өлеңдері Мағжанның түрмеде жазған шығармалары. «Сарғайдым» деген өлеңінде ақын:

Сарғайдым күннен-күнге қуат кеміп,
Қалың ой – жылан жүректі еміп.
Ақырын бітіп барам жанған шамдай,
Көзіме ыстық жастар мөлт-мөлт келіп.
Жасаған! Тез алатын ажал жоқ па?
Қинама, тез өлейін, ұшыр оққа! –

деп, түрмеде ауыр хал кешіп, темір торға қамалған ақын жанының арпалысын танытады. Ақынның тілегені – өлім емес, ерлік. Өлім түрмеден де табылады, ақын ондай өлімді місе тұтпайды, ерлік өлімді қалайды. Ол өзінің «Алдамшы өмір» деген өлеңінде осы рухтағы өршіл ойын нәзік сезімге көмкеріп береді:

Өмір, шіркін, бықсып ақырын сөнеді,
Үміт, шіркін, тотығады өледі.
Өлді үміт, мен де ұзамай өлемін,
Соққы жеген сорлы жүрек біледі.

Өлең шумақтарын оқып отырып ақынмен бірге егілесің, мұңаясың. Бірақ ақын үмітінің сөнбейтініне сенесің. Бостандықтағы ой-армандарының орындалмай қалғандығы ақынды уақытша налытады. Торыққан көңіл жанына саяны өлімнен іздейді. Ақын сөнген үміттен өлімді артық көреді [5, 345 б.].

ХХ ғасырдың басында әдебиет әлемінде қатар қанат қаққан ақындардан Мағжан Жұмабаевтың басты ерекшелігі өлең өрімінің өзгеше сұлулығы мен саздылығында, бұрынғыдан ақталған ырғақ пен әуезділік үрдісінің жаңа үйлесім табуында.

Мағжан туған табиғатты жырлап, кіршіксіз тазалықты, сезімнің тұнба тұнығын содан іздейді. Ақынның шерлі жүрегі соған ғана тағат тапқан. Ол туған табиғаттың сұлулығын паш етіп, адам мен табиғат бірлігінен нақтылық іздейді. Ақынның табиғатты жырлаған өлеңдері: «Қайық», «Жел», «Толқын», «Көкшетау», «Алатау», «Жазғытұры», «Күз» және т.б. Оның лебінен жылылық ескен әдемі өлеңінің бірі – «Жел».

Мазасы жоқ жел ерке,
Оянып ап тым ерте,
Жорғалай басып кетеді.
Тыныш жатқан түс көріп,
Көлдің бетін кестелеп,
Оны әуре етеді.

Мұнда ақын желдің «ерке мінезін», ешкімге мойынсұнбас еркіндігін баса жырлайды. Өйткені ақын жаны да сол еркіндікті аңсайды.

Мағжан – қазақ поэзиясының саздылығын, әуезділігін арттырған, соған көңіл бөле отырып, арғысы француз, бергісі орыс символистерінің өлеңдерінен дәстүр тапқан ақын. Еуропа ақындарының шығармашылығындағы мөлдір бұлақтан сусындай отырып, оны қазақ поэзиясының сұлулығымен үндестіре білген ақын. Мағжанның жаңашылдығын осы тұрғыдан таныған жөн. Мағжан – қазақ поэзиясының жарық жұлдызы ұлы Абайға еліктей отырып, ұлы ұстаз жолын ұстанғанмен өзінше жол табудан жалықпай, көп ізденген жан. Өлеңдеріндегі табиғат суреттері, оның тылсым шақтары ақын көңіл-күйімен, мұң-қайғысымен, қуаныш-шаттығымен қат-қабат келіп отырады. Осының бәрі тұтаса келіп, Мағжан суреттеп отырған дәуірдің бейнесін толық ашып береді. Сондықтан да бейнешілдікті ең шырқау биігінде көрсету үшін, ақын өз басындағы қайғы мен қасіретті, мұң мен зарды халық басындағы ауыр күндерін астастыра жырлайды. Ол қандай сөз қолданса да талғап, ой таразысынан өткізіп, өлеңнің ішкі-сыртқы тұтастығының сай келіп отыруын көздеген. Өйткені оның өлеңдерінен басы артық, бос сөздерді кездестіре алмайсыз. Қай өлеңін алсаң да белгілі бір ырғақпен, әдемі әуезбен, сөз өнерінің сиқырлы әлеміне тарта береді. Сондықтан да Мағжанның «суретті, кестелі, көркем сөзі» ешкімге ұқсамас өзіндік өрнек.

Мағжан – қазақ поэзиясында өзіндік жаңашылдығы мен дәстүр қалыптастырған, соны ізденістері арқылы өзіндік өнерпаздығына ғана тән әдеби әдістер әкелген ақын. Ол қазақ лирикасына сыңғырлаған нәзік әуез нәрін құйып, ұлттық рухты ұлттық сезімнен қуат алған өзгеше үнмен жырлады [5, 351 б.].

Мағжан Жұмабаев – ұлтымыздың мақтанышы, халқымыздың бағына туған жарық жұлдызы. Мағжандай ақынның өлеңдерімен сусындап өскен ұрпақ – бақытты ұрпақ. Ол жастарға, яғни бізге, үлкен сенім артып, еліміздің атақ-даңқын шарықтататын жас ұрпақ екеніне кәміл сенген.

Әдебиеттер:

1. *Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 232 б.*
2. *Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: оқулық. – Алматы, 2012. – 408 б.*
3. *Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: Фолиант, 2004. – 304 б.*
4. *Қанарбаева Б. Мағжан символист: Зерттеу. – Алматы, 2007. – 288 б.*
5. *Жұмабаев М. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер. – Петропавл, 2006. – 428 б.*

Кадыров Ж.Т., Жамбек С.Н., Кошанова Ж.Т.

Художественный мир поэзии Магжана Жумабаева

В данной статье путем анализа художественного мира поэзии М.Жумабаева, сравнения особенностей применения слов выявлены особенности созвучия его стихов. Описываются значение темы любви, влюбленности, которые являются актуальными в его творчестве. Рассматривается мастерское применение элементов символизма, связанных с этногенетическим происхождением поэта.

Ключевые слова: *поэтика, символизм, романтизм, фольклор, поэзия, проза, образ, символическое направление, этногенетическое происхождение, пауза.*

Kadyrov Zh.T., Zhambek S.N., Koshanova Zh.T.

The artistic world of magzhan zhumabayev's poetry

The given article deals with the analysis of the artistic world of M. Zhumabayev's poetry through the comparative interpretation of the peculiarities of vocabulary use and the common features of assonance. It also focuses on the concepts of love and amorousness – relatively topical themes in his works.

The paper scrutinizes the proficiency of application of the symbolic elements connected with the ethnogenetic background of the poet.

Keywords: *poetics, symbolism, romanticism, folklore, poetry, prose, image, symbolic direction, ethnogenetic background, pause.*

***

УДК 81(574)

Абуханова А.Г. *– кандидат филологических наук, доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова*
Кожахметова Р.Б. *– магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова*
E-mail: *rauwan_91@mail.ru*

ВЕРБАЛИЗАЦИЯ КОНЦЕПТА "АТ" В КАЗАХСКИХ ПОЭТИЧЕСКИХ ТЕКСТАХ

Аннотация. *Статья посвящена анализу вербализации концепта "ат" в казахском языке. Особое внимание уделяется проблеме соотношения слова и концепта, которая до сих пор не получила свое окончательное разрешение. В статье подтверждается имеющееся в когнитивный лингвистике мнение о том, что концепт репрезентируется многими знаками (как языковыми, так и неязыковыми). Палитра используемых средств чрезвычайно многообразна, зависит от авторской индивидуальности и глубины проникновения в национальную картину мира.*

Ключевые слова: *Концепт, когнитивная лингвистика, ментальные сущности, картина мира.*

Концепт – это ментальная сущность, которая имеет имя в языке и отражает культурно-национальное представление человека о мире.

К концу XX века лингвисты поняли, что носитель языка – это носитель определенных концептуальных систем. В каждом концепте сведены воедино принципиально важные для человека знания о мире. Система концептов образует картину мира (мировидение, мировосприятие), в которой отражается понимание человеком реальности, ее особый концептуальный «рисунок», на основе которого человек мыслит мир. Таким образом, на рубеже тысячелетий на первый план в лингвистике выходит проблема ментальности, ибо концепты – ментальные сущности [1, с. 24].

Термин "концепт" до сих пор не имеет единого определения, хотя он прочно утвердился в современной лингвистике. Исследованием его плодотворно занимаются Н.Д. Арутюнова [2], А.П. Бабушкин [3], А.Вежбицкая [4], Е.С.Кубрякова [5], В.Н. Телия [6], Р.М. Фрумкина [7] и др. По мнению Р.М.Фрумкиной [7], наиболее удачное определение концепта дает А.Вежбицкая, которая понимает под концептом объект из мира «Идеальное», имеющий имя и отражающий культурно-обусловленное представление человека о мире «Действительность» [4, с. 11]. Д.С. Лихачев под концептом понимал «своего рода алгебраическое выражение значения, которым человек оперирует в своей письменной речи» [8, с. 6]. Концепт, по определению Ю.С. Степанова, – это «ячейка» культуры в ментальном мире человека [9, с. 43], а культурно освоенные смыслы – это не только прямые связи с референтом, но и те невидимые нити ассоциаций, которые основаны на общей культурной памяти народа-носителя языкового сознания. Р.М. Фрумкина определяет концепт как вербализованное понятие, отрефлектированное в категориях культуры [7, с. 98]. С точки зрения В.Н. Телия, концепт – это продукт человеческой мысли и явление идеальное, а следовательно, присущее человеческому сознанию вообще, а не только языковому. Концепт – это конструкт, он не воссоздается, а «реконструируется» через свое языковое выражение и внеязыковое знание [6, с. 175].

Концепт является единицей ментального лексикона и представляет собой совокупность значений, ценностей и норм как результат познавательной деятельности человека. В ментальном лексиконе человека хранятся не только

значения, но и «предзначения» [8, с. 15], все вызываемые данным словом чувственные образы, созначения, оценки и коннотации, личные и коллективные, преломленные сквозь призму той или иной культуры в языковом сознании. Концепт в когнитивной лингвистике – это единица, открывающая доступ к пониманию того, «как концептуализируется мир через призму языка и какую картину мира демонстрирует изучаемый нами и отдельно взятый язык» [5, с. 46]. Языковые проекции концептов репрезентируют не только лингвистически освоенный мир в виде языковой картины мира, но и своеобразие способа освоения мира.

Одной из центральных теоретических проблем когнитивной лингвистики остается проблема соотношения слова и концепта. Такие исследователи, как А.П.Бабушкин, Г.Г. Слышкин, С.Г. Воркачев и ряд др. полагают, что концепт всегда имеет словесное выражение, обязательно назван словом, иначе нельзя говорить о существовании концепта. С.В. Кузлякин вообще отождествляет концепт и слово: «в число концептов включаются лексемы, значения которых составляют содержание национального языкового сознания» [9, с. 147].

Имеется и противоположная точка зрения. Так, например, Каюмова Д.Ф. считает, что концепты можно подразделить на вербализованные - для которых есть в системе регулярные языковые средства выражения и которые регулярно овнешняются в коммуникативном процессе в данной языковой форме, и невербализованные, не имеющие в системе языка регулярных, стандартных средств языковой объективации или имеющие только косвенные способы языковой объективации и вербализуемые искусственно в условиях принудительно поставленной задачи [10, с. 44].

Поиски определения концепта, его ментальной специфики были тесно связаны с проблемой классификации концептов, которой исследователи уделяли большое внимание. Интенсивное развитие когнитивной лингвистики, теоретическое осмысление понятия «концепт» и типологии концептов привело исследователей к пониманию того, что концепт представляет собой зонтичный термин, объединяющий разные виды ментальных явлений, функцией которых является структурация знаний в сознании человека [10, с. 42].

Концепт - категория мыслительная, ненаблюдаемая, и это дает большой простор для ее толкования. Категория концепта фигурирует сегодня в исследованиях философов, логиков, психологов, культурологов, и она несет на себе следы всех этих внелингвистических интерпретаций.

Д.С. Лихачев примерно в это же время использовал понятие *концепт* для обозначения обобщенной мыслительной единицы, которая отражает и интерпретирует явления действительности в зависимости от образования, личного опыта, профессионального и социального опыта носителя языка и, являясь своего рода обобщением различных значений слова в индивидуальных сознаниях носителей языка, позволяет общающимся преодолевать существующие между ними индивидуальные различия в понимании слов. Концепт, по Д.С. Лихачеву, не возникает из значений слов, а является результатом столкновения усвоенного значения с личным жизненным опытом говорящего. Концепт в этом плане, по Д.С. Лихачеву, выполняет заместительную функцию в языковом общении [8, с. 8].

Е.С. Кубрякова предлагает такое определение концепта: *«Концепт* - оперативная единица памяти, ментального лексикона, концептуальной системы и языка мозга, всей картины мира, квант знания. Самые важные концепты выражены в языке» [11, с. 45].

В.И. Карасик характеризует концепты как «ментальные образования, которые представляют собой хранящиеся в памяти человека значимые осознаваемые типизируемые фрагменты опыта» [1, с. 59], «многомерное ментальное образование, в составе которого выделяются образно - персептивная, понятийная и ценностная

стороны» [1, с. 71], «фрагмент жизненного опыта человека» [12, с. 3], «переживаемая информация» [12, с. 128], «квант переживаемого знания» [12, с. 361].

А.А. Залевская определяет концепт как объективно существующее в сознании человека персептивно - когнитивно - аффективное образование динамического характера в отличие от понятий и значений как продуктов научного описания [13, с. 39].

Н.Н. Болдырев разграничивает конкретно-чувственные образы, представления, схемы, понятия, прототипы, пропозиции, фреймы, сценарии или скрипты, гештальты [14, С. 36-38]. С.Г. Воркачев выделяет концепты высшего уровня и обычные концепты [15, с. 67]. Г.Г. Слышкин выделяет первичные и вторичные концепты, метаконцепты (которые образуются в результате осмысления продуктов предыдущей концептуализации и в которых реализуется рефлексия носителя языка [16, с. 5], а также пропорциональные, сформировавшиеся, формирующиеся, предельные и рудиментарные лингвокультурные концепты [16, с. 7]. В.И. Карасик разграничивает параметрические и непараметрические (регулятивы и нерегулятивы) концепты. М.В. Пименова выделяет следующие виды концептов: образы (Русь, Россия, мать), идеи (социализм, коммунизм) и символы (лебедь) [17, с. 8], а также концепты культуры, которые делятся на несколько групп: универсальные категории культуры - время, пространство, движение, изменение, причина, следствие, количество, качество; социально-культурные категории - свобода, справедливость, труд, богатство, для русских - достаток, собственность; категории национальной культуры - для русских это воля, доля, соборность, душа, дух; этические категории - добро, зло, долг, правда, истина; мифологические категории - боги, ангел-хранитель, духи, домовой [17, с. 10]. Существуют и другие классификации. Концепты-представления, как правило, объективируются в языке преимущественно лексическими единицами конкретной семантики. Фрейм - мыслимый в целостности его составных частей многокомпонентный концепт, объемное представление, некоторая совокупность стандартных знаний о предмете или явлении. Сценарий (скрипт) - последовательность нескольких эпизодов во времени; это стереотипные эпизоды с признаком движения, развития. Гештальт - комплексная, целостная функциональная мыслительная структура, упорядочивающая многообразие отдельных явлений в сознании. Гештальт (термин Х. Эренфельса, австрийского искусствоведа конца XIX века), представляет собой целостный образ, совмещающий чувственные и рациональные элементы, а также объединяющий динамические и статические аспекты отображаемого объекта или явления. Типичными гештальтами являются концепты, объективированные такими лексемами, как очередь, игра, пытка, любовь, судьба и др. Таковы основные типы концептов по характеру концептуализируемой информации. Существенной для линговокогнитивного исследования оказывается также типология концептов по характеру их «наблюдаемости», объективированности для человека.

Исследования последних десятилетий, представленные в работах Н.Д. Арутюновой [2], В.Н. Телия [6], [18], В.А. Масловой [1], А.Вежбицкой [4] и др., показывают, что язык и культура настолько взаимосвязаны, что практически составляют единое целое и не могут функционировать друг без друга; обе системы имеют комплексный характер, связаны с мышлением и коммуникацией.

В.Н. Телия определяет лингвокультурологию как научную дисциплину, исследующую "воплощенные в живой национальный язык материальную культуру и менталитет и проявляющиеся в языковых процессах в их действенной преемственности с языком и культурой этноса", и расматривает лингвокультурологию как "...часть этнолингвистики, которая посвящена изучению и описанию корреспонденции языка и культуры синхронным их взаимодействием" [6, с. 217-218]. Автор указывает на совпадение в основном задач лингвокультурологии с задачами этнолингвистики. В другой работе В.Н.Телия определяет задачи лингвокультурологии, выделяющие ее из этнолингвистики в самостоятельную область, и призывает описывать "...взаимодействия языка и

культуры не только в ее этнических формах, но и в формах национальной и общечеловеческой культур" [18, с. 102].

Концепт, связанный с образом лошади, с понятием «лошадь», с лексикой, обозначающей лошадей или соотносящейся с лошадьми, является универсальным, поскольку он занимает очень важное место во многих лингвокультурах, но одновременно в каждой из них наполнен своим содержанием. Данный концепт своеобразен в каждой лингвокультуре и, соответственно, не может быть обозначен каким-то одним словом.

Образ лошади и лексика соответствующего семантического поля присутствуют в пословицах и поговорках, существующих в различных языках: конь о четырех ногах, да и то спотыкается; all lay loads on a willing horse, жақсы атқа бір қамшы, жаман атқа мың қамшы. Жақсы атын мақтар, жаман қатынын мақта. Жақсы аттың тісін ашпа, жақсы адамның жасын сұрама. Жақсы аттың жалын сатқанша, жақсы жігіттің арын сақта. Аттының сыры иесіне мәлім. Алдыңғы айылдың батқанын, иесі білмес ат білер. «Там, где находится лошадь, там не бывает нечисой силы», «Без коня казак кругом сирота».

Концепт "лошадь" присутствует в языках целого ряда народов. Целостный образ лошади (гештальт) представлен в произведениях живописи, скульптуры, литературы во многих мировых культурах. Так, замечательный русский писатель А.И. Куприн пишет о лошади следующее:

"Лошадь гораздо щедрее, чем человек, одарена инстинктами и физиологическими чувствами. Слышит лошадь лучше кошки, обоняет тоньше собаки, она чувствительнее к ходу времени, к перемене погоды…. Нет ей равного на земле животного" [19, с. 148].

В лингвокультурологическом толковом словаре русского языка С.И. Ожегова, Н.Ю. Шведовой концепт "Лошадь" представлен следующими тремя значениями. Например:

Лошадь – входит в число типичных русских 1. мифологических образов; 2. выступает как стереотипный образ; 3. может употребляться для характеристики человека.

Лошадь – одно из самых мифологизированных животных [20, с. 162].

В казахской культуре подобно многим другим животным, лошадь амбивалентна: связана одновременно и с плодородием, и со смертью. Издревле лошадь использовалась как основное транспортное животное, в силу этого лошадь воплощает связи с потусторонним миром, воспринимается как проводник на тот свет.

"Ат" является типичным казахским мифологическим образом, потому что как наиболее почитаемое животное "Ат" достойно воспето в героических сказаниях казахов. По мнению В.Я. Бутанаева, «имя человека и лошадь в тюркских языках носит идентичное звучание «ат», ибо в эпической жизни богатырь неразрывно связан со своей лошадью [21, с. 73].

З.Д. Попова и И.Я. Стернин в своей работе "Когнитивная лингвистика" установили, что концепт не привязан к одному языковому знаку – он выражается многими знаками как языковыми, так и неязыковыми, и никогда полностью не выражается. Любой концепт находится в мозгу разных людей, составляющих то или иное общество; имея общую часть для всех, он включает и множество варьируемых признаков – социальных, групповых, индивидуальных. Концепты, а с ними и концептосфера, постоянно развиваются, какие-то признаки они теряют, какие-то приобретают, какие-то видоизменяют. Поэтому, чтобы получить через анализ языка более или менее полное представление о признаках концепта, входящего в концептосферу конкретного народа, желательно привлечь к исследованию не только лексикографическое, но и психологически реальное его наполнение, включая его оценочное, эмоциональное, энциклопедическое содержание, отражаемое в том числе паремиями, ассоциативными полями и т.п. [22, с. 212].

В нашей работе рассматривается вербализация концепта "ат" в казахском языке.

В казахском языке концепт "ат" описывается в казахских народных сказках "Құрым сары айғыр мен сыншыл шолқар", в притче Абая Құнанбаева "Науша батыр", в поэме Ильяса Жансугурова "Құлагер", в очерке Ғафу Қайырбекова "Тұлпар туралы аңыз", в рассказ Сәбита Мұқанова "Жылқы" и др.

В произведениях казахских художников концепт "ат" также получил свое воплощение: в картине Жениса Какенулы "Сәйгүлік семантикасы", в картине Әбілхана Қастеева "Бие сауу", в картине Қанапия Телжанова "Көкпар" и др. Художник Жеңіс Кәкенұлы так пишет об этом концепте: "Басқа суретшілер жылқыға адамды мінгізіп суреттесе, мен жылқыны адам деңгейіне көтердім" [23]. В картине Есенгали Садырбаева "Охота кочевников".

Казахский акын Ильяс Жансугуров так описывает лошадь в своем стихотворения "Жырым жылқы":

Жасымнан жылқы десе менің жаным,
Атырдым жылқы ішінде өмір таңын.
Жапанда жел жылқының үстінде өскем,
Мекендеп өмірімде аттың жалын.
Мал сырлас, аттың сыры маған мәлім,
Жырым жылқы, жүйрік ат салған әнім.
Аспан асты, жер жүзі кең сахара
Күн көріп атам қазақ келген мәлім.
Қазақтың жылқы аңсатқан жарлы, байын,
Жарлыны жалғыз атсыз алды уайым.
Сүйген жар, сенген достан жақын жылқы,
Білген жан бекер демес аттың жайын.
Бірге өскен бала күннен құлын, тайым,
Тор құнан көке мінген күн-түн сайын.
Аптада ағарса да сақал, шашым,
Атымды не бетіммен ұмытайын! [24].

В данном стихотворени концепт "ат" вербализуется в следущих словах и словосочетаниях: аттың жалын, аттың сыры, жырым жылқы, жүйрік ат, құлын, тай, тор құнан.

Казахский акын Тайыржан Оразхан так описывает лошадь в стихотворении "Жылқы туралы":

Біздің ел ертеден-ақ жылқы баққан,
Қолға алғаш үйретіп, ноқта таққан.
Жүйріктерін ішінде таңдап мініп,
Сын сағатта ерлері жауға шапқан.
Биені еппен сауып, күбі піскен,
Қымыз ішіп дерт көрмей, батыр өскен.
Саумал ішкен сырқаттың көзі ашылып,
Бала-шаға қуанып ойнап кеткен.

В данном стихотворени концепт "ат" вербализуется в следущих словах и словосочетаниях: ақ жылқы, бағу, ноқта, батыр өскен, қымыз, алғаш үйрету, биен, сауу, күбі пісу, дерт көрмеу, саумал ішу.

Наша работа подтверждает имеющееся в когнитивный лингвистике мнение о том, что концепт репрезентируется многими знаками (как языковыми, так и неязыковыми)

Палитра используемых средств чрезвычайно многообразна, зависит об авторской индивидуальности и глубины проникновения в национальную картину мира.

Литература:

1. *Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. – М., 2011. – 296 с.*
2. *Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. – М., 1999. – 640 с.*
3. *Бабушкин А.Б. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. – Воронеж: Изд-во Воронеж., гос. ун-та, 1996. – 86 с.*

4. *Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М., 1996. – 416 с.*

5. *Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. – М., 1997. –245 с.*

6. *Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвакультурологический аспекта. – М., 1996. – 217 с.*

7. *Фрумкина Р.М. Прагматика новый взгляд // Семиотика и информатика. – 1994. – Вып. 34. – с. 98-113.*

8. *Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Известия РАН. Сер. лит. и яз. – 1993. – Т.52. – №1. – с. 3-9*

9. *Степанов Ю.С. Концепт. Структура концепта. Константы: Словарь русской культуры: 3-е изд. – М.: Академический проект, 2004. – с. 42-67.*

10. *Каюмова Д.Ф. Сравнительная когнитивная лингвистика: Краткий конспект лекций. – Казань: Каз.федер.ун-т., 2013. – 110 с.*

11. *Кубрякова, Е.С. Возвращаясь к определению знака. Памяти Р. Якобсона // Вопросы языкознания. – 1993. – №4. – с. 45.*

12. *Карасик В.И. Культурные доминанты в языке // Языковая личность: Культурные концепты: сб. науч. тр. – Волгоград – Архангельск – Перемена, 1996. – с. 3-16.*

13. *Залевская А.А. Психолингвистический подход к проблеме концепта // Методологические проблемы когнитивной лингвистики. – Воронеж: ВорГУ, 2001. – с. 36-44.*

14. *Болдырев Н.Н. Концептуальное пространство когнитивной лингвистики // Вопросы когнитивный лингвистики. – 2004. – №1 – с. 18-35.*

15. *Воркачев С.Г. Лингвокультурология, языковая личность, концепт становление антропоцентрической парадигмы в языкознании // Филологические науки. – №1. – 2001. – с. 64-72.*

16. *Слышкин Г.Г. Лингвокультурные концепта и метаконцепты / Дис... д-ра филол. Наук. – Волгоград, 2004. – 323 с.*

17. *Пименова М.В. Душа и дух: особенности концептуализации. – Кемерово, ИПК "Графика", 2004. – 386 с.*

18. *Телия В.Н. О методологических основаниях лингвокультурологии // XI Международная конференция "Логика, методология, философия науки". – М., 1995. – с. 102-106.*

19. *Куприн А. Каштанка, Белый пудель и другие истории о животных. – М., 1904. – 177 с.*

20. *Ожегов С.И., Шведова Н.Ю.Толковый словарь русского языка // Под ред. Д.Н. Ушакова – М., 1998. – 330 с.*

21. *Бутанаев В.Я. Традиционные способы введения скотоводства у хакасов // Вопросы этнограграфии Хакасии/отв.ред.Я.И.Сунчугашев.– Абакан. 1981. – №1 – с. 68-81.*

22. *Попова З.Д. Когнитивная лингвистика. – М., 2007. – 314 с.*

23. *Женис Какенулы в "Сәйгүлік семантикасы" – www.m.inform.kz/kz/article/2628856. Дата обращения: 07.02.2014 г.*

24. *Ильяс Жансугуров стихотворения "Жырым жылқы"- www.argymaq.kz/?p=564. Дата обращения: 13.06.2014 г.*

Абуханова А.Г., Кожахметова Р.Б

Қазақ поэтикалық мәтіндеріндегі "Ат" концептінің вербализациясы

Мақалада қазақ поэтикалық мәтіндеріндегі "Ат" концептінің вербализациясы анықталады. Сөз және концепттің арақатынасындағы мәселеге ерекше көңіл бөлініп, әлі күнге дейін өзінің түпкілікті шешімінің таппағандығын көрсетеді. Мақаладағы когнитивтік лингвистика туралы пікірді растай отырып, бұл концепт көптеген белгілерімен қайта қаралуда (яғни тілдік, не болмаса тілдік емес). Пайдаланған құралдардың түрлері мол болғандықтан,ол автордың жеке даярлығына және ұлттық әлем бейнесіне тереңірек енуіне көмектеседі.

Тірек сөздер: *Концепт, когнитивтік лингвистика, менталдық болмыс, тілдік әлем бейнесі.*

Abuhanova A.G., Kozhahmetova R.B.

Verbalization of the concept "Horse" in the Kazakh poetical texts

The article reveals means of verbalization of the concept "Horse" in the Kazakh poetical texts. Special attention is paid to the problem of correlation of word and concept

which until now hasn't received its final solution. The present article confirms the fact that a concept may be represented by different verbal and non-verbal signs. The palette of verbal and non-verbal signs used is extraordinarily varied and depends on the individuality of an author and the depth of his penetration into the national picture of the world.

Keywords: *Concept, cognitive linguistics, mental essence, language picture of the world.*

***

ӘОЖ 81'374

Иманбердиева С.Қ. *– филология ғылымдарының докторы, профессор, Алматы менеджмент университеті*
Ыбырайым Ә.О. *– филология ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті*
E-mail: *azimchan23@mail.ru*

«ЖАРАТУШЫ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛИНГВОКОНЦЕПТОЛОГИЯЛЫҚ КӨРІНІСІ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ПАРЕМИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. *Мақалада құрамында Жаратушы, Алла, Құдай, Тәңір теонимдері бар қазақ және түрік тіліндегі паремия негізінде «Жаратушы» концептісінің лингвоконцептологиялық көрінісі қарастырылған. Мақал-мәтелдер мен фразеологимдерді зерттеу нәтижесі қазақ және түрік тілдеріне ортақ әмбебап құбылыстардың барын көрсетті, бұл объективті болмыстың ортақтығымен, адамзаттың бірдей ойлау қабілетімен, адамзаттың кейбір әрекеттерінің ұқсастығымен, мифологиялық ойлау негізінің әмбебаптығымен түсіндіріледі.*

Тірек сөздер: *Әлемнің тілдік бейнесі, теоним, мәдени белгі, ұлттық нақыштағы компоненттер.*

Концепт оны білдіретін тілдік бірліктерінде шашылып жатыр. Концепт құрылымын құрастыру үшін концепт көрініс берген барлық тілдік корпусты (лексикалық бірліктер, фразеология, паремиологиялық қор), тілге тән ерекше эталон-образдан көрініс беретін тұрақты теңеулер жүйесін қоса зерттеу қажет [1].

Бұрынғыдан адамның бар өмірі, дүниеге келгенінен о дүниеге қайтқанға дейін жаратқанға сену, мұсылмандық әлемінен көрініс беретін мазмұнға толы болатын. Құдайға сену ұғымы, аңыз-әңгімелер, мешіттің құрылымы, әулиелердің есімдері, діндарлардың аталуы – барлығы адамның тілдік санасында көрініс тапқан ұғымдар, оның парасаттық бағытын анықтады [2].

«Жаратушы» концептісінің Орта Азия мұсылман халықтарының лингвомәдениетінде өте ұзақ тарихы бар, бұл тілде молынша көрініс табуымен (Алла, Құдай, Хақ, Құдіретті, Жаппар, Жаратушы, Тәңір т.б.), көптеген мақал-мәтелдер, афоризм, көркем шығармаларда, фразеологизмдерде, тарихи ескерткіштерде қолдануымен дәлелденеді.

Дін және Жаратушы (тек мұсылман қауымы емес, жалпы когнитивтік кеңістікте) концептісінің қалыптасуы туралы ойланған көптеген философтар дін мен Жаратушы ұғымы қатар әркез болған емес деген пікірде (Демокрит, Бенедикт Спиноза, Т. Гоббс, П.А. Гольбах т.б.). Олардың пікірінше, дін қалыптасуының бастапқы негізінде табиғаттың күшті құбылыстары алдындағы қорқыныш, болашаққа деген сенімсіздік, адамзаттың өз күшіне сенбеушілік жатыр. Діни сенім аспан құбылыстарына бас ұрудан туындаған. Басында адамдар табиғи құбылыстың өзінен қорқып, құрмет тұтқан, кейіннен көзге көрінбейтін, соларды бағындыратын белгісіз күшке сенген, соңынан ой-толғаулар біртұтас себеп, жоғары сана, Жаратушы туралы пікір қалыптастырған. Жаратушы – әлемді басқаратын, қасиет тұтатын ең жоғары құдіретті болмыс. Жоғарыда айтылған теорияға сәйкес Жаратушы ұғымының қалыптасуында метафора жатыр. Э. Кассирердің терминологиясы бойынша – «базистік

метафора», яғни «тек қана ауысу емес, сонымен бірге басқа түрге айналу; сондай-ақ санадағы барға ауысу емес, жаңа бір қалыпқа өту» негізінде қалыптасқан [3].

Жаратушыға сену – көптеген құбылысты: табиғи құбылыстар, эпидемия, өлім т.б. түсіндіреді. Түсінбейтін нәрселер жеңіл түсіндірілетін болды. «Метафора абстрактілі құбылыстарды жеңіл қабылданатындай түсінікті етеді (негізгі жолы – нақтыдан абстрактіге көшу, материалдыдан рухани дүниеге көшу)» [4]. Метафора бұл жағдайда көзге көрінбейтін, түсініксіз, жұмбақ нәрсені түсінікті, сана қабылдайтындай етуге көмектесті.

Өзінің ұзақ қалыптасу тарихында Жаратушы концептісі көптеген адамдарды толғандырды, бұл феноменді түсіндіруге талпынған көптеген мектептер құрылды. Антроплогиялық мектеп өкілдері (Л.Фейербах, Э.Тейлор, Г.Спенсер) діннің адами (анимистикалық теория) негізін табуға талпынды. Олардың пікірінше, өлгеннен кейін рухқа, соңынан Құдайға айналатын барлық заттардың жаны бар. Алайда бұл теория ғалымдар тарапынан да, діни өкілдер тарапынан да қатаң сынға алынды.

«Жаратушы» концептісін аталымдық тұрғыдан қарастырғанымызда, біз жинаған материал бойынша, Алла, Құдай, Тәңір бірліктері, сонымен бірге Алланың бірнеше көркем есімдері мен метафоралық аталымдары анықталды.

Тірек атау ретінде біз Алла, Құдай, Тәңір атауларын алдық, себебі олар өте жиі кездеседі және стильдік тұрғыдан бейтарап.

Зерттеліп отырған концептінің аталымдық өрісі кең, оны біз әсіресе Қ.А. Ясауидың «Диуани хикметінен» байқаймыз. Деривациялық өрісін Алладай, Құдайдай, Тәңірдей бірліктері құрады.

«Жаратушы» концептісінің мақал-мәтелдерде репрезенттелуі. Қазақ тіліндегі негізгі белгілері:

1. *Көпті жақтаушы:* Көп қайда болса, *Құдай* сонда; Тобы бірдің *Тәңірі* бір; Көпке ұнаған, Құдайға да ұнайды;

2. *Бәріне бір:* Адам басына бір Алла; Қашқан Құдай дейді, Қуған да Құдай дейді; Құдай біреу, кезек екеу;

3. *Еңбектенгенді қолдаушы:* Бекерден бекер жатқаннан *Тәңірі* безер; Берер Тәңірім талап қылсаң, Түк таппайды қарап жатқан; Бекерден Тәңірім безер; Десе де Құдай құрасын, Еңбек етсең – тұрасың;

4. *Құдың сазайын беруші:* Момынның есебін қу табады, Құдың есебін *Құдай* табады.

5. *Жаны таза, пәк адамдарды жақтаушы:* Аққа *Құдай* да жақ; Кірсіз – ай, мінсіз бір Құдай; Мінсіз *Құдай*, кірсіз су.

6. *Жақсылықты біреуден біреуге ауыстырып береді*: *Құдай* өзі бермейді, Біреудікін біреуге ауыстырып береді;

7. *Бұзық, ниеті түзу еместерді қолдамаушы:* Сүзеген сиырға *Құдай* мүйіз бермейді; Көпке тентек – Құдайға шет; Тоны жаманды ит қабар, Көңілі жаманды Құдай табар;

8. *Сиынғандарды қолдаушы:Алла* деп барсаң, аман келерсің; *Құдайға* сиынған құстай ұшады, Адамға сиынған мұрттай ұшар; Құдайға құр сөзбен құлмын деме; Алла деген ар болмас, Алла деген пенделер, еш нәрсеге зар болмас; Құдай десең құр қалмассың; Құдай берген арымас; Кісіден сұраған нәрсенің көзі шығар, Құдайдан сұраған нәрсенің бүйірі шығар;

9. *Ақыл беруші, жарылқаушы/ бермеуші:Құдай* маған түйедей бой бергенше, түймедей ақыл бер. Ауыз дарбаза, сөз самал *Құдай* ұрғанға не амал; Басты берген Құдай асты да береді; Білімді ұстаз бергенмен, Білікті Құдай береді; Құдай адастырарында адамның ақылын алады;

10. *сұрағанын беруші/бермеуші:Алла* бермегенді молда да бермейді; Уа, Құдайым, бала бер, бала берсең, сана бер, Сана бермеген баланды Қайтіп өзің ала бер; Тана пайда бермесе, *Тәңірі* пайда бермеді.

11. *көкті билеуші:Құдай* көгін билесін, Жеріме менің тимесін; Көкте – Құдай, жерде – құмай;

12. *кешіруші/ кешірмеуші:Алла* кешірер, аруақ кешірмес; *Құдай* бір айналдырғанды Шыр айналдырады; Күнәсін мойындағанды Құдай да кешіреді; Құдай қарғысынан халық қарғысы қапалы; Құдай атқан оңалар, аруақ атқан оңалмас;

13. *құдіретті шындық*: *Құдай* хақ, Құран шын; Адамның басы – *Алланың* добы; Құдайдың бір аты – халық;

14. *безгендік/ мойындамағандық:Құдайдан* қорықпа, Құдайдан қорықпағаннан қорық; Күштіде Тәңір жоқ; Аш адам Құдайын ұмытады; Алладан ойбайым жақсы; Құдайға да сенеді, Албастыға да ереді; Басы аман, шашы түгелдің, Құдаймен ісі жоқ; Басы ауырып, балтыры сыздамағанның Тәңірімен ісі жоқ; Жүйрік атқа мінген Құдайын ұмытар; Құдаңа бола Құдайыңнан айрылма; Ұра берсең, *Құдай* да өледі;

15. *жақтырушы/жақтырмаушы: Аллаға* жағайын десең – азаның, Қазыға жағайын десең – қазаның болсын;

16. *жалғыз дос:* Шайдан басқа асым жоқ, *Құдайдан* басқа досым жоқ; Жалғыздың жары – Құдай;

17. *бәрінен жоғары:Құдай* құлым десе, *Пайғамбардың* үмбетімін демеске шара бар ма?; Хан Құдай емес, қара құрай емес; Құдайдың алдында бай да, Кедей де, бәрі құл; Құдайдың құрығы ұзын; Көп Құдайдан бір жасы кіші;

18. *жалғыз:* Жалғыздық Құдайға жарасар, Көп сөзділік Құранға жарасар;

19. *ханды алушы:* Ә, Құдайым, ханды алмағай, Ханды алып қара халық сандалмағай; Жарлы деп сөкпе, Пайғамбарға тілің тиеді, жалғыз деп сөкпе, Құдайға тілің тиеді;

20. *ұрушы/ ақылын алушы:* Ханды Құдай ұрарында, Қарашасымен қас болар, Байды Құдай ұрарында, Дәулетіне мас болар; Ханды Құдай ұрғаны, Халқымен жау болғаны, Биді Құдай ұрғаны, Билігі дау болғаны; Атың жебір болса, Құдайдың бергені, Әйелің жебір болса, Құдайдың ұрғаны; Құдай бір ұрғанды қос ұрады; Құдай ұрғанды, Пайғамбар асасымен түртеді; Ауыз – дарбаза, сөз – самал, Құдай ұрғанға не амал;

21. *бәрін естуші:* Сыбырлағанды Құдай естімей ме?;

22. *кәрін тігуші:* Құдай құмырсқаға кәрін тіксе, қанат бітіреді; Зорсынғанға Құдай бар, Сол темірге балға бар;

23. *несібе/ нәсіп беруші*: Емшекті ана береді, Несібені Алла береді; Таңғы нәсіп Тәңірден; Берейін десе Құдайда қазына көп; Жыртық үйдің де Құдайы бар;

24. *өтірікшілердің жауы*: Өтірікші – Құдайдың дұшпаны;

25. *жан беруші/алушы:* Өлместі Құдай жаратпас, Сынбасты ұста жасамас; Мал – байдікі, жан – Құдайдікі; Жетімге ауыз берген Құдай Нәпаха да береді; Өлмеген құлға Құдай-ау, Болып та қалды мынау жаз; Әкемді алсаң ал, Құдай, Шешемді алма, Шекпен тоқып берсе де, Өлмеймін ғой; Ұлыңды алып, қыз берсе, Қорлағаны Құдайдың, Қызыңды алып, ұл берсе, Сыйлағаны Құдайдың; Ауру берген Құдай, әл де береді; Құдай тірі еткенді, құры етпейді; Адамның жаны – Алланың аманаты; Әлі кеткен Құдайға тапсырады; Итті Құдай иесімен қинасын;

26. *бәрінен хабардар:* Құмырсқаның тасқа басқаны Аллаға аян; Құдайсыз құрай сынбайды;

27. *қонақтарды/көршілерді қодаушы:* Қонақ Құдайдың еркесі; Көрші хақысы – Тәңір ақысы; Той – Тәңірдің қазынасы; Қонақ ырыздығын Тәңір жеткізеді; Қонақасы – Тәңір ақысы;

28. *сақтаушы:* Өзі саққа Құдай жақ;

29. *қорқытушы/қорқытпаушы:* Қорық Құдайдан, қайт райдан; Қорқақтың бәрі Құдайшыл; Қорықпас Құдайдан да қорықпас; Халықтан ұял, Құдайдан қорық;

30. *құдаларды қосушы:* Досты періште қосады, құданы Құдай қосады; Құдай қосқан құда болады, пайғамбар қосқан дос болады;

31. мал/пейілін алушы/алмаушы: Құдай малыңды алса да, пейіліңді алмасын;

32. *құрмет тұттырушы*: Құдайға құрмет – елдің салты, Еліне құрмет – ердің даңқы;

33. *тәуба еткізуші:* Еңкейгенге еңкей, атаңның қара құлы емес, Шалқайғанға шалқай, Алланың ұлы емес; Құдай азды, көпті берсе де, Нығметіне тәубе қыл;

34. *бұйрық беруші:* Бәйбіше – Құдай бұйрығы, Тоқал – иттің құйрығы; Арқадағы қоғайды – Қой бақтырған Құдай-ды!;

35. *өз қалағанын жасаушы:* Пенденің сұрағаны болмай, Алланың қалағаны болады; Құдай берейін десе, жұдырыққа тас сынады, Қимайын десе, бұршаққа тіс сынады;

36. *адалдарды қолдаушы:* Адалды Құдай табады, Момынды қайыр табады; Құдай бергенге құлай береді; Құдай бергеннің тоқтысын қыдыр бағады; Момынның ісін Құдай жөнге салады;

37. *күйіндіруші:* Жаны күйген Тәңірісін қарғайды;

38. *жақсысын алушы:* Жақсы да Құдайға керек.

Түрік тіліндегі негізгі белгілері:

1. *қайтарып алушы:* Allah evvel insanin aklini alir sonra parasini;
2. *қол ұшын беруші:* Allah gayret edenin yardımcısıdır;
3. *бәрін реттеуші:* Allah güle güle verdirsin, ağlaya ağlaya istetmesin;
4. *қалаушы:* Allah ilmi dileyene, malı dilediğine verir;
5. *ақылынан адастырушы:* Allah insanın aklını alacağını canını alsın;
6. *әлін анықтаушы:* Allahkimseye kaldıramayacağı yük vermez;
7. *сабыр беруші:* Allah sabırlı kulunu sever;
8. *сынаушы:* Allah sevdigine dert verir;
9. *бәрін беруші:* Vermeden almak tanri'ya mahsustur;
10. *мүмкіндік жасаушы:* Allah gümüş kapıyı kaparsa, altı kapıyı açar;
11. *өзін танытушы:* Allah'ı bilmeyene kellik körlük yaramaz;
12. *өзін сүйдіруші:* Allah'ın sille ile vurduğuna bir tekme de sen vur;
13. *қайырымшылдың досы:* Düşenin eline yapaşana Mevla yardım eder;
14. *қателеспеуші:* Düşmez kalkmaz bir Allah т.б.

Қазақ және түрік тілдеріндегі мысалдардан біз Жаратушыны сипаттаушы, сол сипатына сай пенденің әрекет ету міндетін айқындаймыз. Бұл дегеніміз провиденциализмді (лат. providentia — «құдіретті күш, хақ-тағала, тағдыр, жазмыш») білдіреді, яғни әр іс-әрекет Жаратушының алдын ала белгілеп қойған жолымен іске асады, барлығында Жоғары құдіреттің қатысы бар. Сондықтан бұлекі тілдегі мысалдардан біз о дүниеде жауапқа тартылмай жұмаққа жету үшін, Жаратушы салған жолдан таймай, күнә жасамау керектігін ескертетін адамзат өмірі тәжірибесінің ой-түйінін аңғарамыз.

Кез келген тіл – әлеуметтік-тарихи құбылыс, сондықтан да ұлттық нақышқа ие. Әлем бейнесіне адам мен ортаның өзара қатынасы немесе орта мен адам туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі деп қарау қажет.Әлемнің тілдік бейнесі ұғымымен мәдени белгі ұғымы тығыз байланысты. Бұл жағдайда әлемнің тілдік бейнесіне сол халықтың жалпы адамзаттық және ұлттық ерекшелік белгілерін енеді.

Осы туралы З.Қ. Сабитова келесіні айтады: «Екі тілдің лексика-семантикалық жүйесінде ұқсас элементтердің болуы үш факторға байланысты: а) салыстырылып отырған тілдердің шығу тегінің бір болуы, генетикалық туыстығы; ә) әртүрлі тілдерде бір-бірімен байланыстырмай, ұқсас лексика-семантикалық үдерістердің қалыптасуына себепкер болатын тілдік әмбебаптық заңының орын алуы; б) халықтар – тіл-мәдениет иелері арасында экономикалық, саяси, мәдени қатынастың орнауы» [5, 78 б.].

Тілсіз әлем туралы адам білімінің қалыптасуы мүмкін емес. Тілде қоршаған орта, өмір салты, тіл иесі – халықтың әлемге деген көзқарасын тану нәтижесі сақталады. Өмірде онсыз еш нәрсе іске аспайтын бір қабат ретінде тіл бізді қоршап жатыр. Тілде сақталған және сол тілдік ұжым үшін ерекше қабылдау сызбасын әлемнің тілдік бейнесі деп атайды [6, 14 б.].

Тілдің болмысты өзгертіп және ерекше әлем бейнесін туғызу қабілеті туралы Э. Сепир келесіні жазған: «... барлық тілдердің ішкі мазмұны бір – тәжірибенің интуитивті білімі. Тек олардың сыртқы тұрпаты ғана жалғаса беретін әртүрлі, себебі бұл форма – ұжымдық ойлау өнері» [7, 193 б.].

Тілдегі әмбебап құбылыстар мен категориялардың орын алуын З.Қ. Сәбитова былай деп түсіндіреді: «... ең алдымен, объективті болмыс бірлігімен, тілдің көрініс беру табиғатымен, адам психикасының ұқсастығымен, халықтардың өмір салтының жеке ұқсастықтарымен, мифологиялық ойлау көзінің әмбебаптығымен т.б. түсіндіріледі. Тілдік бірліктердің мағынасындағы ұлттық ерекше компонент .... этникалық мәдениет, ділімен, халық тарихымен анықталады» [5, 79 б.].

Кез келген тіл өз бірліктерінде әлемнің көрегендік (болжағыштық) бейнесінің ізін сақтаған. Қандай да бір сөз, айтылымдарды қолданғанда адам тілге қаншалықты жаратушы идеясының сіңгенін, «бәрін көруші» субъектінің қаншалықты «әр жерде» екендігін байқамайды [8, 8 б.].

«Бәрін көруші» субъект – бұл адам өмірін, оның әрекетін, қалпын анықтайтын, қандай да бір белгісіз (бәрін көретін, бәрін еститін) жаратушы, тағдыр, жағдаят т.б. түріндегі қайтаруға болмайтын күш [9, 202 б.].

Қазақ тілінің *Алла деп барсаң аман келерсің* мақал-мәтелінде «бәрін көруші» субъект – жаратушы бар. Тек оның бір өзі адам тағдырын шешеді. *Құдай, маған түйедей бой бергенше, түймедей ақыл бер;* А*дамның басы – Алланың добы* мақал-мәтелдері адамның фатализмге, бойсұнғандық пен мойынғандықты білдіреді. Бұл ойды біз А. Вежбицкаяның еңбегінен де бақылаймыз: «... адам өз өмірі өзінің қолында еместігін сезінтетін пассивтілік ерекше байқалады және өзін (кез келген адам) фаталимзге бой ұрған, мойындаған пассивті эксперименцер, өмірлік жағдаяттарды «бақылаушы емес» ретінде сезінеді [10, 33 б.].

Қорықпа/қорық етістіктерінің мақал-мәтел қолданысында антитезасы байқалады: *Құдайдан қорықпа, Құдайдан қорықпағаннан қорық*, яғни жаратушының құдіреті идеясы «Құдайсыз» арқылы актуалданады. Сонымен бірге осы арқылы адамға имплицитті түрде мінездеме беріледі.

Қазақ тілінің *Мінсіз Құдай, кірсіз су* мақалы құдірет күшінің деңгейін мінсіздігі арқылы көрсетіп тұр. Түркі тілдерінде «тазалық, мінсіздік» мәні ағынды сумен теңестіріліп берілетіні о бастан-ақ бар. Бұл мақалда да тірек сөз қызметін *Құдай* сөзі атқарып тұр.

Қазақ тілінде жаратушы ұғымын беретін үш сөз де орынды қолданысын табуда: Алла – араб сөзі болса, Құдай – парсы сөзі, ал Тәңір – түркі сөзі. Мұсылмандықтың қазақ жеріне енгенінен сонша ғасыр өтті десек те, бұл сөздер өзектілігін, қолданысын жоғалтпаған, мұның себебі «бәрін көруші» субъект алдында адамның фатализмге бой ұрғандығының белгісі ретінде олардың білдіретін мағынасында болса керек. Тәңір компоненті бар мақал-мәтелге мысал: *Бекерден-бекер жатқаннан* Тәңірі *безер; Тобы бірдің* тәңірі бір.

Көптеген фразеологизмдер одағай тұрпатта болып келеді, мұны біз қазақ тіліндегі жаратушы компоненті бар фразеологизмдерден де байқаймыз. Мәселен, Құдая тоба [тәуба] контексте қолданысына қарай жағымды мазмұнда Құдая тоба, әйтеуір келдің-ау немесе жағымсыз мазмұнда Құдая тәуба! Қанден қатты састы, құты қашты (С. Сейфуллин) қолданылуы мүмкін. Бұл фразеологизмдегі жаратушы мағынадағы компонентті алмастыратын болсақ, адресатқа экспрессивті ықпалын жоғалтуы мүмкін.

Сонымен бірге қазақ тілінде мазмұн жағынан жағымды/жағымсыз коннотациялы мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді бөліп қарастыруға болады. Жағымды коннотациялы фразеологизмдерді үш түрге бөлеміз:

а) үміт;

ә) тілек;

б) ризашылық.

«Үміт» тобындағы фразеологизмдер нәтижелі мәнге, күткен үміттің жақсы аяқталуын көрсететін мәнге ие:

Құдай абырой берді; Құдай қаласа; Аллаға [Құдайға] шүкірлік қылды; Аллаға [Құдайға] мінәжат етті.

Фразеологизмдердің келесі тобы қандай да бір істің жақсы аяқталуын, денсаулық, өмір сақталуын т.б. тілеуді білдіреді:

Құдай сақтасын; Құдай [Тәңір] тілеуің берсін!; Аллаға мақұл болсын.

Жағымды коннотациялы фразеологизмдердің соңғы тобы адам риза болған нәтиже деген мәнге ие:

Құдая тоба [тәуба]; Алла тұзын көтерді; Алла [Құдай] сақтады; Алла [Құдай] оңғарды [оңдады].

Жағымсыз коннотациялы фразеологизмдерді де келесі топтарға бөліп талдауға болады:

а) үмітсіздік;

ә) қарғыс;

б) риза еместік;

в) ризашылық.

Бірінші топқа үмітсіздік, шарасыздық басымдылық алған жағымсыз нәтижелі мәнге ие фразеологизмдерді жатқызуға болады:

Құдай алды; Құдай басқа салды; Құдай салды, мен көндім; Құдай ұрды; Құдай табады; Алланың [Құдайдың] кәрі тиді; Алланың [Құдайдың] салғаны. Фразеологизмдердің бұл тобында *Құдай салды, мен көндім* фразеологизмі «үмітсіздікті» айқын көрсетеді, «бәрін көруші» субъект – жаратушы адам өмірін еш өзгертуге келмейтіндей етіп анықтайды. Ал *Құдай табады* фразеологизмі қандай да бір жағымсыз ісі үшін жазалайтын күш бар екендігін ескертетін мәнді білдіреді.

«Қарғыс» тобындағы фразеологизмдер қандай да бір ісі, адамдардың бір біріне қатынасын білдіретін мәнге ие. Қазақ тілінде олар саны жағынан басымырақ болып шықты, яғни «бәрін көруші» субъект арқылы адамның адамға деген ниетін, қатынасын көрсететін, пендешіліктен көрініс береді. Мәселен, Құдай тапсын; Құдай тас төбеңнен ұрғыр! Құдай ұрғыр [жазаңды бергір, жүзін көрмегір; сілегір, қарғағыр]! Құдай тілеуіңді бермесін; Тәңірден тап. Бұл топта *Құдай жүзін көрмегір* фразеологизмі мұсылман үшін ең ауыр жаза, Хақ дидарын көрмеуді білдіреді. Аялық біліміне қарай Құдайға берілген тұлға Мұса пайғамбар сияқты Құдай дидарын көру туралы жағдаятты еске түсіреді.

«Риза еместік» тобында қазақ халқына тән таза ұлттық фразеологизмдер кездесті. Мысалы: Құдайдың зарын қылды; Құдайдың ала танасын ұрлаппын ба?

«Ризашылық» тобында сарказм мәні бар фразеологизмдер де кездесті, оларда да таза ұлттық нақыш байқалады: Құдайды құлағынан ұстады; Құдайдың кенже ұлындай – қазақ халқында кенже ұлдың орны бөлек, ол – ошақ иесі, мұрагер, басқаларға қарағанда әлеуеті жоғары , сондықтан да «кенже» сөзі сарказмды күшейтіп тұр. *Алла деп арақ ішіп, Құдай деп қуырдақ жеді* фразеологизмі ішкіштерді суреттейді. Сарказмды жеткізу жолында антитезаны қолдана білген қазақ халқының шеберлігін атап өту керек: *Алла – арақ, Құдай – қуырдақ.*

Қазақ тілінің мақал-мәтелдерін де жағымды/жағымсыз коннотациялы деп бөліп қарастыруымызға болады, оларды өз кезегінде келесі топтарға бөлгенді жөн көрдік:

а) үміт/үмітсіздік;

ә) тілек/қарғыс;

б) ризашылық/риза еместік.

Бірінші топтағы жағымды коннотациялы мақал-мәтелдер фразеологизмдердің мағынасына ұқсас: Құдайдан сұрасаң кешірер, Кісіден сұрасаң, екі көзіңді өшірер; Тәуекелдің тауы – бір Құдай; Құдай деген құр қалмайды; Алла деген ар болмас, Алла

деген пенделер, еш нәрсеге зар болмас;Құдай берген арымас; Кісіден сұраганның көзі шығар, Құдайдан сұраганның бүйірі шығар; Басты берген Құдай асты да береді; *Алла* кешірер, аруақ кешірмес;Күнәсін мойындаганды Құдай да кешіреді; Құдай қарғысынан халық қарғысы қапалы; Шайдан басқа асым жоқ, *Құдайдан* басқа досым жоқ; Жалғыздың жары – Құдай; *Құдай* құлым десе, *Пайғамбардың* үмбетімін демеске шара бар ма?;Жетімге ауыз берген Құдай Нәпаха да береді;Ауру берген Құдай, әл де береді; Құдай тірі еткенді, құры етпейді; Адамның жаны – Алланың аманаты; Әлі кеткен Құдайға тапсырады; Құдай атқан оңалар, аруақ атқан оңалмас;Алла деп барсаң, аман келерсің.

«Тілек» тобындағы мақал-мәтелдер фразеологизмдерге қарағанда адресанттың өзіне бағытталған: Өлместі Құдай жаратпас, Сынбасты ұста жасамас;Берейін десе Құдайда қазына көп;Құдай малыңды алса да, пейіліңді алмасын;Әкемді алсаң ал, Құдай, Шешемді алма, Шекпен тоқып берсе де, Өлмеймін ғой;Ә, Құдайым, ханды алмағай, Ханды алып, қара халық сандалмағай; *Құдай маған түйедей бой бергенше, түймедей ой бер*.

Біз қарастырған материалдар бойынша жағымды коннотациялы мақал-мәтелдердің соңғы тобы: Құдай азды, көпті берсе де, Нығметіне тәубе қыл;Адалды Құдай табады, Момынды қайыр табады; Құдай бергенге құлай береді; Құдай бергеннің тоқтысын қыдыр бағады; Момынның ісін Құдай жөнге салады; Жақсы да Құдайға керек;

Жиналған материалдар бойынша жағымсыз коннотациялы мақал-мәтелдер тек екі топқа қатысты болып шықты: үмітсіздік және риза еместік: Жаны күйген Тәңірісін қарғайды;Пенденің сұраганы болмай, Алланың қалаганы болады; Құдай берейін десе, жұдырыққа тас сынады, Қимайын десе, бұршаққа тіс сынады; Күштіде Тәңір жоқ; Аш адам Құдайын ұмытады; Алладан ойбайым жақсы; Құдайға да сенеді, Албастыға да ереді; Басы аман, шашы түгелдің, Құдаймен ісі жоқ; Басы ауырып, балтыры сыздамаганның Тәңірімен ісі жоқ; Жүйрік атқа мінген Құдайын ұмытар; Құдаңа бола Құдайыңнан айрылма;Ханды Құдай ұрганы, Халқымен жау болганы, Биді Құдай ұрганы, Билігі дау болганы;Атың жебір болса, Құдайдың бергені, Әйелің жебір болса, Құдайдың ұрганы;

Құдай бір ұрганды қос ұрады; Құдай ұрганды, Пайғамбар асасымен түртеді; Ауыз – дарбаза, сөз – самал, Құдай ұрганға не амал; Сыбырлаганды Құдай естімей ме?; Құдай құмырсқаға кәрін тіксе, қанат бітіреді; Зорсынганға Құдай бар, Сол темірге балға бар; *Басқа салса Алла, Не көрмейді пенде*. Бұл жерден біз адамның тығырықтан шығар жол таппаганын аңгарамыз.

Келесі топқа қатысты мақал-мәтелдер саны жетерлік болып шықты. Оларды шартты түрде саркастикалық және кінәраттық деп бөліп қарастыруға болады: *Сен Құдайға жеткенше, Мен ауылга жетемін*. Бұл жерде жаратушы туралы біздің санамызда қалыптасқан ақпарат пен мақалда берілген мағынаның арасында қарама-қайшылық байқалады. Біздің ойымызша, Жаратушы сөзінің синергетикасы кез келген адамның әлсіздігін, кемшілігін, мінсіз еместігін аңгарту мақсатында қолданылган.*Аллаға* жагайын десең – азаның, Қазыга жагайын десең – қазаның болсын.

Шарасыздықтан және риза еместіктен жақын адамынан айырылган немесе қандай да басқа бақытсыздыққа ұшыраган адамда наразылық, кінә тагу қалыптасады: *Құдай көгін билесін, Жеріме менің тиемсін; Жарымды алган Құдайдың Келіні мендей жыласын.* Бірінші мақалда жаратушы ұгымының қол жетпейтіндігін, жоғары, биік екендігін байқатады.

Қазақ тілінде мұндай фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің қалыптасуының бірнеше себептері бар. Біріншіден, Қазақстан ұзақ жылдар бойы атеизмнің ықпалында болды; екіншіден, исламның қазақ жерінде таралуы ерекше жағдайда болды. Олардың кейбіреуі Кеңес өкіметі кезінде қалыпастуы мүмкін, себебі «фразеологиялық қор өзгереді, толыгады және жаңарып отырады, әрине, оган құрамында жалқы есімі бар жаңа фразеологиялық бірліктер кіреді. Жаңа

фразеологиялық бірліктерге «өмір беретін» қоғам өмірінде жаңа есімдер, жаңа ассоциативті байланыстар пайда болады» [11, 155 б.], бұл – мақал-мәтелдерге де қатысты құбылыс.

Кеңес өкіметі құлағаннан кейінгі кезеңде, адамдардың Құдайға деген сенімі нығайған шақта атеизм мәселесі артта қалды, құрамында Жаратушы ұғымын беретін компоненті бар біз қарастырған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер дұрыс анықталып, түсініктемеге ие болады. Тіптен Кеңес өкіметі кезінде адамдардың Құдайға деген сенімі өшкен жоқ, ал талданған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер Жаратушы алдында адамның әлсіздігін, мойынсұнғандығын, бағыныштылығын аңғартады.

Біз қарастырған материал адам тарапынан пассивтілік, бойсұнғандық, «өзі қадағалай алмайтындық» тілдік деңгейде «бәрін көруші» субъектінің көрініс беретін айқындауға септігін тигізді. Басқа сөзбен айтқанда, Жаратушы – болып жатқан істің, жағдаяттың т.б. тұғыры.

Сонымен бірге «Жаратушы» концептісіне қатысты тіл иелерінің белгілі бір мезгілдік-кеңістік қатынаста жасалатын іс-әрекеттері санада орныққан. Мәселен, қандай да «жақсы-жаман» бинарлық көзқарасқа қатысты эмоциясын білдіру, осының негізінде мақал-мәтел мен фразеологизмдерді қолдану діни білімі тар және діни білімі кең тұлғалардың бірдей атқаратын іс-әрекеті болса, Құран-кәрімді жатқа білу, парыздарын өтеу, мешітке жиі бару сияқты рухани іс-әрекеттер тек діни білімі кең тұлғалар тарапынан орындалатыны белгілі. Бұл тұлғалар өздерінің білімін белгілі дәрежеде толықтырып, кеңейте алады.

«Жаратушы» концептісі мәдени әмбебап болып табылады және оның бөлігі болып табылатын әлем бейнесінің ерекшелігіне (зайырлы және діни) байланысты, оның мазмұны тіл иелерінің көзқарасын, әлеуметтік және этномәдени дәстүрлерінен көрініс береді.

«Жаратушы» концептісі үшқабатты құрылымнан тұрады: этимологиялық, тарихи, өзекті қабат. Оның этимологиялық қабаты түркілік заманнан басталады (*Тәңір*), ал тарихи және өзекті қабаттары диахронды өзгермелі және тұрақты семантикалық сипат пен вербалдану тәсілдерінен тұрады (Кеңес өкіметінің ықпалы т.б.). Аталмыш концептінің инварианттық сипаты зайырлы және діни дискурста *Жаратушы* мейірімді және мінсіз, адамды жаратушы, бәрін көруші, қорғаушы ретінде суреттеледі.

Әдебиеттер:

1. Введение в когнитивную лингвистику. / Под ред. М.В. Пименовой. – Кемерово, 2004. – 208 с.

2. Скляревская Г.Н. Лексика русского православия в процессе языкового возрождения начала XXI века: ее место в лексической системе и в культуре страны // Русистика и совеременность: лингвокультурология и межкультурная коммуникация. – М., 2002. – с. 6.

3. Кассирер Э. «Сила метафоры» // Сб. «Теория метафоры». –М., 1990. – с. 36.

4. Маслова В.А. Лингвокультурология. –М., 2001. – 155 с.

5. Сабитова З.К. Прошлое в настоящем. Русско-тюркские культурные и языковые контакты. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 320 с.

6. Яковлева Е.С. К описанию русской языковой картины мира // Синтаксис: изучение и преподавание. – 1997. – с. 14-27.

7. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологи: Пер. с анг. – М.: Издат. Группа «Прогресс», 2002. – 656 с.

8. Кусков В.В. История древнерусской литературы. – М.: Высш. школа, 1989. – 304 с.

9. Гак В.Г. Судьба и мудрость // Сб. «Понятие судьбы в контексте разных культур» / Отв. ред. Н.Д.Арутюнова. – М.: Наука, 1994. – с. 198-206.

10. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание: Пер. с англ. / Отв. ред. Н.А. Кронгауз. – М.: Русские словари, 1997. –416 с.

11. Купцова А.А. Совмещение признаков онима и апеллятива в слове «Бог» // Имя. Социум. Культура: материалы II Байкальской международной ономастической конференции. – Улан-Удэ: Издательство Бурятского госуниверситета, 2008. – 300 с.

Иманбердиева С.К., Ыбырайым А.О.

Лингвоконцептологическое описание концепта «Жаратушы (Господь)» (на основе казахской и турецкой паремии)

В данной статье рассматривается лингвоконцептологическое описание концепта «Создатель-Жаратушы» на материале пословиц и поговорок, фразеологизмов казахского и турецкого языков в составе которого есть теоним - Создатель, Алла, Кудай, Танир. Исследование пословиц и поговорок, фразеологизмов показало существование универсальных явлений для казахского и турецкого языков, которое объясняется единством объективной реальности, сообществом человеческой психики, сходством отдельных сторон деятельности людей, универсальных источников мифологического мышления, и т.д.

Ключевые слова: *Языковая картина мира, теоним, культурный символ, национально-специфические компоненты.*

Imanberdiyeva S.K., Ybyraiym A.O.

Lingvokontseptogical description of the concept of "Zharatushy (Lord)" (On the basis of the Kazakh and Turkish paremias)

This article discusses lingvokontseptologicaldescription "Sozdatel- Zharatushy" concept on the material of proverbs and phraseologisms Kazakh and Turkish languages in which structure there Theon - the Creator, Allah, Tanir. The study of proverbs and phraseologisms revealed the existence of a universal phenomenon for the Kazakh and Turkish languages, which explains the unity of the objective reality of the human psyche community similarity of individual aspects of human activity, the universal source of mythological thinking, etc.

Keywords: *Linguistic picture of the world, Theon, a cultural symbol, the national-specific components.*

***

ӘОЖ 821. 512. 122 (091)

Әбдіқалық К.С. *– филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.*
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
E-mail: *kun_jan.16@mail.ru*
Орынханова Г.А. *– филология ғылымдарының кандидаты, доцент*
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
E-mail: *gibadat_o@mail.ru*

СҰЛТАНМАХМҰТ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АЗАТТЫҚ ИДЕЯ

Аңдатпа. *Бұл мақалада С.Торайғыровтың ұлт мәселесін көтерген өлеңдеріндегі азаттық идея кеңінен сөз етіледі. ХХ ғасыр басындағы алаш зиялыларының басты мақсатына ақынның қолдау көрсетіп отырғандығы жете зерделенген. С.Торайғыровтың «Анау-мынау», «Сарыарқаның жаңбыры», «Алаш ұраны» өлеңдерінен сол уақыттың шындығы, қазақтың өз алдына жеке ел болу идеясын қолдап, жұртының ауызбіршілігін қалайтындығы қарастырылып, ақынның негізгі ұстанымы талдауға алынады.*

Тірек сөздер: *Бостандық, алаш идеясы, ұран, Алаш партиясы, ауызбіршілік, Алашорда үкіметі, ұлт, заман.*

ХХ ғасыр басында ұлт мәселесін көтеріп, елінің ертеңіне қам жеген ақындардың бірі Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Ол – өз жұртының мүддесі үшін алаш зиялыларының басты мақсатына қолдау көрсетіп отырған дарынды ақын. С.Торайғыровтың алаш қозғалысының іргесін қалаған қазақ оқығандармен қарым-қатынас орнатуы оқу-білім іздеп келген Тройцк шаһарында басталған. Тіпті, оның ақын, азамат, публицист ретінде қалыптасуына да Троицк кезеңінің айрықша маңызы болды.

Барлық қазақ оқығандары тәрізді ақпан төңкерісін бостандық әкелді деп зор қуанышпен қарсы алған Сұлтанмахмұт 1917 жылдан бастап ел мүддесі жолында игі іспен айналысуды өзінің парызы деп санап, алаш партиясының түрлі шараларына өз үлесін қосуға бел байлайды. Семей облыстық қазақ комитетінің құрамына мүше болып енгеннен кейін «Айқаптағыдай» хатшы ретінде қызмет жасап, алашордашылар шығаратын «Сарыарқа» газетінде бостандықты дәріптейтін туындыларын да жариялайды.

Сұлтанмахмұттың «Сарыарқа» газетінде «Алаш ұраны» (1917, 21 қараша, №21) атты өлеңді жазуы да оның Алаш қозғалысын қолдауының ең басты айғағын танытады. Академик З.Ахметов айтқандай, «Сұлтанмахмұт алаш партиясының ұранын, алаш үкіметінің бостандық жолымен елді көгерту мақсатын өз жанына жақын санап, бар ықыласымен құптады» [1, 86 б.].Сонымен, Сұлтанмахмұттың алаш қозғалысына қатысты ой-пікірлерін, дүниетанымдық ұстанымы мен тарихи көзқарасын тұтастай айқындауда азаттық идеяны жырлаған шығармаларына ғана тоқталамыз.

Патша отаршылдығының әбден шегіне жеткен тұсында өмір сүрген Сұлтанмахмұттың біршама өлеңдерінде ағартушылықпен қатар, елінің мұң-шерге толы халі басым жырланады. Ақынның өз халқының тағдыры мен болашағына алаңдаушылығы молынан сипат алады. Айталық, «Анау-мынау» [2] өлеңінде:

Анау қырда татар тұр,
Басқалармен қатар тұр.
Мынау ойда қазақ тұр,
Қастарында азап тұр,–

деп бастап оқырманға ой салады. Өлең зерттеушілердің дерегі бойынша 1912 жылы жазылған. Ақынның татарды басқалармен қатар тұрғызуында да үлкен мән жатыр. Өйткені 1912 жылдың 12 қарашасынан 1917 жылғы 26 ақпанға дейін Ресей Мемлекеттік IV Думада қызмет еткен мұсылман халықтарының 6 өкілінің ішінде татар халқының жайын ойлайтын Қазан губерниясынан шыққан депутат бар. Ал қазақтардың қасында қандай азап тұрғанын осылай-ақ емеурінмен екерткен еді.

Ұйқысы көп, ояу аз,
Бұл не деген ғажап тұр?
Бұл ұйқысын ашпаса,
Надандықтан қашпаса,
Хахолдарға мазақ тұр.

Қазағының оқу-білімге ұмтылып оянуын, жерін тонап жатқан хахолдарға таба болмауын қалаған ақын ел ішіндегі келеңсіз жайттарды да сын тезіне алып өтеді. Сондай-ақ бір сәт ел қамын жеген жастардың, қазақ оқығандарының ісіне сүйсініп те отырады.

Анау қырда жастар тұр,
Алға қарай бастап тұр.
Оян-дағы тез жүр деп,
Дамыл таппай қақсап тұр.

Ақынның бұл арада Міржақып Дулатов бастаған алаш зиялыларын мегзеп отырғаны аян. Және де олардың аңдыған дұшпандары бар екенін де былай ескертеді:

Аңдыған оны қастар тұр,
Көңілі соқыр мастар тұр.

Атайын деп толтырған
Қойындарында тастар тұр.

Осылайша, ел тағдырына жайбарақат қарай алмаған ақын ұлт зиялыларының игі істерін құрметтеп қана қомай, оларды «ұйқысы көп, ояу аздарға» үлгі етеді. Сұлтанмахмұттың «Тұтқындағы Байтұрсынұлының «Масасына» деген өлеңінде де осы мәселе сөз етіледі.

Бағаң жоқ көр соқырдың көз алдында,
Мұңыңды жылап шақшы өз алдыма:
Гауһар тұрсын, айырып алтыныңды,
Аузына керек тас деп бір алды ма?–

деп көр соқырларға «Масаның» қазақ үшін зор маңызын ұқтырғысы келеді. Ақын «Сен сұңқар, көңілі соқыр, сенімен қас, Өзінің болмады деп қарғасындай» дегенді айтқанда да Ахмет Байтұрсынұлын сұңқарға, «Масаның» құнын бағалай алмайтын қарға сияқты көре алмаушылардың көңілін соқырға балап, ол уақыттың шындығын ашып көрсетеді.

Елінің азаттығын аңсаған ақынның, әсіресе, 1917 жылдарда жазған өлеңдерінде ерекше серпіліс, көңілінің қуанышы анық сезіліп жатады. Патша тағынан құлағанда отаршылдық езгіде қалған қалың елінің еңсесі көтеріледі деп қуанған зиялы қауымының ішінде Сұлтанмахмұт та болды. «Патша үкіметінің қанаушылық саясатынан жапа шегіп, әлеуметтік ой-пікірлерін ашық айтуға мүмкіндігі болмай келген ағартушы-демократтық бағыттың өкілдері бостандық, тереңдік атаулының қандай сипаттысын болса да тілеген едік. Сондықтан да олардың буржуазиялық Февраль революциясын қошеметпен қарсы алғандарын кінәлауға болмайды. Өйткені олардың жалпы өресі бұдан да гөрі түбегегейлі қоғамдық өзгерістің бар екендігіне жетпейтін және күрес жүргізіп жатқан пролетариаттың шын мақсатын жете түсінбейтін. Міне, осыдан келіп революция дәуірінің шындығын, оның алған бағытын жалпылама жырлаған және идеялық қайшылыққа ұрынған беталыстар болды» [3, 19-20 бб.] деген пікірлерге ақынның «Сарыарқа» газетінде жарық көрген «Сарыарқының жаңбыры» (1917,10 қазан) сияқты өлеңін қарастыруға болады.

«Сарыарқаның жаңбыры» деген өлеңін ақын:

Көп уақыт жаңбыр көрмей қурап, күйіп,
Жоқ еді Сарыарқада көрер сиық.
Сол қатарда шөлдеген жан-жануар
Аузына тұра алмаған тілі сыйып,–

деп кең даланың шөлдеп сусаған көрінісінен бастайды да, елінің көктен жаңбыр күтіп құдайға жалбарынғанын, кенеттен жұртының зарығып күткен жаңбырдың астында қалғанын сипаттайды. Тіпті, судың молдығынан үйлері құлап мазасызданғандар мен кемпір-шалдың от жаға алмай әбігерге түскені арқылы үлкен бір өзгерісті айтқысы келеді. Яғни, ол – бостандық жайы. Өлең қорытындысында ақынның өзі осылайша тұжырым жасайды:

Бұл мысалдың мәнісін ұға алсаң сен,
Келген заман – бостандық жаңбырмен тең.
Уақытша тезек құрғақ болмады деп,
Кемпірдей қашпа құдай рахметінен.
Жаңбырдан соң көгерген Сарыарқадай
Бостандықтың күшімен көгерсін ел!

Сұлтанмахмұт осы өлеңінде 1917 жылғы ақпан төңкерісін қурап жатқан меңіреу далаға жан бітіріп, елінің көсегесін көгерткен жаңбырға теңейді. Сондай-ақ ақын «Жаңбырсыз ескі қалпым жарар десең, Жылан-шаян өршиді, болғаның жем» дегенді де ескертеді. Бұл арада «ыстық жерде өршитін жылан-шаяны» патша отаршылдығының қолшоқпарлары екені тағы белгілі. Ақын «жылан-шаяндарды» жаңбыр құйып жауғанда «жан сақтауға ін таппай қалтылдаған» деп суреттеу арқылы олардың да шынайы келбетін ашып кетеді.

Ақпан төңкерісінен кейін елінің толық азаттығына қол жеткізу үшін алаш қайраткерлері Алаш партиясын құрып, батыл қимыл-әрекет жасауға кірісе бастаған кезінде Сұлтанмахмұт «Сарыарқа» газетінде «Алаш ұраны» (1917, 21 қараша) атты өлеңін жариялайды. Ақынға кеңес дәуірінде «байшыл», «ұлтшыл», «ұсақ буржуазияшыл», т.б. орынсыз айыптаулардың тағылуына осы өлеңінің де қатысы бар екенін тағы білеміз.

Сонымен, 1917 жылдың 20 наурызында Петроградтан жолдаған Әлихан, Мұстафа, Міржақыптың «Алаш ұраны» атты мақаласындағы: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бүгін теңелдік. Қам көңілде қаяудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет өзгеге қазған оры өзіне шағын көр болып, қайтпас қара сапарға кетті...» (Қазақ, 1917, №225, 12 сәуір) деген алаш қайраткерлерінің зор қуанышы Торайғыров өлеңінде де жалғасын табады.

Расында да «Алаш ұраны» сол уақыттарда Алашорданың гимніне айналды. Ақынның әр топтаманы «Алаш туы астында» деп бастап, соңын «Жасасын алаш, жасасын!» деген ұранымен аяқтап отыруы өлең рухының биіктігін асқақтата түседі. Бес топтамадан тұратын бұл өлеңнің алғашқы бөлімінде:

...Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Ерімізді айдаған,
Елімізді лайлаған.
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы,–

деп қазаққа құлдық қамытын кигізген отаршылдықтың шынайы келбетімен таныстыра отырып, сол залым патшаның құлағанына шексіз қуанышын жеткізеді. Екінші топтамада «...Заң жасайтын орынға, Жұртпен бірге барамыз! Қатардан орын аламыз!» деп Алаш партиясынан бөлек, ел мәселесін шешетін үлкен құрылтайларда өз мүддесін өзі қорғай алатын қазақтың да орны болды деп жүрегі жарыла шаттанады ақын. Ал үшінші топтамада алашты көркейту үшін жанын құрбан етуге де даярларды паш етсе, төртінші топтамада «...Не жақсылық, не қайғы, көрсек бірге көрдік біз!» деп алаш үшін өлуге дайын жандардың ауызбіршілігін қалайды. Соңғы топтамада ақын:

Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз!
Енді ешкімнің алашты
Қорлығына бермейміз!
Адамдықтың жолына
Бастаған ерлер соңында
Басқаға көңіл бөлмейміз!
Қандай шайтан келсе де,
Алдауына көнбейміз!
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманаға жеттік біз,
Жасайды алаш, өлмейміз!
Жасасын алаш, жасасын!

деп алаш қайраткерлерінің қазақтың өз алдына жеке ел болу идеясын қолдайды. Сол заман ақиқатын көз алдымызға анық елестеткен бұл өлеңнің ең өзекті түйіні десек те болады.

Сұлтанмахмұт «Алаш туы астында» жиналған қазақ зиялыларының көксеген асыл мұратын қолдап қана қоймай, олардың ең жанашыр тілекшісі бола білді.

Ұлт азаттығы үшін күрескен қазақ зиялыларын елге таныстыру мақсатында жазған ақынның «Таныстыру» поэмасы осының айғағы десек те болады.

Поэмада ақын таныстыратын тұлғаларды қара қазақ пен оқыған азамат арасындағы сұрақ-жауап арқылы көрсетеді. Поэмада ақын оқушысын ең алдымен қазақтың бағына туған ғажап заманға назар аударта отырып, қара қазақ сауалы арқылы Семей облысының көш басшы адамдарын таныстырғысы келеді. Бұл қалай деген заңды сұрақ та туатыны белгілі? Алайда «мұндай заманда», яғни, Алаш партиясының құрылып, жеке қазақ автономиясына ұлт зиялыларының ұмтыла бастаған тұсында ақын өзіне де үлкен міндет жүктегендей. Анығырақ айтқанда, 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткізілген Екінші жалпықазақ съезде «Алашорданың тұратын орны – Семей қаласы болсын» деп қабылданған қаулымен жете таныс Сұлтанмахмұт осы Алашорда үкіметінің төрағасымен қоса, оның айналасында қызмет ететін қазақ зиялыларына тоқталып өтуді жөн санаған тәрізді.

Ақын Оқығанның атынан жауабын бергенде ең алдымен бар қазаққа мәлім Әлихан Бөкейхановты таныстырудан бастайды:

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,
Талассыз жеке дара тұр ғой өзі.

Әрі қарай ел үшін құрбандыққа жанын беруге дайын алаш қозғалысының жетекшісі Әлиханның бит, бүрге, қандалаға таланып, «сасық ауа, темірлі үйде зарығып алаш үшін бейнет көрген» қиындықтары шынайы сипатталады.

Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір бас үшін жалданбаған.
Көркейер қайткенде алаш деген ойдан,
Басқа ойдан өмірінде малданбаған...

Осылайша, поэмада алаш қозғалысының серкесі Әлихан Бөкейхановтың қайсар қайраткерлік бейнесі сомдалады. Оқығанның аузымен Әлиханды бар қазақтың жанына жақын азамат етіп бейнелеуі де тегін емес. Өйткені XX ғасырдағы қазақтың мемлекет қайраткері, зерттеуші ғалым, публицист, әдебиетші, алаш көсемі Әлихан Бөкейхановты Сұлтанмахмұтқа дейін-ақ А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев сынды оқыған замандастары да өз шығармаларында зор құрметпен бағалаған еді.

Поэмада Әлихан Бөкейхановты Қара қазақ та жете біледі.

Басында ол қарағым тұр ғой дайын,
Тек ұзақ өмір берсін бір құдайым.
Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын...

Қара қазақ Ә.Бөкейхановпен бірге Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовты еске алып, «Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым» деп үшеуін де алаш қозғалысының көсемдері ретінде бағалайды. Осы орайда зерттеуші Ө.Әбдиманұлы «Ақын міндеті – қазақтың ұлтын сүйген ұландары туралы кейінгіге сөз қалдыру. Мұны көрегендік десе болғандай. Кейін ұзақ жылдар бойы сол ұлылардың аты аталмай, шығармалары оқылмай, тарихымыздың «ақтаңдығына» айналарын Сұлтанмахмұт сезімтал жүрегі сезінген болуы керек. Басқасын былай қойғанда, ақынның осы поэмасы – алаш азаматтарының тарихтан алар орнын айқындап беруімен бағалы» [4, 270 б.] деген пікір білдіреді.

Жалпы, Сұлтанмахмұт бұл поэмасында оқыған да қара қазақ та білетін Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатовты алдымен ерекше таныстырып өтеді де, содан соң Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлімхан Ермеков, Халел Ғаббасұлы, Мұқыш Поштайұлы, Жақып Ақбайұлы, Нәзипа Құлжанова, Нұрғалы Құлжанов сынды жұрт қамын ойлаған азаматтарды рет-ретімен тарихтағы орнын бағамдауға көшеді. Ақынның мақсаты олар туралы білетіндерін ортаға салып, еңбектерін елге таныту, жасаған ісін үлгі қылып көрсету.

Поэмада «Солардан басқа кеше кім бар еді...» деген Қара қазақ сөзінен кейін Оқыған таныстыруды қазақ зиялыларының жас буын өкілі Әлімхан Ермековтен бастайды.

Әлімхан Ермекұлы жас жігіттен,
Келеді екінші болып бұл ретпенен.
Қазақта мұндай жігіт көрмедім, – деп,
Ардақты қарт Потанин лепес еткен.

Ақын Әлімханның орыс ғалымдарына танымал талантымен қоса, жастар арасында ақ жүрек, алғыр ойлы, адалдығымен қадірлі екенін, сондай-ақ «Томдағы инженерлік сабағында...» дей отырып жас жігіттің өмірдегі ұстанымдарына да тоқталып өтеді. Тіпті, оның азаматтық қасиеттерін дәріптегенде қара басының қамын күйттеген жастармен қатар ала отырып шынайы сипаттайды. Ақын елі десе ет жүрегі елжіреген жас азаматтың жарқын бейнесін сомдауда Қара қазақтың да айтары барын ескереді. Қара қазақ алдымен Оқығанның сөзін растап алады да,

...Меніңше, Ермеков деген бала,
Ұқсайды ұшқыр қыран қаршығаға.
Сөз білімін сынайтын жер ілгері,
Әзіргісі адал ғой жеке дара... –

деп жас жігітті «ұшқыр қыран қаршығаға» балап, адалдығына құрметпен қарайды. Сенгіш, адал, шыншыл жігіттің қадірін ел білсе екен деп тілейді.

Ақынның Оқығанның аузымен келесі таныстыратын тұлғасы Ғаббасұлы Халел мырза болатын. Сұлтанмахмұт поэмада «Жас жігіт университеттен оқып шыққан» деп, оның білімді, терең ойлы, алысты болжағыш қырағы, бастаған ісінің түбіне дейін апаратын іскерлігін дәріптейді. Оқығанның аузымен Х.Ғаббасұлының қайраткерлік тұлғасын айқындаған ақын енді Қара қазақ арқылы көпшіліктің назары да осындай жас буын өкілдерінде екендігін былай білдіріп өтеді:

...Меніңше, Халел деген сынсыз жүйрік,
Не түрлі ұзақ салсаң шабар шүйгіп.
Арбайып қол-аяғы алдан келер,
Алашты қақпайсың ба, сонда сүйсініп.

Сұлтанмахмұттың келесі таныстыратыны Мұқыш Поштайұлы, Жақып Ақбаев, Биахмет Сәрсенов сынды азаматтар болатын.

Онан соң Поштайұлы Мұқыш келер,
Білмеймін халық аузы бұған не дер.
Өзі юрист, жас жігіт жаңа талап,
Шықпайды деуге бола ма мұнан өнер...

Поэмада Оқығанның атынан Мұқыш бейнесі осылайша сипатталса, ал оның бар болмысы мен жасаған істері Қара қазақтың көңіліне жақпайтынын байқаймыз. Тіпті, оларды санамалап тізіп те шығады. Жақып Ақбаевты да Оқыған мен Қара қазақ сынға алады.

Белгілі Жақып мырза Ақбайұлы,
Қызмет қылар кісінің бұ да бірі.
Азды-көпті атағын былай қойып,
Тексергенде мынау ғой оның сыны...–

деп бастайды да әрі қарай Оқыған оның бар мінез-құлқын сын тезіне алып, жақтырмайтын қылықтарын жайып салады. Қара қазақ та Оқығанның сөзін мақұлдап, Жақып пен Райымжанның сайлауға түсердегі істеген іс-әрекетін түгел баяндап шығады. Поэмада «Ісі де, таланты да қалыспайды...» деп таныстырылған Биахмет Сәрсенов те осы жалпықазақ сиездерінде осындай қызмет атқарып, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Е.Омаров, Т.Шонанұлылармен біріге Білім комиссиясының құрамына кіреді.

«Таныстыру» поэмасында ақын енді тек Оқығанның атынан Нәзипа ханым мен Нұрғали Құлжанұлын таныстырады. Шығармада Нәзипа Сегізбайқызы – қазақ әйел затынан шыққан жалғыз тарихи тұлға. Ерлі-зайыпты Нәзипа мен Нұрғали

Құлжановтардың қазақ халқының мәдени тарихында өзіндік із қалдырған және өз халқының болашағы үшін күрескен қоғам қайраткерлері екені бүгінде баршаға аян.

Поэмада Сұлтанмахмұт «ертеден бұл алашқа аты мәлім» Шәкәрімге айрықша назар аударады. Алаштың ақсақалы атанған дана қарияның тек қазағының түзелгенін ойлаған асыл бейнесі шынайы жырланады. Ақын Шәкәрімнің жұрт білетін кемеңгер ойшылдығын тап басып айта отырып, оның «бір жолмен» алаш көсемдеріне де ақсақал бола алатынын ескертіп өтеді. Яғни, «бір жолмен» деуі ел мүддесі жолында олардың пікірлес екенін анық аңғартқандай. Қара қазақтың да Шәкәрім туралы бағамы жоғары.

Сонымен, Сұлтанмахмұт қазақтың осындай ірі тұлғаларын таныстыру барысында, «Таныстырдық білгенше әр адамды, Тағы айтайын демеңіз мынау қалды» деп өзі айтқандай, Райымжан Мәрсеков, Сатылған Сабатаев, Әнуар мен Иманбек, Дурманов сынды азаматтарға да тоқталып өтеді.

Түйіндей келгенде, ақын «Таныстыру» поэмасында алаш қозғалысы жетекшілерінің тарихи тұлғасын шынайы сомдап қана қоймай, сол Алаш партиясы өкілдерінің діттеген мақсатына қол жеткізуіне ниеттес бола білді. Сұлтанмахмұттың азаттық идеяны жырлаған шығармаларынан алаш қозғалысына қатысты өзіндік ұстанымдарымен қоса, ұлт болашағына алаңдаған азаматтық парызы да айқын аңғарылып жатады.

Әдебиеттер:

1. Ахметов З. «Алаш» деп ұран салған ақын. Дәуір ақыны: Ұлы ақын С.Торайғыровқа арналады. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2002. – 264 б.

2. Торайғыров С. Шығармаларының үш томдық жинағы. 3-том. – Алматы: Алаш, 2005. – 232 б.

3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-том, I кітап. – Алматы: Ғылым, 1997. – 247 б.

4. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Қарағанды, 2010. – 441 б.

Абдикалык К.С., Орынханова Г.А.

Освободительная идея в лирике С. Торайгырова

В статье рассматриваются такие стихи поэта, как «Клич Алаша», «Про то и про это», «Дождь Сары-Арки». Данные произведения отличаются высоким духом, своеобразной композицией. Выразительные и запоминающиеся строки стихотворения "Клич Алаша" передают тогдашнее всеобщее ликование: поэт всем сердцем желает, чтобы казахский народ справедливо получил соответствующей ему доли. Он призывает к тому, чтобы, отбросив внутренние распри, тяжбы, междоусобицы, зависть, деление на землячество и роды, жители Сары-Арки, и всего Алаша объединились и общими усилиями образовали основательное и суверенное государство. Это произведения, которые своим пламенным содержанием призывают к национальному развитию и процветанию. Особенно сейчас, в настоящее время, когда республика добилась суверенитета и строит независимое государство.

Ключевые слова: *Просветитель, идея Алаш, клич, партия Алаш, единство, правительство Алаш-Орды, нация, религия.*

Abdikalyk K.S., Orynkhanova G.A.

Liberation idea in the lyrics of S. Toraigyrov

The author considers such poems as “Battle-cry of Alash", "About this and that", "Rain of Sary-Arka". These works are of high spirit, unique song. Expressive and memorable lines of the poem "Battle-cry of Alash " tell about that times’ universal triumph : with all his heart the poet wishes the Kazakh people to receive their corresponding share. He urges residents of Sary-Arka and Alash to unite and together form a solid and sovereign state leaving aside their internal quarrels, disputes, strife, envy, division on communities and clans. These works with their fiery contents call for national development and

prosperity. Especially now, at the present time when the country had obtained sovereignty and builds an independent state.

Key words: *Enlightener, idea of Alash, battle-cry,Alash party, unity, government Alash-Orda, nation, religion.*

***

ӘОЖ 821.512.122.32.09

Кәріпжанова Г.Т. – *филология ғылымдарының кандидаты, профессор, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*
Қадыров Ж.Т. – *филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті*
Абикенов М.Т. – *филология ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті*
E-mail: *zhkadyrov_777@mail.ru*

МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ КОНЦЕПТІЛІК ЖҮЙЕСІ

Аңдатпа. *Мақалада М.Ж.Көпеев шығармаларындағы концептілер, ұлттық дүниетанымның берілу жолдары талдауға түседі.*

Автор шығармаларындағы ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісі ретінде ұлттық мәдениет, ұлттық өнер, діни дүниетаным, ұлттық таным әлемі қарастырылады, концептілік жүйесі, ерекшеліктері айқындалады.

Концептілік жүйенің эпитет, теңеу, көріктеу құралдары және еркін сөз тіркестері мен тұрақты тіркестер арқылы көрінісі сипатталады.

Тірек сөздер: *Когнитивтік лингвистика, ұлттық тіл, ұлттық өнер, ұлттық дүниетаным, ұлттық мәдениет, ұлттық таным, ұлттық салт-дәстүр, концептілік өріс, дін концептісі, имандылық концептісі.*

Қоғам мен өмір тынымсыз даму үстінде болған сайын адамзат баласының білім, танымы да өлшеусіз алға басуда. Ғылымның сан алуан салаларының ішінде лингвистиканың көптеген ғылыми-теориялық мәселелері өз шешімін тапқаны даусыз. Дегенмен бұл ғылымның жаңа бағыттарының зерттеу нәтижелері тілдік деректер мен ғылыми теориялардың біртұтас сипатта топтасуы негізінде зерделейтін, зерттейтін жайттардың әлі де баршылық екенін көрсетіп отыр. Оның үстіне тілдік ғаламдандырудың ауқымы кеңіген сайын, ұлттық тілдің өрісін кеңітіп, абыройын асқақтату заман талабына айналуда. Осыған орай, тілді жүйелі түрде зерттеудің жаңа үлгілері ұсынылуда. Атап айтқанда, қазіргі таңда тіл мен рух, тіл мен ойлау, тіл мен сана, тілдік бейнелеу мен таңбаның өзара байланысы нәтижесінде тілдің қолданысы мен қызметі жаңа қырынан танылу үстінде және оны танытатын жаңа бағыттар кең өріс алуда.

Бұған дейін тілді зерттеудің ғылыми парадигмасы ретінде салыстырмалы-тарихи, жүйелі құрылымдық әдістерімен қатар антропоцентрлік парадигманың өрістеуі – лингвистиканы ой-санамен, мәдениетпен, және адамның тұрмыс-тәжірибелік қызметімен, таныммен, философиямен тығыз байланыста қарастыруды қажет етіп отыр. Әрине, антропоцентризмнің негізі бір күнде пайда бола қалған жоқ, оның алғашқы теориялық бастауын өте ертеден, одан бері Қазан лингвистикалық мектебінен іздеген жөн [1].

Антропоцентристік бағыттың ұстанымы – тілдің болмысы мен табиғатын, оның ішкі қатпарларын тану үшін тілді адаммен біртұтастықта қарау. Міне, осы

ұстанымды басшылыққа алған антропоцентризм когнитивтік лингвистиканың дүниеге келуіне себепкер болғаны анық.

Қазақ тіл білімінде танымдық ғылым деген атауға ие болған тіл білімінің саласы Ә.Қайдар, Ж.Манкеева, Э.Оразалиева, Қ.Жаманбаева, Е.Жанпейісов, Б.Ақбердиева, Г.Гиздатов т.б. еңбектерінде қарастырылған. Мысалы, Ә.Қайдардың этнолингвистикаға байланысты ойлары қазақ тіл білімінде танымдық тіл білімінің қалыптасып, дамуына негіз болса [2], Г.Гиздатов адам санасындағы білімнің көріну деңгейі, берілу тәсілдері, құрылымы жайында өз көзқарасын ұсынады [3]. Сондай-ақ зерттеуші Г.Зайсанбаева метафораны зерттеудегі когнитивтік бағытқа назар аударып, фрейм терминіне түсінік береді, метафораның танымдық тұрғыдағы рөліне тоқталады.

«Жаңа түсініктер мен ұғымдарды атау үшін оларды өзге тілде бар зат, құбылыстармен байланыстыра бастаймыз және сол ұғымдар негізінде аталым жасаймыз. Осындай әрекеттермен метафора арқылы қоршаған әлем туралы білім қоры толықтырылып, жаңа аталымдар туындайды» [4, 23 б.].

Ұлттық дүниетаным мен ақын жазушының қиял дүниесі мен таным дүниесінің диапазонын көрсете отырып, автор ұлттық дүниетанымымен астасып жатады. Мәшһүр Жүсіп шығарамаларындағы ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін бірнеше жікке бөліп қарастыруға болады. Олар негізінен: ұлттық мәдениет; ұлттық өнер; діни дүниетаным мен ұлттық таным әлемі.

Ұлттық мәдениет: Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларында ұлттық дүниетанымды көрсететін тілдік құралдар мол қолданылған. Солардың бірі – ұлттық салт-дәстүр мен жол-жоралғының ақын шығармаларындағы тілдік көрінісі болып табылады. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы қазақ өлеңінің орны, олардың мазмұны өмірдің сан алуан құбылыстарына негізделгенін көруімізге болады. Мысалы, философиялық мазмұнды өлеңдері, жұмбақ, тұспал, аңыз т.б. мазмұнда жазған шығарамаларын жатқызуымызға болады. Бұл тек ұлттық мәдениеттің бір элементіне ғана негізделген шығармалары болмақ.

Ұлттық өнер: Мәшһүр Жүсіп шығармаларының өзегінен тереңірек үңілу арқылы ұлттық тұрмыс-тіршілік нышандарын да байқап көруге болады. Олар: «*Жасымнан үйір болдым өлең сөзге», «Мәшһүр Жүсіптің шабдар атпен айтысқаны»* т.б. өлеңдерінен қазақ халқының тұрмыс тіршілігімен қатар ұлттық мәдениетінің ерекшелігін «*жүйрік ат», «көңіл*» концептілерінің ой бейнелерімен сөз суреттер негізінде көркем сөзбен өрілгенін көруге болады. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының ерекшелігі өмірге деген көзқарасын, ой-пікірін, ақиқат дүниеге қатынасын білдіріп отырады. Адамның ақиқат дүниеге қатынасы тілдік құралдар арқылы беріліп, соның негізінде ақпарат жүйесі қалыптасады. Бұл ғалам бейнесін бейнелейтін ақпарат жүйесі ақынның ғалам туралы концептуалды тұжырымдамаларынан көрінеді. Демек, көркем шығарма тіліне (поэзия тілі болсын немесе проза тіліндегі философиялық этюдтерді) концептілік талдау ғаламның тілдік бейнесі туралы білімді анықтау үшін қажет. Қандай да бір көркем шығарманы тек лингвистикалық талдаумен, яғни шығарманың көркемдік ерекшелігін талдаумен шектеуге болмайды. Мұндайда автор шеберлігі оның ақиқат дүние туралы таным-түсінігі, көзқарасы айқын көріне бермейді. Осы ретте концептілік талдау автордың ақиқат дүниеге қатынасын айқындап көркем шығарманы талдаудың екінші бір қырын ашатын бірден-бір құрал ретінде қызмет етеді. Тіл білімінің когнитивті саласы ақиқат дүниенің санадағы таңбасын зерттеуді қолға алғаннан бастап-ақ қазақ тіл білімінде де ұлттық мәдени таным өрістері мен дүниенің тілдік бейнесі және көркем мәтін тіліне концептуалдық талдаулар жасала бастады. Осы орайда тұтас бір ұлттың рухани бірлігі деңгейіне көтерілген тұлға мен жалпы адамзаттық құндылықтарды ұлт бойына сіңірген Мәшһүр Жүсіп шығармаларын тілдік таным тұрғысынан танытудың маңызы зор. Ол – ақын табиғатын тіл ғылымының жаңа қырынан танытып қана қоймай әлемнің тілдік бейнесі мен ақынның тілдік дәстүр жалғастығын айқындауда ортақ түзілген концептілер өрісін танып-талдауға мүмкіндік береді. Адамның ойлауы мен танымдық

әрекетіндегі тілдің рөлін зерттеу мүддесі көзделетін когнитивтік лингвистикада тіл – «ойдың тікелей шындығы, сана әрекетінің көрінісі», «ойтаным тетігі», «тілдік бірліктердің өн бойына және терең мазмұндық астарына ақпараттарды бекіту, жасыру, сақтау, сондай-ақ қажет жағдайда қайта жаңғыртудың когниционалық тәсілі» тұрғысынан сарапталады. Мұнда адамның әлемді қабылдауы мен тануы, түйсінуі мен түсінуі процесіне бойлау тілдің ойды білдірудің басты құралы ретіндегі қызметімен ұштасады. Танымдық іс-әрекет барысында адамның өзін қоршаған ақиқат шындыққа, әлемге деген көзқарасы, ұғым-түсініктері мен бағалары, қорытынды тұжырымдары мен өмірлік ұстаным-қағидаттарын қалыптастырады. Демек тіл иесінің қоршаған ортаны игеруі және қоғамдық-әлеуметтік іс-тәжірибені меңгеруі барысында жинақтаған білімінің маңызды компоненті – мәдени ақпараттардың тіл арқылы бекуі мен сақталуы, тілдік тұрпат меже мен мазмұн меже арқылы көрініс беруі когнитивтік негізден бастау алады.

Лингвомәдениеттанымдық бағыттағы зерттеулерде ғылыми зерттеудің когнитивтік және мәдениеттанымдық қырларын тоғыстыру лингвистикалық білімнің интегративтік сипатын айқындап қана қоймай, «Тіл – Адам – Мәдениет» үштігі аралық байланыстың сан алуан қырын зерттеуге жол ашады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев өткен ғасырдың өзінде-ақ адамдарды тек ақ, қара деп бөліп, не оған сырттай сүйсінумен, не одан мүлде безінумен шектелмейді. Адамдардың не бірыңғай аппақ ұнамды, не бірыңғай қап-қара жағымсыз боп келе бермейтін, қайта бір адамда әрі оң, әрі теріс сезімдер қатар өмір сүріп, арпалысқа түсуін ашу, әсіресе, сол кез үшін кесек жетістік, адам сезімін тереңдеп ашуда елеулі қадам еді. Мәселен, оның 1880 жылдары жазылған «*Жарты нан» хикаясы*, өлеңде басты назар өзіне жақсылық жасаған адамды жұтпақ болған айдаһар жауыздығына емес, жапа шеге жаздаған адамның өзінде қайшылық бар екеніне аударылады. Міне, мұнда біреуге «байқамай» жақсылық жасап, орынсыз жапа шегушіні ақын бірыңғай аппақ, ұнамды адам етіп көрсетпейді. Суреткер жай көзге байқалуы қиын, сырт қарағанда біршама ұнамды көрінген адамның өзінің ішкі қайшылығына үңіле, үңілте біледі. Кезінде біреуге қамқор боп, жарты нан ғана беруі сол адам үшін әрі құптарлық, әрі айыптарлық іс боп алынады. Бұл да қарапайым адам санасында орын алған, орын алуы мүмкін аздаған қалыстыққа да суреткердің шүйіле үңілуінен туған. Ақын бұл шығармасында сонымен қатар зұлымдық иесі, бөтен күш, дербес айдаһар болуымен бірге, әр пенденің өз «айдаһары» болуы мүмкіндігіне де көңіл бөледі. Сөйтіп адам сезімінің көп қырлы екенін, ішкі қайшылықпен күресу мәнін көрсету арқылы ақын қаһарман жан дүниесіне түпкірлей тереңдеу үлгісін де көрсеткен.

Бұл хикаяда зұлымдық пен жақсылық концептісі қатарласа алынып, адам мінезін ашуға, қоғамдағы жамандық пен жақсылықты тануға қызмет етеді. Мәшһүр-Жүсіптің «Сәйгелді, сона, бөгелек» өлеңінде халықты езіп, қанаушы Сәйгелді, бөгелек тәрізділерге өріс беретін *аңқаулық, надандық* сыналады. Сөйтіп ақын *жауыздық пен адамгершілік* арсындағы қайшылықты, кереғарлықты алумен, жауыздың жауыз, ізгінің ізгі екенінін бейнелеумен шектелмейді.

Ағайын егіз туған: ұрлық-зорлық,
Зорлығы – ағасында, іні де – ұрлық.
Бірі қойса, бәрі де қояр еді,
Тауып тұр қоймағаннан тегіс қорлық.

Ақын өлеңдерінде үнемі осылай адамдар арасында орын алған *пайдакүнемдік, ұрлық, өтірікті* сынап отырады. Ал *пайдакүнемдік, ұрлық, өтірік, тәкәппарлық, зорлық, надандық, шайтан, ит, жалғандық, күншілдік, зорлық, ашкөздік* зұлымдық концептісінің мазмұнымен астасып жатады.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларына назар салсақ, түр-түс концептілеріне кеңінен арқа сүйегенін аңғарамыз.

Бай біткен болғандықтан қарабауыр,
Арқасы ер салмастан болар жауыр.

Не айтып, не қойғанын білмес өзі,
Тырнадай өзін-өзі көріп ауыр.

Ақында қолданылған *қарабауыр* деген сөздің зұлымдықты танытудағы әсері мол. Дүниетанымымызда «адам адамға жолдас, бауыр» деген түсінік бар. Сонымен қатар бірге туғандарды бауыр дейміз. Ал бауырға қара деген зұлымдықты танытар сөздің тіркесіп келуімен қарабауыр деген тіркес жасалған. Қарабауыр деген қаскөйліктің, жауыздықтың, дұшпандықтың ұлттық танымын білдіреді.

Халықтың әл-ауқаты қашан болмасын ақын шығармаларына арқау болады. Сондықтан көптеген туындылары «байлық пен кедейлік» концептілері төңірегінде баяндалады.

Ақшалы бай жүреді төмен бұғып,
Қолдан кетсе бір тиын, жаны, жаны шығып.
«Көрінген жан бір нәрсе сұрайды ғой!»,-
-Деумен өзін-өзі інге тығып...
Бұл дүние құтқармайтын тозақ болды,
Бейнеттіге, құрығыр, күн ұзақ болды.
Дамыл, тыныштық бір жанда болмаған соң,
Есебі күндіз өзі тозақ болды.

«Тозақ» концептісі өмірдегі қиыншылықты, әркім үшін әр түрлі сипатта болатындығын көрсетеді. Бай байлықтан айрылып қаламын деп қуыстанса, кедей қалай күнін көремін деп еңбектене қиналады деген ұғымдардың барлығы «тозақ» концептісінің аясына сыйған. Қоғамдағы қиыншылық, бейнет өмір, ауыр тұрмыс тозақ сөзі арқылы бейнеленеді.

М.Ж. Көпеевтің тіліндегі «ой» сөзі де өзгеше реңкіде ыңғайланып, басқадай мағынада жұмсалады. Мысалы: *терең ой, ұзын ой, бұзылған ой* т.б. «Жал-құйрығын бір сапар созып тұрмын» деген жыр жолындағы «сапар» сөзі де мезгіл ұғымында алған, әуелінде тура мағыналы /сапар // жолға// сапарға аттандым/ тіркесіндегі сапар сөзінен ауытқып барып жаңа ұғымда қолданылған. Жалпы, Мәшһүр Жүсіп «сапар» сөзін жаңа ыңғайда жұмсап сөз түзуде қырағылық танытады. Сақалын саудалап – деген әдеттегі тіркес Мәшһүр Жүсіп Көпеевте «саудама сақал» сындық мағынада қолданылып, метонимиялық құбылуға дейін барғандығын көреміз.

Жаурылықтың ер мінбей мініп желқом,
Күнде бір ат мінбес пе ем болса жылқым.

«Хаятбақшы» дастанынан алынған бұл мысал: аттың жауырыны жара (жауыр) балмас үшін ертоқымның астынан салынатын жауырлық оны алып тастап, жайдақ тек қана қом салынғанын айтса керек. Қазақ ұғымында: «жауырды жаба тоқып» дейді, жауыр атқа жабаны салуды айтады.

Ақын символды жиі қолданады. Ақын шығармашылығында от, су, ауа, жас сөздері символдық мәнде жұмсалып отырылған. Тұспал өлеңдерінде ақын әдеттегі сөздерге символдық мән артады. Мысалы, соқыр, түн, толқын, қан, базар, махаббат т.б.

«Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз» кітабындағы «Соқыр, саңырау, жалаңаш хикаясы» да қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын алатын туынды. Аталған өлеңде «тағдыр», «зұлымдық», «бай», «кедей» т.б. концептілері кеңінен қолданыс тапқан. Сол арқылы алдына қойған мақсатын философиялық тұрғыдан данышпандықпен суреттеу арқылы қол жеткізген. Мәшһүр Жүсіп адам сезімін, көзқарасын күрделі, қайшылығы мол қалпында көрсетуге ден қояды. Бір адамның әр басқаның кемшілігін көргіш екені, әрі өзіне керек істі мүлде көрмейтіні, қайшылығы нақты ашылған. Шартты түрде «*соқыр*» деп алынған ол құмырсқадай ұсақ заттарды көргіш те, одан ірірек нәрсе, жан-жануар атаулыны мүлдем көрмейтін болады.

Мәшһүр Жүсіп шығармалары – көркем әдебиет пен тіл мұрасы ғана емес, тарихтың, мәдениеттанудың, философияның нысаны. Әсіресе, ақын тіліндегі концептілерді танып талдау – көркем сөз иесінің дүниені тану қағидаларын

айқындауға, терең философиялық ойларын, даналық тұжырымдарын, діни сенімдерін және шежірелік тарихи білімін танып талдауға мүмкіндік береді. Дүниені танудың тілдік көрінісі мен тілдік таным ислам әлемімен байланысты концепт конструкциялары арқылы көрініс тапқан.

Мәшhүр Жүсіп шығармаларының танымдық қырын *эмоционалды концептілер: үміт, арман, бақыт, мұң және контраст концептілер: қайғы мен қуаныш, өмір мен өлім, ақиқат пен жалған, фани мен бақи* т.б. сол сияқты концептілер жүйесі құрайды. Ұлттың рухани бірлігін танытатын ар иман концепт өрісінің түзілісі моральдық құндылықтардың тілдегі көрінісін танытады.

Мәшhүр Жүсіп шығармаларындағы концептілерді табу кезінде концептілік өріс түзіледі. Ол жеке сөздер, сөз тіркестері, тұрақты тіркестер, сөйлем, тұтас мәтін түрінде болады. Бір ұғым туралы аталған тілдік құралдар жиынтығы концептілік өрістің жиынтығын құрайды.

Сонымен Мәшhүр Жүсіп шығармаларының концептілік жүйесін анықтағанда олардың мынадай концептілерден тұратындығын көруге болады. Олар: *«өмір», «өлім», «иман», «білім-ғылым», «ар-ұят», «адам-адамшылық-адамгершілік», «қайғы», «қуаныш», «мұң», «махаббат», «оқу», «тәрбие», «өнер», «ұят», «күн», «жұлдыз», «ай», «төр», «босаға»* т.б.

Мәшhүр Жүсіп шығармаларының тіліндегі ғалам бейнесін суреттейтін концептілер: *өмір, өлім, тағдыр, адамгершілік, ар-ұят, махаббат, алла, тәңір, күн, ай, жұлдыз.* Себебі бұл концептілер ақын шығармаларының өн бойында түрлі баяндау формалары арқылы көрініс тауып отырады.

Мәшhүр Жүсіп Көпеев шығармаларында «өмір-өлім» бинарлы концептісі кездеседі. Ақын туындыларында өлім «тағдыр», «жазмыш» ұғымдармен қатар қарастырылады. Өлім өмірдің бітуі аяқталуы емес, екінші өмірдің жалғасуы ретінде қарастырылады, өмір мен өлім салыстырылмайды.

Ақын шығармаларында өмір таным мен ақпарат көзі ретінде көрінеді. Адамдар арасындағы түрлі қатынастар да өмір ұғымы арқылы жеткізіледі.

Мәшhүр Жүсіп шығармаларының тіліндегі өлім мен өмір осы екі аралық арасындағы тағдыр ұғымдары шығармаларының негізін құрайды. Яғни қаламгердің бір аяғы көрде, бір аяғы жерде тұрған аралық деңгейді қатар алып баяндауы жиі кездесетін баяндау формасы болып табылады. Бұл аралық деңгей *«Бүгін бар, ертең жоқ»* мақалымен астасып, ұлттық философиямен үндесіп жатқанын аңғаруға болады.

Сонымен қатар Мәшhүр Жүсіп өз шығармаларының арқауын «*өмір мен өлім», «тағдыр»* атты философиялық концептілер негізіне арнаса да күлкі, қуаныш, қайғы, мұң сияқты адам дағдыларымен қатар алып баяндаған. Бұл бір жағынан адам өз дағдысынан қайда да болса жаңылмайды деген дүниетанымдық тұжырымдаманы нақтылаумен байланысты болса, екінші жағынан оқырман еңсесін түсірмеу, оқиғаны шынайы беру сияқты мақсаттардан туындаған. Мәшhүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы *өмір* концептісіне келетін болсақ, оның шығармашылығының басты философиялық идеясы – адам өмірі, оның дүниемен, қоршаған ортамен тұтастығы, екі өмірге де керегі – имандылық. Дәлірек айтсақ, адам тіршілігінің шектеулі екендігі, фәнидің жалғандығы, дүниеде мәңгілік ештеңе жоқтығы. Қамшының сабындай қысқа өмірді мәнді өткізу, күліп-ойнап, дүниенің қызығын көру керектігін баяндайды. Бұл өмір – мәңгілік мекеніне қарай жолаушылап бара жатқан адам баласының бір аялдамасы ғана. Ислам діні мұсылмандардың осы сапар барысында бұл өмірге және осы өмірдің ләззаттарына алданып қалмай, ақыретке және ақыретте оңды жетістікке жетелейтін негіздерге көңіл аударуды бұйырады. Аллаh Тағала Құран Кәрімде: «Сіз бұл өмірді қалайсыз, алайда ақырет өмірі одан да жақсы, әрі мәңгі» (Ағла сүресі, 16) немесе «Мына өмір тек қана бір ойын мен көңіл көтеру ғана, ал ақырет болса, ол – нағыз өмір» (Анкәбут сүресі, 64),- делінеді.

Осы өмірдің алдамшы болмысының мәнісін жете түсінген халқымыз оны *жалған дүние* деп атайды.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларының ең ірі концептілік жүйе құрай алатын концепт - *өмір, өлім, алла, ар-ұят, махаббат, иман, тағдыр, дін, күн, ай, жұлдыз т.б.* тұжырымдамасы. Олар эпитет, теңеу сияқты көріктеу құралдары, сондай-ақ еркін сөз тіркестері мен тұрақты тіркестер арқылы көрініс табады. Мәшһүр Жүсіп халық ұғымындағы *жалған дүние* фразеологизмін кейде *сұм дүние* деп те қолданады. Мысалы:

Сұм дүние әуре қылған жұрттың көбін.
Адамды жас күнінде алдайды екен,
Батшаған сұм дүниенің көп апаты.
Біз келдік сұм дүниеге қайдан туып,
Мұздаған әлдеқашан көңіл суып.

Сұм дүние тұрақты тіркесінің эмоцианалдығы мен экспрессиясы өте жоғары екені байқалады. Осы өмірдің өткінші екенін, алдамшы екенін жағымсыз сипатта көрсетеді.

Дүние деп, алтын-күміс малданбайды.
Қызық деп, бұл жалғанды таңданбайды.
Дүниенің баянсызын білген ерлер
Бұлардың ешбіріне таңданбайды.

Осылайша ақын өмірде дүниеқұмарлыққа, дүниеқоңыздыққа салынбау керектігін уағыздайды. Халқымыз да дүние-мүлікті қолдың кіріне теңеп, маңызы мен мәні жоқ бос нәрсеге балаған. Дүние-мүлікті өткінші қызық деп бағалаған. Ақын халық түсінігіндегі жайттарды және құран хадисінің мазмұнын жырға қосқан.

«Дін» концепті ғаламның тілдік бейнесінде орын алады. Оның құрылымы өте күрделі. Оны вербалдаушы бірліктердің саны да көп болғандықтан болар, аталмыш концепті қазақ тіл білімінде көптеген ғылыми еңбектердің нысаны ретінде алынуда.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы «дін» концептісі арнайы зерттеуді қажет ететін ауқымды тақырып. Сондықтан біз болашақта жеке бір зерттеуге нысан болар деп сенеміз. Қысқаша айтқанда, «дін» концептісі негізгі өзек семалар арқылы «сенім», «рухани», «адамшылық, адамгершілік», «құдіретті», т.б. мәндер арқылы танылған. Ақын шығармаларындағы «дін» концептісін түрлі қырынан вербалдайтын лексемаларды бірнеше тақырыптық топтарға бөлуге болады. Құдай атаулары (құдай тағала, жаратқан, жаратушы, Алла тағала т.б.), пайғамбарлар есімі, негізгі ұғымдар, құдайға құлшылық ету, имандылыққа тәрбиелеу, иман келтіру т.б.

Мәшһүр Жүсіп Алланың біреу екендігін, тек Алла өзгермейтінін, оның өте кең ұғым екенін Алла сипаттарын тарата баяндайды:

Жоқ деп біл ол Аллада ата-ана,
Және жоқ деп біліңіз қатын-бала.

Ақын Алланы танып білуде, Алла жолын іздеуде құлшылықтың алатын орны ерекше екеніне көп көңіл бөледі:

Бір Алла діліне алмай, фазылына алсын,
Жұмақты біз ғаріпке қылсын несіп.
Таршылық әрбір жерде қысылғанда,
Басқа жоқ бір Алладан паналары.
Айтыңыз насихат сөз қосып басын,
Шын болып бір Аллада ықыласың.
Ғазірейіл бір күн келіп жаныңды алса,
Дүниеден кетеді ғой ғаріп басың.

Махаббат – мәңгі таусылмайтын тақырып. Себебі, махаббат - Алланың қасиеті, сипаты ретінде шексіз, өлшеусіз шындық. Аллаға шын ықыласыңмен ғашық болсаң, оның рахматы да ұшан-теңіз екенін түсіндіреді. Адам Алланы танымақ болса, өзін де шексіз дамыту керектігін айтады. Ақын Алланы танудан адамгершілік, ізгілік туралы ойларды айтады.

Болса да қанша күнə бойымызда,
Қайтпайды бір Алладан ықыласым.

Ақын хақтың жолы әділет екенін ұмытпауы және одан ауытқымауы қажет екенін бірдей ескертеді.

Мәшhүр Жүсіп Алладан артық ештеңе жоқ, Алладан артық біреуді жақсы көрсең, аяғында бір жамандыққа душар болатынын айтады.

Басқаға бір Құдайдан көңіл бөлме,
Нәпсінің, шамаң келсе, тіліне ерме!
Пәледен басым аман болсын десең,
Бой салып бір нәрсені жақсы көрме!
Махаббат күннен-күнге артады екен,
Оралып шырмауықтай тартады екен.
Басқаны бір Құдайдан сүйгендіктен,
Бір залал ақырында тартады екен.

Мәшhүр Жүсіп қолданысындағы *бір Алла* тұрақты тіркесін сараптай отырып, төмендегідей ойтүйін қалыптастырамыз: ақын дүниетанымы бойынша әлем мен Алла ұғымы бірлікте жүреді. Бұл екеуі бір ғана мәннің шеңберінде топтасқан дүниелер. Дүние бір қалыпта тұрмайды, ол өзгеріп отырады. Өзгермейтін – жалғыз Алла дегенді ақын философиялық тұрғыдан басып айтады. Сондықтан да Аллаға деген махаббаттың шексіз болуы заңды құбылыс. Мәшhүр Жүсіп ұғымы бойынша Алланы сүю адамның жеке басындағы асыл қасиеттерді қастерлеу, адамгершілікті негізгі қағидаға айналдыру. Алланы сүю – ізгілікке байланысты жол. Ақынның тұжырымы бойынша, махаббат – Алланың қасиеті, құдіреті, қуаты, рухы. Алланы сүю арқылы, оның сүйген құлы – Адамды сүюге шақырады, имандылықты, мейірбандылықты, биік адамгершілікті уағыздайды.

Мәшhүр Жүсіп шығармаларындағы имандылық концептісі. Ұлттың рухани бірлігін танытатын имандылық концепт өрісінің ақын шығармаларындағы түзілісі моральдық құндылықтардың тілдегі көрінісі іспетті. Ақын имансыздың сегіз түрлі қасиетін санамалап көрсетеді:

«Имансыз сол ұжмақты көрмес!» – дейді,
«Бір Құдай имансызды сүймес!» – дейді.
Бір Алла қаламында аян қылды:
«Адамдар сегіз түрлі кірмес!» – дейді.
Әуелі бір Құдайға серік қосқан,
Екінші – ұрлық қылып жолды тосқан.
Үшінші – кісі өлтірген нақақ жерде,
Төртінші – зинашы дүр, дінге дұшпан.
Бесінші – ел ішінде өсек айтқан,
Алтыншы – күншілдік қып діннен қайтқан.
Жетінші – залымдар дүр, рақымы жоқ,
Ғайбат айтып, әрқашан күнәсы артқан!
Сегізінші – әрдайым арақ ішкен,
Әрқашан жаманшылық күні кешкен.
Осылар дүр жұмаққа кіре алмайтын,
Тәубе қылмай, дүниеден, босқа көшкен.

Өмірдегі зардаптардың ең ауыры – адамдар жүрегіндегі иманның солғындауы, яғни оларды қылмыс жасаудан, қулық-сұмдықтан, ұрлықтан, зинақорлықтан, көре алмаушылықтан сақтандыратын жаратылыстан болған ішкі тежегіштердің әлсіреуі болып отыр. Имансыздық жеке адамды ғана аздырып қоймайды, мұндай дерт қоғамды кеулеп, мемлекеттің де іргесін шайқалтуы мүмкін, сөйтіп, жер бетіндегі тұтас аймаққа шарпуын тигізуі ғажап емес.

Концептілік талдаудың стратегиясы – тілдік құрылымды сипаттауда, ал тактикасы – гештальттарды анықтауда айқындалады.

Қорыта айтқанда, қазіргі тіл табиғатын зерделеу тек формалық сипаттармен шектелмей, адам өмірінде алар орны мен атқарар қызметін анықтауға, оның физио-

анатомиялық негізін айғақтақтауға ұласуы – болашақ тіл мамандарының тілді терең меңгеріп, зерттеу міндетін күрделендіре түскені анық. Оның бір дәлелі – біз сөз етіп отырған танымдық тіл білімі сияқты кешенді ғылымның өріс алуы. Сондықтан да тілші мамандар үшін әлемдік кеңістікке ену жағдайында атқарар міндет, өзекті мәселелер жеткілікті. Тек ең бастысы – тілдік ғаламдандырудың жетегінде кетпей, қандай жағдайда да өз ана тілімізбен ерекшелену мүддесін көздеуден айрылмасақ болғаны.

Әдебиетттер:

1. *Қордабаев Т., Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі. – Алматы, 2004. – 236 б.*
2. *Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 2014. – 277 б.*
3. *Гиздатов Г. Сөйлеу қызметіндегі когнитивтік модельдер: типологиясы мен динамикасы. Док. дисс. – Алматы, 2005. – 189 б.*
4. *Зайсанбаева Г. Метафоралық аталымдардың танымдық сипаты / Кан. дисс. – Алматы, 2004. – 138 б.*

Карипжанова Г.Т., Кадыров Ж.Т., Абикенов М.Т.

Концептуальная система национального познания мира в произведениях Машхур Жусипа

В статье анализируются способы подачи концептов, национального познания мира в произведениях М.Ж.Копеева.

В произведениях автора в качестве языкового отражения национального познания мира рассматриваются национальная культура, национальное искусство, религиозное познание мира, национальное познание мира, определяются их концептуальная система, особенности. Концептуальная система раскрывается через средства эпитета, сравнения, наглядности, а также через свободное сочетание слов и устойчивые словосочетания.

Ключевые слова: *когнитивная лингвистика, национальный язык, национальное искусство, национальное познание, национальная культура, национальные обычаи и традиции, концептуальное поле, религиозный концепт, нравственный концепт.*

Karipzhanova G.T., Kadyrov Zh.T., Abikenov M.T.

The conceptual system of national cognition of the world in Mashkhur Zhussip's works

The given article deals with the analysis of the means of representation of the concepts related to the national perception of the world in M.Zh. Kopeyev's works. The article considers and determines the conceptual underpinnings of the phenomena of national culture, national art, religious perception of the world, national perception of the world, regarding them as the means of linguistic reflection of the national picture of the world. The conceptual system is unfolded by virtue of application of epithet, simile, illustrations, as well as free combinations of words and set expressions.

Keywords: *Cognitive linguistics, national language, national art, national customs and traditions, conceptual field, religious concept, moral concept.*

***

ТАРИХ
ИСТОРИЯ
HISTORY

ӘОЖ 94.(574)

Рысбеков Т.З. *– тарих ғылымдарының докторы, профессор, М. Өтемісов атындағы БҚМУ*
Кенесова А.С. *– М. Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты*
E-mail: *dan4ik30.06@mail.ru*

ГЕНЕРАЛ Ғ.ЖӘҢГІРОВТІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. *Бұл мақалада қазақ халқының арасынан шыққан орыс армиясының кавалерия генералы атағын алған тұңғыш қазақ – Ғұбайдолла Жәңгіров, оның қоғамдық-саяси қызметі, орыс-түрік соғыстарына қатысуы, ең бастысы, оның әскери өмірі туралы мәліметтер қарастырылады.*

Тірек сөздер: *Ғұбайдолла Жәңгіров, кавалерия генералы, флигель-адъютант, телеграф басқармасы, әскери реформалар, орыс-түрік соғысы, Плевна түбіндегі шайқас, алтын сапты қылыш, Ялта.*

Қазақ тарихында әскери жоғары лауазымды иеленген Жәңгір ұрпақтарының ішінде бірнешеуін атауға болады. Солардың бірі - Ғұбайдолла Жәңгіров. Ол қазақ халқының арасынан шыққан әскери қайраткер, орыс армиясының *кавалерия генералы* атағын алған тұңғыш қазақ баласы [1, 6 б.].

Ғұбайдолла Жәңгіров 1841 жылы 6 мамырда Бөкей Ордасының соңғы ханы Жәңгірдің отбасында дүниеге келген. Алғаш сауатын ол Ордадағы орысша-қазақша дәріс беретін мектептен ашады. 1849 жылы тамыз айында ағасы Ахметкерей екеуі Оренбург генерал-губернаторының адъютанты есаул Житковтың қарауымен XVII ғасырдың ортасында әйел патша Елизавета Петровна Санкт-Петербургте негізін қалаған Ресейлік империяның таңдаулы оқу орны – Паж корпусына келіп жетіп, соннан білім алады [2, 783 б.].

Паждардың көпшілігі – сарайдың алдыңғы қатарлы шенеуніктерінің, жоғарғы генералитеттің, министрлердің, дипломаттардың балалары немесе немерелері, ресейлік атақты әулеттердің ұрпақтары болған, олардың әкелерінің байлығы өте үлкен, ал әулеттерінің көнелігі бірнеше жүздеген жылдармен есептелген. Паж корпусы гвардиядағы әскер қатарында қызмет ететін текті әулеттер мен қызметшілер отбасынан шыққан жастарды даярлауға арналған жоғарғы әскери оқу орны болған. Бұл корпусқа жылына барлығы 50 шәкірт қабылданып, Ресейдегі ақсүйек дворяндар мен император әулетінің 10-15 жас аралығындағы ер балаларды оқытылған. Оқуға талапкердің денсаулығы мұқият тексеріліп, сырт келбетіне де айрықша көңіл бөлінген.

Жәңгір ханның барлық ұлдары осы Паж корпусын бітірген болатын. Бір сөзбен айтқанда, Жәңгір ханның төрт ұлынан басқа ешбір қазақ мұнда білім алмаған. Жәңгір хан олармен бірге молда Ахмедшах Әбсәлімовты жібереді. Болашақ генерал «...озат тәрбиеленуші ретінде танылып үздік оқушылардың №9 ерекше кітабына енгізілген». Ал 1856 жылы - Ғұбайдолла Шыңғысхан корнет болып шығып, Петербургке казак полкіне лейб-гвардияға жөнелтіледі. Сөйтіп, Жәңгірдің үш ұлы Ресей астанасында бірге тұрып, оқып ержетеді [3, 402 б.].

Ғұбайдолла алдындағы ағалары секілді 1857 жылдың 2 қаңтарында Орынборға жіберіліп, онда әскери қызметіне кірісті. Үш айдан кейін Перовский денсаулығына байланысты губернаторлықтан босатылды. Орнына В.Катенин келді. Сөйтіп, Ыбырайым мен Ғұбайдолланың өлке әкімшілігіндегі үш жыл қызметі оның басшылығымен жалғасты. Бірақ, Петербург те, Орынбордың жаңа губернаторлары да орда билігін Жәңгір балаларына беруді ойламады. Оның үстіне 1854 жылы «әрекетсіздігі» үшін биліктен шеттетілген Әділ сұлтанның орнына Уақытша кеңес төрағалығына ендігі жерде орыс шенеуніктері қойыла бастады. Орталықтан жіберілген М.Иванин, Г.Ващенко, К.Герн секілді әскери шенеуніктер бірін-бірі алмастырып, Жәңгір ханның орнына түпкілікті бекіп алды [3, 406 б.].

Алайда, қызмет бабымен Орынбор өлкесінің әкімшілік-әлеуметтік ісіне етене араласқан ағайынды Шыңғыстардың жолы Бөкей ордасын айналып өткен жоқ. Саясаттан алыс, отарлық басқару шырғалаңын түсіне бермейтін орданың қарапайым халқы әлі де Жәңгір балаларына арқа тұтты. Ғұбайдолла туған халқы үшін әжептәуір қызмет атқарғанымен өз мансабы үшін ешнәрсеге қолы жетпестен Орынборда жастық шағының ең қажырлы он жылын өткізді. Онда жұмыс жасаған жылдарында ол төрт губернатормен қызметтес болды. Ал, генерал-адъютант Н.Крыжановскийдің тұсында қызметінен босанып, лауазымсыз, жалақысыз, подполковник шенімен әскери кавалерияға сұранды. Бір жылдай тәжірибе жинап, алды-артын ойланып алған ол, Ахметкерейдің ізімен 1867 жылдың наурызында жиырма жеті жасында Дон әскері атаманының қарамағындағы қызметке кірді.

Иә, Ғұбайдолланың әскери мансабы осы Дон бойынан басталған еді. Жас офицердің басшылық қабілетін таныған наказной атаман А.Л. Потапов оған бір жылдан соң полковник атағын бергізіп, Дон войскосына сенаттық тексеру құқындағы комиссияның мүшесі етіп ұсынды. Келер жылы Солтүстік-Батыс өлкенің генерал-губернаторы болып тағайындалған А.Л. Потапов Ғұбайдолланың өзіне ауысуына ықпал етті. Губернатордың тапсырмасымен Гродно, Вильно, Витебск губернияларын аралап, әскери орындар мен әскер қатарына алу мекемелерін тексерді. Ресей императоры II Александрдың Солтүстік-Батыс өлкені аралауға келген сапарларында Ғұбайдолла үнемі императорға жолбасшы болды. Варшава, Гродно, Динабург қалаларында патшаның қатысуымен өткен әскери жаттығулар байқауында II Александр оны жанынан тастамады. Осылайша, әскери өнерімен ерекше көзіне түскен қазақ жігітін 1871 жылдың 19 шілдесінде император өзіне флигель-адъютант етіп Петербургке алдырды. Ал 1873 жылдан бастап патша жарлығымен Ғұбайдолла Жәңгіров Самар губерниясының Новоузенск сот-әкімшілік округіне құрметті бітістіруші сот болып сайланды. Бітістіруші соттар уездерде 1864 жылғы реформа бойынша бекітіліп отырды. Іс-қағаз жүргізу көп уақытқа созушылықсыз ұсақ құқық бұзушылықтарды және 500 рубльге дейінгі азаматтық шағымдарды шешуге мүмкіндік берді. Бітістіруші сот болып жас, мүлік және білім деңгейі бойынша жергілікті тұрғын сайлана алатын еді.

1874 жылы 18 тамызда патша бұйрығымен Ғұбайдолла Ішкі істер министрлігіне «қырғыз істерімен айналысуға» жіберіледі [3, 411 б.]. Оның қазақ ордаларына, сонымен қатар, Ішкі ордаға да қатысты көптеген мәселелерді шешуде көп атсалысқанын сенімді түрде айта аламыз. Осы кезеңге әр түрлі қызметтік сатыларда «Қырғыз Ішкі ордасы үшін қарыз кассасының жаңа қаулысының жобасы» (1874 жылы 7 қыркүйек), «Ішкі орда қырғыздарынан елтаңбалық алым туралы

Қаулыны қолдану туралы» (1875), Орал және Неплюев әскери гимназияларында және Неплюев корпусында қазақ балаларына шәкіртақыларды Торғай және Орал облыстарынан «қырғыз» халықтары Орынбор есебінен жинау туралы талқылаулар жүріп жатты. Министрлікте Бөкей қазақтары мен Орал казактары арасындағы жер мәселелері қаралады. Осы уақытта қазақ балалары үшін мектептер мен училищелер ашу, Бөкей Ордасынан келген кейбір студенттерге материалды көмек көрсету туралы шешімдер қабылданады.

1876 жылы 20 ақпанда қырғыз (қазақ) істерінен бөлек Ғұбайдоллаға телеграф басқармасы саласында жұмыстануға тапсырылады. Электромагнитті телеграф үкіметтік, коммерциялық және жеке корреспонденциялық хабарламар таратуда Ресейде 20 жылға жуық қолданылды. Хабарламаның жаңа түрі мемлекеттің саяси, сауда-өнеркәсіптік және қоғамдық өмірінде маңызды роль атқара бастады.

Телеграф Ресейдің орталық бөлігіндегі ірі қалаларды байланыстырды, біртіндеп стратегиялық маңызға ие линиялар мен бағыттардың құрылысы басталды (батыс шекара, Қырым, Кавказ, Қиыр Шығыс). 1870-1873 жылдары Бұқар әмірінен алынған салық есебінен (500 мың рубль) Түркістанда (Ом – Семей – Верный - Ташкент) телеграф салынады. Үлкен шығындарды қажет ететін бұл ірі жұмыс қиын жағдайда жүріп жатты: Түркістандағы линияларды қондыру үшін телеграф бөренелерін Ертіспен ағызды, Бетпақдаламен түйемен жеткізді. Қатты және тасты топырақ бөренелерді қондырып бекітуге мүмкіндік бермеді, соған байланысты оларды сазбалшықты пирамидалармен немесе темір бөренелермен алмастыру жобалары ұсынылды, алғашқы жоба тәжірибесіз, пайдасыз болғандықтан, ал екіншісі қымбатқа түсетіндіктен қабылданбады.

Ресейдегі телеграф корреспонденциясының өсу қарқыны мына сандармен сипатталды: 1855 жылы 534762 депеша (жеделхат) жіберілсе, 1865 жылы – 1744834, ал 1875 жылы – 7686539 жеделхаттар жіберілді [4].

Телеграф торабына бүкіл уездік қалаларды қосу мәселесі өзекті болды, бірақ қазына бұған кететін қаржылай шығындарды көтере алмады. 1875 жылы министрлікте Нарынқұмында Ішкі орда бойынша пошта бөлімшелері мен пошта департаментін құру туралы мәселе қозғалды (1874-1875 жылдары), сонымен қатар, Орал және Торғай облыстарында және Ішкі ордада телеграф желісін дамыту туралы, орал казактарын пошта станцияларын ұстаудан немесе оларға жәрдемақы беруден босату туралы да мәселелер қозғалды.

Осы телеграф басқармасының басшылығында отырып, Ғұбайдолла Жәңгіров Ресейдің Түркиямен соғысқа дайындықтардың үстіне түседі. Оның тікелей қатысуымен және ұсынысы бойынша Севастопольде, Одесса және Очаковода маяктар және жағалау батареялары байланыстырылады, Қара теңізден Каспий теңізіне дейін телеграф кабелінің төсемін төсеу басталады.

1860-1870 жылдары елде әскери министр Д.А. Милютиннің бастамасымен бірқатар әскери реформалар жүзеге асырылды. Милютин қызмет ету мерзімін 25-тен 15 жылға дейін қысқартуға, әскерде денені жарақаттайтын жазалау түрлерінің алынып тасталуына қол жеткізді, әскери басқару жүйесі қайта құрылды. 1864 жылдан бастап Ресейдің бүкіл территориясы 15 әскери округке бөлінді. Мұндай өзгерістер әскери-оқу мекемелерін де жанап өтті.

Патшаның жоғарғы бұйрығымен Ғ.Жәңгіров рекрут (әскерге) алу өндірісінің дұрыстығын тексеруге бірнеше айлап іссапарларға жіберілді. Ол 1871 жылдың 15 желтоқсанынан 1872 жылдың 7 наурызына дейін Пермь, 1873 жылдың 24 желтоқсанынан 1874 жылдың 7 сәуіріне дейін Самара губернияларында болып қайтты. Император бұл тапсырмадан бөлек Ғұбайдолла Жәңгіровке аталған губернияларда болған қуаңшылыққа байланысты жеке тапсырма берді.

Әскери реформалар саласындағы ең маңызды заңнамалық акт 1874 жылы 1 қаңтарда «Әскери борыш туралы жарғыға» қол қойылу болды. Рекруттік қабылдау жүйесі 20 жасқа толған ерлердің әскерге алыну жүйесіне орын берді. Борыш өтеу

енді жаяу әскерде 6 жыл және флотта 7 жылды құрады. Егер ата-анасында жалғыз ұл бала болса, іні және қарындастарын бағып отырса, және үлкен ағасы әскери міндетін өтеп болса немесе өтеп жатса әскери міндет өтеуге отбасы жағдайына байланысты шақырылмайтын болды. Әскери міндет өтеуден Орталық Азия және қазақ жеріндегі дін өкілдері босатылды [4].

1874 жылы 28 қыркүйекте Ғ.Жәңгіров жаңа жарғы бойынша әскери міндеттің өтелу барысын бақылау үшін Астрахан губерниясына аттанады.

Ғұбайдолланың телеграф басқармасындағы жаңа қызметі кездейсоқ болған жоқ. Өйткені, Балқан дағдарысына байланысты телеграф ерекше маңызға ие бола бастаған еді. Ішкі істер министрлігінің телеграф департаментінде Ғұбайдолла әскери дайындықтардың дәл үстіне түсті, департаменттің бүкіл қызметі негізінен Ресейдің Түркияға қарсы әрекеттеріне бағытталды.

Әскери министрлікпен бірігіп жұмыс жасаудың арқасында Одессада, Очаковада және Севастопольде маяктар мен жағалау батареялары қосылды. Қара теңіз бен Каспий теңізі түбімен кабель тартылды [4]. Хабарламалар таратуда ерекше құпиялық сақтау мақсатында арнайы шифрлар ойлап табылды. 1876 жылдың аяғынан 1877 жылдың шілдесіне дейін «Ресейдің оңтүстігі мен Кавказда әскери қажеттіліктерге телеграф линиялары мен станциялар орнатуға, телеграф материалдарын дайындау мен оларды әскер орналасқан жерге жеткізуге, сонымен бірге керек бола қалған жағдайда қосымша материалдар құруға Әскери министрлікке кеткен шығындардан бөлек 300 мың рубльге дейін шығын шықты» [5].

Департаментте жинақтаған тәжірибесі мен арнайы білімі Ғұбайдоллаға әскери телеграф хабарламаларының қозғалысын басқаруда үлкен көмегін тигізді. 1877 жылдың 5 шілдесінде «Бас Императорлық пәтер қолбасшысы әскери министрге жоғары мәртебелінің бұйрығымен флигель-адъютанттар: барон Н.Е. Мейендорф 2-ні, сұлтан Ғұбайдолла Жәңгір Шыңғысханды, Н.П. Шлиттерді, граф И.И. Чернышев-Кругликовты, А.А. Горяиновты, И.И. Нейкерді, граф Г.А. Милорадовичты және граф Голенищев-Кутузовты әскерге Бас штаб қаулысымен курьер ретінде жіберу керектігін ескерген жөн деп хабарлайды» [1, 86 б.].

Осы 1877 жылдың 12 шілдесінде Ғұбайдолла Бела қаласында императордың бас пәтеріне келіп, ұлы князь Николай Николаевичтің басшылығымен тікелей оның қол астына қызмет жасауға қабылданады. Император мен басқолбасшының өзіне сеніп тапсырған тапсырмаларын орындай жүріп, Ғұбайдолла Ресей патшасы мен оған қарасты бүкілресейлік империяға, яғни Отанға ант берген адам ретінде қолынан келгенше аянбай қызмет етті. Әскери өнерді жетік меңгерген және қызметіне адал, өз саласының шебері ретінде бағалаған Бас қолбасшы Ғұбайдолланы пошта және телеграф бөлімдері басшысының көмекшісі етіп тағайындады [6]. Сол жылдың 15 желтоқсанынан бастап Ғұбайдолла армиядағы телеграф корреспонденциясының бастығы атанады.

Ал 1877 жылы Балқанда орыс-түрік соғысы басталғанда осынау бейбіт сала майданның ең алдыңғы шебіне қажет құралға айналды. Соғыс қимылдарына патшаның ағасы, ұлы князь Николай Николаевич басшылық етті. Ал түрік әскерін (206 мың адам, 400 саймандар) тәжірибелі сердар-экрем Абдул-Керім-Паша басқарды (генералиссимус), кейін оны (мұсылмандықты қабылдаған неміс Карл Детруа) мехмед-Әли-Паша (генерал-фельдмаршал) мүшір ауыстырды [4].

Соғыс барлық әскер түрлерінің (жаяу әскер, флот, артиллерия, атты әскер тағы басқалар) пайдаланылуы арқасында екі майданда (Балкан және Кавказ) бір уақытта жұмыс істей алған Ресейдің әскери саласының ары қарай дамуына үлкен ықпалын тигізді. 1853 - 1856 жылдары болған Қырым соғысындағы жеңілістен кейін елде әскери реформа жүргізілді. Әскер құрамындағы сарбаздардың жауынгерлік дайындығы жетілдірілді, әскери өнеркәсіп дамытылды, телеграф және телефон желілері салаларында бірқатар жобалар жүзеге асырылды. Соғыс қарсаңында австриялық үлгі бойынша орыс әскерінде әрқайсысында сегіз Морзе аппараты бар

тоғыз әскери жорық телеграф парктері, 35 шақырымға созылған мыс телеграф өткізгіші, 7 арба, 2 станциялық күймелері болды. Парк штаты соғыс уақытында 373 адамнан тұрды, соның ішінде 6 офицер және шенеуніктер, 12 телеграфшыдан тұрды. Соғыста 6 әскери телеграф парктері қатысты, олардың ішіндегі төртеуі (3, 4, 5 және 6-шы) әскерді дала байланыстарымен тікелей қамтамасыз етті, ал екі парк (1-ші және 2-ші) резервте болды.

Әскери телеграф парктерін ұйымдастыру инженерлік әскерлердің сапер бригадалары құрамына кірді, бірақ әскердің штабы және бас қолбасшы нұсқауды жеке орындап, өз алдына жұмыс істеді. Әскери телеграф паркі (35 шақырым) бір өткелге телеграф сызығының құрылымына есептелініп, әрбірі екі телеграф станциялары бар 33 шақырым сайын линия жасай алатын үш бөлімшелерден тұратын болды [5]. Сол жылдың 12 шілдесінде Ғ.Жәңгіров Бас қолбасшының қарамағына майданға келді.

Көп кешікпей Бас қолбасшының «Флигель-адъютант полковник сұлтан Шыңғыс-ханды почта мен телеграф бөлімінің меңгерушісі генерал-майор Н.К. Штальға көмекші етіп тағайындаймын. Николай» деген бұйрығын алды. Бас қолбасшының штабымен және бас пәтерімен Беладан бастап Константинопольге дейінгі даңқты жолдан өтті. Әсіресе, Плевна қаласының түбіндегі шайқастарда Ғұбайдолла басқарған байланыс бөлімшесі ұтқыр қимылдады. Ғұбайдолла өзінің жұмысқа қабілеттілігімен, техникалық сауаттылығы және ерекше ұғымталдығымен көпті таң қалдырады. Соғыс қызған уақытта телеграф өткізгіштерінің қоры таусылған кезде ол олардың орнына казак найзаларының саптарын қолдануға бұйрық берді.

Плевна түбіндегі шешуші шайқастарға басшылық жасау үшін Александр патшаның өзі майдан шебіне келді. Әрекеттегі армия 1877 жылғы 16 қыркүйектегі №177 бұйрықпен Шыңғысхан бастаған жеті полковник «Ерлігі үшін» жазуы бар алтын қылышпен марапатталды. Әскери қаруды Ғұбайдоллаға патша өз қолымен тапсырды [7].

Соғыстан көп уақыт өткеннен кейін де император:

«- Шыңғыс, менің туған күнімде майдан шебінде сүйінші хабармен шаттыққа бөлеп едің-ау. Сен сол күнді ешқашан естен шығармайтын боларсың? – деп сұрайтын.

- Ешқашан ұмытпаймын, жоғары мәртебелім! – деп жауап беретінмін мен».

Бұл Ғұбайдолланың өз күнделігіндегі жазу. Екі қаруластың – Александр патша мен Ғұбайдолла генералдың жорық жолдарын еске алуы еді [1, 123 б.].

Осындай еңбегі үшін Мәскеу Кремлінің Георгиев залының қабырғасында Балқан соғысы батырларының қатарында қазақ генералының аты-жөні жазылды. «Ерлігі үшін» Алтын қылышынан басқа I дәрежеге дейінгі үш Анна орденімен, Ресейдің Әулие Станислав орденінің үш бірдей дәрежесімен, Ресейдің және Еуропа елдерінің басқа да жоғары наградаларымен марапатталды. Патшаның ерекше жарлығымен 1877 жылы Алтын қару алғандардың бәрі Георгиев кавалеріне теңестіріліп, ал үлкендік реті жөнінен 4-дәрежелі Георгиев орденінен кейінгі орында саналды.

Әкесі Жәңгірдің қарулар жинағындағы Елизавета патшайымның бабалары - Әбілқайырға, Нұралыға, I Александр патшаның – атасы Бөкейге, әкесі Жәңгірге берген атаулы-жазулы қылыштары қазақ хандарын ұлықтау рәсіміне орай берілген ескерткіш қарулар болатын. Ғұбайдолла болса сол тізімді жалғастырып, орыс патшасы II Александрдың қолынан әскери қару алды.

Ғұбайдолла Жәңгірұлының орыс-түрік соғысына қатысуы Бөкей Ордасы жұртшылығын қуанышқа кенеді. Бұл жаңалықты газеттен Медетқали Шөкіұлы оқып, халыққа жариялады [3, 415 б.].

Ғұбайдолла 1878 жылдың сәуірінде «Ливадия» яхтасымен Константинопольден Қара теңіз арқылы елге оралды. Келер жылдың тамызынан

бастап Ресей Ішкі істер министрлігінің қазақтарды басқару бөлімінің меңгерушісі болып [8], ұлт игілігіне қызмет етті. Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ереженің жобасын түзейтін комиссия құрамындағы «Ерекше пайдалы және ынталы қызметі үшін» І-дәрежелі Әулие Анна орденімен марапатталды. Толық генерал шенімен отставкаға шыққаннан кейін де ол Ресей астанасында маңызды қоғамдық жұмыстармен айналысты. Петербургтегі әйгілі Собор мешітін салу жөніндегі комитеттің мүшесі болып, мұсылмандық парызына адалдық танытты.

Жәңгірұлының адамгершілігі, қайырымдылығы, рухани тазалығы замандастарын тәнті етті. Елінен, жерлестерінен көмегін аямады. Қазақ өкілдерін, депутацияларын патшаның қабылдауына кіргізді. Жаламен түрмеге жабылған Ақмолла ақынға араша түсті. «Ассалаумағалайкүм, асыл затқа, майданнан озып келген арғымаққа» деп алдына барғанда, Ғұбайдолланың басына ерік әпергенін, фаэтонына отырғызып Петербург көшесімен қыдырыстатқанын Ақмолла ризашылықпен еске алып, дастан арнады.

Ал Ғұбайдолла Ішкі істер министрлігіне қазақ мәселелерін қадағалайтын қызметке тағайындалғанда біраз іс үкіметтік деңгейде шешілді. Әкесі қазаққа тиесілі етуге көп күш-жігер жұмсаған теңіз жағалауының Бөкей ордасына қарауы үшін бұрынғы иелеріне мемлекет тарапынан өтемақы төлеу мәселесі шешімін тапты. Торғай мен Орал облыстарында мектептер ашу, оқу орындарындағы қазақ жастарына стипендия тағайындау ісі қолға алынды.

1882 жылы Ғ.Жәңгіров Астрахан губернаторы Протасов-Бахметовтен университет және гимназияның толық курстарын бітірген қазақ балаларының жағдайы туралы мәлімет сұратты [1, 128 б.].

Отставкаға шыққаннан кейін (1902 — 1903 жылы) ол 69 жасына келген шағында Петербургтен денсаулығын түзету мақсатында император сыйға тартқан Ялтадағы иелігіне көшіп барады [1, 151 б.]. Бірақ тағдыр оған сауығуды жазбады. Соңғы кезде асқынып кеткен созылмалы ауру мықты әрі берік ағзаны әбден әлсіреткен болатын. Сөйтіп, қазақтан шыққан тұңғыш кавалерия генералы Ғ.Жәңгіров дүниеден өтті. Таңқаларлық сәйкестікпен оны жерлеу күні ол жақсы көрген патшаны жерлеу күніне, яғни, 1 наурызға сәйкес келеді. Ол Ялтаға жақын жердегі Дерика жерінде мұсылмандық бейітте жерленген [1, 151 б.]. Оның өлімі тек туыстары мен жақын достарын ғана емес, сонымен қатар оны жақсы адам ретінде танығандарға да ауыр тиді.

1941-1945 жылдардағы соғыстан кейін Ялта төңірегіндегі мұсылман бейіттері қалалық құрылыс салу мақсатында тазартылды. Бірақ Ғұбайдолла Жәңгіров есімі ешқайда да жоғалып кеткен жоқ, ол үшін оның жақындары, достары, тіпті танымайтын адамдар – мұрағат, мұражай, кітапхана қорғаушылары көп еңбектенді.

Әдебиеттер:

1. Мукатаев Г.К., Ирхина М.В. Султан Губайдулла Чингисхан – полный генерал от кавалерии: Документы и материалы. - СПб: «Издательство М.В. Ирхиной», 2003. – 159 с.

2. О. фон Фрейман. Пажи за 185 лет: биографии и портреты бывших пажей с 1711 по 1894 г. – Фридрихсгам, 1894. – 952 с.

3. Борангалиұлы Т. Жәңгір хан. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 528 б.

4. Абдиров М. Русско-турецкая война. – http://military-kz.ucoz.org. – Пайдаланған уақыты: 02.05.2013 ж.

5. Кочуков С.А. Общество, правящая элита, армия Российской империи и Русско-турецкая война 1877-1878 гг. – http://www.docme.ru. – Пайдаланған уақыты: 27.03.2015 ж.

6. История свиты. Столетие Военного министерства 1802-1902. Императорская Главная кваритра. История Государевой свиты царствования Императора II. Ред. Генерал-адъютант Д.А. Скалон, составитель полк. В.К. Шенк. – СПб., 1914. – 1376 с.

7. Газенкампф М.А. Мой дневник (1877 – 1878 гг.). – СПб., 1908. – 624 с.

8. Адрианов С.А. Министерство внутренних дел. Исторический очерк. (1802-1902). – СПб., 1901-1902. – 815 с.

Рысбеков Т.З., Кенесова А.С.

Военная деятельность генерала Г.Жангирова

В данной статье приводятся сведения о первом казахе, получившем звание генерала кавалерии русской армии – Губайдулле Жангирове, о его общественно-политической деятельности, о его участии в русско-турецкой войне, и, самое главное, о его военной деятельности.

Ключевые слова: *Губайдулла Жангиров, генерал кавалерии, флигель-адъютант, телеграфное ведомство, военные реформы, русско-турецкая война, битва под Плевной, золотая сабля, Ялта.*

Rysbekov T.Z., Kenessova A.S.

Military activities Gubaydulla Zhangirov

This article describes the information about the first Kazakhs received the rank of general of cavalry of the Russian army – Gubaydulla Zhangirov, about his social and political activities, about his participation in the Russian-Turkish war, and the important thing, about his military activities.

Key words: *Gubaydulla Zhangirov, general of cavalry, adjutant, telegraph office, military reforms, Russian-Turkish war, battle of Plevna, saber gold, Yalta.*

***

ӘОЖ 316.4.063.7.94(574).082.

Бақторазов С.У. – *тарих ғылымдарының кандидаты, доцент*
М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
E-mail: *nucha13-94@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕ ПАРТИЯ ЖӘНЕ КЕҢЕС НОМЕНКЛАТУРАСЫН РЕПРЕССИЯЛАУ НАУҚАНЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТАҒДЫРЛАР ҚАСІРЕТІ (ӨҢІРДЕ РЕПРЕССИЯҒА ҰШАРАҒАН БАТЫСҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ХАҚЫНДА)

Аңдатпа. *Жаппай саяси репрессиялар кезеңінің объективтілік мазмұны жеке адамдардың тағдырларын жіті қарастырмай толық бола алмайды.*

Автор деректемелік негізде жаппай және кең ауқымды жазалау шараларының басталуына белгі ретінде БК(б)П ОК-нің 1937 жылдың 2 шілдесіндегі шешімі мен осыдан кейінгі, шұғыл түрдегі Ішкі істер Халкомы Н.Ежовтың қолы қойылған №00447 бұйрықты айта отырып, бұл арқылы 268950 адамды репрессияға ұшыратып, оның 75950-ін ату жазасына кесу көзделінгендігін, ОҚО бойынша бірінші категориямен 150 адам ең жоғарғы жазаға кесіліп, екінші категориядағылардың саны 300 адам болып белгіленсе, солардың ішінде 19 батысқазақстандықтардың да болғандығын нақты көрсетеді.

Тірек сөздер: *Репрессия, БК(б)П, Ішкі істер Халкомы, Оңтүстік Қазақстан облысы, айыптылық презумпциясы, батысқазақстандықтар.*

Жаппай саяси рессиялар кезеңінің объективтілік мазмұны жеке адамдардың тағдырларын жіті қарастырмай толық бола алмайды. Қоғамдық өмірде болып өткен ірі ауқымдағы өзгерістер жеке адамдардың өміріне, олардың сол дәуірдегі саяси оқиғаларға әйтеуір бір қатыстылығына байланысты, әсер етпей қалған жоқ.

Қарастырылып отырған құбылыс түптеп келгенде БК(б)П-дағы жоғарғы билік үшін жүргізілген ішкісаяси күрестен бастау алған еді. Билеуші партиядағы әу бастан қалыптасқан жағдайдың өзіндік ерекшелігі, ондағы кез-келген шешімнің, ешкімнің беделіне қарамай, қызу пікірталас негізінде қабылданатындығында болатын. Тіпті В.И.Лениннің өзіне саяси тактикасындағы барлық өзгерістері үшін күресуіне тура келді, осылай Қазан қарулы көтерілісінің күнін белгілеуде (Зиновьев пен Каменев қарсы болды), Брест бітім шартын бекітуде («солшыл коммунистердің» қарсылығы) және жаңа экономикалық саясатқа көшуде де (орта деңгейдегі, елдегі жағдайды түсінбеген партия функционерлерінің қарсылығы) кедергілер аз болған жоқ.

20-шы жылдардың ортасы мен соңында да ішкіпартиялық пікірталас еш толастамады. Дегенмен, пікірталасшыларды көтерілген мәселелер көп толғандырмайтын – олар үшін қайсібір ірі партия лидерінің жағына шығып, өз позицияларын нығайту немесе партиялық иерархияда тағы да бір сатыға көтерілу маңыздырақ болатын.Ішкіпартиялық күрес, билік басына келушілердің тез арада қабылдаған шешімдеріне және ол шешімдердің сөзсіз өмірге енуіне байланысты біртіндеп ушыға бастады. Билік басында болудың тарихи мезгілі әрқашанда шектеулі және сондықтан да оның сылбырлықты (жайбасарлықты) көтермейтіндігі белгілі.

Алғашында барлықтай дерлік пікірталастар бейбіт аяқталып отырды. Кейіннен, Л.Д.Троцкийден бастап ол үрдіс бұзылды. Теоретик ретінде үлкен беделі бар, Ленинге жақын болып, революция және азамат соғысы жылдары өзінің маңызды (ерекше) ролін көрсете білген Л.Д. Троцкий өз жағына біраз адамдарды тарта алды. Оған қарсы тұрған И.Сталин негізінен өзі басқарған партиялық аппаратқа, кадрлер мәселесін шеше алатындығына және ОК пен Саяси бюроның, революциядан кейін қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларындағы нақты басқару жұмыстарында болған мүшелеріне сүйенді. Троцкийді Қазақстанға жер аударып, кейіннен шетелге қуу мәселені шешпеді. Жер аударылғандар да және олардың жақтастары да жеңіліске мойынұсынбай, ерте ме кеш пе қарымтаның (реванштың) болатынына сенді.

Мұнан кейінгі ірі саяси тұлғаларды жою әдісі сондықтан да «басынан бақайшығына» дейін («снежного кома») заңдылығымен жүріп – ірі тұлғаның соңынан кішірек оншақтысы, олардың соңынан одан да кішілері, осылай ең төменгі буынға дейін жетіп, қатардағы партия мүшелерін де майқандап кетті.Олай болса басқарушы элитаның ішіндегі бақталастықтың (тақталастықтың) ауқымы кеңейіп, ол өз құрдымына бұл күреске ешқандай қатысы жоқ көптеген адамдарды тарта берді. Репрессияға ұшыраған дардың хаттары мен хабарларында бірінші кезекте олардың өздеріне тағылған айыптарды шын мәнінде түсінбейтіндігі, олардың айыптылығына нақты дәлелдердің жоқ екендігі айтылады. Әрине, дәлел жоқ болатын, болуы да мүмкін емес еді. Сондықтан қолдануға өте оңай, сонымен қатар өзінің жүгенсіздігі жөнінен өте қанқұйлы айыптылық презумпциясы таңдалынды. Онда әркім әрқашан айыпты, тек мойындауы керек, мойындаушының жазасы әрине заңды. Міне, осылай.

20-30 жылдар кезеңіндегі репрессиялық шараларға өңірдің өз ішінде және республикадан тысқары аудандарға жер аудару, саяси құқықтарын шектеу, мүліктерін кәмпескелеу және әртүрлі мерзімдерге бас бостандығынан айыру мен ең жоғарғы жазаға тарту жатты.Жаппай және кең ауқымды жазалау шараларының басталуына белгі ретінде БК(б)П ОК-нің 1937 жылдың 2 шілдесіндегі шешімі мен осыдан кейінгі, шұғыл түрдегі Ішкі істер Халкомы Н.Ежовтың қолы қойылған №00447 бұйрықты айтуға болады, бұл арқылы 268950 адамды репрессияға ұшыратып, оның 75950-ін ату жазасына кесу көзделінді [1]. Аталған цифрлар тиісінше КСРО аймақтары бойынша «бөлініп», күтілгеніндей, жергілікті жердегілердің «жоспарды қолдауына» («қарсы жоспарларына») ұласты. Осылай Қазақстан К(б)П ОК бюросы 1937 жылдың 19 қарашасында репрессияланатын антикеңестік элементтердің санын ұлғайту жөніндегі шешімін қабылдады. Репрессияланатындар екі категорияға бөлінді. Біріншісіне, билік басындағылардың пікірі бойынша, «барынша дұшпандық» көзқарастағы антикеңестік элементтер

жатқызылып, оларға ату жазасы қолданылса, екінші категориядағы осындай элементтер бәлкім қауіпсіздеу деп есептелінгендіктен болар, лагерьлер мен түрмелерде 8-ден 10 жылға дейін, кей жағдайда 25 жылға бас бостандығынан айырылды.

ОК бюросының шешімімен республика бойынша бірінші категориядағы «бекітілген жоспар» 2000 адам болып белгіленді, мұның өзі Орталық бұдан бұрын белгілеген 1925 адамдық «нормадан» асып түсті. Тиісінше 275 және 350 адамнан «қосымша резерв» те қарастырылып қойды. ОҚО бойынша бірінші категориядағы 150 адамның саны өзгертілмей, екінші категориядағылардың саны «жоспардағыдан» жүзге кемітіліп – 300 адам болып белгіленді [2]. Соңынан, Республика бойынша репрессияға ұшырағандардың саны бірінші категориядағылар 600 адамға, екіншісіндегілер 1000 адамға асып кетті [3, 253 б.].

Репрессиялық іс-шараларды тікелей қолдану құқы бірқатар сот және соттан тыс органдарына берілді. Осылай КСРО Жоғарғы Сотының Жылжымалы коллегиясы Оңтүстік Қазақстан аймағының ірі-ірі партия және кеңес қызметкерлерінің ісін қарады. Жылжымалы коллегия шешімдеріндегі үкімдердің басым көпшілігінің ең жоғарғы жаза болғандығы, бір жағынан аймақтағы партиялық – кеңестік элитаның бір бөлігін жоюды көздегендігі болса, екінші жағынан қалғандарын қорқытып, Орталыққа қандай бір түрде болмасын оппозицияда болу мүмкіндігін болдырмауға ескерту ретінде болды, яғни биліктің барлық тетіктерін өз қолдарында ұстап отырған БК(б)П ОК-нің сталиндік тобына қарсы шығу әрекеттеріне үзілді-кесілді тиым салынды.

Облыстық соттың шешімдерінің мазмұны да осыған ұқсас болып, РКФСР ҚҚ 58 ст. негізінде әртүрлі мерзімге бас бостандығынан айырудан, ату жазасына дейінгі жазалар қолданылды. Облыстық соттың шешімімен сотталғандардың құрамы әлеуметтік статусы бойынша әр тақылеттес болып, түрлі деңгейдегі партиялық-шаруашылық қызметкерлерін, қатардағы партия мүшелерін және жәй азаматтарды да қамтыды. Соттан тыс орган ретіндегі «үштіктер» құрамына партияның облыстық комитетінің бірінші хатшысы, облыс прокуроры және ІІХК (НКВД) облыстық басқармасының бастығы кірді. «Үштіктердің» сот тыс үкім шығарудағы және халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының істерін қараудағы шексіз өкілеттіліктері, өз кезегінде оралдың мүшелерінің жеке қауіпсіздігіне кепіл бола алған жоқ. Осылай КСРО Жоғарғы Сотының Жылжымалы коллегиясының үкімімен ОҚ Қ(б)П О К бірінші хатшылары Ә.Ы.Досов пен Б.Манкин, Қызылорда Қ(б)П ОК бірінші хатшысы Қ.А.Әміровтар репрессияға ұшырап кетті [4, 70 б.]. Зерттеліп отырған кезеңдегі ІІХК-ның облыстық басқармасының бастығы С.Д.Пинталь, бәлкім «үштіктің» төрағасы да шығар репрессияға ұшырап, басқа бір соттан тыс орган КСРО ІІХК – ның ерекше кеңесінің 1937 жылғы желтолқсандағы үкімімен ату жазасына кесілді [5, 4 б.] .

Республика партия басшылығының орталық органдардың шешімдерін орындауға, тіпті «асыра орындауға» дайын болуы, бір қарағанда, ҚК(б)П ОК бюро мүшелерінің және тиісінше облыстық деңгейдегі басшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі қажет те сияқты. Бірақ қуғын-сүргін технологиясы «екі жағы да өткір») болып келген еді. Қайсібір адамды соттаудың нақты бір фактілері анықтаулардың негізділігіне немесе негізсіз екендігіне қарамай орындаушының өзін заңсыз әрекеттері үшін қарсы анықтауға алып келді, мәселен, «партиядан коммунистерді басы- көзіне қарамай жаппай қуғандығы үшін».

Жағдайдың шектен шыққандығы соншалық, кез-келген айыптаушы заңсыз әрекет жасаушы ретінде, дәл осындай заңсыз түрдегі айыптауға ұшырап отырды. Қоғамдағы қалыптасқан жаппай күдіктенушілік жағдайында орталықтағы аз ғана басшылар тобын есептемегенде, ешкім де өзін қауіпсіздіктемін деп есептей алған жоқ. Ол үшін кез-келген жеке адамның қызметін тексеру туралы ұсыныс түсіру жеткілікті болатын, содан кейін-ақ не дәлелденілмейтін, немесе дәлелдеуді керек те

етпейтін айыптау сумаң ете қалатын – мәселен, «халық жауымен байланысты», - деген.

Заңдық нормалардың барынша босаңсып, саяси негізде, жеке адамға қарсы жасалынған қылмысқа, адамгершілік – этикалық тұрғыдағы тосқауылдың алынып тасталуы,республиканың партия және кеңес басшыларын қиын-қыстау жағдайда қалдырды. Едәуір жеткілікті дәрежедегі билікке ие бола тұра, олар Орталықтың партиялық баспасөз арқылы жасаған тегеуіріні мен КСРО ІІХК-сының орталық аппаратының қысымына төтеп бере алмады. Республикадағы «бастаушылық және жол көрсетушілік» ролін ілдебайлап сақтай алғанымен, Қазөлкеком және кейіннен ҚК(б)П ОК халыққа идеологиялық жұмыс жүргізу құралы ғана болып қалды, олардың республика территориясында ІІХК органдарының қызметін тексеруге шамасы келген жоқ, сондықтан тек БК(б)П ОК келген директиваларды орындаумен ғана шұғылданды. Республикадағы жазалаушы органдардың іс-жүзіндегі еркіндігі оларға Н.Ежовтың бағытын республика басшылығына еш алаңдамай-ақ жүргізуге мүмкіндік берді.

Мұндай жағдайда Қазақстандағы жоғарғы партия және кеңес басшыларының саяси және жеке тағдырының тәлкекке ұшырайтындығы анық еді.Соның бір мысалын, 1933 жылдың қаңтарынан 1938 жылдың мамырына дейін БК(б)П - ҚК(б)П ОК Қазақөлекомының бірінші хатшысы болған Л.И. Мирзоянның қызметіненде көруге болады.

36 жасында ірі партия ұйымының (1933 жылы өлкелік партия ұйымының есебінде 101486 коммунист болды) [6, 42 б.] жетекшісі болған Л.Мирзоян БК(б)П ОК бағытын жүргізуші, орталықтың адамы болғандығына қарамай, республиканың саяси элитасымен де қоян – қолтық араласып,өз жақтастарын таба білді және көпшілігімен тіл табыса алды. Ұлттық кадрларды жүйелі түрде ылғи да саяси қудалауға алып тазалап отыру, әсіресе, 1937-1938 жылдардағы оның ең белсенді және кемел бөлігін репрессиялау саясаты саяси элитаның азып – тозуына алып келген еді. Міне, осындай құйындатып келген саяси репрессиялардың күйіп тұрған жылдары ол шама – шарқынша бұл зұлматты бәсеңдетуге тырысты. Дегенмен, берілген мұрағаттық мәліметтерде Л.Мирзоянның позициясы сырт қарағанда қарама-қайшылықтағыдай көрінеді. Өзінің Батыс Қазақстанға шыққан өкілі, ҚК(б)П ОК басшы партия органдары бөлімі бастығының орынбасары П.Н. Гуляевқа ол: «…Теңіз, Казталов, Шынғырлау, Жәнібек және басқа да аукомдардағы хатшыларды партиядан шығару жөніндегі мәселені қайта қарап… облыстағы осы хатшыларға байланысты материалдарды толық тексеріп шығуды» тапсырды [7]. Мұндағы мақсаты аталған партия қызметкерлерін репрессиялық іс-шаралардан аман алып қалу болса керек. Бұл 1937 жылдың 2 қарашасы болатын. Осыған дейін аталған жылдың 26 қазанында Мирзоян ОК пленумындағы баяндамасында: Бюроның ҚК(б)П ОК құрамынан Д.Садуақасовты (Алматы ОК мен ҚК-нің бірінші хатшысы, ату жазасына кесілген) К.Тәштитовты (БКЛЖО Қазөлкекомының бірінші хатшысы , ату жазасына кесілген) І.Құрамысовты (ҚазКСР Мемжоспары төрағасының орынбасары, ату жазасына келген) халық жаулары ретінде шығарып, олардың ісін ІІХК органдарына беру туралы ұсынысын мақұлдайтындығын білдіреді. Ары қарай ОК-тің он бір мүшесінің аты аталады,олардың қатарында обком мен аукомның бірінші хатшылары, облаткомның төрағалары, ОК бөлім меңгерушілері және обкомның жауапты қызметкерлері болды. Олардың бәрі репрессияға ұшырап кетті,ондай зұлматтан Л.Мирзоян қорғауға тырысқан Батыс Қазақстан облысының аталған хатшылары да аман қалмады [8].

Облыстың бірінші басшыларына қарсы репрессиялар, ойластырылғандай, төменгі деңгейдегі кадрларға да қолданылуға ұласты.

Осылай басқарушы партия органдары бөлімінің меңгерушісі П.Т. Бидуля мен осы қызметте оны ауыстырған А.Т. Жолдыбаевтың да қызметтегі өмір жолы тым қысқа болды. Алғашқысы аталған жұмыста небары 1,5 жылдай қызмет атқарып,

Оңтүстік Қазақстан сотының арнайы коллегиясының шешімен 25 жылға сотталып, мерзімі аяқталмай дүние салса, соңғысы осы жұмысқа 1937 жылдың мамырында кірісіп, сол жылдың 15 қыркүйегінде тұтқындалады және кейіннен ең жоғарғы жазаға кесіледі [9, 282 б]. Олай болса басқарушы партия органдары бөлімін де «репрессиялық қауіпті» болды деп есептеуге негіз бар. Дәл осындай қауіпті қызметтердің бірі ретінде облыстық жер басқармасы бастығының орнын айтуға болады – ол жоғарыда аталған Ғ.Х. Бөкейхановтың 1937 жылдың тамызына дейінгі соңғы жұмыс орны болса, оны ауыстырған А.Ералин бұл қызметте бір ай ғана болып 30.10. 1937 жылы репрессияға ұшырап кетті [10]. Облыстық масштабтағы қызметкерлердің қайғылы тізімінде облыстық жер басқармасының бастығы А.Ералин, (30.10.37 тұтқындалған) обкомның ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі А.Р. Грушицын, ОҚО облыстық халыққа білім беру бөлімінің Сонымен қатар, Орталықтың қитұрқылық саясаты ретінде, ұлттық - территориялық межелеудің нәтижесінде өңірдің Қазақ АКСР - і құрамына кіргеннен кейінгі кезеңдегі партия - кеңес элитасын ротациялауды, яғни Оңтүстік Қазақстанның өкілін республикалық басшылық органдарына кіріктіріп,Оңтүстікке басқа өңірдің басшы кадрларының жіберілуін айтуға болады. Бұл жағдай 1930 - жылдардағы оқиғалар барысында көп кесапатқа себеп болған еді. меңгерушісі С.Әбділахатов, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакторы Р.Жаманқұлов және т.б. бар еді [3, 274 б.].

Жоғарыда аталған және басқа да обком және қалком хатшыларының қызметтерінде ұзақ уақыт болмауы, олардың ұйымдастырушылық қабілетінің ашылуына және өз облыстары мен қалаларындағы партия белсенділерімен жақын танысуына мүмкіндік бермеді. Бұдан шығатыны оларға өзінің қызметінің өскені үшін борышты аудандық деңгейдегі белсенділер мен басқа да қолдаушылардың болмайтындығы еді. Сондықтан да обкомның пленумы мен бюросында бірінші хатшыны орнынан алу оңай шаруа болатын.

Жоғарыда Орал облысының тумалары – ОҚО облыстық жер басқармасы бастығы Ғ.Х.Бөкейхановтың,облыстық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі С.Әбділахатовтың Оңтүстік өңірде репрессияға ұшырағандығын айттық. Тақырыпқа қатысты зерттеу барысында қайғылы тізімге енген басқа да батысқазақстандық азаматтардың ішінде Оңтүстік өңірге әйтеуір бір қатыстылығына байланысты табан тірегендері едәуір болып шықты. Олардың ішінде, тек Қазақстанның Халық Комиссарлары Кеңесі құрамында қызмет атқарғандарының саны отыздан асып жығылады. Бірнешеуінің өмірбаяндық берілімдеріне мән беруге болады: Арғыншиев Сақыпкерей Жармаұлы(1887-1938). Орал губерниясы, Қараоба болысының №1 ауылында туған, қазақ. 1920-шы жылдың қазанынан 1921-ші жылдың маусымына дейін Қазақ АКСР-і әлеуметтік қамтамасыздандыру халкомы, 1927-1931-ші жылдары Бүкілодақтық «Жүн» акционерлік қоғамы Қазақ өлкелік мекемесі басқарушысының орынбасары және басқарма мүшесі, кейіннен Әулиеата мал дәрігерлік техникумының директоры қызметтерін атқарған. Қуғындалған. 1937-ші жылдың қазанында тұтқындалып, 1938-ші жылы ату жазасына кесілген [11, 58 б.]. Жантілеуов Шайхы Османұлы (1898-1938) Орал облысы, Ілбішін уезінде мал өсіруші отбасында туған, қазақ. 1926-1928-ші жылдары Сырдария губерниялық жер басқармасының меңгерушісі (Шымкент қ.). 1928-1930-шы жылдары ауыл шаруашылығы трестінің директоры (Қызылорда, Алматы). 1930-1932–ші жылдары БК(б)П Іле аудандық комитетінің хатшысы. 1933-ші жылдың мамырынан 1935-ші жылдың шілдесіне дейін ҚазақАКСР-і халық ағарту халкомының орынбасары. 1936-1937-ші жылдары Шу аудандық атқару комитетінің төрағасы (Алматы облысы) қызметтерін атқарған. Қуғындалған . 1938-ші жылдың ақпанында ату жазасына кесілген [11, 198 б.]. Беккалиев Қайырлы Беккалиұлы (1897-1953). Астрахан губерниясы, Ішкі Бөкей ордасының Қосқұдық мекенінде шаруа отбасында туған, қазақ. 1934-1938-ші жылдары Шымкент – Леңгір темір жол құрылысының бастығы, Түрксіб басқармасының бастығы, Қандыағаш – Гурьев темір жолы

құрылысының бастығы қызметтерін атқарған. Қуғындалған. 1938-ші жылы сәуірде тұтқындалып, 1939-шы жылдың қаңтарында бостандыққа шыққан [11, 107 б.]. Жекелей алғанда Қ.Беккалиевтің тағдырының басқаларына қарағанда «дұрысырақ» болуы БК(б)П ОК Саяси бюросының 1938-ші жылдың 15-ші қыркүйегіндегі шешімімен ерекше үштіктер бұрынғы құрамында қайта құрылып, бұл жолы олардың қарауына «…тек 1938 жылдың 1 тамызына дейінгі істер беріліп, оны екі айда аяқтау тапсырылғандығына, аталған уақыттан кейін тұтқындалған барлық адамдардың ісі сотталғандығына байланысты тиісті сот органдарына беріліп…, сонымен қатар егер істерінде сотталатындай жеткілікті материалдар болмаса, ол істерді қайта тергеу арқылы айыпталушыны қамаудан босату керектігі ескертілгендігіне» байланысты болса керек [12, 26 б.].

Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Оңтүстік Қазақстан облыстық департаментінің, Оңтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасының қуғын-сүргінге ұшырағандар туралы берген деректерінің негізінде жазылған «Азалы кітап-Книга скорби. Атылғандардың тізімі. Оңтүстік Қазақстан бойынша» - өзінің аты айтып тұрғандай қарастырылып отырған жылдары түрлі қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз атылып кеткен асыл ағаларымыздың қатарында Батыс Қазақстан облысының 19 тумасы туралы қысқаша деректер жарияланған [13]. Солардың ішінде жоғарыда аттары аталған Абдулахатов Садық пенБөкейханов Ғабдулхакім Нұрмұхаммедұлынан басқа: ОҚО облыстық қаржы бөлімінде сектор меңгерушісі болып жұмыс істеген Ақтанов Керей, облыстық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі Әндіжанов Мұтыгұлла, Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің жауапты хатшысы Ержанов Бақыт Сәрсенұлы, ОҚ облысының Түлкібас аудандық атқару комитетінің төрағасы болған Құжбанов Мұхамеджан, ОҚ облысының Түлкібас МТС-інің директоры Терлікбаев Керей және тағы да басқа аяулы арыстарымыз бар. Әйтсе де осы бабаларымыздың қайсысы болмасын қорғаусыз қалды деп айта аламыз ба? Әрине, жоқ. Мәселен, Әбілқайыр Досовты «буржуазиялық-ұлтшылдар жетегінде» кетті деп күстаналаған «Казахстанкая правда» мен «Правданың» тегеурініне қарсы тұрған обкомның бюро мүшелері өз жетекшілерін шама-шарқынша қорғағаны белгілі. Сондықтан да, басқа өңірлерден келсе де атының тұяғы тиген жерде тұғыры биік болған асылдарымызды ұрпақтарының жадында жаңғырту ісін, ендігі жерде баршамыздың бірлесіп атқарғанымыз абзал. Осы бағыттағы жұмыстар лайықты жүргізілгенде ғана тарихи уақыт талайында тағдыр тәлкегіне ұшыраған бабаларымыздың өмірлік-бақилық өксігі түйсініліп, сан – қилы өмірлері анықталып - айшықталып, өздеріне тиесілі тұғырларына қонатыны анық.

Әдебиеттер:

1. Известия ЦК КПСС. – 1989. – № 10. – 82 б.

2. ҚРПМ 708 – қор. 1 тізбе, 53 - іс, 112-п.

3. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов. – Алматы, 1998. – 336 б.

4. Бақторазов С. Оңтүстік Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін (1937-1938 жж.) // Қазақ тарихы. – 2005. – №5. – б. 67-70.

5. Из истории поляков в Казахстане (1936-1956 гг.) Сборник документов. – Алматы: ТОО «Издательский дом «Қазақстан», 2000. – 344 б.

6. Қазақстан Коммунистік партиясы дамыған социализм жағдайында. – Алматы, 1983. – 291 б.

7. ҚРПМ 708 – қор. 1 тізбе, 39 – іс, 260 - п.

8. ҚРПМ 708 – қор.1 тізбе, 28-іс, 2-3 - п.п.

9. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов. Алматы, 1998. – 336 б.

10. ОҚОММ 759 – қор. 6 тізбе, 351- іс, 25 - п.

11. Қазақстанның халық комиссарлары (1920-1946 жж.): Өмірбаяндылық анықтамалық. – Алматы, 2004. – 499 б.

12. Саяси қуғын – сүргіндер: шындық пен қауесет.Құжаттар жинағы. «Ғасыр баспасы» Шымкент -2003.- 180 б.

13. Азалы кітап – Книга скорби. Атылғандардың тізімі. Оңтүстік Қазақстан бойынша – Алматы: «Зерде», 1998. – 295 б.

Бахторазов С.У.

Личностные трагедии во время осуществления репрессии партийной и советской номенклатуры на юге Казахстана (о западноказахстанцах, подвергшихся репрессиям в крае)

Объективное содержание и субъективное осмысление прошедшей эпохи массовых политических репрессий будет неполным без рассмотрения судеб отдельных людей.

Автор в статье на источниковой базе показывает, что осуществление плана по массовым репрессиям датируется решением ЦК ВКП(б) от 2 июля 1937 года, предшествующему оперативному приказу № 00447, подписанной наркомом внутренних дел Н.Ежовым, согласно которому должны быть репрессированы 268950 человек, к 75950 из них должна была быть применена крайняя мера наказания. По Южно–Казахстанской области устанавливался план в 150 человек по первой категории, 300 человек по 2–ой, среди которых были и 19 уроженцев западноказахстанской области.

Ключевые слова: *репрессия, ВКП(б), Нарком внутренних дел, Южно-Казахстанская область, презумпция виновности, западноказахстанцы.*

Bahtorazov SU

Personal tragedy during the repression of the Party and Soviet nomenklatura in the south of Kazakhstan (On the western Kazakhstan subjected to repression in the region)

The objective content and a subjective interpretation of the past era of mass political repressions will not be complete without consideration of the fate of individuals.

The author in the article on the basis of the sources shows that the implementation plan for the massive repression dates back to the decision of the Central Committee of the CPSU (b) on July 2, 1937, prior operational order number 00447 signed by the People's Commissar of Internal Affairs N.Ezhovym according to which should be punished by 268,950 people, to 75,950 from they have an extreme measure of punishment had to be applied. In the South - Kazakhstan region plan was established in 150 people in the first category, 300 people on the second, among whom were 19 natives of the West Kazakhstan region.

Keywords: *repression, the CPSU (b), the People's Commissar of Internal Affairs of South - Kazakhstan region, the presumption of guilt, Western Kazakhstan.*

***

ӘОЖ 94 (574)

Шайхиев Т.Т. *– аға оқытушы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ*
E-mail: *Shaihiev1972@mail.ru*

ОТАНДЫҚ САЯСИ АҚЫЛ – ОЙ ДАМУЫ ТАРИХЫНДАҒЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ЗЕРДЕЛЕНУІ

Аңдатпа.*Әрбір халық өз өткен кезеңінің рухани қазынасын игермей, өз ұлтының сана – сезімінің мөлдір қайнарынан сусындамай тұрып өзін толыққанды ұлт ретінде сезіне алмас. Тәуелсіздік алғаннан бері, біз ұлттық қазынамызды қайта жинақтай бастадық және ата – бабамыз армандаған мәңгілік елдігімізді құруға қолымыз жетті. Бұл бағытта отандық саяси ақыл – ой қалыптасуын зерттеу ерекше орын алады. Елбасы Жолдауында мың жарым жылдан кейін құдіретті ата – бабамыздан ұлы мұраға қалған «Мәңгілік ел, мәңгілік ұлт» идеясын жаңғыртып, XXI ғасыр жаңашылдығын бойына сіңірген жаңа идея сипатында жариялап отыр. XXI ғасырда қуатына енген жаһандану дәуірінде тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын екенін тарихи сабақтастықты тарқата отырып, ерекше атап өтті.*

Тірек сөздер: *Елбасы, Мәңгілік ел, идеология, тәуелсіздік, ұлт, тарихи сана, болашақ.*

Әрбір халық өз өткен кезеңінің рухани қазынасын игермей, өз ұлтының сана – сезімінің мөлдір қайнарын сусындамай тұрып өзін толыққанды ұлт ретінде сезіне алмас. Тәуелсіздік алғаннан бері, біз ұлттық қазынамызды қайта жинақтай бастадық және ата – бабамыз армандаған мәңгілік елдігімізді құруға қолымыз жетті. Бұл бағытта отандық саяси ақыл – ой қалыптасуын зерттеу ерекше орын алады.

«Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы, - деп атап өтті Нұрсұлтан Әбішұлы, – Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық».

Қазақстан өз саяси дамуында демократиялық даму жолын таңдайтындығын, саяси тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендікке ие болған алғашқы сәттерден бастап-ақ мәлімдеген болатын. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев еліміз дамуында өз келбетімізге тән, өз ерекшеліктеріміз бен өз тұтыныстарымызға толық жауап беретін демократиялық саяси құрылымдар мен институттар жүйесін дамытуды қолдап келеді.

Елбасы Жолдауында Қазақстан халқының, дәл күйінде сөз қозғайтын болсақ, мемлекет құрамдаушы ұлт қазақ халқының ұлттық идеясы айқындалды. Ол – мәңгілік ел, мәңгілік ұлт, мәңгілік тіл идеясы. Жолдауда сонымен бірге Қазақстанды Мәңгілік елге, қазақ ұлтын мәңгілік ұлтқа айналдырудың жолдары мен тетіктері,

түрлі иірімдері мен кезеңдері ғылыми – теориялық және қолданбалы – тәжірибелік тұрғыдан нақты көрсетілді.

Отандық саяси ақыл – ой дамуында көшпенді өмір салты өшпес із қалдырды. Бұл жерде мысалға дарынды тарихшы Л.Гумилевтің сөзін келтіре кетелік: «Көшпенділер мәдениеті өзінің үшмыңжылдық тарихында өзіндік рухани дамуды басынан кешірді». [1, 5 б.] Осы бағытта қазақтармен ұқсастыққа қырғыздар мен Аравия бедуиндері ғана ие, яғни көшпенді халықтарда ауызша тарихи баяндау мен әдемі сөйлеу өнері өте тамаша дамыған. «Мәңгілік ел» идеясы көшпенді түркі халықтары тарихының тереңінен тартылады. Көшпенді түркі халықтарының қара тасқа қашап жазылған мәңгі өшпес рухани қазынасы «Күлтегін қаған» жазбалары.

Қазақ халқының тарихын әріден бастайтын болсақ «Күлтегін» жырын, Бумын (Момын) қағанды еске түсіруге болар еді. Мәңгілік ел идеясын алғаш ұсынған сол ұлы бабамыз болатын. Күллі исі түркі жұртының бабасы Туұлы Бумын мәңгілік қара тасқа қашап тұрып «Мингу Ел» – «Мәңгі ел» деп кейінгі мәңгі ұрпағына жазып қалдырды. Талай жыл өздеріне үстемдік жүргізіп келген Жыужан мемлекетін құлатып, түркі жұртының мәңгілік елдігінің негізін қалаған құрама жұртты өзі тумысынан шыққан тайпаның атымен атамай, мәңгілік ел құраған ұлы халықтардың ортақ шыққан тегін ескеріп, өздерін «біз түркі халқымыз» (түрк будынымыз) деп жалпақ әлемге жария еткен.

Көшпенді өмір салтының рухани жаршылары мен сақтаушылары ақындар мен жыраулар болды. Олардың мұрасы бізге даланың ауызша тарихы арқылы жетті. Өмір шындығын батыл жырлағандықтан, халық жырауларды «әділеттілік жаршылары» деп атады. Олар дала өлкесінде хандар мен сұлтандардың кеңесшілері, билік қасындағы халық өкілдері болды. Жыраулар мұрасы ұрпақтан ұрпаққа ауызша берілгендіктен олардың жырына мәңгілік ел мен әділетті өмір туралы өз ұғымдарын қосып отырды. Сол себепті ХХ ғасырға дейінгі қазақ даласындағы саяси ақыл – ой әлеуметтік – утопиялық сипаттағы идея болды.

Отты қару пайда болғанға дейін көшпенділер адамзат тарихындағы зор әскери күшке ие болды. В.О. Ключевский көшпенділерді «тарих қамшысы» деп атады. Осында ортада өскен жыраулар әділеттілік өмірді аңсай отырып көшпенді өмір салтын, саяси қатынастар мен билік институттарын ең алдыңғы қатарлы және мәңгілік ел тұғыры деп санады. Өз жағырафиялық – саяси жағдайына орай Еуропа мен Азияны байланыстырып, олардың өзара дамуына жол ашқан көшпенділер қоғамы осылайша тарихи дамудың шешуші күшіне айналды.

Көшпенді қоғам әлеуметтік – саяси ақыл-ойы бірқатар ерекшеліктерге ие. Ең алдымен бұл қайырымдылық пен ерлікке табыну. Бұл жайында кезінде Ш.Уәлиханов жазды. Оның ойынша дала ордасының тұрғыны қазақ өзінің адамгершілік қасиеттері бойынша түркі тектес басқа отырықшы халықтардан анағұрлым биік тұр [2, 14 б.]. Көшпенділер өз елін «Мәңгі аспанмен» ажырамас бірлікте қарастырған және «Мәңгі аспан» мен «Мәңгі елге» табынып, бұны діни сана – сезім деңгейіне дейін көтерген. Мұндай көзқарас Ұлы Жібек Жолымен жүріп өткен Марко Полодан бастап көптеген зерттеушілерде кездеседі.

Көшпелі қоғам әлеуметтік-саяси ойының тағы бір ерекшелігі, оның адамгершілік қағидасына толылығы. Бұл, сонау әл-Фараби бабамыздан бастау алған «Адам бол!» идеясы. Абай бұл қағиданы жаңа биіктікке көтерді және бұл үрдіс қазіргі қазақ ақыл – ойында да жалғасын табуда. Қазақ қоғамы ақыл – ойының осы бір қырын шетелдік зерттеушілер де көрсетті. Қазақ ұлтының тарихын зерттеген шетел ғалымдары туралы зерттеу жүргізген отандық тарихшы М.Лаумулин өзінің «Сырттан көзқарас» атты еңбегінде былай деп жазды, – «Қазақ қоғамындағы құқықтық және әлеуметтік қатынастар адамгершілік идеясына негізделген» [3, 71 б.].

Көшпенділер өз Отанын, жерін ерекше қадірледі. Бізге жеткен аңыздардың бірі осы сүйіспеншілікті жырлайды. Ғұндар ханы Мөде халқына соғыс қасіретін әкелмес

үшін жауларына қадірлі арғымағы мен сүйікті жарын беруге келісті. Бірақ, одан батпақты жерді сұрағанда Мөде хан қасиетті жер үшін қан төгуге бұйырған [4, 52 б.].

Осы айтылғандар көшпелі қоғам әлеуметтік – саяси ақыл – ойының Отанды қадірлеу рухына толы болғандығын көрсетеді. XXI ғасырда Қазақ елінің Елбасы Н. Ә. Назарбаев ұсынған «Мәңгілік ел» идеясының мызғымас тұғыры адамгершілік пен отансүйгіштік идеясы. Елбасы, – «Жаңа Қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр» – деп қадап айтты.

Елбасы Жолдауында мың жарым жылдан кейін құдіретті ата – бабамыздан ұлы мұраға қалған «Мәңгілік ел, мәңгілік ұлт» идеясын жаңғыртып, XXI ғасыр жаңашылдығын бойына сіңірген жаңа идея сипатында жариялап отыр. XXI ғасырда қуатына енген жаһандану дәуірінде тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын екенін тарихи сабақтастықты тарқата отырып, ерекше атап өтті. «Бұл, – деді Президент Н. Назарбаев, - әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан – жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама?»

Ата – бабамыз өр рухының өшпес тұғырына айналдырған «Мәңгілік ел» идеясы дала өлкесінде саяси тұрақтылықты қамтамасыз етті. Өте күшті орталықтандырылған саяси билік болмаған дала өлкесі саяси тұрақсыздыққа ұшыраған жоқ. Елбасы Жолдауында осының куәсі болар айрықша жолдар бар, – «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңрағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы».

Қазіргі Қазақстан Республикасының аумағын құрайтын алып даладағы әлеуметтік – саяси ақыл – ой мен мәңгілік елдікті аңсау идеясының дамуы бес кезеңнен өтті.

1.Философ – ғұламалардың қоғамдық – саяси көзқарастары. Олардың ілімдері грек және араб мәдениетінің қағидаларына негізделді. Ең көрнекті өкілдер әл – Фараби мен Ж. Баласағұн.

Әл – Фараби (870-950 ж.ж.). Оның қоғамдық саяси көзқарастары «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Мемлекет қайраткерінің даналығы» және т.б. бүкіл әлемге әйгілі трактаттарында көрініс тапты.

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» трактатында әл – Фараби қала – мемлекеттерді салыстыра отырып мәңгіілк ел мен ең әділетті қоғамды іздейді. Еңбектен грек ақыл – ойының, әсіресе Аристотельдің әсері айқын сезіледі.

Ал, «Мемлекет қайраткерлерінің даналығы» трактатында әл – Фараби өзін шығыс ойшылы ретінде танытты. Ол енді үлгілі, әділетті қоғам мен мәңгілік елдікке бастаушы ақылды, қайырымды билеуші туралы аңсайды. Оның ойынша, адам надан билеуші билеген елден ғылым – ілімнің дамуына қамқорлық жасап отырған білімді билеушісі бар елге кетуі тиіс. XXI ғасырда өмір сүріп отырған қазақ ұлты, әл – Фараби сынды ұлы бабасы аңсаған мәңгілік елдікке бастаушы көреген дана һәм қажымас қайраткер Елбасының тарихи шындыққа айналғандығының куәсі болып отыр.

Ж.Баласағұнның (1017 - белгісіз) көзқарастары «Құтты білік» дастанында көрініс тапты. Ж. Баласағұн әміршінің өз халқы алдындағы үш қасиетті міндетін көрсетті. Біріншіден, билеуші мемлекетін күмістей таза ұстауы қажет. Екіншіден, билеуші заңдары бірін – бірі жоққа шығармауы қажет. Үшіншіден, билеуші өз еліндегі ең мардымсыз өзгерісті де біліп отыруы қажет.

Сол сияқты халықтың да үш қасиетті міндеті бар. Біріншіден, халық өз билеушісін құрметтеуі. Екіншіден, халық әмірші салған алым – салықтарды уақытында төлеп тұруы. Үшіншіден, халық қашанда өз әміршісінің жанында табылуы қажет.

Осы қасиетті міндеттер дұрыс атқарылуы үшін әмірші мен халық қоғамдық келісім жасауы тиіс. Осы жерде көрсетілетін ақиқат әрі біз үшін мақтаныш сезімін

тудыруы тиіс факті Европа ақыл – ойында қоғамдық шарт теориясы (Т.Гоббс, Д.Локк және т.б.) тек Жаңа кезеңнен бастап даму алды.

Егер әл – Фараби мұрасы адамгершілік, әділеттілік қағидаларына толы болса, Ж. Баласағұн мұрасы қазіргі дәуірмен үндесіп жатыр. Мұның өзі олардың мәдени мұрасын терең зерттеу қажеттігін көрсетеді.

Елбасы Жолдауында, - «Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек»», - деп жазылған.

2.Сопылық ағым өкілдерінің қоғамдық – саяси көзқарастары Қ.А.Иассауи, С.Бақырғани және т.б. мұсылман дінін уағыздаушылар ойларында көрініс тапты. Олар жаратушыға деген ұлы сүйіспеншілікке шақырды. Өзінің «Диуани хикмет» (Ақыл кітабы) атты еңбегінде Қ.А. Иассауи халықтың өз билеушісіне қарсы шығуын үлкен күнә санады. Сопылық ағым өкілдері билеушіні қайырымды болуға шақырды. Егер әкесі ұлына қандай қамқорлық көрсетсе, әмірші де өз халқына осындай қамқорлық көрсетуі қажет. Мәңгілік елдіктің ең басты қағидаларының бірі Елбасы мен халық бірлігі. Осы тұрғыдан келетін болсақ, сопылық ағым өкілдерінің қоғамдық – саяси көзқарастарының, қазіргі қазақ елі халқының қоғамдық санасымен үндесіп жатқандығын көруге болады және мұның өзі елдің саяси тұрақтылығы мен экономикалық гүлденуінің ең басты алғышарттарының бірі.

Біздің қазақ халқы –мұсылман, діні – ислам екендігі үнемі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев биік мінбелерден тектен текке айтып жүргені жоқ. Сан ғасырлар бойы исламдық жолды ұстанған ата-бабаларымыз осы дінге лайықтап өз әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, наным-сенімін қалыптастырған, әрі оны ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып отырған. Қазақстанда тәуелсіздіктің екі онжылдығы барысында діни институттардың сан жағынан да, сапа жағынан мәнді өсуі болды. Діни бірлестіктер саны бірнеше есе өсіп кетті, рухани дәстүрлер қайта өрлей бастады, жаңа ғибадатханалар салынуда – мешіттер, шіркеулер, ғибадат үйлері, синагогалар салынды. Халықтың діндарлығының деңгейі өсті.. Халықтың тұтастығы мен діннің тұтастығы және мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді байланыс бар екенін ескерелік. Қазақ топырағы арқылы барлық әлемдік діндер өткен, сондықтан да жатырқаушылық немесе діни фанатизм сезімі бізге жат. Осынау рухани дәстүр, жаратушының қандай жолмен болса да түскен сөзіне жүрегіміздің ашықтығы, Қазақстандағы конфессияаралық татулықтың аса маңызды тұғырларының бірі.

3.Жыраулар мен ақындардың қоғамдық – саяси көзқарастары. Олардың көзқарастары көшпелі ортаның өз ішінде қалыптасып дамыды. Ең көрнекті өкілдері Асан Қайғы мен Бұқар жырау.

Ағылшын гуманисі Томас Мордан жүз жыл бұрын өмір сүрген Асан Қайғы (1361–1469) өз қиялындағы аралын (Утопия) іздеді. «Жерұйықта» адамдар бақытты өмір сүреді, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман болды. Бұл әлеуметтік утопизм идеясының алғашқы көрініс табуының бірі болды.

Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы қазақ ұлтының ұлы данасының осы бір арқалы идеясымен терең астасып та тұстасып та жатыр. Асан Қайғының «Жерұйық» идеясы адам баласының ақыл-ойы дамуының тарихындағы аса ұлы идеялардың бірі. Бұл да – өте терең, ұлы гуманизмге толы ғажап идея. Халқының болашағын ойлап, ұлтының қамын жеген дана һәм дара ойшыл қазақтың кең даласын шарлап адамға да, малға да жайлы жұмақ болар жерді іздейді. Сол жерде қазақ халқының жаңа Ордасын, Мәңгілік елін құруды мақсат етеді. Ол елде жұрттың бәрі тең, бәрі шат – шадымен тіршілік етеді. Ел аласы, ру таласы болмайды. XXI ғасырдағы қазақ ұлты, дана бабасы аңсаған «Жерұйықта» өмір сүріп отырғандықтарын, Мәңгілік елге бастаған Елбасы туының астына топтасып, жарқын да мәңгілік болашақ жолына нық қадам басқандықтарын мақтаныш сезіммен алға тарта алады.

Бұқар жырау (1685–1777). Қазақ даласында өте күшті орталықтандырылған мемлекет болуын аңсаған жыраулар тобының бастауында тұрды. Ол күшті хан

билігін жақтады. Хан жанында «Хан кеңесі» болуы тиіс. Хан олардың ақылын өзі қажет деп санаған жағдаяттарда пайдаланады. Қазақ жырауларының алыбы Бұқар жырау аңсағын өте күшті орталықтандырылған мемлекет ХХ ғасырдың аяғында, әлем мойындаған саяси қайраткер Н.Ә.Назарбаевтің басшылығымен құрылды. Қазақ елі Бұқар жырау аңсаған «Хан кеңесінің» қазіргі заманға лайықты түрі қос палаталы кәсіби Парламентке ие болды. Бұл билік нысандары, қазақ елін Мәңгілік елге бастар саяси институттар болып табылады.

4.Қазақ ағартушыларының қоғамдық – саяси көзқарастары орыс ағартушылары мен революционер-демократтар ықпалымен дамыды. Ағартушылық негізгі білім, ғылым бәрін түзейді, бәрін құтқарады деген қағидаға табыну болды.

Ш.Уәлиханов (1835–1865). Көшпелі қоғам әлеуметтік құрылымы мен сот жүйесін зерттеді. Оның көзқарастары «Даладағы мұсылман діні», «Сот реформасы туралы хат» және т.б. еңбектерінде көрініс тапты.

Өзінің «Алтышардың ар жағында немесе Қытайдың Нан – Лу провинциясының алты шығыс қаласындағы 1858 – 1859 ж.ж. жағдай» атты еңбегінде, мұсылман дінінің Шығыс халықтарының саяси, азаматтық өміріне тигізіп отырған зор әсері туралы жазды. Барлық мұсылман шығысында Құран азаматтық мекемелер негізі. Ол қоғамдық және халықтар арасындағы қатынастарды реттейді, сол себепті – де мұсылман елдері халықтарының өмірі бір – біріне ұқсас [5, 28 б.].

Құранды игерудегі кейбір айырмашылықтар, сол елдің жағырафиялық орналасуына тәуелді. Егер, жағырафиялық факторлардың қоғамның әлеуметтік және саяси өміріне тигізетін әсерін зерттеу қажеттілігін адамзат шын мәнінде тек XIX ғасырдың аяқ кезінен сезіне бастағанын ескерсек Ш.Уәлихановты жағырафиялық саясат теориясының негізін қалаушылар Ж. Баден, Ш.Л. Монтаскье есімдерімен қатар атауға болады.

Қазіргі қазақ елінің жағырафиялық саяси орналасуы өте күрделі. Қазақ елі үш діни өркениет ислам елдері, христиан елдері мен будда – конфуциан елдерінің бір – бірімен теке – тіресе түйіскен қиылысында орналасқан. Әлемде белең алған жаһандану дәуірінде ата – бабамыздан қалған дәстүрлі ұлттық құндылықтарымызды, осы қиылыстан аман алып шығу Елбасы ұсынған Мәңгілік ел идеясында жатыр. Мәңгілік ел идеясын дамытуда қазақтың ғұлама ұлы Ш.Уәлихановтың жағырафиялық – саяси идеяларын пайдалану ұлттық құндылықтарымызды әлемге мойындатудың бірден – бір жолы әрі ол Мәңгілік елдіктің рухани – идеялық тіректерінің бірі болары сөзсіз.

5. ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғамдық – саяси көзқарастары. Қазақ елінің Мәңгілік елдігінің ғылыми – теориялық базасын ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары қалады. Олардың артына қалдырған ғылыми мұралары орасан зор және қай – қайсысынан болмасын қазақ елінің Мәңгілік елдікке жетуіне қажетті ғылыми – теориялық тұжырымдар мен қолданбалы – тәжірибелік ұсыныстар табуға болады. Қазақ зиялылары енгізген діни талаптар мен зайырлы құндылықтардың бір – бірін толықтыра өмір сүруі ұстанымдары, діни және зайырлы ерекшеліктерді біріктірген сайлау жүйесі, әлеуметтік төңкерістер жағдайында ұлттық мемлекеттілікті құру ұстанымдары қазіргі заманда да ең озық идеялар болып отыр. Қазіргі Батыстың атақты геосаясатшылары С. Хантингтон, З. Бжезинский, Ф. Фукуяма еңбектерінен ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ойларын табуға болады.

ХХ ғасырдың басында бірінен соң бірі болған әлеуметтік төңкерістер Ресей империясының біртұтас мемлекеттілігінің іргесін шайқалтты. Бұл өзгерістер отан, ел, ұлт тағдыры туралы өткір пікірталастарға жол ашты.

М.Дулатовтың «Оян, қазақ!» жырымен ілесе қазақ зиялыларының ұлттық сана – сезімі қалыптаса бастады. Ұлттық сана – сезімінің бекуіне 1916 жылғы ұлт – азаттық көтеріліс үлкен әсер етті. Ұлт зиялылары көзқарастарында ұлттық мақтаныш, ұлттық мәдениет сезімдері көрініс тапты.

Бұл кезеңде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, К.Тоғысов, М.Тынышпаев, М.Шоқаев және т.б. ұлт зиялылары қазақ жерінің мемлекеттік тәуелсіздігі идеясын көтерді. Қазақ жері тұңғыш рет саяси тартыс сахнасына айналды. «Алаш», «Үш жүз» атты екі ұлттық партия және көптеген ұлттық саяси ұйымдар құрылды. Бұлар артына орасан зор қоғамдық – саяси идеялар қалдырды. Осы идеяларды зерттеп, қазіргі ұрпақ пайдасына жарату тарих ғылымының кезек күттірмейтін міндеті болып табылады.

Жаңа замандағы жаңа тегеуірінді, XXI ғасырдың айбынды барысы Қазақ елінің тұңғыш Елбасының жиі – жиі қайталап, айтып келе жатқан сөзі, – «Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек». XX –XXI ғасырлар тоғысындағы күрделі кезеңдерде тұлғалық қалыптасу жолынан өткен Елбасының өзі де шындықпен санасудың, тарихтың тағылымын ескерудің ғажап үлгілерін көрсетіп келеді және әлемдік деңгейдегі саяси қайраткер бойынан табылатын батыл идеялары әлем мен туған елінің өшпес тарихи тәжірибесін саралаудан туған.

Елбасы Жолдауында XXI ғасырдың он жаһандық сын-қатері алға тартылып отыр. Елбасы жолдауынан үзінді келтіретін болсақ, - «Тарихи уақыт аса жеделдей түсуде. Әлем қарқынды түрде өзгеруде және болып жатқан өзгерістердің жылдамдығы адамды таң қалдырады». Енді Қазақ елінің геосаяси жағдайын саралайтын болсақ, бұл қатерлердің өзектілігі арта түседі. Себебі, Қазақстан үш діни-саяси өркениет христиан, ислам және будда – конфуциандық әлем қиылысында орналасқан ел. Оларға тән қайшылықтар мен бір-бірімен теке- тіресушілік осы геосаяси ортада аса асқына түседі және мұны соңғы уақыттарда Орта Азия аумағында орын алған жаһандық деңгейдегі бірқатар оқиғалар дәлелдей түседі.

Қазақстанның Мәңгілік ел құруда басқа елдермен салыстырғанда алға тартар еңселі де ерекше артықшылықтары жетерлік. Елі тыныш та абзал, жерінің үсті де, асты да байлыққа толы, халқы ауқатты да дархан! Сонымен қатар, заманауи қазақ елінің ешбір елде жоқ басымдығы, – «Мен Қазақстанның болашағына басымды тіккен адаммын», - деп зор адами сезіммен мәлімдеген Елбасының болуы. Мұндай сөздер осы кезге дейін бірде – бір елдің бірде – бір басшысының аузынан шыққан емес. «Осы заманғы Қазақстанның үлкен артықшылығы, – дейді Парламент Сенатының Төрағасы Қасым – Жомарт Тоқаев, – ерен Елбасымыз. Ұлт басында Нұрсұлтан Әбішұлы сияқты аса көрнекті саясаткер тұрмаса, біз өмірдің барлық саласында бүгінгідей табыстарға жете алар ма едік? Әрине, жете алмас едік».

Тәуелсіздіктің ең алғашқы күндерінен бастап Қазақстан халқын ортақ мақсатқа жұмылдыру, барлық этностық топтардың тең құқықта тұрмыс кешуіне жағдай жасау мемлекеттік ұлттық саясаттың басты, басым бағытына айналды. Ал кез келген мемлекеттің саяси, экономикалық тұрақты дамуының басты шарты тату этносаралық қарым-қатынасты қалыптастыру екендігі тарихи тұрғыдан өзін толық дәлелдеген.

Қазақстан ең алдымен елімізді мекендейтін барлық тұрғынды этностық, нәсілдік ерекшеліктеріне қарамастан, біртұтас, унитарлы мемлекеттің азаматы ретінде қарастырып, тең мүмкіндіктер бере білді. Этностық топтардың өз тілі мен дәстүрін, әдет-ғұрыптарын дамытуға толықтай мүмкіндіктер жасалды. “Қоғамдық бірлестіктер туралы” Заң арқылы этностық-мәдени орталықтар құру жүйелі жолмен іске асырылды. Қазір Қазақстанда қазақ, орыс театрларымен қатар, кәріс, неміс, ұйғыр, өзбек театрлары жұмыс істеп, этностық топтардың газет-журналдары жарық көруде.

Жәңгірдің баласы Тәуке хан тұсында қазақ хандығының бірлік-берекесі кушейе түсті. Тәуке хан қазақ тарихында «Әз Тәуке», «адамзаттың данасы» деп аталды. Тәуке хан тағына отырған соң асқынған ішкі феодалдық алауыздық пен бытыраңқылықты жойып, бір орталыққа бағынған қазақ хандығын құруға қажырлы қайрат жұмсады. Хандық билігін күшейтуге бағытталған реформалар жүргізді. Феодал шонжарлардың өкілдері мен билерден құралған «хандық кеңестің» рөлін арттырды. Жыл сайын Ташкент қаласының түбіндегі Күлтөбеде үш жүздің басын қосқан жиналысын өткізді. Бұл «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген атқа ие болған. Тәуке хан ішкі феодалдық енжарлықты жою үшін беделді билерге арқа үйеп, феодал ақсүйектерді, сұлтандарды әлсіретуге тырысты. Тәуке ханның «жеті жарғысы» конституциялық құжат ретінде қаралды Бұл құжаттың әрбір бабы сол кездегі заман талабына сай әзірленді. Ол қазақ елінің ұлттық бірлігін нығайтып, рулар арасында алауыздықты тежеуге көп үлес қосты. Жүздер мен ұлыстар арасындағы үлкен даулар билер кеңесінде, қазақ арасында абыройы жоғары Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, тағы басқа билер алдында шешілетін болған.

Қазақ хандығын, қазақ мемлекетін атақты хандар басқарып, алға қарай дамыған кезеңдерде қазақ сахарасында әйгелі билер де белгілі-бір дәрежеде мемлекетті басқару ісіне араласып, тарих төрінен орын алған.

Біздің Қазақстан жерінде де өсіп-өнген ұлы тұлғалар аз емес, біз жүректерінде ешқашан үміт оты өшпеген, ұлы сенім, біздің елеміздің болашағына деген сенім аңғарғыш ақыл-ойын, өз отанына деген сүйіспеншілік пен адалдық алға жетелеген тұлғалардың есімдерін мәңгілік есте сақтаймыз. Біз қазір тұрып жатқан жерде, өз халқының тәуелсіздігі үшін батырлар шайқасқан заманда кітаптың көмегімен біз тас дәуірінен бастап біздің заманымызға дейін түрлі дәуірлерге саяхат жасаймыз. Тарих бізге ата-бабаларымыз, атақты тарихи тұлғалар: қазақ халқының дамуына зор үлес қосқан және болашақ тарихтың қорытындысына әсер еткен тайпа көсемдері, билеушілер, батырлар, билер, аңызшылар, қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлер туралы айтады. Олар ғасырлар бойы бірлікке, тұтастыққа талпынды және осыған үйретуден жалықпады

Қазақтың атақты билері Төле би Әлібекұлы, Қазыбек би Келдібекұлы, Әйтеке би Байбекұлыдан қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Ата-бабамыз қалдырған ауыз әдебиеті дейтін ғажайып мұрасында халықтың рухани өресі, мәртебесі, тұрмыс салты, мінез-құлқының мәні бар. Олар замандастар болған. Төле би туралы академик С. Зиманов былай дейді: «Төле би қазақтың ежелгі этностық бірлестігі үйсіндерден шыққан. Әр түрлі деректер бойынша, ол Ташкент маңында дүниеге келіп, онда өмірінің жастық кезін және соңғы жылдарын өткізді. Оның шыққан тегі аты аңызға айналған Майқы биден басталады. Әкесінің еркі бойынша бала Төле бес жасынан бастап оқуын бастады, 9 жасынан бастап әкесінің басшылығымен сот талқылауларына және сот шешімдерін шығаруға қатысқан, ал 15 жасында Төле дана ақсақалдардан, атап айтқанда, 100-ге келген Сарыарқадағы атақты Әнет бабадан бата алып, сынақтар мен өзіндік аккредиттеуден сәтті өтіп, дербес қазы жолына түседі». «Қазыбек би дәстүрлі Сарыарқалық мәдени ортада өсті және тәрбиеленді, онда оны дарынды бала ретінде қабылдады. Оны қоғамдық қайраткерлерге дайындады, халықтың ауызша рухани байлығын меңгеруге, шешендік негіздері мен техникасына, даналықты меңгеруге үйретті. Орта Жүзде Қазыбек би беделі танылған адам болды. Орыс өкілінің 1763 жылға қатысты бір

ресми хабарламасында былай айтылған: «Орта Жүзде Қазыбек биді үнемі және күнде дерлік Әбілмәмбет ханның өзі де, Абылай хан да, және басқа ұлыстардың сұлтандары, ақсүйек старшиналар да әр түрлі кеңес сұрап келетін, және оның келісімінсіз ешқандай ақсүйекті қабылдамайтын, басты қазы ретінде құрметтейді» [5, 32 б.].

Ұлы жүз – Әзіз Төле би XVII - XVIII ғасырлардағы ұлы тұлғалардың бірі. Абылай ханнан бастап, Бөгенбай батырға дейін ақыл, кеңес беріп келген атақты Бұқар жырау да Төле биді халыққа үлгі, өнеге етіп жырлады.

Аты аңызға айналған Төле би қайтыс болардың алдында үш жүздің игі жақсысын жинап алып:

- Аттың құнын, ердің құнын, әйелдің құнын өз ақылымызша шешкен жөн. Малға салсаң баспайтын, ұрсаң шаппайтын жабы бар да, қусаң жететін, қашсаң құтқаратын желден жүйрік тұлпар бар, екі адамның басы қосылса өсек айтатын әйел бар да, бір елге ана, пана болатын әйел бар. Шешім айтқанда осылардың ара-жігін ашып, екшеп барып, құн кесулеріңді өтінем,- деп аманаттап артқа қалып бара жатқан ел ағаларына.

Орта жүз – Қазыбек Келдібекұлы 1667 жылы туып, 1764 жылы қайтыс болған. Олда Тәуке ханның «Жеті жарғы» әдеп – ғұрып заң жобасын жасаушылардың бірі. Қазыбек бидің беделі мен ықпалына қазақ хандары ғана емес, ұлы империялардың әкімшіліктері де сүйенген, атап айтсақ 1761 жылы Қытай империясының елшілігі, 1762 жылы орыс мемлекеті әкімшілігінің өкілдері оған арнайы келіп кеңес алып қайтқан.

Сондай-ақ Қазыбек би ақын, би-шешен ретінде де әйгілі. Оның әдеби шығармашылығы Орта жүздің басшысы, сот ісін жүргізуші және дипломат ретіндегі қызметінен ажыратылмайтын болды, сондықтан оның сот ісін қараудағы немесе пікірталас-келіссөздердегі сөйлеген сөздері прозалық афоризмдер және қарсыласының сөздеріне өлеңмен жауап беру түрінде болды. Сондай-ақ оның шығармашылығында дана жұмбақтардың немесе серіктестері не болмаса қарсыластары айтқан тұспалдардың және астарлы сөздердің поэтикалық шешулері кездеседі.

Бірде Қазыбек бидің алдына бір бала үшін дауласып екі әйел келеді. Әйелдің бірі:

- Мен баламды жас күнімде жоғалтып алдым, ал мына әйел оны асырап өсірген. Бүгін тауып, қайтар десем, бермейді - дейді.

Екінші әйел: - Мен бұл баланы тумасам да туғанымдай бақтым, ешкімге де бермеймін - дейді.

Сонда Қазыбек екі әйелді асықпай тыңдап, біраз ойланып, шындықты анықтау үшін, баланың екі қолынан екі әйелге ұстатып, балтаны көтеріп, былай деген екен: - Ендеше екеуіңе қақ бөлейін... [4.14 б.].

Қазақ руларының басын біріктіріп, бір орталыққа бағындырған және туысқан қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарын одақтастырып, жоңғар - қалмақ шапқыншылығына қарсы халық майданын құрған Тәуке ханның кеңесшілерінің бірі – Әйтеке би болған.

Кіші жүз – айыр тілді Әйтеке би артында аталы сөзі қалған, есімі ел жадында сақталған қазақтың киелі, шешен билерінің бірі. Жоңғар - қалмақ шапқыншылығына қарсы халық майданын құруға ат салысып, үлес қосқан қоғам қайраткері. Әйтекенің есімі елге ең алдымен тілмар шешендігімен, тапқыр билігімен мәлім.

Әйтеке би туралы академик С.Зимановта былай делінген: «Есімі Кіші жүздің ежелгі аумақтарының шегінен тыс алысқа созылып жатқан Әйтеке би өзінің дәуірінде аңызға айналды. Оның туылған жылы мен қайтыс болған жері жуықтатып анықталған. Әйтеке бидің Төле би мен Қазыбек бидің замандасы болғаны көпшілікке белгілі. Олармен бірге XVII ғасырдың соңғы ширегінде және XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқының үш құрылтайын билеушілер тобына кірген. Әйтеке атақты Ұлықбектің медресесінде оқып, оны сәтті бітіріп шыққан. Араб, парсы және түрік тілдерін меңгерген. Бес жасынан бастап Жалаңтөс билеушінің отбасында атақты қызыл езу билерде билік мектебінен өткен. Әйтеке бидің идеялық мақсаттары бастапқыда Төле би мен Қазыбек би басшылыққа алған мақсаттармен ұқсас болды. Олардың барлығы халыққа шынайы және әділ қызмет етуді өздерінің бірінші және

бастапқы мақсаты етіп қойды». Төле бидің тапқырлығы, даналығы және биязылығы оның көзінің тірісінде Бұқар жырауда, Қазыбек биде, Әйтеке биде танылған [5, 231 б.].

Қазақ хандығы құрылғаннан кейін бес ғасыр ішінде мемлекетіміз талай өзгерістер мен дағдарысқа ұшырады. Сонда да қабырғасы қайыспаған елдің өз хандары, ел тыныштығын ойлаған ерлері, кесімді сөз айтқан сөзге шешен билері болды. Тарих бедерінде билер сотының алатын орны ерекше. Қазақтың билер соты өзінің шынайылығымен халыққа ең жақын құқықтық орган болды. Қазақ билер соты құқықтық құрылымы жағынан және сот ісін жүргізуде өзіндік қалыптасқан бай тарихының бар екендігіне әлемдік өркениет көшіне ілесе алатын бірегей сот жүйесі болғанына дүние жүзі ғалымдары нақты көз жеткізді. Билер екі тарапқа да өз әділдігін дәлелдей білген. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген сөз содан қалса керек. Би десек, ойымызға ақыл-парасатымен ойының зеректігімен, табиғатынан дарынды, даналық іліммен сусындаған тұлғаның бейнесі оралады. Демек билерден осындай қасиеттер талап етілген. Дана халқымыз билерді ешқашан сайламаған. Себебі би – тектілік пен табиғи болмысқа тәуелді қызмет.

Осы тарихи кезеңде билер халықтың әлеуметтік тобына жататын лауазымды адамдар болып танылды.

Би дегеніміз кім? Билер дегеніміз қазақ сахарасында жер дауы мен жесір дауы, барымта, құн төлеу сияқты мәселелердің шешімін тапқан, қанаттас жатқан екі рулы елдің арасындағы түсінбеушілікті шеше білген, соғыс қаупін туғызған жағдайларда ауыздары дуалы, шешімдері әділ, сөздері қуатты, татулықтың ақ жалауын желбіретіп, алауыздықты емес, имандылық пен ардың жолын дәріптеген, елдің бірлігі мен қоғамдық ахуалды сақтап қалуда айтарлықтай тер төккен ұлы тұлғалар.

Би дегеніміз ел жұртының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, өткен шежіресін, тарихын, қоғамның даму барысын, айнала қоршаған табиғаттың сан-алуан қасиеттері мен құпияларын білетін адамдардың көкірек көздеріне ой көзімен қарай алатын қырлы мінез құлықтарын айтпай-ақ тап басатын, ғылым білімнен хабардар, кемел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беруде дара қасиеті бар жандар болды. Алайда өзінің азды көпті көрген түйгенімен бір қағар шешен тілмен ортаға түсіп, қара басының, құлқының қамы үшін малы барлардың хан сұлтандардың теріс екендігін көре тұра бұрыс тартып өз руларының сойылын соққан бисымақтар да ел арасында аз ұшыраспаған. Ондай бисымақтар ақыға алған атымен, киген тонымен бірге халық жадынан тез ұмыт болып отырған. Би дегенде үш арысымыз – Төле, Қазыбек, Әйтеке жеткен заңғар биіктен қарағанымыз жөн.

Билердің бойында тек шынайы биге ғана тән қасиеттер болды. Ол қасиеттер бірін бірі толықтырып отырды. Би көпті көрген көкірек көзді қиядағыны шалатын, ойы орамды, көнені ғана біліп қана қоймай болашақты да тап басатын, байламды, бағаналы болжам жасай алатын әрдайым халық көңілінен шығатын жан болуы шарт [6, 17 б.].

Шешендік көп халықтарда ертеден ұшырасатын қасиет. Ал қазақ даласында билер ешбір пәнді оқымай-ақ салиқалы ойдың түйінін дәл жеткізуде шебер болған. Билердің жеке басында батырлық, ақылыдылық, шешендік, бедел сияқты қасиеттер тоғысқан. Тәжірибесі мол, сол дәуірдің әлеуметтік қатынастардың мәнісін терең түсіне білген, өзіне дейінгі билердің дана сөздерін талмай үйренген, алған танымдарын дауларды шешу кезінде қолдана білген. Билердің бейнесі мен аталы сөзі халқымыздың табиғи дарындылығы мен даналығын көрсететін мәдени мұрамыз бен мәңгілік мақтанышымыз. Олар ғасырлар бойына халқымызбен бірге жасап келе жатыр.

Халық арасында «би екеу болса, дау төртеу» деген астарлы сөз бар. Бұл сөзді би жүрген жерде дауда көп деп ұғып қаламыз. Бұл пікір қате. Бұл арада даулы мәселені екі би емес, үш би шешсін дегені. Яғни бірі айыптаушы, екіншісі ақтаушы болса, ал үшіншісі ортақ әділ шешім айтатын Төбе би болсын дегенді білдіреді. Халық "ата-баба жолын" жетік білгендігімен, қара сөзге шешендігімен әрі қара қылды қақ жаратын әділдігімен "би" атанған беделді адамдардың төрелігіне жүгінген. Билердің шешіміне көңілі толмаған, әділдігіне сенбеген дауласушы тарап

өзге биге шағымдануға немесе *төбе би* төрелігіне жүгінуге құқылы болған. Билер жергілікті мәндегі дау-дамайды, қылмыстық және азаматтық істерді қараған. Ал қазақ жүздері мен руларының арақатынасына, ақсүйектер өліміне қатысты маңызды істерді хан-сұлтандар белгілі билерді қатыстыра отырып шешкен. Қалыптасқан әдет-ғұрып қағидаларына сәйкес талапкер не жауапкер төре тұқымынан шыққан болса, оған хан-сұлтандар ғана билік айтуға тиіс. Бірақ бұл қағида кейбір жағдайларда сақтала бермеген. Мысалы, Н.П. Рычковтың айтуынша, билер қарауындағы жалшысын ұрып, жарақаттағаны үшін Нұралы ханға құн төлеу туралы кесім шығарған. “Хан көнгісі келмеп еді, бірақ халық кісі өліміне төленетін құнның жартысын төлеуге оны мәжбүр етті” деп жазады тарихшы.

Би елші мәмілегер ретінде де тарихтан орын алған. Бұл «жауластырмақ жаушыдан, елдестірмек елшіден», «елшісіне қарап, елін таны» деген сөздерден белгілі. Яғни би тек ел ішіндегі даулы мәселені шешіп қана қоймай, ел мен елді бітістірген.

Билер саясатпен де айналысып қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтеріліп отырған. Би жекелеген адамдар, ру мен ру, тайпа мен тайпа арасындағы дау жанжалды шешумен ғана шектелмегені баршаға мәлім. Олар ел арасындағы қоғамдық мәні бар саяси мәселелерді шешуде хан сұлтандардың негізгі тірегі кеңесшісі болған. Хан қаншама қаһарлы болғанымен «Билер кеңесінде» көпшілік дауыспен қабылданған шешімді жеке билікпен бұза алмаған. Әйгелі әз Жәнібектің жанында ел ішінің сыртқы саясатының барлық мәселелерін талқылап, баға беріп, жөн жоралғы сілтейтін алпыс би болған екен. Атақты Абылай ханның жанында үнемі кеңесші сегіз би болған.

Би - біріншіден, көпті көрген, яғни, «көре - көре көсем болған», көнені ғана біліп қоймай, болашаққа да болжам жасай алатын болған.

Би – айтар сөзін бірде астарлап, бірде мысқылдап, еттен өткізіп, сүйекке жеткізген. Қажет жерінде қара тасты қақ айырып түсетін от ауызды, орақ тілді шешен болған. Билердің әділ сөздері еттен өтіп сүйекке жеткенде, оған ата жаудың өзі де қылыш көтермеген. Билер ел мен ел арасындағы қоғамдық мәні зор саяси мәселелерді шешуде хан – сұлтандардың негізгі тірегі, кеңесшісі болған. Би адамның жан – дүниесін, мінез – құлқын бір көргеннен – ақ тап басып танитын әдепті психологта болған [7, 16 б.].

Ел ішінде билер ой түйіп сөз ұстап әділ төрелік айтумен бірге бүкіл бір халықтың болашақ ұрпағын тәрбиелеуде де теңдессіз қызмет атқарумен қадірменді саналған. Қалай болғанда да сан ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып оның ел басқару жүйесінде айрықша қоғамдық маңыз атқарып келген билердің рөлін қайта жандырсақ ұлттық қадір қасиетімізді сақтауға көмектесер еді. Қазақтың киелі ауызды билерінен шыққан сөздер бүгінгі таңда да қазақ қоғамына үлгі болуы қажет екендігіне ешкімнің таласы жоқ деген ойдамыз.

Қазақ халқы үшін әділдіктің тең таразысы бола білген билер қоғам өмірінің саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, әскери-дипломатиялық салаларына тығыз араласып, ел бірлігі мен ынтымағын нығайтуға үлестерін қосты. Бүгінгідей ғаламдану мен батыстық сарындағы арзанқол бұқаралық мәдениетке еліктеу заманында өзіміздің осындай асыл мұраларымызды бүгінгі ұрпаққа жеткізу, түсіндіру мен насихаттау күн тәртібінен түспейтін мәселе болып қала бермек.

Ел ішінде билер ой түйіп сөз ұстап әділ төрелік айтумен бірге бүкіл бір халықтың болашақ ұрпағын тәрбиелеуде де теңдессіз қызмет атқарумен қадірменді саналған. Қалай болғанда да сан ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып оның ел басқару жүйесінде айрықша қоғамдық маңыз атқарып келген билердің рөлін қайта жандырсақ ұлттық қадір қасиетімізді сақтауға көмектесер еді. Қазақтың киелі ауызды билерінен шыққан сөздер бүгінгі таңда да қазақ қоғамына үлгі болуы қажет екендігіне ешкімнің таласы жоқ деген ойдамыз.

Әдебиеттер:

1. Мақұлбеков Б. Билер соты – қазақ ұлттық сот жүйесінің негізі // Заңгер. – 2015. – №6 (167). – б. 8-12 .

2. Әкетай М. Қазақ халқының дәстүрлі сот жүйесінің ерекшеліктері // Заңгер. – 2015. – №6(167). – Б. 10-12.

3. Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. – Алматы, 2004. – 206 б.

4. Мәми Қ.. Билер соты – әлемдік құндылық / Егемен Қазақстан. – 2008. –№137. – б. 3.

5. Зиманов С. Қазақтың ұлы билері. – Алматы, 2003. – 231 б.

6. Есенғазы Қ. Тәлім тағылым / Егеменді Қазақстан. – 2015. – №156. – б. 2-3.

7. Ізімұлы М. Қазақстан: ұлттық энциклопедиясы. т. 5. – Алматы, 1998. – 16б.

Гайсина М.Б. Макпал Батыргалиевна.

Особенности суда биев

В этой статье рассматривается роль института биев в казахском обществе, специфические личностные качества и деятельность биев, благодаря которым их имена на протяжении веков сохранились в народной памяти.

Ключевые слова: *Би, казахское ханство, Тауке хан, Есим хан, Толе би, Казыбек би, Айтеке би, «Жети Жаргы»*

Gaysina M.B.

Feature of by's court

This article will discuss the question of who are the By which have special signs in their personality and the nature of what secrets there than the names and deeds of our holy ancestors have not disappeared from the pages of history after so many centuries.

Keywords: *By, Kazakh khanate,Tole By,Ayteke By, Kazybek By, Zhety Zhargy, Esym Khan.*

***

Ұлы еуразия ақыны Ғ.Тоқайдың (1886-1913) туғанына 130 жыл толуына және Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тоқай әлемі: философия, эстетика, тіл» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

2016 жылдың 20 мамыр күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде ұлы еуразия ақыны Ғ.Тоқайдың (1886-1913) туғанына 130 жыл толуына және Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тоқай әлемі: философия, эстетика, тіл» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Конференцияға Санк-Петербург, Қазан, Уфа, Самара, Астана, Атырау, Орал және т.б. қалалардан келген ғалымдар, оқытушылар, тоқайтанушылар мен педагог мамандар қатысты.

Пленарлық отырыста М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, профессор, академик, педагогика ғылымдарының докторы А.С.Иманғалиев, бірінші проректор, тарих ғылымдарының докторы, доцент Ә.С.Тасмағамбетов, ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының докторы А.С.Имашев, сонымен қатар педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент К.Т.Утегенова конференция қонақтары мен қатысушыларын қарсы алды.

Қазаннан келген қонақтардың атынан Қазан федералдық университетінің ректоры И.Р.Гафуов және Л.Толстой атындағы ҚФУ филология және мәдениетаралық коммуникация Институтының директоры Р.Р.Замалетдинова құттықтау сөзін сөйледі.

Отырыста орыс және татар тілдерінде баяндама жасағандар: Р.А.Абузяров – М.Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Ғ.Тоқай Еуразиялық Орталығының төрағасы; З.З.Рамеев – профессор, Г.Ибрагимов атындағы тіл және әдебиет Институтының

филология ғылымдарының докторы; Ф.З.Яхин – филология ғылымдарының докторы, Г.Ибрагимов атындағы тіл және әдебиет Институтының текстология бөлімінің меңгерушісі; Т.Ш.Гилазов – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Толстой атындағы ҚФУ филология және мәдениетаралық коммуникация Институтының татар әдебиеті кафедрасының меңгерушісі; Н.Ш.Насыйбуллина – филология ғылымдарының кандидаты, Тіл институтының музыкалық және жазбаша мұра Орталығының, Г.Ибрагимов атындағы әдебиет және өнер Татарстан Республикасы ғылым Академиясының ғылыми қызметкері; Л.А.Медведева – Қазан қаласындағы Ғ.Тоқай Әдеби мұражайының ғылыми қызметкері.

Ғабдолла Тоқай шығармашылығының академиялық 6-томдық баспасының презентациясы өтті, сонымен қатар шетелден келген бірқатар қонақтар университет кітапханасына бағалы кітаптар мен мақала жинақтарын табыс етті.

Конференция «Заманауи әлемдегі Тоқай мұрасы», «Заманауи кезеңдегі орыс әдебиеттануы» және «Лингвистиканың өзекті мәселелері» атты секция отырыстарымен жалғасты.

***

9 июня 2016 года в Западно-Казахстанском государственном университете им.М.Утемисова прошла международная научно-практическая конференция «***Индустриально-инновационное развитие Казахстана: тренды, проблемы и перспективы***», посвященная международной специализированной выставке «EXPO-2017».

В работе конференции приняли участие ученые и педагоги из Москвы, Харькова, Уфы, Элисты, Астаны, руководители областных департаментов, преподаватели вузов, учителя школ города Уральска и Западно-Казахстанской области.

На пленарном заседании выступили ведущие ученые из Москвы, Элисты, Астаны:

Елбаев Юрий Арсентьевич - кандидат психологических наук, доцент Российского Университета Дружбы Народов (Российская Федерация, г.Москва) с докладом «ОПЫТ РАЗРАБОТКИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ СТАНДАРТОВ ДЛЯ РАБОТНИКОВ ИНДУСТРИАЛЬНО-ПРОМЫШЛЕННОГО СЕКТОРА».

Каиржанов Абай Каиржанович – профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, доктор филологических наук (Казахстан, г.Астана) с докладом «ДРЕВНЕТЮРКСКАЯ КНИГА «ÏRQ BITIG» И КИТАЙСКАЯ КЛАССИЧЕСКАЯ «КНИГА ПЕРЕМЕН».

Намысов Савр Викторович - кандидат экономических наук, доцент Калмыцкого государственного университета (Российская Федерация, г.Элиста) с докладом «РОЛЬ И МЕСТО ИННОВАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА В РАЗВИТИИ РЕСПУБЛИКИ КАЛМЫКИЯ».

Проскурин Павел Александрович - руководитель регионального офиса инноваций при ТОО «Технопарк «Алгоритм» (Казахстан, г.Уральск) с докладом «ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ РЕГИОНАЛЬНОГО ОФИСА ИННОВАЦИЙ ПРИ ТОО "ТЕХНОПАРК «АЛГОРИТМ» И ИНСТРУМЕНТЫ ПОДДЕРЖКИ ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ».

Дейнека Александр Георгеевич – ***доктор экономических наук, профессор, заведующий кафедрой менеджмента и администрирования Украинского государственного университета железнодорожного транспорта (Украина, г.Харьков) с докладом «*ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ПОДГОТОВКИ КАДРОВ В УКРАИНЕ».***

В работе конференции приняли участие 6 докторов и 50 кандидатов наук с вузов города.

Международная конференция продолжила свою работу в секциях по 4-м направлениям.

1 секция - Тенденции и перспективы индустриально-инновационного развития регионов Казахстана.

2 секция - Проблемы и перспективы повышения конкурентоспособности отраслей промышленности Казахстана.

3 секция - Роль международной специализированной выставки «EXPO-2017» в индустриально-инновационном развитии Казахстана

4 секция - Инновационные тенденции развития естественных и гуманитарных наук в образовании РК: трехъязычие, новые технологии обучения.

На секционных заседаниях было заслушано и обсуждено около 80-ти докладов.

Все доклады были заслушаны с большим интересом, задавались интересующие вопросы, наблюдалась активная работа аудитории.

БІЗДІҢМЕРЕЙТОЙ
НАШИ ЮБИЛЯРЫ
OUR JUBILEES

Мазницына Клавдия Тимофеевна –
кандидат географических наук

В 2016 году географы Западного Казахстана поздравили с 95-летием Мазницыну Клавдию Тимофеевну - старейшину географического сообщества, самого первого кандидата географических наук во всём Западном регионе республики.

Клавдия Тимофеевна родилась 27 марта 1921 года в селе Бобровка Кировского района Восточно-Казахстанской области, в тридцати километрах от г. Усть-Каменогорска, куда переехала в 1925 году вместе с семьёй. Свою трудовую деятельность Клавдия Тимофеевна начала в 1939 году учителем в школе № 4 г. Лениногорска.

Клавдии Тимофеевне, как и многим другим нашим соотечественницам, пришлось испытать тяготы Великой Очетественной войны. В начале войны молодая жена проводила своего мужа на фронт. С 1942 года началась студенческая жизнь в г. Алма-Ате в Государственном педагогическом институте им Абая (КазПИ им. Абая). Учебный корпус и обобщежитие в те годы не отапливались, студенты получали в столовой один раз в день по пятьсот граммов хлеба и суп из горной капусты.

После окончания КазПИ им. Абая, Клавдия Тимофеевна прошла серьёзную научную школу у ведущих географов республики. Под руководством Назаревского О.Р., в секторе географии Академии наук Каз ССР, была составлена карта населенных пунктов Казахстана. В летнее время, в составе гляциологической экспедиции, под руководством Пальгова Н.Н., проводила полевые исследования по изучению движения ледников и скорости их таяния в Заилийском и Джунгарском Алатау, а также в совершенно не изученном районе у истока р. Лепсы в Джунгарском Алатау. С большими трудностями, без дорог, участники небольшой научной экспедиции перевозили оборудование в тюках на трех лошадях, а сами рядом шли пешком.

Свою научную деятельность Клавдия Тимофеевна продолжила в аспирантуре кафедры географии КазПИ им. Абая. 29 октября 1948 года её научным руководителем был назначен кандидат географических наук, старший научный сотрудник сектора географии АН Казахской ССР Рыбин Николай Георгиевич; была утверждена тема кандидатской диссертации: «Казахстанский Алтай (физико-географическая характеристика)». Успешным завершением большой работы по изучению своей малой родины – Алтая, стала защита диссертации, которая состоялась 8 мая 1954 года.

После защиты своей диссертации Клавдия Тимофеевна получила направление в Уральский педагогический институт им. А.С. Пушкина, в котором проработала с 1954 по 1991 год. Строгая, но в то же время доброжелательная к своим коллегам и студентам, она быстро стала ведущим географом, любимым и уважаемым преподавателем и наставником. Клавдию Тимофеевну отличает большое трудолюбие

и скромность. На высшем профессиональном уровне она проводила не только аудиторные и внеаудиторные занятия, но также и большую общественную работу: дежурила в общежитии, где организовывала интересные беседы, участвовала со студентами в сельскохозяйственных работах. Очень много интересного студенты узнали от Клавдии Тимофеевны во время дальней комплексной практики на Алтай в 1991 году – вслед за ней они взбирались на крутые склоны Алтайских гор, исследовали Телецкое озеро и другие географические объекты Алтая.

В настоящее время Клавдия Тимофеевна постоянно участвует в работе на кафедре географии – проводит методические консультации с молодыми преподавателями, читает лекции по физической географии студентам и магистрантам кафедры. Очень интересны её очерки по истории кафедры.

Географы нашего университета и всего Западного Казахстана поздравляют Клавдию Тимофеевну с юбилеем! Желают ей крепкого здоровья, творческих сил, семейного счастья (Клавдия Тимофеевна стала мамой пятерых детей и любимой бабушкой для своих внуков) и радости в жизни!

***

Байдулова Людмила Александровна –

кандидат биологических наук, доцент кафедры биологии и экологии

В этом году кандидат биологических наук доцент кафедры биологии и экологии Людмила Александровна Байдулова отмечает свое 70-летие.

Байдулова Л.А. родилась в 1946 году, в пос. Ершово Саратовской области. После окончания средней школы поступила в Уральский педагогический институт им. А.С.Пушкина. Блестяще окончив в 1969 г., была оставлена на кафедре зоологии ассистентом.

В 1984 году становится аспиранткой КазГу им. Аль-Фараби по специальности «Зоология». Обучаясь в аспирантуре, занимается темой «Фитонематоды бобовых», которая в последующем становится темой кандидатской диссертации. И в 1989 году после успешной защиты кандидатской диссертации, ей присваивается ученая степень кандидат биологических наук. Ценность работы заключалась в том, что ею были открыты 6 новых видов, что является существенным вкладом в науку зоология.

В 90 –е годы возглавляет естественно- географический факультет.

Ею издано более 10 учебных пособий. Особо необходимо выделить «Животный мир ЗКО», которое в последствии было отмечено Почетной грамотой МОН РК. Людмила Александровна является автором первого электронного учебника по зооологии беспозвоночных, вошедшего в библиотечный учебный фонд РК. Байдулова Л.А. автор более 70 научных статей, участница многих конференций союзного значения.

Байдулова Л.А. осуществляет педагогическую деятельность и сейчас, работая на кафедре биологии и экологии, ею подготовлены магистры, которые успешно продолжают научную школу и тематику ее исследований.

Людмила Александровна! ЗКГУ им. М.Утемисова, кафедра биологии и

экологии от всего сердца поздравляет Вас с юбилеем!

Примите в этот знаменательный день поздравления с юбилеем, искренние пожелания здоровья, долголетия, финансового благополучия, гармонии и покоя в семье. Пусть жизнь дарит радость, а близкие заботу. Примите наши поздравления и пожелания прекрасного и крепкого здоровья, которое позволило бы Вам отметить еще множество юбилеев.

***

Садыкова Гульсим Абдикаликовна –

старший преподаватель кафедры менеджмента и предпринимательства

Садыкова Гульсим Абдикаликовна более 30 лет работает преподавателем математики в высшей школе. После окончания в 1977 году физико-математического факультета Актюбинского педагогического института (с отличием) была направлена учителем математики в Ащелисайскую среднюю школу. Затем, пройдя по конкурсу в Западно-Казахстанский сельхозинститут, работала ассистентом, преподавателем, старшим преподавателем на кафедре высшей математики.

Последние годы является старшим преподавателем кафедры менеджмента и предпринимательства.

За годы работы ею освоены такие дисциплины, как «Алгебра и геометрия», «Математический анализ», «Теория вероятности и математическая статистика», «Математика для экономистов», «Эконометрика», «Экономико-математическое моделирование», «Анализ данных и прогнозирование экономики» на государственном и русском языках.

Основное направление педагогических исследований – методические рекомендации и указания к изучению некоторых тем математики. Садыкова Г.А. подготовила и издала свыше 70 методических пособий и статей. Основные из них: «Прикладные задачи векторного анализа», «Қисық сызықты және беттік интегралдар», «Ряд Фурье по тригонометрической системе», «Определенный интеграл», «Методические указания по решению задач теории вероятности и математической статистки», «Ықтималдықтар теориясы және математиқалық статистика», «Экономика–математикалық моделдеу».

Садыковой Г.А. разработаны и проводятся мультимедийные занятия по темам «Неопределенный интеграл», «Определенный интеграл», «Кривые второго порядка», как лекции, так и СРСП.

Изданы электронно-учебные учебники «Ықтималдықтар теориясы және математиқалық статистика» и «Теория вероятностей и математическая статистика» для студентов экономических специальностей. По всем преподаваемым дисциплинам имеются электронные версии лекционного материала и СРСП.

Регулярно проводятся мастер-классы для молодых преподавателей, где применяются различные методы и приемы обучения, провела видео-лекцию на тему «Балансовые модели» по дисциплине «Анализ данных и прогнозирование

экономики».

Все годы работы является куратором академических групп.

По профориентационной работе посетила школы №19, 30, дважды съездила в г.Актобе с целью привлечения абитуриентов.

Награждена Почетной грамотой в честь 70-летия ЗКГУ, а также Благодарственным письмом Министерства науки и образования РК. В честь 20-летия РК и 80-летия ЗКГУ награждена Почетной Грамотой ректора ЗКГУ им. М.Утемисова и Благодарственным письмом.

Садыкова Г.А. пользуется уважением коллег и студентов.

Уважаемая Гульсим Абдикаликовна!

Коллектив кафедры экономики и менеджмента факультета истории, экономики и права Западно-Казахтанского университета им.М.Утемисова от чистого сердца поздравляет Вас с 60-летним Юбилеем!

Надо отметить, что быть преподавателем всегда было почетно. Быть преподавателем – дано не каждому. Быть преподавателем — это большой труд, ведь на протяжении всей жизни Вы постоянно совершенствуете и приумножаете свои знания, передавая их не одному поколению студентов и, в какой-то степени неся ответственность за их дальнейшую судьбу и уровень их профессионализма. А потому хочется пожелать Вам больших научных и творческих достижений, искренних друзей и коллег, отличных студентов, и, конечно, крепкого здоровья, счастья и благополучия!

Гульсим Абдикаликовна! Желаем мудрости, доброты, щедрости. Чтобы здоровье не давало сбоев. Чтобы настроение всегда было на высоте. В семье пусть будут тепло и уют.

Успехов, удачи, везения.

Преподавание науки
Доступно далеко не всем.
Одним оно всего лишь мука,
И дело скучное совсем,
Зато другим оно – услада,
Ведь их призвание – учить.
И Вам желаем мы в награду
Сто поздравлений получить!

***

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS

ПЕДАГОГИКА -ПЕДАГОГИКА-PEDAGOGICS

Имангалиев А.С., Морозова Л.В.
ТЕХНОЛОГИЯ ПРОБЛЕМНО-ДИАЛОГИЧЕСКОГО ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ И ЛИЧНОСТНОГО РАЗВИТИЯ УЧЕНИКОВ……..3
Торыбаева Ж. З., Тойбекова Б.А., Нуридинова Г.А.
ОҚУШЫНЫҢ ПОЛИЛИНГВАЛДЫ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ МӘНІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ.....10
Курманалина Ш.Х., Сахипова Г.К.
ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ.....18
Потапчук Т.
ВНЕДРЕНИЕ ПРИНЦИПОВ ГУМАНИСТИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ……....24
Сардарова Ж.И., Кафизова М.Т.
ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ОСНОВНЫХ ЭТАПОВ РАБОТЫ НАД ПРОЕКТОМ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ……..31
Бекишев К., Каламбаева З.С., Мадьярова А.А.
ГИЛЛЕСПИ ТЕОРИЯСЫ БОЙЫНША МОЛЕКУЛАЛАРДЫҢ КЕҢІСТІКТЕГІ ҚҰРЫЛЫМДАРЫН БОЛЖАУ.....39
Ержанов М.Е., Нурымбетова Ж.И.
ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТАЦИИ СТАРШЕКЛАССНИКОВ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ.....46
Сейсенбеков Е.К., Сарсекеев Ғ.М., Дауленбаев М.Т.,Айтбаев Д.О.
БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ДЕНЕ ДАЯРЛЫҒЫ ҮДЕРІСІНДЕ РУХАНИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ…….....54
Нургалиева С.А.
ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНАЯ ПРОВЕРКА МЕТОДИКИ ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ……...61
Амельченко В.И.,Касимов Е.К.
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ В ПРЕПОДАВАНИИ ДИСЦИПЛИНЫ «ГЕОГРАФИЯ КАЗАХСТАНА» КРАЕВЕДЧЕСКОГО ПРИНЦИПА ДЛЯ ИЗУЧЕНИЯ ВЛИЯНИЯ АГРОЭКОЛОГИЧЕСКИХ УСЛОВИЙ НА РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ.68
Сырым Ж.С.,Абдығалиев Ә.А.
АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ДАМЫТУДАҒЫ ПЕДАГОГТЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЛЫҒЫ.....76
Анарбаев А.К.
ДИНАМИКА И СТРУКТУРА ДВИГАТЕЛЬНОЙ ПОДГОТОВЛЕННОСТИ КВАЛИФИЦИРОВАННЫХ БОРЦОВ…….……82
Испулова Р.Н., Ерназаров Т.П.
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ БОЙЫНША СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ.....89
Бимагамбетова Г.А., Даржигитова А.К.
БИОЛОГИЯДАН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ ЖАСАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....95

Медешова А.Б., Иксебаева Ж.С., Тлеккабылова Д. Ж.
ПРОЕКТНОЕ ОБУЧЕНИЕ КАК ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ТЕХНОЛОГИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ЛИЧНОСТНЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ ВУЗА……102
Кисметова Г.Н., Тургалиева Э.М.
ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....109
Нұрғалиев К.А., Нурмуканбетова В.Е.
I-IV СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ «ОЙША ӘРЕКЕТ ЕТУ» ҚАБІЛЕТІНІҢ ДАМУЫ.....115
Сырым Ж.С., Құмарова А.Н.
МОЛЕКУЛАЛЫҚ ФИЗИКА БОЙЫНША ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ ӘДІСТЕМЕСІ.....121
Кульжумиева А.А., Даупаев Н.М.
ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ……...128
Zhantureeva A.A., Karasheva Zh.B.
INFLUENCE OF PATERNAL FAMILY ON THE FAMILY SYSTEM OF YOUNG FAMILY…....134
Нурушева Т.И., Кадыргалиева С.И., Кадыргалиева Е.М.
К ВОПРОСУ О ПРОБЛЕМНЫХ МЕТОДАХ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ НА СТАРШИХ КУРСАХ ОБУЧЕНИЯ В ВУЗЕ.....143
Шунайбекова К.М.
СПЕЦИФИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ И ЯВЛЕНИЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ГРАММАТИКИ НЕМЕЦКОГО ЯЗЫКА……....151
Доскалиева Р.Б., Хаируллина А.К.
СЫНЫ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТІҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ.....157
Өмірзақова Л.Қ.
ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІНДЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА МУЗЫКАНЫҢ РӨЛІ..164
Байтлесова Н.К.
ТЕНДЕНЦИИ ПОТРЕБНОСТИ ЖЕНЩИН СРЕДНЕГО ВОЗРАСТА К ФИЗКУЛЬТУРНЫМ ЗАНЯТИЯМ…….....……..170
Мухамбетова Ғ.Г.
ГРАФИКАНЫ БАҒДАРЛАМАЛАУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ.....177
Коптлеуова К. С.
ОСНОВНЫЕ КАТЕГОРИИ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В СТАНОВЛЕНИИ ДУХОВНО НРАВСТВЕННОЙ ЛИЧНОСТИ СТУДЕНТА……..183
Жардемова А.Б.
МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ.....190
Ерниязов О.Н., Шандозтегі А.Т.
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ.....196
Курмашева Д.Н.
ФОРМИРОВАНИЕ НАВЫКОВ САМОСТОЯТЕЛЬНОГО МЫШЛЕНИЯ У СТУДЕНТОВ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ……203

ФИЛОЛОГИЯ-ФИЛОЛОГИЯ-PHILOLOGY

Ержанова С.Б., Алиева Ж.А.
НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРКІЛІК САРЫНДАР.....209

Utegenova K., Yerbolat A.
THE CONCEPT 'HAPPINESS' IN THE FEMALE WORLDVIEW REPRESENTED IN THE STORY "SHOLPAN'S SIN" BY M. ZHUMABAYEV……..216

Жумагулова В.И., Маткерим Д.А.
РАЗГРАНИЧЕНИЕ И ТРАКТОВКА ДЕФИНИЦИЙ КИНОТЕКСТ И КИНОДИСКУРС.....222
Зайкенова Р. З., Балтабаева Н. С.
ТАРИХИ РОМАН ТАҒЛЫМЫ.....231
Қадыров Ж.Т., Жәмбек С.Н., Қошанова Ж.Т.
МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ.....239
Абуханова А.Г., Кожахметова Р.Б.
ВЕРБАЛИЗАЦИЯ КОНЦЕПТА "АТ" В КАЗАХСКИХ ПОЭТИЧЕСКИХ ТЕКСТАХ……...246
Иманбердиева С.Қ., Ыбырайым Ә.О.
«ЖАРАТУШЫ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛИНГВОКОНЦЕПТОЛОГИЯЛЫҚ КӨРІНІСІ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ПАРЕМИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ).....252
Әбдіқалық К.С., Орынханова Г.А.
СҰЛТАНМАХМҰТ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АЗАТТЫҚ ИДЕЯ.....260
Кәріпжанова Г.Т., Қадыров Ж.Т., Абикенов М.Т.
МӘШҺҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ КОНЦЕПТІЛІК ЖҮЙЕСІ.....267

ТАРИХ- ИСТОРИЯ-HISTORY

Рысбеков Т.З., Кенесова А.С.
ГЕНЕРАЛ Ғ.ЖӘҢГІРОВТІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТІ.....275
Бақторазов С.У.
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕ ПАРТИЯ ЖӘНЕ КЕҢЕС НОМЕНКЛАТУРАСЫН РЕПРЕССИЯЛАУ НАУҚАНЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТАҒДЫРЛАР ҚАСІРЕТІ (ӨҢІРДЕ РЕПРЕССИЯҒА ҰШАРАҒАН БАТЫСҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ХАҚЫНДА).....281
Шайхиев Т.Т.
ОТАНДЫҚ САЯСИ АҚЫЛ – ОЙ ДАМУЫ ТАРИХЫНДАҒЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ЗЕРДЕЛЕНУІ.....288
Есеева Г.Н.
ПРИГРАНИЧНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И РОССИИ В ОБЛАСТИ КУЛЬТУРЫ ……..294
Гайсина М. Б.
БИЛЕР СОТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....303

ҒЫЛЫМИ ӨМІР - НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ - ACADEMIC LIFE.....311
БІЗДІҢ МЕРЕЙТОЙ - НАШИ ЮБИЛЯРЫ – OUR JUBILEES.....314

АВТОРЛАР ҮШІН МӘЛІМЕТ
МАҚАЛАНЫҢ ДАЙЫНДАЛУ ТӘРТІБІ

«БҚМУ хабаршысы» жинағына жариялауға білім мәселелеріне қатысты ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар гуманитарлық, жаратылыстану, экономикалық, өнертану, техникалық ғылымдар, сонымен бірге университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметі, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелері мазмұнын құрайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мақалалар қабылдайды.

Журналға бағытталған мақала (компьютерлік мәтін көлемі 12 беттен аспайтын) USB-жинағышы, CD-R дискімен (мәтіннің қолжазба түрінде, 1,0 интервалымен, 10 шрифтісінен кем емес, және бір данасы А4 формат қағазында) берілуі керек.

Суреттегі берілген барлық әріп және сандық белгілер ең басты және сурет астындағы мәтінде түсіндірілуі қажет. Қолжазбадағы суреттері бар беттері мен мәтін беттері нөмірленген болуы керек. Мәтін мұқият тексерілген және редакцияланған болуы қажет. Сканерленген мәтіндер, грамматикалық және техникалық қателері бар мақалалар жинаққа енгізілмейді.

«БҚМУ хабаршысы» ғылыми журналына дайындық кезінде материалдарды жариялауға автор туралы мәлімет көрсетілуі қажет (аты-жөні (толық), ғылыми атағы, дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны, мекенжайы, тел.), ӘОЖ нөмірі, ішкі және сыртқы рецензиясы (жариялауға ұсынылған ғылыми жұмыстың ғылым кандидаты және докторларының сын-пікірлері болуы керек), түйіндеме (мемлекеттік тілде жарияланатын мақалаға - орыс немесе ағылшын тілінде, басқа тілде жарияланатын мақалаға - мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілінде), жариялауға төленген түбіртек міндетті түрде болуы қажет.

Мақаланы жариялауға эксперттік комиссия бекіткен ғылыми-техникалық Кеңестің эксперттік тұжырымдамасы болуы керек.

Материалдар белгіленген тәртіп бойынша сай келмесе, жариялауға қабылданбайды. Қолжазбалар редакция көзқарасын білдірмейді және авторларға кері қайтарылмайды.

К СВЕДЕНИЮ АВТОРОВ
ПРАВИЛА ОФОРМЛЕНИЯ СТАТЕЙ

Для публикации в «Вестнике ЗКГУ» принимаются статьи на казахском, русском, английском языках, содержащие результаты научных и научно-методических работ в области гуманитарных, естественных, экономических, искусствоведческих, технических наук, посвященных проблемам образования, а также материалы, отражающие деятельность различных структурных подразделений университета, вопросы социально-экономического развития региона.

Статья (объемом не более 12 страниц компьютерного текста), направляемая в журнал, представляется на дисках CD-R, USB-накопитель (с обязательной распечаткой текста, шрифтом не менее 10, 1,0 интервалом и графики на бумаге в одном экземпляре на формате А4).

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные на рисунках, необходимо пояснить в основном или подрисуночном тексте. Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован. Сканированные тексты с грамматическими и техническими ошибками не будут включены в сборник.

При подготовке материалов к опубликованию в научном сборнике «Вестник ЗКГУ» обязательным условием является представление сведений об авторе (ф.и.о. (полностью), ученая степень, звание, должность, место работы, адрес, тел.), номер УДК, внутренней и внешней рецензии (публикуемые в издании научные работы должны быть рецензируемы кандидатами наук и докторами), резюме (статьи, публикуемой на государственном языке, должно быть на русском и английском языках, статьи, публикуемой на других языках – на государственном, русском и английском языках), наличие квитанции оплаты за публикацию.

Решение о возможности опубликования статьи подтверждается экспертной комиссией научно-технического Совета актом экспертного заключения.

Материалы, не соответствующие данным требованиям, к публикации не принимаются. Рукописи не рецензируются и не возвращаются авторам.

АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫП ШЫҒАРЫЛДЫ

ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ

Редакторы-Редактор:
Р.Р. Кужалиева

Материалдарды компьютерде беттеген:
Верстка и изготовление оригинал-макета:
Е.Е.Панова
С.К. Сахметова, Ж.З. Есимгалиева

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2016.
090000, Орал, Достық даңғылы, 162.

Басуға 16.06. 2016 ж. қол қойылды.
Көлемі 40,25 б.т. Таралымы 150 дана.
Тапсырыс № 143.

Подписано в печать 16.06.2016 г.
Объем 40,25 п.л. Тираж 150 экз.
Заказ № 143 .

Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова, 2016.
090000, Уральск, пр. Достык, 162.